



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

1 (9) 2012



**БАС РЕДАКТОР
С.Ж. ПІРӘЛИЕВ**

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, жауапты редактор; **Айтбаев Ө.А.** — Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор; **Айталы А.** — Қазақ заң гуманитарлық университетінің әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Баймырзаев Қ.М.** — Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор; **Бөлеев Қ.** — Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының "Педагогика және этнопедагогика" кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Бейсенова А.С.** — Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі; **Берікханова А.Е.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ғаббасов С.** — жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** — ҚР сенат депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Есполов Т.И.** — Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Жарықбаев Қ.К.** — Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, профессор; **Иманбаева С.Т.** — Абай а. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі; п.ғ.д., профессор; **Қирабаев С.С.** — М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** — М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қыдырәлиев Д.** — ҚР Президент Әкімшілігінің сарапшысы, философия ғылымдарының докторы; **Қозыбаев І.М.** — ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет Комитетінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қалиев С.Қ.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Қойгелдиев М.Қ.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Мырзахметов М.** — Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы "Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының" директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** — әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық ниверситетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ мәдени-антропология кафедрасының профессоры; **Нөкетбаева Д.Ж.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Нәрібаев К.Н.** — ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, профессор; **Сарыбеков М.Н.** — ҚР Білім және ғылым вице-министрі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Сманов Б.Ө.** — Абай атындағы ҚазҰПУ-дың әкімшілік басқармасының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Табылдиев Ә.Т.** — әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Түрікпенов Ж.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шаханова Р.Ә.** — Абай ат. ҚазҰПУ-дың магистратура және докторантура PhD институтының филология мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д. профессор. **Шолпанқұлова Г.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Құрманғали А.К.** — жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. — директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, профессор, Заслуженный работник высшей школы РК, первый заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** — руководитель отдела исследования, разработки и совершенствования уровней образовательного процесса и их содержания НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук, ответственный редактор; **Айтбаев О.А.** — президент международного сообщества "Қазақ тілі", главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, доктор филологических наук, профессор; **Айталы А.** — профессор кафедры социально-психологических дисциплин Казахского юридического гуманитарного университета, доктор философских наук, профессор; **Альмухамбетов Б.А.** — декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Баймырзаев К.М.** — ректор Костанайского государственного педагогического института, доктор географических наук, профессор; **Болеев К.** — зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского Государственного Педагогического Института, доктор педагогических наук, профессор; **Бейсенова А.С.** - зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК; **Берикханова А.Е.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Габбасов С.** — писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есполов Т.И.** – ректор Казахского национального аграрного университета, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК; **Есим Г.** — депутат сената РК, доктор философских наук, профессор, академик НАН РК; **Жарыкбаев К.К.** — директор Центра этнопсихологии и этнопедагогике имени Т.Т. Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Иманбаева С.Т.** - зав. кафедрой «национального воспитания и самопознания» КазНПУ им. Абая; д.п.н. профессор; **Кирабаев С.С.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Каскабасов С.А.** — директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Қыдыралиев Д.** – эксперт администрации Президента, доктор философских наук; **Козыбаев И.М.** — председатель Комитета культуры Министерства культуры и информации РК, доктор исторических наук, профессор; **Калиев С.К.** — профессор кафедры "Общей педагогики" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Койгелдиев М.К.** — зав.кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор исторических наук, профессор; **Мырзахметов М.** — директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук, профессор; **Мутанов Г.М.** — ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, доктор технических наук, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — профессор кафедры "Культурной антропологии" КазНУ им. Аль-Фараби, доктор философских наук; **Нукетаева Д.Ж.** — ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, кандидат педагогических наук; **Нарибаев К.Н.** — зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, доктор экономических наук, профессор; **Сарыбеков М.Н.** — вице-министр образования и науки РК, доктор педагогических наук, профессор; **Сманов Б.О.** — начальник административного управления КазНПУ им.Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Табылдиев А.Т.** — профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор педагогических наук; **Туркпенев Ж.** — профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Шаханова Р.А.** – зав.кафедрой филологических специальности Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Шолпанкулова Г.К.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Курмангали А.К.** — ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. — the director of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, candidate of technical science, the professor, the deserved worker of the higher school of RK, the first deputy of the editor-in-chief; **Seysenbaeva Zh.A.** — the chief of department development of educational process of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Aytbaev O.A.** — the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor; **Aytaly A.** — the professor of chair of socially-psychological disciplines of the Kazakh Law Humanitarian University, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** — the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y. Altynsarina; **Baymyrzaev K.M.** — the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Bolev K.** — the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** — the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of NAS RK; professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Berikhanova A.E.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** — the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** — the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Espolov T.I.** — the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** — the director of the ethno psychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Imanbaeva S.T.** -Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** — the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair "Kazakh literature" of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** — the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kydyraliev D.** — the expert of Presidential Administration, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** — the chairman of Culture committee of the Ministry of culture and information RK, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** — the professor of the chair "General pedagogic" of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Koygeldiev M.K.** — the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Myrzakhmetov M.** — the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** — the rector of the Kazakh National University named after after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** — the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi; **Nuketaeva D.Zh** — rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences; **Naribaev K.N.** — vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor; **Sarybekov M.N.** — the vice-minister of education and science of RK, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** — the director of Republican institute of improvement of professional qualification of the scientific-pedagogical personnel, the candidate of pedagogical sciences, the professor; **Tabyldiev A.T.** — the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** — the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Shahanova R.A** — the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, **Sholpankulova G.K.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Kurmangaly A.K** — the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында
тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



«Тәуелсіз Қазақстан әйелдерінің саяси және экономикалық мәртебесін арттыру – уақыт талабы, бұл мақсатқа жету менің ұдайы назарымда»

Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылы өткен Қазақстан әйелдерінің II форумында сөйлеген сөзінен.



Құрметті ақ жулықты әжелер, ардақты аналар, аяулы арулар!

Сіздерді «Ұлттық тәрбие» журналы көгілдір көктеммен бірге келген
8 – наурыз халықаралық әйелдер күнімен құттықтайды.

Көктемнің шуақты күнінде сіздерді шаттыққа бөлеген айтулы күнмен құттықтай отырып, әрқайсыңыздың бастарыңызға бақыт, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға береке тілейміз! Мына өмірге сән беріп, жылу таратып, мейірім төгіп, шуақ шашып, ер азаматтарға тірек болатын өздеріңізсіздер! Жүздеріңізді мұң шалмасын, жанарларыңыздан тек қуаныштың лебі ессін! Жер басып жүрген бөріктің бәрі сіздердің қадірлеріңізге жетіп, абыройларыңызды асырсын деп тілейміз!

Әйел-Ана - өмірдің өзегі, тіршіліктің күре тамыры, ыстық ықылас пен ыждаһаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары. Еліміздің сән-салтанаты артып мерейінің үстем, абыройының асқақ болуында нәзік жандардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі жатыр. Олай болса, көктемнің осынау шуақты мерекесі көңілдеріңізді нұрға, жүректеріңізді жырға бөлесін.

Гүлдей құлпырып, әсемдіктің, әдеміліктің, әдептіліктің иесі болып, бақытты да баянды өмір кешіңіздер деген ақжарқын тілекті арнаймыз!

«Ұлттық тәрбие» журналы оқырмандары назарына!

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттігі айтылды. Елбасы өз жолдауында тәрбиенің негізгі баспалдақтарын – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық екендігін атап көрсетті. Аталмыш тәрбиелік білім барлық оқу орындарында қамтылуы қажет екендігін де нақтылады. Қазіргі уақытта Елбасының тікелей назарында тұрған аса маңызды мәселелердің бірі – еліміздің инновациялық тұрғыдан дамуы болып табылады. Бұл жүйенің басты қозғаушы күші ғылым мен білімнің жаңалықтарының жедел жүзеге асуына байланысты. Ал оны жүзеге асыратын адамның ерекше білікті, білімді болуымен қатар ұлттық тәрбиелік біліммен қаруланып отыруы қажет. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Елбасының осы ұстанған тәрбиелік білім қағидатын басшылыққа ала отырып төмендегідей іс-шаралардың атқарылып жатуы осының айғағы. Олар:

1. Университеттің Ғылыми Кеңесінің 2009 жылғы 30 маусымындағы шешіміне сәйкес (№10 хаттама) **«Ұлттық тәрбие»** кафедрасы ашылды.

2. 2009-2010 оқу жылынан бастап барлық мамандықтарға элективті пәндер қатарына **«Ұлттық тәрбие»** пәні ендірілді. 2010 жылы **«Ұлттық тәрбие»** пәнінің **типтік оқу бағдарламасы** даярланды.

3. ҚР жоғары оқу орындары студенттеріне арналған **«Ұлттық тәрбие» пәнінің тұжырымдамасы** жасалынды.

4. **«Ұлттық тәрбие»** оқу пәні төмендегідей оқу құралдары басылып шығарылды:

4.1. **«Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері)».**

4.2. **«Ұлттық тәрбие: Таңдамалы лекциялар курсы».**

4.3. **«Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде)».**

4.4. **«Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі».**

4.5. **«Ұлттық тәрбие және дін».**

4.6. **«Ұлттық тәрбие: Салауатты өмір салтын қалыптастыру».**

4.7. **«Салт-дәстүрдің ұйымдастырылу жолдары мен орындалу тәртібі»:** – оқу-әдістемелік құралы.

4.8. **«Ұлттық тәрбие негіздері»: лекциялар курсы** // Қазақ және орыс тілдерінде.

4.9. **«Отбасындағы ұрпақ тәрбиесі»:** – әдістемелік көмекші құралы.

4.10. **«Қазіргі қоғам және патриотизм».** Монография.

4.11. **«Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері».**

5. 2010 жылдың наурыз айынан бастап университетімізде республикалық ғылыми-көпшілік бағыттағы **«Ұлттық тәрбие»** журналы жылына 6 рет жарыққа шығарылады.

6. 2010/11 оқу жылында университетте **«Ұлттық тәрбие»** **дискуссиялық клубы** ашылды.

7. Университет базасында **«Ұлттық тәрбие жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесі»** құрылды.

8. Қазақстандағы белгілі қоғам қайраткерлерін, атақты ғалым ұстаздарды, ұлтжанды ірі тұлғаларды шақыртып **“Тұлғалар тағылымы”** атты лекциялар курсы ұйымдастырылды.

9. **«Ұлттық тәрбие»** пәнінің 1-11 сыныптарға арналған **оқу бағдарламасының жобасы** дайындалды.

Оның мақсаты – білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын ұлттық тәрбиенің ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген оқу бағдарламасын даярлап, ұсыну. Міндеті – сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің әлемдік өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Журналымыздың қолдарыңызға тиіп отырған нөмерінде осы **оқу бағдарламасы жобасының** толық мазмұны жарияланып отыр. Мұндағы назарларыңызға ұсынып отырғандағы мақсатымыз – ақылы кемел, ой-өрісі кең оқырман қауымның ой-талқысына салу. Алып-қосар пікір, кеңестеріңіз болса шын ниетпен қарсы аламыз!

**Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын
ғылыми-зерттеу институтының ұжымы**

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(Жоба)

(Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін)

Құрастырушылар:

Пралиев С.Ж. – п.ғ.д.,
профессор,

ҚР ҰҒА құрметті мүшесі
Нуриев М.А. – профессор,
ҚР жоғары мектепке еңбегі
сінген қызметкер
Сейсенбаева Ж.А. – ф.ғ.к.

I ТҮСІНІК ХАТ

«Ұлттық тәрбие» пәнін білім берудің маңызды компоненті ретінде енгізу қажеттілігі айқын. Ұлттық тәрбие пәнінің негізгі нысаны – тәрбие ұғымдары. Қоғамдық циклға жататын бұл пәннің оқушының жеке тұлға ретінде дамуында, саналы оқу мен сауатты жазу дағдыларының қалыптасуында алатын орны ерекше. Ұлттық тәрбие адамның ішкі рухани жан дүниесінің байлығын ашуға, адамгершілікті-сезімді түйсінуіне, тәрбие ұғымдарын ұғынуына, дүниетанымдық идеяларды өзіндік көзқараспен дамытуға мүмкіндік береді. Мектеп оқушыларын ұлттың тәрбиесінің негізгі ұғымдарымен, білімдерімен, дүниетанымдық идеяларымен таныстыра отырып, тілін, ділін, тарихын, дінін, ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлап қадірлеуге қалыптастыру.

Білім беру деңгейі оқушысының бойында сөйлеу білігін қалыптастыру, олардың адамгершілік және эстетикалық құндылықтар жөнінде түсініктерін кеңейту жолдары. Оқырмандық білікті мәтін бойынша жүргізілетін жұмыстар жүйесі (оқу, мәтінді талдау, мәтінге жоспар құру, кейіпкерлерді сипаттау т.б.) құрайды.

“Қоғамдық білім негіздері” пәні бойынша оқу бағдарламасы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға оңтайлы жағдайлар жасауға бейімдеуі тиіс.

«*Ұлттық тәрбие*» пәнінің мақсаты ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне өз үлесін қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

«Ұлттық тәрбие» пәні бойынша төмендегідей *міндеттерді* жүзеге асыру көзделеді:

- өскелең ұрпақты қазақтың ұлттық тәрбиесінің негізгі ұғымдарымен, білімдерімен, дүниетанымдық идеяларымен және әдістерімен таныстыру;
- ұрпаққа қазақтың тілін, тарихын, дінін, ділін, ұлттық салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын таныстыра отырып, сана сезімін, намысын, мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптастыру;
- ұрпағымызға қазақтың ұлттық құндылықтары негізінде әлеуметтік-психологиялық, құқықтық-экономикалық және логикалық ойлауды дамытудың қажетті дағдылары мен шеберлігін меңгеруді, дұрыс және шешен сөйлеуді, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуді, бәсекеге қабілетті құзыреттілікті қалыптастыру;
- жат қылықтардан сақ бола отырып, жан сұлулығы мен тән сұлулығын ұштастыра білу және оны дамыту;
- қоғам мен табиғат ресурстарын адам игілігіне ұқыпты, ұтымды пайдалануға бейімдеу, ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастыру;
- адамгершілік және эстетикалық құндылықтар жүйесі негіздерін қалыптастыру;

- қазақ халқының терең де, мәнді тәрбиесін басқа ұлт өкілдеріне насихаттай отырып, ұлтаралық қарым-қатынасты жетілдіру;

«Ұлттық тәрбие» пәні мазмұнын іріктеуді реттейтін дидактикалық негіздерінің басты ұстанымдарына *базалық құзырет, түйінді құзырет, пәндік құзырет* кіреді. Осы айтылғандардан басқа **«Ұлттық тәрбие» пәнінің** оқу пәні материалдарын сұрыптауда классикалық педагогикадағы тәрбие бағыттары басшылыққа алынады. Бұл тәрбие бағыттары талабы бойынша халқымыздың ұлы ғұламалары мен ойшылдарының еңбектеріндегі тәрбие көрінісі, мәдени мұра нысандары, халқымыздың ұлағат сөздерінің тәрбиелік мәні және қазіргі мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдарының ұлттық тәрбие берудегі рөлі тақырыптары әр сыныпта қайталанып отырады. Оқушылар жас ерекшеліктеріне қарай олардың әр түрлі ұлттық тәрбие категорияларына сай түрлі тақырыпта жазған шығармаларын оқуға мүмкіндік алады.

Оқу материалдары 2-4 сыныптардың барлығында бірдей қайталанатын тақырыптар түрінде беріледі. Олар *білім мен ұлттық тәрбие ұстанымы* бойынша жүйеленеді. 1-сыныпты бітірген оқушыда оқу дағдысын қалыптастырып, жетілдіре түсу үшін ұлттық тәрбиенің халықтық үлгілері осы жастағы балаларға арналған нұсқалары жеткілікті түрде қамтылуы тиіс. Оқулыққа материалдар таңдауда терең білім мен ұлттық тәрбие жүйесінің даму бағдарлары мынадай қағидаттарға негізделген: прогрестің факторы, ұлттық байлық, тұлғалық және әлеуметтік табыстың кепілі ретіндегі білім; бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуге ықпал ететін білім; баршаға бағытталған білім; өмір және еңбек шеңберінде тіршілік етуді қамтамасыз ететін білім; бүкіл өмір барысында іргелі қажеттіліктерді өтейтін білім; ашық жүйе ретіндегі білім; ұлттық ойлауды қалыптастыратын тағылымды тәрбиеге тәуелді білім; ұлтжандылықтың қайнар көзі, ұлттар мен ұлыстардың бейбіт қатар өмір сүруінің кепілі болатын ұлттық тәрбие; бәсекеге қабілетті адамның, бәсекеге қабілетті қоғамның, бәсекеге қабілетті мемлекеттің, бәсекеге қабілетті экономиканың, бәсекеге қабілетті шығармашылық әлеуеттің дамуының берік тұтқасы болып табылатын ұлттық тәрбие. Осы арқылы оқушыларды адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелейтін ең сенімді жол екендігіне ерекше көңіл бөлінеді.

Білім мен ұлттық тәрбие ұстанымға сәйкес топтастырылған материалдар білім беру мен тәлім-тәрбие үрдістерін жүйелі түрде ұйымдастыру жолында оқушылардың туған ел мен басты рухани құндылықтары (туған тіл, ата тек), табиғаты туралы (аспан – жер, аң – құс, өзен – көл, тау – тас, өсімдіктер дүниесі мен оларға адамдардың қарым – қатынасын байқататын) танымын арттыру, көркем және ғылыми-танымдық шығармаларды оқыту арқылы қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін ояту, экологиялық мәдениетін тәрбиелеу және салауатты өмір сүру образы арқылы адамзаттың рухани тағылымын (адал еңбек, жақсылық, қамқорлық) әсемдік әлеміне ұмтылумен ұштастыру көзделеді.

«Ұлттық тәрбие» пәнінің 2-деңгейінде оқушыны жоғарғы сыныптардағы «Ұлттық тәрбиенің» жүйелі курсы мен меңгеруге дайындауға, этикалық сауаттандыруға, эстетикалық құндылықтар арқылы мәдени дамытуға баса көңіл бөлінеді. Бұл деңгейдің материалдарын оқытуда ұлттық тәрбие тұтас бітімінің жүйеленген қысқа нұсқасы ұсынылады.

Білім беру деңгейінде *оқытудың қолжетерлік ұстанымы, оқушылардың қызығушылығын ескеру ұстанымы, көрнекілік ұстанымы* т.б. білім мен ұлттық тәрбие ұстанымындағы дидактиканың жалпы ұстаным талаптары сақталады.

«Ұлттық тәрбие» пәні білім мазмұнының негізгі мазмұндық желілері ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектері - ұлттық сана, ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық діл, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрып категорияларына сүйенеді. «Ұлттық тәрбие» пәні білім мазмұнын іріктеуде дәстүрлі классикалық педагогикадағы тәрбие бағыттарын толық қамту ескерілді.

Ерекше назар аударатын мәселелер ретінде қазақ халқының ұлттық ойындары, мақал-мәтелдері, өсиет сөздері, туыстық қатынастары, жеті ата түсінігінің тәрбиелік мәні, қыз тәрбиесі, ұл тәрбиесі, келін тәрбиесі, ер азамат тәрбиесі, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасын реттеудегі ұлттық тәрбиенің ролі, қазақ халқына тән әдет-ғұрып, салт-

дәстүрлері, қазақ халқының адамгершілік құндылықтары, ұлттық тәрбие берудегі діннің алатын орны тақырыптары және олардың тәрбиелік мәні белгіленген.

Қазіргі жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері ретінде жас ерекшеліктеріне байланысты ұлттық тәрбиенің мазмұндық сипаты, салауатты өмір сүру салты, адамгершілік тәрбиелілігі, сонымен қатар, жастар арасындағы жат қылықтар (шылым шегу, нашакорлық, жезөкшелік, маскүнемдік, бұзақылық, қылмыстық әрекет) және жастардың әлеуметтік қалыптасуында діннің ықпалы жайында тақырыптар ұсынылған.

Халқымыздың ұлы ғұламалары мен ойшылдарының еңбектеріндегі тәрбие көрінісі, мәдени мұра нысандары, халқымыздың ұлағат сөздерінің тәрбиелік мәні және қазіргі мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдарының ұлттық тәрбие берудегі ролі тақырыптары да қамтылады.

Сонымен қатар, Қазақстандағы ұлт саясатының қалыптасуы, дамуы және оның зиялы азамат қалыптасуындағы ролі тақырыптары да қарастырылған.

**«Ұлттық тәрбие» пәнін оқытуды
жүзеге асыру механизмі ретінде төмендегілер ұсынылады:**

1. Ата-аналарды отбасында балаларға ұлттық тәрбие беруге дайындау.
2. *«Ұлттық тәрбие» пәнінің мектепте оқытылуы:* «Ұлттық тәрбие» пәні мектептің 1-12 сыныптарында аптасына 1 сағат – міндетті пән ретінде оқытылуы қажет. Ал, ЖОО – да 4 кредиттік пән ретінде жүргізілуі ұсынылады.

«Ұлттық тәрбие» пәнінің білім мазмұны: «Ұлттық тәрбие» пәнінің білім мазмұны кіріктірілген /интеграцияланған/ пәндер мазмұнынан, әр сынып оқушыларының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес құрылады. /Қазақ тілі, әдеп, тарих, өзін-өзі тану, музыка, сурет, дене шынықтыру, математика, биология, химия, физика, астрономия, қоғамтану т.б. пәндер мазмұнының кіріктірілуі/.

3. *«Ұлттық тәрбие» пәнінен сабақ өткізуші мамандар:* «Ұлттық тәрбие» пәнін ұлттық тәрбие жұмысын ұйымдастырушы мамандығын игергендер немесе мамандықты жетілдіру курстарында арнайы дайындықтан өткен мамандар бере алады.

4. *«Ұлттық тәрбие» пәнін өткізу формалары:* әр сыныптағы пәндер сабақтары, сыныптан тыс жұмыстар, мектептегі мерекелік іс-шаралар, тәрбиелік бағыттағы видеофильмдер, қойылымдар мен әдеби шығармаларды талдау, диспуттар мен жарыстар өткізу, тәрбиелік мәні бар тарихи орындарға саяхат жасау т.б.

5. *«Ұлттық тәрбие» пәнін өткізу құралдары:* «Ұлттық тәрбие» пәнінің оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдары, хрестоматиялар, мерзімдік басылымдар, тәрбиелік мәні бар көркем шығармалар мен арнайы тақырыптар бойынша тәрбиелік мақсаттағы кино-видео фильмдер, тарихи-мұра материалдары т.б.

«Ұлттық тәрбие» пәні мазмұнының вариативті бөлігі. «Ұлттық тәрбие» пәні мазмұнын толықтыруға, оқушының пәні бойынша білімін көтеруге, танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы тиіс. Пәнді тереңірек білу үшін оқушыларға қосымша вариативті курстар ұсынуға болады. Мәселен:

Бастауыш: «Мынау менің жұлдызым, қиял жұлдыз...», «Адамға адам жат емес», «Спорт – жанның да тәрбиешісі»;

Негізгі: «Еңбекпенен ел көгерер», «Адам болам десеңіз...», «Оқығанның көзі ашық»;

Бағдарлы: «Бабалар сөзі – даналық сөзі», «Мен ертеңіме сенемін», «Жаным жақсылыққа жаралғандай...» т.б.

II БІЛІМ БЕРУДЕН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Оқу пәні бойынша білім берудің күтілетін нәтижелері бастауыш білім берудің деңгейлері бойынша оқудың 3 циклына сәйкес белгіленген білім беру мақсаттарына сай құрылған.

Бастауыш білім берудің әр циклы білім алушылардың белгіленген деңгей бойынша оқу жетістіктерін оқу процесінде ұйымдастыруға бағытталған:

Оқу жетістіктерінің I деңгейі – бастауыштан кейін;

Оқу жетістіктерінің II деңгейі – негізгіден кейін;

Оқу жетістіктерінің III деңгейі – бағдарлыдан кейін.

Оқушылардың барлық білім салаларында үш деңгей бойынша оқу жетістіктері ҚР МЖБС түйінді құзіреттерге: ақпараттық, коммуникативтік және проблемалардың шешімін табу құзіреттеріне сәйкес белгіленген.

Оқу жетістігінің I-деңгейде оқушылардан күтілетін нәтижелер:

- Атажұрт, астана, облыс, аудан, ауыл, мектеп туралы түсінік алып оны сүйеге, құрметтеуге; *Отанын мақтан тұтып, қызмет етуге, туған жер байлықтарын ысырап етпеуге, табиғатын аялауды үйренеді.*

- Ата-бабалар әлемі туралы түсінік, жеті ата туыстығының мәні мен қазақ отбасындағы ұрпақ жалғастығының мән-маңызына бойлайды;

- Оқу және өмірлік жағдаяттарда қарым-қатынас жасау үшін сөйлесім әрекетін пайдаланудың қарапайым тәсілдерін біледі: *өз ойын ауызша және жазбаша білдіруге тырысады; табиғат құбылыстарын суреттеуге қажетті сөздік қорды игереді.*

- *Отаншылдыққа тәрбиеленеді, өз халқынан шыққан тарихи тұлғалар мен ұлы адамдарға деген мақтаныш сезімін тудыратын шығармалардың мазмұнын жетік меңгереді.*

Оқу жетістігінің II-деңгейде оқушылардан күтілетін нәтижелер:

- Жас ұрпақ адамгершілік-рухани қайнар көздерді бойына сіңіріп, өз туған жерін, Отанын, атажұртын, өзі алғаш білім алған ордасын құрметтеуге үйренеді;

- Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген оқушы салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, дініміз бен ділімізді, мәдениетімізді, өнерімізді әрқашан құрмет тұтып, оны әркез бағалайды;

- Оқу және өмірлік жағдаяттарда қарым-қатынас жасау үшін сөйлесім әрекетін пайдаланудың қарапайым тәсілдерін біледі: *өз ойын ауызша және жазбаша білдіруге тырысады; табиғат құбылыстарын суреттеуге қажетті сөздік қорды игереді.*

- *Өз елін, туған жерін құрметтеуге тәрбиеленеді, өз халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тарихын жетік меңгереді.*

Оқу жетістігінің III-деңгейде оқушылардан күтілетін нәтижелер:

- Өз елінің өнерін, елін, жерін, айналасындағы достарын құрметтеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, адамдарға және қоршаған ортаға деген құндылық қарым-қатынастарын бағалауға, айналасындағы адамдарға деген сезімталдық және кішіпейілдік танытуға үйренеді;

- Қазақ халқымыздың ұлттық құндылықтарын, қазақи салт-дәстүрлеріміз, әдет-ғұрыптарымыз, көне ата-бабалар әлемі жайында түсінік, өз жеті атасы, жеті ата туыстығының мәні мен қазақ отбасындағы ұрпақ жалғастығының мән-маңызына бойына сіңіреді;

- Оқу және өмірлік жағдаяттарда қарым-қатынас жасау үшін сөйлесім әрекетін пайдаланудың қарапайым тәсілдерін біледі: *өз ойын ауызша және жазбаша білдіруге тырысады; қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, таным тағылымдарын игереді;*

- *Өз Отанын құрметтеуге, елін, жерін сүйеге тәрбиеленеді, өз халқының тарихы мен салт-дәстүрін, діні мен ділін, рухани бай қазынамызды бойына сіңіріп, оны жетік меңгереді.*

Оқу бағдарламасына бүгінде мектеп бағдарламасында оқытылып жүрген «Өзін-өзі тану» пәнінің бағдарламасынан, факультатив ретінде оқу бағдарламасына енген «Дінтану», БҚМУ-дың педагогика және психология кафедрасының доценті Байжан Молдағалиев дайындаған «Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің педагогикасы» курсының оқу бағдарламасы, А.Қыраубайқызының бастауыш буынға арналған «Әлем

және мен», орта буынға арналған «Адам және әлем», бағдарламалары, С.Қ.Қалиев, С.Иманбаева Орта мектептің Х сыныбына арналған «Әдеп» бағдарламасы пайдаланылды.

ОҚУ ПӘНІНІҢ БАЗАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

БАСТАУЫШ МЕКТЕП (34 САҒ., АПТАСЫНА 1 САҒ.)

КІРІСПЕ САБАҚ

«Ұлттық тәрбие» пәні туралы түсінік беру. Сынып бойынша пәнді оқытудың мақсат, міндеттерімен таныстыру.

БІЛІМ – ӨМІР ШЫРАҒЫ

Кел балалар, оқылық!

«Білім» – адамзат тіршілігінің барысында жинақталған әлеуметтік тәжірибе. Білім – *адам өмірінің* шамшырағы. Білім және оның маңызы. Адам өмірінде білімнің орны. Білім беру негіздері. «Білімді мыңды жығады, білімсіз бірді жығады» мақалының мәні. «Білім», «сыйластық», «адамгершілік құндылықтары» туралы түсініктерін кеңейту. Ата-ананың, үлкендердің, кітаптың өмірдегі «ұстаздары» екендігін түсіндіру. Кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, ұстаздарды бағалауға, сыйлауға тәрбиелеу.

Менің мектебім

Мектептегі оқу ол нені үйретеді? Оқушы мәртебесі; жақсы оқушы болуға тырысу; сыныпта ұжымға бірігу, танысу, достасу.

Оқушы өмірінде ұстаздың алатын орны; оқушы мен ұстаз арасындағы өзара сыйластық. Мектептің оқушы өміріндегі маңызы, мектепте оқу, мектеп өміріне араласу

ТУҒАН ЕЛІМ – ОТАНЫМ

Мен қайда тұрамын!

Қазақ жері – атажұрт. Астана, облыс, аудан, ауыл. Тәуелсіз Қазақстан – біздің Отанымыз. Тәуелсіз Қазақстанның жас ұландары. Еліміздің мемлекеттік рәміздері. Елді, жерді сүю, туған жер байлықтарын ысырап етпеу – ұрпаққа аманат. Туған жер суреттері

Отанымды сүйемін.

Отанды сүю, құрметтеу, мақтан тұту, қызмет ету. Туған өлкенің табиғаты, байлығы. Қазақ елінің ұлттық символдары туралы түсінік. Өнер мен мәдениет мұрағаттары.

Астана – елімнің мақтанышы.

Бәйтерек, Қазақ елі монументі, Хан шатыры, Бейбітшілік пен келісім пирамидасы туралы түсінік.

ҚАЗАҚ МЕНІҢ – АТА-ТЕГІМ

Біздің бабаларымыз. Қазақ жерін бізге кім сыйлады? Біздің бабаларымыз. Мен оларды мақтан тұтамын. Аталар әлемі.

Аталар маған қандай сый қалдырды? Жеті ата. Жеті ата туыстығының мәні. Қазақ *отбасындағы* ұрпақ жалғасы: *ата, әке, бала*. Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Бала – әке-шешенің перзенті, ұрпағы, ата-ана өмірінің жалғасы.

Ата жолы – үлгі маған. Балаларға арналған шығармалардағы ел басынан өткен тарихи кезеңдердің суреттелуі. Тарихи тұлғалардың тағылым аларлық істері. Отаншылдыққа тәрбиелеу. Ұлы адамдары бар өз халқына мақтаныш сезімін туғызатын шығармалар.

Мен және менің отбасым. Туыстық қатынастар. Отбасының тарихы. Ата-ананы құрметтеу. Бауырға деген сүйіспеншілік. Туған-туысқа деген сыйласымдық.

ТІЛ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Ана тілің – арың бұл /қазақ тілі, сөйлеу әдебі/.

Тіл – халықтың тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Халықтың аса бай рухани қазынасы – туған ана тілі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Ана тілінің мәні мен мазмұны.

Тілім менің тірегім. «Тіл», «Отан» құндылықтары туралы түсінік. Ана тілінің адам өміріндегі маңыздылығы. Өзге тілдерді үйренудің маңыздылығы. Үштілділіктің қажеттілігі.

ТАБИҒАТ АНАҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК

Табиғатпен танысу!

Жер біздің үйіміз. Табиғат туралы түсінік. Аңдар, құстар, өсімдіктер, жәндіктер және біз. Табиғат – адам – қоғам арақатынасы. Табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін сезіне білу, табиғаттан үйлесімділік, жарасымдылық табу, әсемдікке, сұлулыққа талпыну. Табиғатқа қамқорлық жасау, аяушылық, жанашырлық таныту, күтіп-баптау, өсіп-өнуіне көмектесу.

Табиғатқа қамқорлық. «Табиғат» құндылығы және «қамқорлық» адами қасиеті туралы түсінік. Табиғаттың адам өміріндегі маңыздылығы; табиғатқа қамқорлық жасау түсінігі.

ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНДЕ

Әсемдік әлемі /қоршаған ортадағы әсемдік, әсемдікке баулу/

Қоршаған ортамен ізгі қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыруға бағыттау. Балалардың табиғатқа эстетикалық қатынасын қалыптастыру және денсаулықтарын нығайту мақсатында экологиялық, шығармашылық іс-әрекеттер ұйымдастыру. Жасөспірімдерді әсемдік сезімге тәрбиелеу. Әсемдікті қабылдау және эстетикалық түсінік. Баланың талғам құндылықтарды құруға бағытталған қабілеттіліктерін және әсемдік туралы түсініктерін қалыптастыру. Әсемдік пен сұлулыққа ояту, талғам танымдарын арттыру.

Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі

Үлкенді, ата-ананы сыйлау- ұлттық дәстүр. Достық, жолдастық тақырыбы. Сөз құдіреті арқылы баланың азаматтық, адамгершілік келбетінің қалыптасуына әсер ету. Эстетикалық-педагогикалық мәні жоғары, балалардың мінез-құлықтары, іс-әрекеттері суреттелген шығармалар (өлеңдер, әңгімелер, мысалдар, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер т.б.)

Сәлемдесу тәртібі. Кіммен қалай сәлемдесу керек?

Сәлем – әдептілік белгісі. Сәлем беру - адамға жақсылық, есендік, саулық тілеу белгісі. Үлкен адамға сәлем беру - кіші адамның міндеті. Үлкендермен амандасуға, бір-бірімен сәлемдесуге үйрену, бір-біріне ізет, сый-құрмет көрсете білу.

ЖҰЛДЫЗДАР ӘР АДАМНЫҢ ӨМІРІНДЕ

Менің жұлдызым.

Жұлдыздар... Олар қандай? Аспан әлеміне үңіліп қарағандағы, қиялды арбап алатын жұлдыздарға түсінік беру.

12 шоқжұлдыз, жұлдызым жоғары тіркесінің түсінігі.

Жұлдызың жансын тіркесінің мағынасы.

ОЙЫННЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ РОЛІ

Ойлан тап /қазақтың тәрбиелік мәні бар ұлттық ойындары/

Ойлан таптың мақсаты – ойындар негізінде оқушының жалпы интеллектуалды ой-өрісін дамыту. Оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту. Топпен жұмыс жасауға үйрету.

Ойнайық та, ойлайық! /Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мәні/

Баланың бірінші әрекеті – ойын. Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы.

Ойын – ақыл-ойды кеңейтетін, тілді ұстартатын, сөздік қорды байытатын, өмірді танытатын, сезімді кеңейтетін, ерік және мінез қасиеттерін бекітетін, адамгершілік сапаны жетілдіретін, ұжымдық сезім әрекеттерді өсіретін, еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік беретін, дене күшінің жетілуіне көмектесетін тәрбие құралы.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары. Қазақтың ұлттық ойындары үш топқа бөлінеді, бірінші топқа, өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала «санамақ, тәй-тәй, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек-көк серек» т.б. ойындарын ойнайды. Ойын арқылы баланың бойында ұйымдастырушылық қасиеттері, тапқырлық, шыдамдылық, белсенділік, есте сақтау қабілеттері, зейіні, тілі дамиды.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҮЙРЕНЕЙІК

Шынықсын денеміз

Салауатты өмір салты. Тазалық – денсаулық кепілі. Спорттық балалар ойыны, қызыққа толы іс-әрекеттері. Табиғат сипаттарына сай балалар ойындарының маңызы. Балалардың үлкендер еңбегіне қатысуы, еңбекті бағалауы. Мейрамдардағы ойналатын ойын түрлерінің балалар тәрбиесіндегі ролі. Денсаулықтың маңызын түсіну, денсаулық құпияларын білу, денсаулықты күту, бағалау, нығайту.

Салауаттылық – менің қалауым. Адамға жағымсыз, денсаулығына, өміріне зиян нәрселерге әуес болмау туралы түсінік.

ДОС БОЛАЙЫҚ, БӘРІМІЗ

Біздің тілегіміз – достық

Достары (балабақша, аула, ауыл, сынып), достық қарым-қатынастың өмірде алатын орны, достыққа негіз болатын адами қасиеттер туралы жалпы түсінік. «Достық» құндылығы туралы түсінік. Татулық пен достықтың адам өміріндегі маңыздылығы; өзара көмек, жолдастық, сыйластық қарым-қатынастары.

Ұл бала мен қыз бала. «Сыйластық», «достық» құндылықтары туралы түсінік. Ұл бала мен қыз бала арасындағы сыйластық туралы түсінік.

АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ТАҒЫЛЫМЫ

Адам деген – ардақты ат

Адам құндылығының маңызы. Адамгершілік қасиеттер туралы білімдерін кеңейту. Әр адамның ерекшелігін көрсететін табиғи дарыны, қабілеттері туралы түсінік беру. Өзін-өзі танудың өмір, қарым-қатынас, ата-ана, бауырмалдық және т.б. негізгі ұғымдарын меңгерту.

Адам мінезімен танылады. Адамның мінез-құлқы туралы түсінік. Жақсы мінез мәнінің ашылуы. Ерік, жігер құндылықтары мәнінің ашылуы; адам ойын нақты жеткізе алуы, босқа сөйлемей, шектен шықпауы, өмірде өз ұстамдарына берік болуы туралы түсінік. Дербес және жауапты шешім қабылдай алуы және оны негіздей білуі. Басқа адамдардың ар-ұжданына нұқсан келтірмей, өз қағидаларына, ұстанымдарына берік болуы.

Адамның жан сұлулығы. Адамның «жан сұлулығы» туралы түсінік. Адам жанының сұлулығын көрсететін жақсы қасиеттерін дамыту. Адамды тек сыртқы келбетіне, түріне ғана емес, оның адамгершілігі мен қамқорлығына, инабаттылығы мен ізеттілігіне қарап бағалай білуі.

Мақтану – мақтаншақтық емес. Кішіпейілділік, қарапайымдылық сияқты адами қасиеттер туралы түсінік. Мақтану, мақтау, мақтаншақ болмау туралы қасиеттер; жағымды, жағымсыз қылықтарды ажырата білу іскерліктері.

ЖАҚСЫЛЫҚПЕН ЖАНЫМ ДОС

Қамқор болып өсемін

Сүйіспеншілікті, қайырымдылықты, мейірімділікті сезіне білу, айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегі, адамдарды жақсы көру, қайырымды, мейірімді болу. Қамқорлық сезімдерін дамыту, адамға, табиғатқа, жан-жануарларға қамқорлық жасай білу.

Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет

Құрмет, ізет, сыйластық туралы түсінік беру. Қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту. Үлкендер мен кішілер арасындағы сыйластықты түсіндіру.

Ұжымдық қатынас

Мектеп ережесі. Оқушылардың тәртіп сақтау ережесі, олардың сабаққа дейінгі, сабақтан кейінгі және үзіліс кезіндегі өзін-өзі ұстауы. Оқушының сыртқы көрінісі. Оқушы өмірінің табиғи ритмі. Күн тәртібін қалыптастыру негіздері. Қарым-қатынас әдебі.

Келісім түбі – жарастық

Келісім, жарастық туралы түсінік беру. Достаса білу қасиеттерін дамыту. Өзара татулыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.

Кешірімді бала – кішіпейіл бала

«Кешірім» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу. Кішіпейілділік, кешірімділікке бейім қабілеттерін дамыту.

Жылы жүрек – жақсы тілек. «Мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсінік. Жақсы тілек, ізеттілік, ізгілік туралы түсініктер, қайырымды қарым-қатынас жасау іскерліктері.

Ұқыпты бала- әдепті бала. Әдептілік, сыпайылық адами қасиеттер туралы түсініктер. Ұқыптылық, жинақылық туралы түсінік;

Өнерлі бала сүйкімді. «Өнер» ұғымының құндылық ретіндегі мәнін ашу. Өнердің адам өміріндегі маңыздылығы.

Ақыл жастан, асыл тастан. «Даналық» құндылығы туралы түсінік. Ақылдың адам өміріндегі маңыздылығы.

ЕҢБЕКПЕН ТАПҚАН НАН ТӘТТІ

Еңбектің наны тәтті. «Еңбек» құндылығы туралы түсінік. Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығы.

Адам еңбекпен шыңдалады. Шыдамдылық, төзімділік, табандылық ұғымдары мәнінің ашылуы және өзара байланысы.

Еңбек түбі – береке. Су жүрген жер *береке*, Ел жүрген жер *мереке* тіркестерінің мағынасын ашыңыз.

МӘДЕНИ ӨМІР

Күнделікті өмір және мерекелер. Мереке уақыты және оның мәні. Жеке бастық, отбасылық, мемлекеттік және жалпыға ортақ мерекелер. Шығармашылық жеке мереке. Сыйлық және оның маңызы. Бала өміріндегі өнер. Өнер түрлері. Бала тәрбиесіндегі өнердің маңызы.

ЕРТЕГІДЕЙ ЕРТЕҢІМ

Ерте, ерте, ертеде

Ертегілер - халық даналығының ғажайып туындысы. Ертегілердегі халық қилы, арманы, даналығы. Ертегілер – балаларды қиялдауға, жақсылықтан үйренуге, жамандықтан жиренуге үйрететін танымдық, тәрбиелік мәні күшті құрал. Ертегінің бала тәрбиесіндегі ролі.

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

(34 САҒ., АПТАСЫНА 1 САҒ.)

КІРІСПЕ САБАҚ

«Ұлттық тәрбие» пәні туралы түсінік беру. Сынып бойынша пәнді оқытудың мақсат, міндеттерімен таныстыру.

ОҚУ БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Білімнің пайдасы

Білімділік – озық ойлы, кең өрісті, мәдениетті азамат болу кепілі. Ұлы Абайдың «*Білімнің пайдасы*» еңбегінің мән-мағынасы, оның қазіргі өмірдегі сипаты. Білім – адамның негізгі қажеттілігі. Еліміздің көркеюі – білімді азаматтардың еңбегінің жемісі. Президент Н. Назарбаевтың еліміздің білім дамыту мәселесіне байланысты айтылған ой-тұжырымдарының маңызы. Қазақ халқының білімге қатысты мақал-мәтелдері: «Білімнің берері мол», «Өнер білім бұлағы, білім өмір шырағы», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез», «Оқу –білім азығы, білім – ырыс қазығы» мақалының мән-мағынасы, тәрбиелік мәні. Қазақтың халық есептері. Олардағы балаларды тапқырлыққа, ұқыптылыққа, талпынысқа, алғырлыққа тәрбиелеу мүмкіндіктері.

ТІЛІМ МЕНІҢ ТІРЕГІМ

Тілдердің үш тұғырлығы

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазақ тілінің өзге ұлт тілдерінен негізгі ерекшеліктері. Қазақ тілінің даму тарихы. Орыс тілі – халықаралық қатынас құралы. Шет тілін үйренудің маңыздылығы. Тілдерді үйренудің жаңа технологияларын таңдай білу. Көптілділік – әлемдік өнер мен терең білім игеру кепілі.

Ана тілі – жүрек үні. Ананың ұрпақ тәрбиесіндегі, өмірдегі, қоғамдағы орны туралы түсінік. Әлемдегі барлық жақсылық пен игі істердің ана махаббатынан тарауы. Ана тілінің құдіреті.

ҚАЗАҚСТАН – МЕНІҢ ОТАНЫМ

Тәуелсіз Қазақстан - біздің Отанымыз. Кең байтақ қазақ жері. Қазақстандағы ұлттар достастығы. Толеранттық ұғымы. Тәуелсіз Қазақстанның келешегі жастар.

Отанымды сүйемін. Отанды сүю, құрметтеу, мақтан тұту. Отанға қызмет ету ұғымына түсінік. Қазіргі заманғы Қазақстан туралы, басты ұлттық символдар. Қазақ мәдениетінің бірегей, құнды жәдігері – Алтын адам ескерткіші. Тәуелсіздік таңы ескерткіші.

Астана - Қазақстанның бас қаласы. Астана кең даладағы жай қала ғана емес, саяси ерік-жігер көрінісінің нышаны. **«Қазақ елі» кешені** – мемлекетіміздің ұлттық мақтанышына айналған бірегей архитектуралық ғимарат. **«Астана-Бәйтерек»** монументі - бұл дүниеде жоқ аналогтардың әмбебап ғимараты. Бейбітшілік және келісім **пирамидасы** – бұл толеранттық идеясы, Қазақстан халықтары бірлігіне ескерткіш, оның үйлесімдік пен гуманитарлық құндылықтарға ұмтылуы. Елордамыздың сәулет өнеріндегі сәулелі жақұт тасындай **«Хан шатыры»** туралы түсінік. «Мәңгілік Ел» қақпасының қасбетінің безендірілуі ұлттық ерекшеліктер тұрғысында жасалуы.

ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ

Денсаулық – зор байлық

Білім алушылардың жеке бас гигиенасы. Жас ерекшеліктеріне байланысты қыз гигиенасы, ұл гигиенасы. Дене күтімі мен дене шынықтыру – денсаулық кепілі. Ұйқы, оның адам денсаулығын бекітудегі ролі. Демалысты ұйымдастыра білу шеберлігі. Ұйықтайтын, дем алатын, ас ішетін бөлме тазалығы. Ас – адамның арқауы. Қазақтың ұлттық тамақ түрлері, оларды пайдалану реті мен оның адам денсаулығына әсері. Ас дайындау тәртібі. Ас мәзірі. Ас ішу әдебі.

Салауаттылық - өмір негізі

Денсаулық – өмір өзегі. Денсаулық, Ұзақ өмір. Мәнді, мазмұнды өмір. Денсаулықты нығайту. Денсаулыққа зиянды, пайдалы әрекеттер. Салауатты өмір салты. Адам өміріне зиянды әрекеттерден аулақ болу: нашақорлық, ішімдік ішу, шылым шегу, СПИД және т.б

ІЗДЕНГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Ізденушілік шеберлігі

Қызығушылық аясының кеңдігі – жас ұрпақтың тәрбиелілігінің белгісі. «Іздеген жетер мұратқа» мақалының мән-мағынасы, тәрбиелік мәні. Ізденімпаздық қасиетін дамыту мүмкіндіктері: сөзжұмбақ, сөзтізбек шешу, сұрақ жауап ойындары, бейнесөздер құрастыру, оны шешу. «Алғашқылар, біріншілер, тұңғыштар», «Бұл кім? Бұл не?», «Не?, Қашан?, Қайда?» сұрақ жауап ойындарының мәні мен мағынасы, оның жас ұрпақтың ізденімпаздығын, шығармашылық құзыреттілігін қалыптастырудағы ролі. Мектеп кітапханасынан, әдеби құралдардан, информациялық ақпарат құралдарынан қажетті материалдар іздеу тәртібі. Ізденіс нәтижесін тиімді пайдалана білу қабілеттілігі.

Білім алуға өздігінен іздену, өзін-өзі тәрбиелеу.

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ - ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕГІ

Адам және табиғат

Жер, су, ауа тазалығы – табиғат байлығының кепілі. Қоршаған орта табиғатын қорғау мақсатындағы ата-баба дәстүрлері. Жергілікті жердің табиғи ерекшеліктері, оны қорғауға қатысты әрекет түрлері. Қоршаған орта тазалығы. Көгалдандыру жұмыстарында ата-баба дәстүрлерін пайдалану.

Ғарыштағы құпия. Жанды және жансыз табиғат. Жер құпиясы. Адамның рухани тәжірбиесіндегі мәңгілік. Адамның табиғатқа деген қарым-қатынасы. Өсімдіктер психологиясы. Бақ және оны күту. Жануарлар іс-әрекетіндегі құбылыстар. Ертегілердегі бейнелер.

Жер мен судың ластануының денсаулыққа әсері. Табиғатта серуендеу тәртібі /ауа райына лайық киіну, серуенге лайық тамақ, ыдыс аяқ дайындау, серуен соңында отырған орын тазалығын қамтамасыз ету.

Жасыл ел бағдарламасын жүзеге асырудағы жас жеткіншектердің үлесі.

Жергілікті жерлердегі табиғатты қорғауға бағытталған ұйымдар және олардың жұмысы.

Экологиялық тәрбие. Жер тағдыры мен ел тағдырын ойлауда, атадан балаға мұра болып келе жатқан салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәні. Жер, су, ғарыш әлемінің қадірін бағалай білу.

МӘДЕНИЕТ – ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ

Адам және мәдениет

Мәдениет деген не және қандай адамды мәдениетті деуге болады? Ішкі және сыртқы мәдениет. Заттық әлем.

Бізді қоршаған заттардың тарихы. Адамдар және заттар. Мәдениет – әлемдегі адам болмысының тәсілі. Мәдениеттің рухани өлшемі: өнер, ғылым, дін. Қазақ халқының ұлттық символдық мәдени мұраларына түсінік. Қазақ халқының тарихында маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап – домбыраға түсінік. Қазақ халқында қасиетті болып есептелетін аспап – қобыз. Қазақ халқының рухани мәдени мұраларына түсінік.

ЕҢБЕК ТҮБІ ЗЕЙНЕТ

Еңбек – ер атандырады

Қазақтың еңбек тәрбиесі туралы, ұқыптылық, үнемшілдік, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын мақал-мәтелдері, олардың тәрбиелік мәні: «Еңбек түбі зейнет», «Ел үшін еңбек етсең, халқың сүймек», «Ер дәулеті еңбек», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» т.б. Дәстүрлі еңбек түрлері, олардың қазіргі сипаты, ондағы еңбек әрекетінің өзгерістері, қазіргі өмірге бейімділігі, тәрбиелік мәні.

Еңбек және дене тәрбиесіндегі халықтық дәстүрлер

Еңбек және дене тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері. Ұлттық еңбек түрлері. Еңбектің жас ерекшеліктеіне қарай күрделенуі. Оның адам өміріндегі орны. Шығармашылық еңбекті дамыту. Халық педагогикасындағы дене тәрбиесі. Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні.

АДАМИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ҮЙРЕНЕЙІК

Адами қасиеттер тәрбиесіндегі жолдас-жораның ролі

Бақыт деген не? Адам бақыты туралы қазақ ойшылдарының пікірлері. Махаббат. Ана махаббаты, бала махаббаты. Жолдастық. Жолдастың өмірдегі орны. Сүйіспеншілік сезімі, оның өмірдегі орны. Дос құпиясын сақтай білу. Жолдасты қалай таңдау керек? Достық, жолдастық қарым-қатынас белгілері.

Жақсы, жаман жолдас туралы халықтық ұғымдар. Жаман жолдасын жауға қалдырады. Жолдасты таңдай білудің мәні, оның етер ықпалы мен әсері.

РУХАНИ СҰЛУЛЫЛЫҚ

Жан және тән сұлулығы. Жас ұрпақты әдемілік әлемінің сұлулығын көзбен көре, жанмен түсіне білуге, сұлулық сырын тілмен жеткізе, көңілге тоқи білуге, зерделі болуға үйрету. Жан мен тән сұлулығы. Адамның ішкі дүниесі мен сыртқы дүниесінің үйлесімділігі. Рухани және мүсін сұлулығы. Мінез-құлық, жүріс-тұрыс, адамдармен өзара қарым-қатынас әдептері. Үйге оң аяқпен кіру, сәлем беру, босағаны кермеу, есікті қатты жаппау, дауыс көтермеу, өтірік айтпау, ұрлық жасамау, үлкеннің алдын кеспеу, үлкеннің сөзін бөлмеу, ата-ананы сыйлау, қазаны құрметтеу, т.б.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан серілік мінез, сезімталдық, талғампаздық қабілеттердің қалыптасуы. Жалқаулық, салақтық жаман әдеп екеніне түсінік беру. «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің ықпалы. Қыз Жібек, Құртқа, Баян, Сара, Тоғжан сияқты арулардың бойындағы ерекше қасиеттерді саралап көрсету, оны отбасылық тәрбиеде жастардың бойына қалыптасатына көздерін жеткізу.

Махаббат –өмір өзегі. Махаббат, сүйіспеншілік өмір сүрудің негізі. Ата-анаға, Отанға, туған жерге сүйіспеншілік.

Қызға нәзіктік, ұлға батылдық. Қыз балаға тән қасиеттер, ер балаға тән қасиеттер, ұл бала мен қыз баланың арасындағы өзара сыйластық.

ОТБАСЫ - КІШІ МЕМЛЕКЕТ

Отбасы тәрбиесі. Отбасындағы жандардың бір-біріне деген тәлімгерлік ықпалы, «Ата көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» деген мақалдың мәні. Ана-отбасының құт, берекесі. Әке – отбасының қамқоршысы. Әке, ана борышы.

Отбасы үлкендердің үлгі-өнегесі. «Ағаға қарап, іні өсер», «аға жаға, іні пана», «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» мақалдардың мәні.

Ата, әже, әке, шеше, аға, іні, әпке, қарындас және т.б. өзара сыйластығы, татулығы және ата-ананы құрметтеу, үйде, өз айналасындағылармен сыйластықты қарым-қатынас. Үлкенді құрметтеу, сыйлау, кішіні аялау- ежелгі ел дәстүрі. «Отан отбасынан басталады» деген мақалдардың мәні, отбасындағы тұрмыстық мәдениеттің қалыптасуы, отбасы бюджетін дұрыс пайдаланудың мәні. Отбасы мүшелерінің жарасымды сыйласуы мен қарым-қатынасы. Отбасындағы жезденің, апаның, жеңгенің ролі. Жеңгелердің қайындары мен қайын сіңділеріне қамқорлығы, ақыл-кеңес беруі.

Отбасы және үнемшілдік талаптар

Отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қарым-қатынасы, эмоциялық сезімдер, олардың өзара бірлігі. Бала бойындағы қасиет отбасында қалыптасатындығы, отбасындағы ұқыптылық, үнемшілдік, қасиеттердің бала тәрбиесіне ықпалы.

Елімізде болып жатқан экономикалық өзгерістерге бейімделе отырып, нарықтық талаптарды меңгеруге, бизнестік қарым-қатынасқа үйрету.

ДҮНИЕНІҢ ДІҢГЕГІ -ДІН

Дін және әдеп. Діннің шығу тарихы. Діннің әлеуметтік, танымдық және психологиялық негіздері. Көп құдайға сенушіліктің пайда болуы. Бір құдайға сенушілік. Діннің түрлері: индуизм, синтоизм, иудаизм, буддизм, христиан діні. Православиенің тарауы, католик діні протестантизмнің шығуы, ислам діні.

Дін мен моральдың ара-қатынасы, дін иелерінің адамзаттық құндылықтарды «Құдай заңы», «Құдай жолы» деп жариялауы, шын мәнінде үлкеннің кішіге деген қамқорлығы, кішінің үлкенді сыйлауы т.б. нормалар адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан қарапайым адамгершілік заңдары екендігі.

Дінмен ғылымның арақатынасы. Дін және өнер. Дін және мораль деген тақырыптар арқылы оқушылардың дін жөніндегі көзқарастарын, түсінігін ғылыми негізде қалыптастыру.

Имандылық, адамгершілік тәрбиесіндегі халықтық үлгі өнерлер.

Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып заңдарын терең меңгере отырып, инабаттылыққа, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу. Баланы адамгершілікке және имандылыққа тәрбиелеуде Құран кітабының маңызы. Құран хадистерінің тәрбиелік мәні. «Құран Кәрім», «Ғылымхал», «Мұхамед Пайғамбар хадистері» діни кітаптарды өмір тәжірибесінде пайдалану. Шығыс ғұламаларының Ы.Алтынсарин, Абайдың, Ш.Құдайбердіұлының діни-сенімдер туралы көзқарастары, ой-пікірлері. Адамгершілік қасиетті қалыптастыруда сөз өнерінің тәрбиелік мәні.

МӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ӘДЕП

Адамзаттың рухани тағылымы. Халық даналығы, салт-дәстүрлер туралы алған білімдері негізінде ата-баба дәстүрінің, көсем сөздер мен шешендік сөздердің рухани тағылым, адамгершілік құндылық, даналық ретіндегі мәні мен мағынасы.

Ізгілік ұғымы туралы түсінікті кеңейту. Ізгі істерге жетелейтін адамгершілік қасиеттерді дамытуға ықпал ету.

Адами қарым-қатынас жасау ізгіліктері.

Сәлемдесу, жылы жүзбен қарсы алу, жымиып сөйлеу, сабырлылық таныту, әдеп сақтау, үлкеннің сөзін бөлмеу, дабырлап, даурығып сөйлемей және т.б. Отбасындағы қарым-қатынас, іскерлік қарым-қатынас, жолдастық қарым-қатынас жасау әдептері және т.б.

Тәлімдік қасиеттер: имандылық, кісілік, қарапайымдылық, әдептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, шыншылдық-адалдық, еңбекқорлық, білімқұмарлық, жері мен елін сүйу, ұлтжандылық, бірлік және т.б.

Мәдениетті тұлғаның бейнесін анықтау. Мәдениетті адам – ұлттық сана-сезімі оянған (ана-тілін, төл мәдениетін, тарихын, ата-дәстүрін игерген) рухани биік, имандылық, табиғилық, еңбекқорлық және т.б. ізгі қасиеттер тән адам.

Тәлімдік өлшемдер: кішіпейіл, бауырмал мінез және қыңыр мінез, қарапайым және менмен, өзімшіл мінез және т.б.

Турашылдық және оның сипаты. Халқымыздың турашылдықты дәріптеп, жастардың бойына сіңіріп келгені туралы мәліметтер.

Мейірімділік және оның сипаты. Еңбекке, адамзатқа, қоғамға, жан-жануарларға, табиғатқа мейірімділікке үйрету дәстүрін үлгі келтіру.

Міндет, оның мазмұны мен сипаты. Міндет- адамның қоғам алдында, халқы алдында, ата-анасы алдында атқаратын ісі. Міндетті адал орындау. Міндетті орындау мәдениетті адамның ар-ожданы.

Абырой және оның сипаты. Адамның абыройын қастерлеу. Атақ-даңқ және еңбек. Халық абыройы, оны қастерлеудегі ата-бабамыздың игі дәстүрлері.

Бақыт. Бақыт жайындағы ұлы адамдардың ұлағатты сөздері. Халқымыз бақытты өмірді ертеден армандап, ауыз әдебиетінде дәріптеуі. Мысалдар.

ТӘЛІМДІК ҚАҒИДАЛАР

Негізгі тәлімгерлік қағидалар: ізгілікті ынтымақтастық, еңбекқорлық, ұлтжандылық және т.б.

Негізгі моральдық қағидалардың тәрбиелік мәні. Ізгіліктік, оның сипаты. Үлкенді сыйлау, кішіге ілтипат көрсету, қоғамға адал ниетпен еңбек ету, табиғат пен жан-жануарларды аялау, ізгіліктің басты көрсеткіштері екенін түсіндіру. Ата-бабаларымыздың ізгілікті азамат тәрбиелеудегі дәстүрі. Ер бала мен қыз бала тәрбиесі. Қазақ халқының қыз бала тәрбиелеудегі ерекшелігі.

Ынтымақтастыққа тәрбиелеу жайындағы ата-бабамыздың өсиеті, дәстүрі. Ынтымақ,

береке-бірлікке байланысты халықтық жыр-аңыздан мысал келтіру (Әнет баба, Төле, Қазбек, Әйтеке билердің, Базар, Бұқар жыраулардың, Сырымның, Абыздың аталы сөздері т.б.). Бүгінгі күнгі ынтымақ, бірлік.

Еңбекқорлық. Халқымыздың еңбекті қастерлеп, жас ұрпақты еңбекке баулып келгені жайында дәстүрлер (мал шаруашылығы, қолөнер, зергерлік өнер, т.б.) Қазіргі халыққа керек еңбек түрлері.

Нарықтық экономика жайында, бизнес, бәсекелестік, іскерлік, коммерция, брокерлік қызмет, менеджер т.б. туралы түсінік.

Ізгілікті демократиялық қоғам, өркениетті мемлекет ұғымдарына түсінік.

Ұлтжандылық және интернационалдық сезім. Ұлттық сезім, өз ұлтын сүйу, қастерлеу. Ұлтжандылық және ұлтшылдық олардың айырмашылығы. басқа ұлттардың ұлттық ізгі тәлімдерін бағалау, құрметтеу.

ӨНЕР - ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ

Тәрбиедегі өнердің ролі

Өнер мен әдептің сұлулыққа, сыпайылыққа, әсемдікке негізделуі. Өнер адамдарының сал-серілердің «сегіз қырлы, бір сырлы» болып келуі.

Көркемөнер туралы түсінік. Көркемөнердің түрлері: қол өнері, музыка, би өнері; бейнелеу-мүсіндеу өнері; сәулет өнері. Олардың бір-бірімен байланысы. Зергерлік бұйымдардың сәндік және сыйлық қасиеті. Асыл тастармен әшекейленген сырға, білезік, жүзік, алқа, т.б. заттардың арудың көркі болуы.

Музыка және би өнерінің адам сезімін жетілдіріп тәрбиелеудегі ролі. Адам өмірінің музыкамен байланыстылығы. Шілдехана, келін түсіру, қыз ұзату сияқты ойын-сауықтар мен өлікті жөнелту сияқты салт-дәстүрлердің өлең-жырсыз өтпеуі. Халықтық әндер мен күйлердің ерекшелігі.

Қазақтың қол өнері

Қазақтың қолөнер туындыларының түрлері. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері, оның даму ерекшелігі, бүгінгі заманға сәйкес икемделуі мен оның қазіргі қолданылуы және жастардың киім кию біліктілігін қалыптастырудың ролі. Зергерлік бұйымдар, ондағы ою-өрнектердің мәні мен мағынасы, тәрбиелік ролі. Тоқыма бұйымдар, оларды дайындау, өңдеу, пайдалану. Кесте тігу, киіз басу өнері, оның жасөспірімдерді әсемдікке, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке, төзімділікке баулудағы ролі. Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін пайдаланып киім тігу, оның жас ұрпақтың сән өнерін қалыптастырудағы мүмкіндіктері.

Атакәсіп – дәстүрлі өнер. Ертеден келе жатқан дәстүрлі өнердің бір түрі – атакәсіп туралы түсінік. Ұрпақтар сабақтастығы.

ХАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ – ДАНАЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Халықтық тәрбиенің түрлері

Атадан балаға жалғасып келе жатқан халықтық тәлім-тәрбиенің жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың тәрбиедегі алатын орны. Халықтық тәрбиенің түрлері еңбек, дене, ақыл-ой адамгершілік, әсемдік (эстетикалық), экономикалық, экологиялық болып бөлінуі. Олардың ауыз әдебиеті үлгілерінен (мақал-мәтел, өлең-жыр, жұмбақ, ертегі, аңыз-әңгімелерден) өзекті орын алуы, тәрбиенің бұл түрлерінің отбасылық тәрбиеде кешенді түрде жүргізілуі.

Ақыл-ой тәрбиесі.

Оқушылардың таным-қабілеттілігін арттырып, жүйелі біліммен қаруландыру, шығармашылық ойлауды дамыту, ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға бағыттау. Білімін өздігінен меңгеруге жұмылдыру.

Шешендік өнер, айтыс, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаштар арқылы тапқырлыққа тәрбиелеу. Ата-бабалардың табиғатты болжаудағы тәсілдерінің ерекшелігі. Оқушының ақыл-ойын қалыптастырудағы телерадио хабарларының маңызы.

БАҒДАРЛЫ МЕКТЕПТЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ **(34 САҒ., АПТАСЫНА 1 САҒ.)**

КІРІСПЕ САБАҚ

«Ұлттық тәрбие» пәні туралы түсінік беру. Сынып бойынша пәнді оқытудың мақсат, міндеттерімен таныстыру.

ТАНЫМ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Таным жолдары. Адамның өзін-өзі дамытуы, жетілдіруі.

Ой-өріс кеңдігі. Адамның ақыл-ой қызметі негізінде алға қойған мақсатына жетудің оңтайлы жолдарын таба алуы. Ой-өріс кеңдігінің нәтижеге жетудегі мәні.

Ниет тазалығы – имандылық мұраты. Адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс әрекеттерін белгілі-бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір-қасиеті. Көңіл, ниет тазалығының қарым-қатынастағы мәні.

Рухани байлық – игілік негізі. Адамның рухани, мәдени және материалдық/материалдық емес қажеттіліктерін қанағаттандыруға сәйкес келетін іс-әрекеттер (ырзық).

АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мораль – қоғамдық сананың түрі, адамгершілік тәрбиенің күретамыры. Мораль дегеніміз – адамдардың бір-біріне және қоғамға деген міндеттері мен қарым-қатынастарын анықтайтын қауымдық өмір сүру ережелерінің, адамдардың мінез-құлықтары нормаларының жиынтығы.

Адамгершілік тәрбиенің күретамыры – мораль, этика, өнеге.

Адамгершілік тәрбиедегі кейбір қарама-қайшылықтар.

Адамгершілік тәрбиенің бағалану деңгейі.

Адамгершіліктің басты белгісі – азаматтық. Азаматтық тәрбиенің негізі – саяси-идеялық тәрбие.

Отансүйгіштік және ұлтжандылық тәрбие.

ЖАРАСЫМДЫ ӨМІР САЛТАНАТЫ

Жалынды жастық шақ. Жастық шақ - адам өмірінің бір белесі. Өмірден өз орнын табуға талпыныс, қызығушылық, құштарлық.

Жарасымды қарым-қатынас. Адамдар арасындағы қарым-қатынастағы кісілік пен кішілік, тіл табыса білу, кешірім мен келісім. Өз ойы, сөзі мен ісіне жауапкершілікпен қарау.

Іңкәр көңіл, нәзік сезім. Жастар арасындағы қарым-қатынас, алғашқы сезім, бала махаббат.

Қызмет етем халқыма... Өз ұлтын, тілін, ділін құрметтеп, өзгелерге түсіністік, сыйластық және шыдамдылық таныта алу.

Отбасы – өмір өзегі Отбасын құрудың басты мүддесі, шаңырақ құрудың жауапкершілігі, ата-ананың ұрпақ алдындағы, ұрпақтың ата алдындағы міндеттері мен парыздары.

Ағайын – ер тірегі. Отбасы әдебі, отбасы мүшелерінің өз орны, көршімен, ағайын-тумамен, құда-жекжатпен қарым-қатынас жасай білу. Сүйіспеншілік, түсіністік, көмек және т.б.

Ата салты – ұрпаққа аманат. Отбасын қадірлей, құрметтей білу, әке-шеше, ата-әже, бауырларын сыйлау, өзара Отбасы дәстүрін қабылдап, құрметтей білу, қонақжайлылық,

Дәстүр жалғастығы – ұлт болашағы. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұлттық салт-дәстүрді жалғастыру және дамыту.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтары. Тіл - ұлттың ары. Мемлекеттік тілді білу – парызың. Қазақстандағы - ресми тіл. Халықаралық қатынастар тілі. Әлемдік тіл – әлемдік деңгейге шығар жол. Үш тұғырлы тіл –жаһанданудың кепілі.

Діл. Қазақ халқының өзіне тән - ұлттық ділінің ерекшеліктері: Мінез-құлқы, намысты қолдан бермеушілігі, рухты биік ұстауы, батырлығы, сабырлылығы, ақкөңілділігі мен аңғалдығы, бауырмалдылығы, көпшілдігі мен қонақжайлылығы т.б.

Қазақ халқының ділі – оның әдет-ғұрпында (ойын-сауықтары, ырымдары мен тыйымдары, түс жоруы, жыл қайыруы мен мал бағудан туындаған астрономиялық көзқарастары т.б.). Қазақ халқының тұрмыс өміріндегі қолөнері және оның тәрбиелік мәні (құрақ құрау, текемет, киіз басу, сәнді тоқыма тоқу, кесте тігу, ою, өрнек өнеріндегі бейнелері).

Әдет-ғұрып, салт-дәстүр. «Үйлену – оңай, үй болу – қиын» мақалының мән-мағынасы. Отбасын құруға байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер (Құда түсу, қалың мал, құдағи таныс, қалыңдық ойнау, өлі-тірі беру, есік-төр көрсету, батаяқ байлау, ақтық, шаңыраққа мінгізу, ақ қастық, үкі тағу, отқа май тамызу, жол кеспеу, арқан керу, ақ алып шығу, домалақ қалыңмал, есікті қатты жаппау, неке қияр ғұрпы, неке шарты, ат тергеу, табақ тарту, жар-жар айту, беташар т.б.).

Қазақ халқының қонақжайлылығы. Қонақ күту. Қонаққа табақ тарта білу. Қонақ кәде.

Дін. Ежелгі қазақ даласындағы халықтардың ұстанған діни наным-сенімдері (Көкбөріге табыну, ата-баба әруағына, отқа, суға, жерге т.б.). *Әлемдік негізгі діндер:* (Ислам діні, Христиан діні, Будда діні) Діннің адам психологиясына әсері (пайда, зияны).

Қазіргі кездегі түрлі діни ағымдар және жастар.

КЕҢ ДҮНИЕ КЕЛБЕТІ

Қоғам, әлеумет. Өзара түсіністік, төзімділік, сыйластық, бір-біріне шыдамдылық таныту, адамдарды өз қалпында түсініп, қабылдай білу. Достық, бірлік, татулық, адамдардың ұлтын, дінін, ділін, нәсілін сыйлай, құрметтей білу, тату-тәтті өмір сүру.

Отан – бақыт ордасы. Адамның азаматтық айқындамасы, өз туған жері, Отанын сүйе білуі, мемлекеттік мәселелерге белсене араласуы, қоғам алдындағы жауапкершілігі, қызметі.

Табиғат – тылсым дүние. Табиғатпен үйлесімділік, табиғатты аялау туралы түсінік. Табиғат тіршілік бастауы, адам табиғаттың бір бөлшегі екендігі, табиғат заңдылықтарын сақтау туралы түсінік.

Өркениет – ел мұраты. Әлем халықтарының татулығы, бірлігі, халықтар достығы, ынтымақ, келісім және т.б.

САЛАУАТТЫЛЫҚ - ӨМІР НЕГІЗІ

Денсаулық – өмір өзегі. Денсаулық. Ұзақ өмір. Мәнді, мазмұнды өмір. Денсаулықты нығайту. Денсаулыққа зиянды, пайдалы әрекеттер.

Салауатты өмір салтын құру және оған тәрбиелеу.

Салауатты өмір салтының рухани-имандылық, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси негіздері.

Қазіргі қоғамдағы қауіпті дерт және оларды болдырмау жолдары. Адам өміріне зиянды әрекеттерден аулақ болу: нашақорлық, ішімдік ішу, шылым шегу, СПИД және т.б.

Тастанды балалар, Ата-анасын қарттар үйіне өткізу проблемалары, оны болдырмаудағы қазақ халқының дәстүрлі әрекеттері. Қарияға деген құрмет.

Сұлулық әлемі және сұлулық құпиясы. Әсемдік. Сымбаттылық. Сүйкімділік. Дене күтімі. Бет күтімі. Киіне білу. Ас ішу. Гигиена т.б. Қазақ халқының әдет-ғұрпындағы әсемдік пен сұлулық сырларының көрінісі.

Еңбек етсең – емерсің. Еңбек тәрбиесінің маңызы, оның спортпен бірлігі (қазақ халқының ұл баласының ертеден ат жалында ойнауы, ұлттық ойындарға мән беруі т.б.), Кәсіпкер әдебі. Кәсіпкердің ұлтжандылық, қайырымдылық қасиеттерінің маңызы.

Қазақ халқының отбасылық тәрбиесі. Қазақта отбасылық тәрбие бір-бірімен тығыз байланыста алты кезеңде жүргізілген.

Құрсақ тәрбиесі. Аяғы ауыр болысымен әйелге ерекше қамқорлық жасау, оның сүйген жерік асының мәні, «Құрсақ тойын» жасау, пәле-жаладан, тіл-көзден сақтау шаралары, аяғы ауыр әйелге ауыр жұмыс жасатпау, оның көңіл-күйін әрдайым жоғары, жақсы ұстау.

Бесік тәрбиесі. «Бесік салар» ырымы, бесікке салу, «Бесік тойын» жасау, бесік жабдықтары, олардың мәні, бесікке салушыларға сый-құрмет жасау, бесіктің тазалығы, бесікке бөлеу әдістері, бесіктің құрылысы, оның жасалуы, бесікті қарау әдеті, бесікке бөленген бала шошымау үшін жасалатын ырымдар, бесіктегі баланы тамақтандыру, ойнату.

Қыз бала тәрбиесі. «Қыз» деген сөздің мәні. «Қызға қырық үйден тыю» мақалының мағынасы. Қыз баланың отбасындағы орны. Қыз қылығымен тартымды. Бойжеткен қыздың гигиенасы. Қыз абыройы. Қыз бала – болашақ ана. Қыз балаға ерте жастан жыныстық тәрбие беру. Қазақ халқының ертеден қыз баланы – қонақ деп құрметтеуі. Қыз бала – болашақ келін.

Келін тәрбиесі. Келін - отбасының ұйытқысы, ақ босағаның аруы, үлкен шаңырақтың береке-күты. «Келін» деген сөздің мәні, келін түсіру, келінді жаңа отбасында тәрбиелеу.

Ұл бала тәрбиесі. «Ұл» деген сөздің мәні, ұл балаға еңбек, дене, кәсіби, ақыл-ой, эстетикалық, экологиялық, ұлтжандылық тәрбиелер беру. Ұл бала – отбасы тірегі. Қазақтың ұл баланы аса қастерлеу себебі. Жеті ата. Шежірені білу. Ұлдың отбасындағы орны. Ұл қандай болуы керек? Оған келешекте жүктелетін міндеттер.

Ер жігіт тәрбиесі. «Жігіт» деген сөздің мәні, жігіттің кескін-келбеті, қабілет-икемі, қадір-қасиеті, асыл-мінезі, ажырамас серігі. Төрт құбыласы тең ер жігіт. Отбасын құру. Жар таңдау. Айттыру. Отбасын жоспарлау. Отбасының адам өміріндегі маңызы. Күйеу бала әдебі.

БАҚЫТ ДЕГЕН НЕ?

Бақыттың мәні. Шынайы бақыт деген не? Адамға бақытты болу үшін не керек?. Бақыт пен байлық бір-бірімен байланысты ма? Ел бақыты. Ер бақыты. Ана бақыты. Бала бақыты. Баянды бақыт. Жолдастық. Жолдасты таңдау. Жолдастықтың адам өміріндегі маңызы. Сүйіспеншілік. Сүйіспеншіліктің адам өміріндегі маңызы.

Сұлу, сұлу емес – сүйген сұлу. Ұнату. Жақсы көру. Махаббат. Сүю. Қимастық сезімдері т.б.

ЗАҢ ЖӘНЕ ӘДЕП

Заң туралы түсінік. Қазақ халқының заң жобасы. «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» заңдарының шығу тарихы. Жесір дауын шешу, ердің құнын кесудегі билік айту дәстүрлері. Билерге қойылатын талаптар (шешендік, тапқырлық, әділдік). Өз Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңының шығу тарихы мен мазмұны. Билердің шешендік, тапқырлық әділ билігіне халықтың ден қоюы, сөзге қонақ беру, жеңілісті мойындау әдеп заңының салты екендігі. «әділ билікке арсыз дау айтады» деген сөздің әдептілікпен байланысының тууы. Егеменді Қазақстанның Конституциясы, азаматтық

құқық заң тармақтары. Заң орындар мен ел билеу жүйесіндегі демократиялық принциптер.

ЭТНОСАРАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТЕНУДІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ

Жеке адамның тәрбиесі және әлеуметтенуі. Қоғамдық қатынастар жүйесінде адамның жеке адам ретінде қалыптасуы. Ұлттық қатынастар әр түрлі ұлттардың адамдарының қатынасын қалыптастыратын объективті шындық жағдайы ретінде. Қоғамдық қатынастар және қарым-қатынас. Ұлттық қатынастар және ұлтаралық қарым-қатынас. Халық, ұят, ұлыс. Этикалық үрдістер. Әлеуметтену адамның жеке адам ретінде құрылуының процесі, индивидтің әлеуметтік ортаға кіруі, оның әлеуметтік байланыстардың, мәдени құндылықтардың жүйесін қайта өндіруі, этносаралық әлеуметтену индивидтің аймақтық, республикалық, елдің, дүниежүзі халықтарының қатынас жүйесіне ену процесі ретінде. Этностық әлеуметтену этнос ділінің адамға әсері, оны халқының тарихына, мәдениетіне, ана тіліне, дәстүрлеріне баулу процесі ретінде.

ДҮНИЕЖҮЗІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАТЫНАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ

Әр түрлі деңгейдегі ұлттық қатынастардың дамуы. Мемлекеттерде, мемлекетаралық және халықаралық бірлестіктерде жалпыадамзаттық пен ұлттықтың бірлігінің көрінісі.

Бірлескен адамзат шындық құбылыс ретінде. Дүниежүзінде болып жатқан әлеуметтік өзгерістер. Дүниежүзінің аймақтарында халықтардың интеграциялық үрдістері. Дүниежүзі халықтарының нарықтық қатынасқа тартылуы.

БҰҰ халықтар мен елдердің қатынасын реттеудегі орны мен ролі. Халықтардың өзара жақындасуға және өзіндік әлеуметтік мәдени сәйкестігін сақтауға ұмтылысы.

ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің жекелік, топтық және бұқаралық формалары, оларды таңдап алудың әдістемесі. Ұжымдық еңбек істер, меймандар, кештер, ертеңгіліктер, фестивальдар, жорықтар т.б. тәрбие формаларының жұмыстарын даярлап өткізудің әдістемесі.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудегі міндеттерді атқаруда қолданылатын әдістердің мазмұны (кіріспе әңгіме, нұсқау, ықылас тудыру т.б.). Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуде оқушылардың санасына, мінез-құлық пен іс-әрекетіне әсер етудің әдістері. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес белсендету әдістері: оқыту-тәрбиелеу диалогы, іскерлікке үйрететін ойындар, дидактикалық конкурстар, сұрақ-жауап ойыны, компьютерлерді пайдалану т.б.

БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ

Білім мазмұнында ұлттық, жалпы қазақстандық және жалпы адамзаттық құндылықтардың көрінісін табуы. Білім мазмұнының ұлттық, қазақстандық және жалпыадамзаттық сананы қалыптастырудың мүмкіншіліктері.

«Ұлттық мектеп» ұғымы мазмұнына түсініктеме. «Ұлттық мектеп» ұғымының білім берудегі және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудегі негізгі ұғымдардың бірі ретінде.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Оқушылар бойына белсенді азаматтық қасиеттерді, отансүйгіштік, ұлтжандылық сезімдерді қалыптастыру. Қазақстан Республикасындағы қазіргі жастар қозғалысы мен қоғамдық ұйымдарындағы ұлттық тәрбиенің басым бағыттары.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАР ҰЖЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ұжымдық дәстүрлер. Ұжымдық іс-әрекет арқылы ұлттық тәрбие беру. Ұжымды қалыптастыру деңгейлері. Ұлттық тәрбие беру негізінде интеллектуалды тұлға тәрбиелеу.

1. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚҰРАЛЫ - ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ

*Әдібай Табылдиев –
педагогика ғылымдарының докторы,
ұстаз-ғалым, ақын, жазушы,
ал-Фараби атындағы ҚазМУ-дің профессоры*

Қазақ халық педагогикасының ғылыми теориясы

Қазақ халық педагогикасы (қазақ этнопедагогикасы) - нысанды ақиқат заңдылықтарын бейнелейтін, дәлелді теориялық жүйеде түзілген ілімдердің философиялық қисынды құрылымын көрсететін, яғни халық педагогикасы мен ұлттық педагогикалық өнегелерді зерлеп, дәлелдеп баяндайтын ғылым.

Біз ғасырлар бойы халық қалыптастырған осы қазақ этнопедагогикасын жоғары оқу орындарында оқытудың теориялық негіздерін саралау үшін, ең әуелі оның ғылыми-теориялық алғышарттарын жүйелеп, көрсете білуіміз қажет болды.

Қазақ этнопедагогикасының ғылыми негіздері қазақ халқының этникалық болмысының тарихи қалыптасуына, халық педагогикасының ұлттық ерекшеліктеріне байланысты жүйеленіп тұжырымдалды.

"Этнос" (ру, тайпа, ұлт) және "педагогика" (оқыту, тәрбиелеу, дамыту туралы ғылым) сияқты екі сөзден құралып, «этнопедагогика» деп аталатын бұл ғылым - белгілі бір ұлттың (нақтылай алсақ, қазақ ұлтының) ғасырлар бойы өмір тәжірибелері арқылы жасаған тәрбиелік, дүниетанымдық тарихи құндылығы болып табылады.

Қазақ халық педагогикасының ғылыми алғышарттары:

1. Қазақ халық педагогикасы (қазақ этнопедагогикасы) - қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін айқындап, оның өмір тәжірибесі арқылы тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық құралы ретінде қалыптасқан **ғылым**. Яғни әрбір халықтың немесе ұлттың өз ерекшеліктеріне сәйкес тәлім-тәрбие жүйесі қалыптасқан. Ол "қалыпты" ешбір "ғаламдастыру" бұза алмайды.

2. Этнопедагогика жалпы ұқсастығымен дүние жүзіндегі барлық халықтар мен ұлттарға тән ғылымның атауы болғанмен, ол **жеке бір халықтың, не ұлттың, өзіне тән тәлім-тәрбиелік (педагогикалық) ерекшеліктерді айқындап көрсетеді**. Ол ерекшеліктер әрбір халықтың ауыз әдебиетінен, салт-дәстүрінен, тұрмыс-тіршілігінен айқын көрінеді. Сондықтан этнопедагогика туралы "жалпылық" түсініктер мен тұжырымдар бұл ғылымның этникалық мәні туралы жалпылау ұғымды білдіреді.

3. Жеке халықтың немесе ұлттың (этностың) этнопедагогикасын (яғни ұлттық педагогикасын) ғылым ретінде дәлелдеу үшін, біз ең әуелі сол халықтың, не ұлттың **этностық болмысын, тілін, тәлім-тәрбиелік құралдарын** жан-жақты зерттеп, жүйесін айқындап, бұл этнопедагогика сол ұлттың өзіне тән ғылым екендігін дәлелдеп, өз атымен атаймыз. (Мысалы, "Қазақ этнопедагогикасы").

4. Ғаламдағы алты мыңнан аса ұлыстар мен ұлттардың әрбірінің өзінің ұлттық

(этностық) ерекшеліктері бар. Олар ғылыми жағынан зерттеліп, айқындалмаған, сондықтан олардың бәріне ғылыми жеке-жеке анықтама беру мүмкін емес. Жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеліп, ғылыми жағынан дәлелденген **қазақ этнопедагогикасы ғылым ретінде қалыптасты да, пән ретінде оқу-тәрбиеісінде қолданылмалы құндылыққа айналды.**

5. *Қазақ этнопедагогикасы - ғаламдағы барлық өркениетті елдердің этнопедагогикалық құндылықтарын бойына сіңіріп, этникалық ерекшеліктерімен айқындалып, дами беретін ұлттық тәлім-тәрбие туралы ғылым.*

Осындай ғылыми-теориялық алғы шарттары толымды айқындалған этнопедагогика ғана сол ұлттың (этностың) халықтық педагогикасы (этнопедагогикасы) мәнінде ғылымдық атауға ие бола алады. Қазақ этнопедагогикасы (қазақ халқының ұлттық педагогикасы) - ғылыми ұлттық мәні дәлелденген. педагогикалық мазмұны айқындалған ғылым.

Қазақ халық педагогикасының әдіснамалық негіздері

Әдіснама (методология) - ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйесі логикалық (қисындық) құрылымы, әдіс-тәсілдері, зерттеу негіздері жөніндегі ілім.

Қазақ этнопедагогикасының (қазақ халық педагогикасының) әдіснамалық негіздері ұлттық тәжірибелерді зерттеуден туындайды. "Баланы тәрбиелеуде біз халық тәжірибесіне сүйенеміз" дейді ертедегі грек философы Аристотель. Ал халықтың тәжірибелері оның арғы тегіне, халық болып қалыптасуына, тұрмыс-тіршілігінен бастау алады. Профессор С.Қалиев қазақтардың шығу тегіне байланысты тарихшы ғалым Л.Гумилевтің: "Қазақтар - түрік, монғол, үнді-иран тектес, Қазақстан территориясында тіршілік еткен Еуразия далаларының көшпелі үштігінен тараған сақ, ғұн, үйсін тайпаларының қосындысынан құралған ежелгі халық" деген тұжырымын мысалға келтіріп, "Қазақ халқы негізінен, республиканың қазіргі жерін мекендеген автохтонды (байырғы) тайпалардан қалыптасты және олардың этногенетикалық құбылыстарының түп тамырлары сонау қола дәуірінде, андронов мәдениеті деп аталатын көне кезеңге (б.з.б. XVIII-VIII ғ.ғ.) саяды", - дейді. (Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 1998 ж. 16-бет.).

Міне, осындай тарихи түп негіздері анықталған қазақ халқының этнопедагогикалық негізі - ұлттық тәжірибелер екендігін немен дәлелдеуге болады? Білге хан мен Күлтегінге арналған ескерткіштен (тас жазуынан) басталатын қазақтың тарихи тегін зерттеу ғылыми тұжырымдары түрік тектес қазақ халқының тарихи, этнографиялық, этностық, тұрмыс-салттық белгілерін айқындап берді.

Қазақ халқының тарихи болмысы **мал өсірумен, егіншілікпен, қолөнерімен, аң аулаумен, ел қорғаумен** байланысты. Өмірдегі осы болмыстарына сәйкес халық тәлім-тәрбиелік тәжірибе жинады, ұлттық болмысы мен дәстүрін, салт-санасын қалыптастырды. Халық ұрпағын өз тәжірибелеріне сәйкес мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын, қолөнерін, аң аулауды, ел қорғау үшін ерлік жасауға тәрбиеледі.

Қазақ халқы төрт түлік малды "киесі" бар, "иесі бар" қасиетті жануарлар деп, "ойсыл қара" тұқымы-түйені, "Қамбар ата" тұқымы-жылқыны, "Зеңгібаба" тұқымы-сиырды, "Қошқар ата" тұқымы-қойды, "Шекшек ата" тұқымы-ешкіні бағып-қағуда, олардың өнімдерін пайдалануда есепсіз тәжірибелер жинап, ол тәжірибелерді ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты пайдаланған, пайдаланып келеді.

Қазақ халқы мал төлдету, мал бағу, мал семірту, мал суару, мал сою (соғым), қой қыркым, жылқы күзеу, т.б. және мал өнімдерін ет сүрлеу, қазы қайыру, айран, қымыз, шұбат ашыту, құрт жасау, май айыру, сыбаға сақтау т.б. іс-әрекеттер мен рәміздерді ұрпаққа үйретіп, тәрбие ісіне пайдаланып келеді. Халық мал өсіруде ұлттық тәжірибелерін түйіндеп, "Мал өсірсең, қой өсір, өнімі оның көл көсір", "Сойсаң саны - қалақтай, саусаң, сүті - бұлақтай, ешкі деген жануар", "сиырдың сүті - тілінде", "жақсы ат - қанатың", "нар жолында жүк қалмас" деп ұрпағын малды сүйе білуге тәрбиеледі.

Қазақ халқының өмірлік, тұрмыстық тәжірибелері егін шаруашылығымен де байланысты. Соңғы заманда егін шаруашылығының құт мекені болып, тың

игерушілердің іс-тәжірибелерімен "миллиард пұт" астық жинаған шаруалардың мақтанышы болған қазақ жерінде егіншілік пен бақша өсіру ертеден бастау алады. Егін егу, егінді баптау, егін жинау, тұқымды асылдандыру ісінде өз тәжірибелерін жинақтаған халық шаруашылықтану іс тәжірибелерін ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты пайдаланып, "еккен адам бидайды, елге ырыс сыйлайды", "өсіре білсең күрішті елің болар ырысты", "арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен", "ексең егін, нан жейсің тегін", "нан болмай, ән болмайды", "жері байдың - елі бай" деген сияқты мақал-мәтелдер арқылы ұрпағын еңбекке тәрбиеледі. "Қараңдаршы бидайды, қауызына симайды: диқан оны өсірген, дән қалдырмай жинайды", деген сияқты жыр айтып, "Тербеледі тың дала" сияқты ән шығарып, жас ұрпақтың жер анаға деген сүйіспеншілігін арттырды.

Қазақ халқының **ұлттық тәрбиесінде** көлөнері ерекше орын алады. Профессор С.Қалиев: "Есік қаласынан табылған "хайуанаттық нақышта" шекілген алтын әшекейлері бар жауынгердің киімі **ежелгі сақ шеберлерінің** ғаламат өнерін көз алдымызға әкеледі. Тап осындай ою-өрнек белгілері қазақтардың қазіргі **қол өнерінде** де кеңінен қолданылады" деп, қазақ халқының қол өнерінің тарихи болмысын айқындап баяндайды (б.с.17-бет).

Қазақ халқының **қол өнері**: зергерлік өнер, кілем тоқу, киіз басу, алаша тоқу, түс киіз басу, текемет басу, сырмақ жасау, қару-жарақ жасау, қыш құю өнері бәрі де ертеден бастау алған ұлттық кәсіп болып табылады. Әсіресе, зергерлік өнер-өнеркәсіптік мәні бар, әулеттік кәсіптік арқауы бар өнер. Бұл **отырықшылықпен** де байланысты. Қазақ жерінде ондаған, шығыстық сәнмен салынған қалалар болған. Тараз қаласының 2000 жылдығын, Түркістан қаласының 1500 жылдығын атап өту кезінде бұл шындыққа халықтың көзі жетті.

Қол өнері мен **сәулет өнері** арқылы халық ұлттық тәжірибелерін ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты қолданып, "Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ", "Шебер ісін сүйеді, тастан түйін түйеді", "Зергердің қолы - алтын қол" деп түйіндейді. Әлемшарға белгілі қазақ ою-өрнектері, "Бекет ата", "Айша бибі", "Қарахан", "Ахмет Яссауи" сияқты атақты ғимараттардан көрінген сәулет өнері - қазақ халқының сәулет өнері де ұлттық тәрбиеге (этнопедагогикаға) әсері зор құбылыстар екенін көрсетеді.

Аңшылық өнер (құс салу, мергеншілік) қазақ халқының күнкөріс тұрмысындағы қажеттіліктер болумен қатар, спорттық, өнерлік мәндері зор болғандықтан құсбегілер, "Ши басынан шіркей атып түсіретін" мергеншілер, әрі кәсіп иелері, әрі өнер иелері болды. Аң аулап ауыл асыраған Қамбар батырдың ерлігін халық қызыға, әсерлене жырлайды.

"Қыран құс не алмайды салса баптап" деп Абай айтқандай құсбегілік өнер, көбінесе, әулеттік кәсіпке айналған. "Дәлдеп атып жауды өлтір, дәлдеп айтып дауды өлтір" деп халық мергеншілік әрі аң аулаудың, әрі ел қорғаудың құралы екендігін баса айтады.

Аң аулауда "аңның да киесі бар", "Көкбөрі әулиенің тұқымымыз" деп халық, аңды босқа қыра бермей, әсіресе аң төлдейтін уақытта аң ауламау әдептілігін сақтау керек екендігін ескертеді. Мысалы, "Қозы Көрпеш - Баян сұлу" жырында Сарыбай Қарабайдың көңілін қимай, буаз маралды атып, мерт болады. Сөйтіп аң аулау, құс салу өнері мен тұрмыстық тәжірибесінде қазақ халқы "Керкұла атты Кендебай" атты, жер ананы пайдалануда "Толағай батыр" сияқты қиял-ғажайып ертегілер шығарып, ол ертегілерді ұрпақ тәрбиесіне пайдаланып отырған.

Балық аулау кәсібі бойынша да, халықтың кәсіптік, тәрбиелік тәжірибелері мол (балықты аулау мерзімдерін белгілеу, балық уылдырық жасайтын кезде, оны ауламау, балыққа жем беру т.б.)

Кең даланы, асқар тауларды мекендеп, қыста қыстауда, жазда жайлауда болған халық табиғат қызығын еркін көрген ер халық. Міне, сол өрісте өмірге бейнетті тұрмысқа байланысты игі әдеттер пайда болып, олар дағдыға айналып отырған. Ұлттық салт-сананың қалыптасуы халықтың тұрмысына, жоғарыда айтқандай өмір тәжірибелеріне, игі дағдылардың қалыптасуына байланысты.

Қазақ халқының ұлттық (этностық) ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқан этнопедагогика ғылымының негізі - халық тәжірибесі екендігін осыдан көреміз.

Қазақ этнопедагогикасы - ұлттық тәлім-тәрбиенің қайнар бастауынан бастап, осы уақытқа дейінгі болмысты айқындап, оның болашағын белгілеп берген ғылым. Ал ұлттық тәлім-тәрбиенің түпкі негіздері сол ұлттың ұлт болып қалыптасуына дейін бастау алып, ұлттық қасиеттерге сәйкес дамып, қалыптасты. Профессор С.Қалиев: "Ұлы Даланы мекендеген түркі тектес (тілдес) халықтардың, одан әрі ғұндар мен сақтардың бір елді, бір жерді мекендеп, оны сыртқы жаулардан қорғап, бір тілде сөйлеп, бір дінге сеніп, әлем мәдениетінің қалыптасуына теңдесі жоқ үлес қосып, бүгінгі түркі халықтарына **ортақ мәдениет** пен тарихтың көне бастауы болғанын бүгінгі ұрпақ өмір тәжірибелерінен көріп отыр", - деп, қазақ этнопедагогикасының методологиялық негізін дәлелді, тұжырымдады (б.с. 26-бет).

Қол өнерін еркін меңгерген халық (зергерлік, кесте тігу, ою-өрнектер салу, кілем тоқу, алаша тоқу, ағаш өрнектеу, құмыра құю т.б.) сырлы табиғаттың әдемі әуездерін құлағына сіңіріп әнші, күйші болды, өнер мен еңбекте, тұрмыстық қарым-қатынаста имандылық пен инабаттылықты қалыптастырып, тілін дамытты, дала дарытқан әсемдік пен әуезділікті бойына сіңіріп **ақын** болды.

Өрісті өмір мен бейнетті өмірден **тәжірибе түйе білген дарынды халық** ұрпақтарын тәрбиелеудің құдіретті құралдарын жасады. Ол әмбебап әсерімен жеке тұлғаның жүрегін билеп, өзінің адамдығын қалыптастыратын **әдебиет** (ұлттық әдебиет) және **салт-дәстүрлер**.

Ұлттық тәрбиенің басты құралы ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлер және дала даналарының тәлімдік өнегелері - қазақ этнопедагогикасы методологиясының (әдіснамасының) тірек-негізі болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық әдебиеті (жырлар, ертегілер, шешендік сөздер т.б.) әлемдегі ең бай әдебиет. Ол жастарды ерлікке, бірлікке, еңбекке, адалдыққа, адамгершілікке, көркемдікке тәрбиелейді.

Қазақ халқының ұлттық болмысы ерекшеленіп, тәлім-тәрбиелік негіздері қалыптасқандығын айқындайтын оның **ауыз әдебиеті, жазу мәдениетін зерттеу** ғылыми-теориялық тұжырымдар жасауға негіз бола алады.

Бала тәрбиесін заттың атын атап, **сан үйретуден** бастаған қазақтың ұлттық тәліміндегі ерекшеліктер, сол ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, тарихи және табиғи жағдайларына байланысты.

Ауыз әдебиетін салт-дәстүрлермен арқауластырып, халық **ана тілін** ұлттық ойдың көрінісі ретінде айқындап көрсете білді. Балаға сан үйрету үшін ең әуелі заттың не екенін, қандай екенін ұғындырады да, халық соның санын үйретеді ("Бір дегенім - білеу, екі дегенім - егеу, үш дегенім - үскі" т.б.). Сан үйретуді, тіл ширатуды, мақал-мәтел үйретуді, тақпақ жаттауды игі әдетке, одан әдепке, әдептен дәстүрге айналдырып, қазақ халқы **"тілашар" дәстүрін** қалыптастырды. Қалыптасқан тілашар дәстүрі бойынша халық баланың 5 жасқа дейінгі тәлім-тәрбиесін осы тілашар дәстүрімен байланыстырады.

Тілашар дәстүрі баланың **шілдеhana тойы, бесікке салу, тұсау кесер** рәсімдерінен басталып, бөбектің тілі шыға бастағанда оған сан үйрету, жаңылтпаштар айтқызу, үш жастан бастап тақпақ айтқызу, ән үйрету, дарынын дамыту рәсімдері орындалады.

Табиғатынан **өнерпаз, шешен, меймандос, мейірлі** халық тәрбие мен дүниетаным үшін санамақтарды, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды, мазақтамаларды, мақал-мәтелдерді, жырларды, термелерді, шешендік сөздерді, ертегілерді, аңыз әңгімелерді шығарып, оны тәрбиеге салт-дәстүрлермен байланыстырып пайдаланды.

Батырлық жырлар ерлікке, отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелесе, *ғашықтық жырлар* мөлдір махаббаттың беріктігіне, әділдікке, ерлікке баулыды, **тұрмыс-салт жырлары** ұрпақтың дүниетанымын арттырды, еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеп, кәсіпке баулыды; **терме жырлар** кісілікке, бірлікке, достыққа тәрбиеледі, **айтыс өлеңдер** ұрпақтың өнерпаздығын **дамытты, ойын өлеңдер** дене тәрбиесін берумен қатар, ұрпақты әсемдікке баулыды, олардың қиялын дамытты; **терме жырлар** адамгершілікке, бірлікке, адалдыққа

тәрбиеледі, **шешендік сөздер** жеке тұлғалардың ойын, тілін дамытып, тапқырлыққа, әділеттілікке тәрбиеледі, **өнегелі сөздер** мен **тақпақтар** жеке тұлғалардың кісілігін қалыптастырды.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің әдіснамалық тірегі - ұлттық әдебиет, салт-дәстүрлер және тәлімдік өнегелер.

Ауыз әдебиеті - тәрбие құралы. Әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін оны халық қалап, қастерлеп, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өңдеп, өркендетіп, қадірлеп қалыптастырып, асылым деп ақыл-санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үкілі үлгілері - мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы. Ол - ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып, жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұра.

Бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелер бәрі де тілді, ойды дамытып, ұлттық тәлім-тәрбие беріп, дүние танытатын этнопедагогикалық құндылықтар. Бұл - халық педагогикасының үлкен бір саласы. Жалпы педагогика ғылымының негізі халық педагогикасында жатыр. Халық педагогикасының бұл саласын этнопедагогиканың және жалпы педагогиканың барлық салаларында ғылыми, іс-әрекеттік негізде пайдалануға болады. Ал, халықтың мақал-мәтелдері педагогикамен қатар, философиялық дәрістердің де түсініктемелеріне арқау бола алады.

Қазақ халқының тілі, ділі, салт-дәстүрлері - оны зерттеуде әдіснамалық арқау болады. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан басқа тілдерден енген "кірме сөздер" (мысалы: волость-болыс, самовар-самаурын) және тілдер тоғысуы арқылы байып, қалыптасқан бай тіл және **байып**, дами беретін қасиетті тіл. М.Жұмабаевтің сөзімен айтсақ, "Қазақ тілінде қазақтың сары даласы, біресе желсіз түндей ашық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі - бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күні түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ" (М. Жұмабаев. Педагогика. - А., 1992).

Көне түркі жазба ескерткіштері, кейінірек нұсқа болып, бізге жеткен қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер ("Кодекс Куманикус"), одан кейінгі қазақ тілінің түрік тілдерінен даралана (өз ерекшеліктерімен өзгеше дамуы байқалған) бастауы кезінде пайда болып, этнопедагогика тарихында алтын арқау болып қалған. "Қорқыт ата кітабы", әл - Фарабидің 200 кітаптық еңбектері, Қожа Ахмет Яссауидің "Диуани хикмат" ("Даналық кітабы"), Махмұд Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түрік" ("Түрік тілінің сөздік кітабы") одан кейінгі ұлы тәлімгер Мұхамед Хайдар Дулатидың "Тарихи Рашиди", "Жаһаннама" кітаптары - қазақ тілінің және этнопедагогикалық ойдың дамуын көрсететін тарихи құндылық болып табылады.

Қазақ этнопедагогикасының методологиялық тірегі - ұлттық әдебиет десек, сол ұлттың әдебиеттің ауыз әдебиетінің жалғасын жазу әдебиетімен жалғастырып, жазу әдебиетінің негізін қалаған Абай, Ыбырай шығармалары қазақ халқының ұлттық әдебиетінің өркендеуінің бағдаршамы болды да, қазақ **әдеби тілін** қалыптастырды.

Қазақ этнопедагогикасының тарихи негіздерін зерттеу методологиясында (әдіснамасында) біз қазақ тілінің **лексикалық, фонетикалық, синтаксистік, графикалық** ерекшеліктерін ескеріп, оны зерттеу тәсілдерінде, іс-әрекетте қолданамыз. Мысалы: Көне түрік тілінде сөз басында қолданылатын "й" дыбысы, кейін қазақтың дамыған тілінде "ж" дыбысы болып, (йоқ-жоқ) "ч" дыбысы, "ш" дыбысы болып (челек-шелек, качан-қашан), л, д, т дыбыстары **ассимиляцияланып** (дослар-достар), жеке сөздер не жуан, не жіңішке дыбыстардың үндесуімен **сингармонизациялық** үндестік тауып, кейде "й" дыбысының **дифтонгтік** әсермен түсіп қалуы (ауызша: келейатып-жазбаша: кележатып) т.б.

Қазақ тілінің жазу мәдениетінде **руна** жазуы, **араб** жазуы, **латын** жазуы, **кириллица** жазуы тарихи кезеңдерге байланысты өз кезінде пайдаланылды, соңғы жазу - кириллицаны (1940 жылдан бері қазақ тілі жазу мәдениетінде) ұлт оны өзінің ана тіліне лайықтап, қазақ тілі

емлесі ретінде пайдаланып келеді. Қазақ этнопедагогикасының тарихын этнографиямен, жазу мәдениетімен байланыстыра зерттегенде біз осы жазу қолданыстарын жан-жақты зерттеп, жазу мәдениетінің белгісі ретінде қарастырамыз.

Қазақ тілі - қазақ ұлтының **ұлттық тілі**, Қазақ Республикасының **мемлекеттік тілі** болып табылады. Қазақ тілі республикалық барлық мектептерде, жоғары оқу орындарында міндетті оқу пәні ретінде оқытылады, сондықтан қазақ этнопедагогикасының тәрбиелік мәнін пайдалануда біз қазақ тілін жан-жақты пайдаланамыз.

Қазақ тілі Москва Мемлекеттік Университетінде, Петербург мемлекеттік университетінде т.б. жоғары оқу орындарында Өзбек, Қырғыз, Түрік мектептерінде, Түркия, Польша, Швеция, Германия, Болғария, Венгрия т.б. мемлекеттерде, әсіресе түркі тілдес мемлекеттерде оқытылады, бұл жағдайда этнопедагогикалық шығармалар осы аты аталған жоғары оқу орындарымен қатар ірі-ірі мемлекеттерде де қазақ тілінде тәрбиелік іс-әрекетте қолданылып, этнопедагогикалық мәнін арттырып келеді.

Қазақ тілінің тәрбиелік (этнопедагогикалық) мәні оның әуезділігі мен үйлесімділігіне де байланысты. Дүниежүзіндегі тілдердің ішінде қазақ тілі ең әуезді, әсерлі, үйлесімді тіл болып табылады.

Қазақ халқы шешен халық. Әрбір шешендік сөз тыңдаушыны тәрбиелейді, оған ана тілінің ақықтарын, асылдандыра үйретеді. Ал ақындық (көбінесе жатқа айтушылық) өнері тәрбиеленушінің ойын, тілін дамытумен бірге, оның қазақи қасиеттерін қалыптастырады. Соның бәрі ана тілінің (яғни қазақ тілінің) қарымдастығына байланысты. Тіл ұрпаққа шешендікті де, тіл өнерінің барлық жанрларын да үйретеді.

Ұлттық тәрбиенің негіздерін біз ұлттық ділмен (болмыспен) рухани негіздерімен, ұлттық әдеппен, ұлттық ерекшеліктерімен (менталитетімен) байланыстырамыз.

Қазақ халқының ұлттық болмысы оның иманды, қонақжай, ержүрек, өнерпаз, шешен, намысты халық екенін көрсетеді.

Қазақ халқының имандылығын оның әдебі мен қайырымдылық дәстүрлерінен, кісілік бейнесінен көреміз. Имандылық дінмен де байланысты. Мұсылман дінін өз діліне сіңіре қалыптастырған халық имандылық рәсімдерін толық орындау әрбір перзенттің парызы деп есептейді.

Кең даланы молынан иемденген халықтың **қонақжайлылығы** ұлттық тұрмысқа (көшпелі, жер шалғайлы, мал шаруашылықты тіршілік т.б.) байланысты. "Құдайы қонақпыз" деп, келген адам ұлтына, жынысына, тегіне, жасына, нәсіліне қарамай, ауылдағы кез келген үйге қонақ болған. Қонақ күту, қонақты шығарып салу рәсімдері (мал сою, сыбаға беру, ат мінгізіп, шапан жабу) әрбір отбасының жағдайына қарай, мүмкіндігінше толық орындалатын болған.

Қазақ халқы **ержүрек, батыр** халық оған көптеген батырлық жырлар және батырлық жәдігерлер дәлел бола алады. Батырлар елі осынша кең далаға ерлігінің арқасында еге болғандығы қазақ этнопедагогикасында тәрбие құралы ретінде пайдаланылады.

Қазақ халқы **өнерпаз, әнші, ақын халық**. Қол өнерінен бастап, барлық өнерді жастарынан үйренуді талап ете білген халық "ер жігітке жетпіс өнер де аз", жігіт "сегіз қырлы, бір сырлы" болу керек деп түйеді.

Қазақ ұлтының әрбір өкілінің **ақындық бейімділігі** бар. Ол өз ойынан өлең шығармаса да, қазақтың қара өлеңдерін жатқа біледі.

Мысалы: қазақ халқының осы бейімділігі "қонақ кәде" рәсмінде пайдаланылады.

Қазақ халқының **"дала мәдениеті"** оның саналуан өнерпаздық, әдептік ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл үрдіс қазақ этнопедагогикасының (ұлттық тәлім-тәрбиесінің) тәрбиелік құралы болып табылады.

Қайырымдылық, мейірімділік қасиеті бар халық (қазақ ұлты) басқа халықтармен (ұлттармен) ақжарқын достасып, бірлікті, достықты, ынтымақты, тыныштықты сақтай білуді өзінің адами парызы деп есептейді. Қазақ Республикасында тұратын жүзден аса ұлттардың достығы мен бірлігі, ынтымағы осы тұжырымның айқын дәлелі болады.

Қазақ халқы (ұлты) басқа ұлттардың бәрін де бауырына тартып, оларға қамқорлық жасап келеді. Мысалы, XX ғасырда қазақ даласына жер аударылып келген кәріс, неміс, шешен т.б. ұлт өкілдері қазақ халқының қамқорлығына ие болып, елмен сіңісіп, бауырласып, жаны жақындасып, қаны араласып кетті.

Қазақ этнопедагогикасының методологиясында (әдіснамасында) осы үрдістерді ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір өзегі ретінде қарастырамыз. Өйткені әрбір ұлттың (этностың) тәрбиелік (этнопедагогикалық) үрдістеріндегі ерекше әсері тиетін, тәрбиелік қағидаларын айқындайтын құбылыс - сол ұлттың өзіндік (ұлттық) ерекшеліктері болып табылады. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері - біз жоғарыда мысалға келтірген: имандылық, қонақжайлылық, батырлық, ақындық, әдептілік (мәдениеттілік), мейірімділік, өнерпаздық - қазақ этнопедагогикасының алтын өзекті арқауы.

Қазақ халық педагогикасындағы ұлттық тәрбие жүйесі

Қазақ этнопедагогикасы (қазақ халқының ұлттық педагогикасы) XX ғ. 20 - 30 жылдарынан бастап ғылыми бастауларымен көрінеді. Яғни **ұлттық тәрбие** туралы Ахмет Байтұрсыновтың, Сәкен Сейфуллиннің, Мыржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтің, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мұхтар Әуезовтың пікірлері жарық көріп, ұлттық әдебиеттің тәрбиелік мәні ашыла бастады.

Егеменді ел болғалы (1991 жылдан бастап) ұлттық тәрбиеге ерекше мән беріліп, сол ұлттық тәрбие туралы ғылымды жүйелеу міндеттері алға қойылды. Қазақ халқының педагог-ғалымдары әдебиет пен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін зерттеп, халық педагогикасының ғылыми жүйесін жасай бастады. (Мысалы: Елікбаев Н. "Ұлттық психология". 1992; Наурызбаев Ж. "Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбие атауларының түсіндірме сөздігі", Жарықбаев Қ., Қалиев С. "Қазақтың халық педагогикасының тарихынан" 1992; Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. "Әдеп және жантану" 1994 т.б.).

Халық педагогикасын жан-жақты зерттеген ғалымдар ұлттық тәлім-тәрбие туралы ғылымның жүйесін жасап, ол ғылымның атауын айқындау үшін, орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинскийдің халық педагогикасы туралы тұжырымдарын, Г.Виноградовтың "Народная педагогика" ("Халық педагогикасы" 1926), Чуваш педагогі Г.Н.Волковтың "Чувашская народная педагогика", "Этнопедагогика" (1974) деген еңбектерін саралап қарап, "Қазақ этнопедагогикасы" ғылымының атауын айқындады да, оның құрылымын дәлелдеп белгіледі.

"Қазақ этнопедагогикасы" - ғасырлар бойы халық қалыптастырып, өмірге қолданып келген ұлттық ғылым. Бұл ғылымды біз жүйелеп, құрылымын айқындадық. Яғни "Қазақ этнопедагогикасы" ғылымының құрылымы: *халық педагогикасы және ұлттық педагогикалық ойлар тарихы* сияқты екі бөлімнен тұрады.

Ал, **халық педагогикасы** деген бірінші бөлім екі салаға бөлінеді. Ол: қазақ халқының **ұлттық әдебиеті** (көбінесе ауыз әдебиеті) және ұлттық салт-дәстүрлер. Ауыз әдебиетінің (жалпы ұлттық әдебиеттің) жанрлық түрлері: шілдехана жыры, бесік жыры, тұсау кесер жыры, санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мазақтамалар, мақал-мәтелдер, тақпақтар, жырлардың басқа да түрлері (батырлық жырлар, ғашықтық жырлар, тұрмыс-салт жырлары, дастандар т.б.), айтыс өлеңдер, өтірік өлеңдер, ойын өлеңдері, термелер, өнеге сөздер, ертегілер, аңыз әңгімелер, әзіл-оспақтар.

Қазақ халқының халық педагогикасының екінші бір, негізгі, саласы халықтың (ұлттың) **салт-дәстүрлері** болып табылады. Қазақ ұлтының салт-дәстүрлерінің өз ерекшеліктері бар. Ғылыми жүйемен айқындасақ ұлттық салт-дәстүрлері: **игі әдет, әдет-ғұрып, әдеп** болып қалыптасқан жүйе **ұлттың рухани (мәдени) іргенегізі** болады. Мысалы: **қайырымдылық** сияқты игі әдет әуелі жеке тұлғаның **игі әдеті** болса, ол көпшіліктің қолданысында **әдет-ғұрыпқа**, яғни рулық, топтық қолданысқа айналған, ол бүкіл ұлттық қолданыста өз көрінісін тапқанда оны **ұлттық әдеп** дейміз. (Әдеп - мәдениет деген ұғымды білдіреді) ал "әдептілік" - "мәдениеттілік" деген ұғымды білдіреді.

Әдептің бүкіл ұлттық қолданысқа айналуы (мысалы, халықтың қайырымдылығы) дәстүр деп аталады да оның сөзсіз орындалуы **салт** (заң) деп аталады. (Мысалы, **қайырымдылық**

қазақ халқының сөзсіз орындайтын заңы) Ал сол заң ұлттық санаға сіңіп, біржола орындалу дәрежесіне жетсе, оны салт-сана (яғни ұлттың санасына сіңген заң) болып қалыптасады. Этнопедагогика ғылымында дәстүр, салт, салт-сана **мәдени рухани сәулет** деп аталады.

Қазақ халқының әдебі, дәстүрі, салты, салт-санасы түрлі рәсімдер мен рәміздер арқылы іске асырылады. Мысалы: үйлену тойын жасау дәстүрінің рәсімдері: құда түсу, ұрын бару; бет ашар, тойбастар өлеңдерін айту т.б. рәсімдер одан басқа сол **рәсімдердің**: ала арқаннан аттамау, отқа май құю, қол ұстатар, шаш сипатар т.б. **кәделері** болады, **сақинаны салу белгісі (рәмізі)** сол кәделердің орындалуына сәйкес қолданылады.

Бұдан басқа да салт-дәстүрлердің жөн-жоралғы, ырым, тыйым рәсімдері (салт-дәстүрді орындау іс-әрекеттері) дала мәдениетінің заңды құбылыстары болып қалыптасқан. Олардың этнопедагогикалық өз мәндері мен мағыналары бар.

"Қазақ этнопедагогикасы" ғылымының екінші саласы **этнопедагогикалық ойлар** деп аталынады. Бұл сала бойынша біз ұлттық тәрбиеге әсер етіп, ұлттық мәдениетті дамытудың негізі болған этнопедагогикалық ойларын тасқа қашап жазып, қағаз бетіне түсірген ұлы ғұламалар мен дала даналарының ойларын зерлеп көрсетеміз.

Мысалы: Күлтегін тас жазуы ерлікке, бірлікке тәрбиелейді, Қорқыт ата кітабы елдікке, адамгершілікке тәрбиелейді, әл - Фарабиұлы ұстаз, ғұлама ғалым ретінде ұрпақты ғылым үйренуге, адами ақылдылыққа тәрбиелейді, Жүсіп Баласағұни ұлттық парасатқа жетуді уағыздайды, Махмұд Қашқари ұлттық жетілуді, Мұхаммед Хайдар Дулати ел басқарушының өнегелерін уағыздайды. Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов халық ағарту ісін, ғылым үйренуді жоғары қояды, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов қазақ халқының ұлттық дәрежесін айқындап, ұлт мәдениетін дамытып, елдің елдігін қалыптастыруды мақсат етіп, этнопедагогикалық еңбектерімен ұлтына қызмет етіп, ұлағатты ұстаздық еңбектерін қалдырды.

Қазақ этнопедагогикасы (қазақтың халықтық педагогикасы) - жалпы педагогика ғылымының бір саласы (алдыңғы арқауы) ретінде, ғылыми жүйеде қалыптасқан ұлттық ерекшелігімен айқындалған ғылым.

Қазақ халық педагогикасының (қазақ этнопедагогикасының) теориялық негіздері:

1. Қазақ ұлтының этностық тұлға болып қалыптасуы туралы тұжырымдар.
2. Этностық тұлғаның халықтық педагогикасы туралы тұжырымдар.
3. Ұлттық тәрбие туралы теориялық тұжырымдар.

1. Этностық мәні, мазмұны, құндылығына байланысты ұлттық (халықтық) тәлім-тәрбие туралы ғылымды **этнопедагогика** дейміз. Этнопедагогика этностық ерекшеліктерімен көрінеді.

Әрбір **этнос** (ру, тайпа, халық, ұлт) тарихи, географиялық, мәдени, тұрмыстық жағынан өзінің тектік тұлғасын қалыптастырып, тәлім-тәрбиелік үрдістерін дамытып, қадерінше, қалыптастырып отырған. Яғни этностық тұлғаның (рулар мен тайпалардың) тілі, тұрмыс-тіршілігі, ділі, әдет-ғұрпы тарихи, жағрафиялық, тектік ерекшеліктерге байланысты қалыптасып, өз болмыстарымен даралана көрініп, басқа аймақтардағы этностық тұлғалардан өз айырмашылықтарымен өзгешеленген.

Этностық тұлғаның (рудың, тайпаның, халықтың, ұлттың) ең бірінші тұлғалық ерекшелігі, оның ана тілі болып табылады. "Ана тілі халық болып жаралғаннан бергі жан-дүниенің айнасы, өсіп, өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, жанның барлық толқындарын тұқымнан тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы" дейді ғалым, жазушы Ж.Аймауытов. Оның үстіне "Адамдардың қоғамдасып тіршілік етуі үшін материалдық жағдайы мен тарихи жағдайының бірлігі қажет".

Этностық тұлғаның өзіне тән тағы да бір ерекшелігі - оның тұрмыс тіршілігінде қолданатын қару-жарақтары мен құрал саймандары, қол өнері, өндірістік, шаруашылық өнімдері т.б.

Этностық тұлғаның қалыптасуында қоғамдық, әлеуметтік, тарихи жағдайлар оның психологиясын да сол үрдістерге сәйкес қалыптастырады. *Жағрафиялық, тарихи, әлеуметтік, қоғамдық тіршілігіне байланысты тілі, ділі, психологиясы, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы өз ерекшеліктерімен қалыптасқан қоғамдық бейнесі бар тұлғаны этностық (яғни ру, тайпа, халық, ұлт) тұлға дейміз.*

2. Қазақ халқының этностық атауы (қазақ) 1-ғасырдан бастап белгілі, оның этнопедагогикалық нұсқалары VI-VII ғасырдан басталады. "XV ғасырдың 50-60 жылдарында көшпелі өзбектер мемлекетінен Керей мен Жәнібек бастаған тайпалар бөлініп шыққаннан кейін, олар біржолата қазақтар деп аталатын болды... Шу мен Талас өзендері алқаптарында қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының бас қосып, нығаюына және оларға туыстас тайпалардың қосылуына жол ашты. Қазақ хандығының құрылып, жеке мемлекет болуы XVI-XVII ғасырды қамтиды" (С.Қалиев. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. -Алматы. 1998.).

Қазақ халқының этностық тұлға ретінде тарихта қалыптасып, әлемге айқындала бастауы, оның этнопедагогикалық ерекшеліктерін де дамыта берді.

Қазақ халқының халық педагогикасы өзінің ұлттық (халықтық) ерекшеліктерін молайтып, жан-жақты әдебиеті барлық жанрда, **салт-дәстүрлері** тұрмыс-тіршілігіне байланысты алуан салада дамыған үстіне дами бастады. Ұлттық **тәлім-тәрбиелік ойлар** дамып, ғұламалардың тәрбиелік ойлары жарияланып, дала данышпандарының даналық тәлімдері халық тәрбиесіне (ұлттық тәрбиеге) әсерін тигізді. Сөйтіп, қазақ даласында халық педагогикасы дамып қалыптасты. **Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің теориялық негізі - қазақ халық педагогикасы, яғни ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін ұлттық әдебиет пен халықтың салт-дәстүрлері, ұлттық мәдениеті және педагогикалық ойлар.** Ұлттық әдебиет (көбінесе ауыз әдебиеті) ұлттың тарихи тіршілігіне, әлеуметтік жағдайларға, жағрафиялық және табиғи жағдайларға байланысты дамыды.

Жоңғариямен 500 жыл соғысып, орыс империясының тепкісінде 300 жыл күресіп, азаттықты аңсаған қазақ халқының **ұлттық әдебиеті** ел ұрпағын ерлікке, бірлікке тәрбиелейді. Халықтың әдебі, дәстүрі, салты ұрпақты сол бірлік пен ерлікке тәрбиелеу мақсатын орындауға лайықты қалыптасты.

Ұлттық әдебиет, халықтың салт-дәстүрлері қажырлы күрес арқылы қалыптасқан ұлттың санасына сіңіп, салт (заң) болып қалыптасты. Сөйтіп, ол тәлім-тәрбиенің басты құралына айналып, қазіргі қалыптасқан қазақ этнопедагогикасы ғылымының негізгі бір саласы ретінде, ғылымға негіз болды.

«IX-X ғасырларда Ұлы Түркі қағанаты бірнеше мемлекеттерге (Қарлұқ, Түркеш, Қарахан, Қыпшақ, Ұйғыр, Хазар, Қимақ т.б.) бөлініп, Араб Халифаты империясының Орта Азия мен Қазақстан территориясына үстемдік жүргізуіне әкеліп соқты. Арабтар ислам дінін уағыздаумен бірге ғылым мен білім де әкеледі, нәтижесінде түркі халықтарының ұлы ғұламалары: Фараби, Фердоуси, Авиценна, Бируни, Низами, Науаи, Қашқари, Иассауи, Баласағұн және басқалары араб тілі мен мәдениетін меңгерді... Бірнеше ұлттың тілін білген, ғылым-білім іздеп, бар өмірін сол жолға сарп етіп, артында қыруар еңбек жазып қалдырған әл - Фараби бабамыздың тәлімдік-ұстаздық еңбектері ұшан теңіз». (бұл да сонда). XI-XIV ғасырларда жазылып, этнопедагогика тарихында ерекше орын алған қазақ даласының ғұламалары Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұни, Мұхаммед Хайдар Дулатидің ұлттық тәрбиелік (этнопедагогикалық) еңбектері қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы.

3. *Ұлттық тәлім-тәрбие негіздері: ұлттық әдебиет, салт-дәстүр, мәдениет, педагогикалық ойлар.*

Ұлттық тәлім-тәрбиелік ойлар тарихы қазақ этнопедагогикасында Күлтегін тас жазуынан басталып, XIX ғасырдағы Абай, Ыбырай, Шоқандардың халық ағарту ойларымен, XX

ғасырдағы Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов сияқты ұлы тұлғалардың еңбектерімен жалғасады.

Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздерін сөз еткенде соңғы 20-30 жылда осы ғылымды жан-жақты зерттеп өздерінің *ғылыми тұжырымдарын* жасаған: С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Ж.Наурызбаев, С.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Н.Сәрсенбаев, Қ.Наурызбай т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйенеміз. Профессор С.Қалиев қазақ этнопедагогикасының теориясы мен тарихын жазды, профессор Қ.Жарықбаев ұлттық этнопедагогикалық ойлар тарихын ғылыми түзді, ғалым К.Ж.Қожахметова қазақ этнопедагогикасының зерттеу жүйесін, Ә.Табылдиев қазақ этнопедагогикасының ғылымилық, пәндік мәнін айқындап, оқу бағдарламасын түзіп, оқу құралын жазып, оқыту жүйесін айқындап берді.

Қазақ халық педагогикасының ғылыми негіздері

Қазақ этнопедагогикасы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған халық педагогикасы және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі нұсқалары.

Ғылымда жеке бір халықтың, тайпаның этностық (түп-түғияндық) ерекшеліктерін айқындайтын ғылыми салаларына «этнос» түбірі қолданылады (этнография, этнопсихология, этнопедагогика т.б.). Қазақ этнопедагогикасының негізгі саласы - халық педагогикасы. Ондағы этностық тіректі ұғым - әдеп. Әдеп - эстетика ғылымының «этика» деп аталатын үлкен саласының ұлттық мәдениетке тән қисынды баламасы.

Әдеп, яғни этика - жеке ғылым саласы ретінде әлемнің Бірінші, Екінші ұстаздары Аристотель мен әл-Фарабидің еңбектерінде әр қырынан баяндалып, көркемдік мәнді білдіретін ұлағатты сөз ретінде әдептілік пен имандылықты, қайырымдылық пен мейірімділікті, ізеттілік пен имандылықты білдіретін іс-әрекеттердің, ізгі мінез-құлықтардың көркем көріністерін түйсіндіретін ұғымдардың тіректі атауы болып табылады.

Ұлттық әдеп эстетиканың өмірлік, тұрмыстық, адами қарым-қатынастық саладағы алтын өзегі болып табылады. «Әдеп» сөзінің мәні қазақ тіліндегі ұлттық қолданыста халқымыздың мәдени рәуішін ұғындырады. Әдеп - ұлттық педагогиканың, яғни қазақ этнопедагогикасының алтын арқауы, тәлімдік кредосы. Әдеп - игі әдеттің халықтық қолданысқа, яғни әдет-ғұрыпқа айналып, оның ұлттық іс-әрекеттегі болмысын көрсететін ұғым.

Қазақ этнопедагогикасының қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап-ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі.

Қазақтың жазу мәдениеті арқылы белгілі болған ұлттық педагогикалық ойлардың тарихы ертедегі тас жазулардан (Күлтегін, Білге қаған т.б.) басталады. Одан кейінгі қолжазба, баспа арқылы бізге жетіп, қазіргі баспасөз арқылы оқу-жазу үрдісімен этнопедагогиканың арқауы болған тәлімдік ойлар тарихи өзектестігімен ұлттық педагогиканың (этнопедагогиканың) дамып, ғылым болып қалыптасуына әсерін тигізді.

Қазақтың жазу мәдениетінде Қорқыт атаның тәрбиелік мәні зор жырлары мен мақал-мәтелдері, әл-Фарабидің ұлттық мәдениет пен ғылым, білім, поэзия, музыка жөніндегі тұжырымдары, Ахмет Яссауидің діни тәрбиенің мәні туралы ойлары, Жүсіп Баласағұнидің кемелді ел болу жолдарын көрсеткен шығармалары, Мұхаммед Хайдар Дулатидің ұлы тәлімгерлік ойлары, Абайдың өсиеттері мен тәлім-тәрбиелік тұжырымдары, Ыбырайдың педагогикалық ойлары, Шоқанның ел мәдениетін арттыру үшін істеген ғылыми еңбектері, Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық білім беру жүйесі, Мағжан Жұмабаевтың қазақ педагогикасын түзуі, Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ психологиясы ғылымын зерттеп, оны оқулық етіп бастыруы, кейінгі ғалымдардың қазақ этнопедагогикасын ғылым ретінде қалыптастырып, пән ретінде оқытуға ұсынуы педагогиканың (халық педагогикасы мен педагогикалық ойлардың) яғни қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде

негізделіп, пән ретінде оқу-тәрбие ісінде қолданылуы қазақ этнопедагогикасы ғылымының болмысын айқындайды.

Қазақ этнопедагогикасының практикалық негізі - ұлттық тәжірибе болса, оның жемісі ұлттық тәрбиеден көрінеді. Қандай тәрбие болса да, ол ұлттық тәрбие деп аталады. Өйткені тәрбие белгілі бір ұлттың тілінде жүргізіліп, ділінде қалыптасады.

Ұлттық тәрбие тағылымдарының диалектикалық негіздері

1. Бала тәрбиесінде тілазарлық - тілалғыштық, инабатсыздық – инабаттылық, қырсықтық – ізеттілік, ұятсыздық – имандылық, анайылық – сыпайылық, енжарлық – ықыластық, әдепсіздік - әдептілік т.б. қарама-қайшылықтарды тәрбиеші ұстаз, ата-ана, жеке тұлғаның өзі сергек сезініп, сол қарама-қайшылықты жеңу үшін, өмір тәжірибелеріне сүйеніп, түрлі тәрбие тәсілдерін, амал-айлаларын, әдістемелік тұжырымдарын іске асырады.

2. Бала тәрбиесінде еркіндік, қажеттілік, мүмкіндік, санның сапаға көшуі, өмірмен жеке тұлғаның рухтық байланысы, мәңгі өсу (бір кезеңде құлдырап, қайтадан өсу) заңдылықтары ескеріледі.

Егеменді ел болған біздің көп ұлтты мемлекетімізде тәрбие ісіндегі еркіндік тәрбиелеушілердің жаңаша іс-қимылдық әрекеті мен тәлімді тәжірибелері қоғамдық өмір қолданысына айналууда. Бұл ретте, қоғамдағы қалыптасқан ұлттық тәрбиеге көңіл бөлініп, этностық мәдениеттің тәрбие негіздері екендігін мойындау, әдептілік дәрістері, этнопедагогика мен этнопсихологиялық ғылым болып жүйеленуі, пән болып оқытылуы – тәрбие тарихындағы дамудың саннан сапаға айналу кезеңі болып табылады. Өйткені, қайта құрылған нарықтық үнем қоғамында, өркениеттік, демократиялық құрылыс үшін күрес дәуірінде халықтың, даналардың, ғалымдардың ғасырлар бойы қалыптастырған тәлімдік мұраларын сараптай саралап, оның озық үлгілерін одан әрі дамыта пайдалану қажеттілігі арта түсуде. Тарих дөңгелегі алға жылжиды, сол «жылжуға» тәрбиешілер мен тәлімгерлер ілесе білуге міндетті. Мысалы, «имандылық» сияқты ұлттық дәстүрлердің бұрынғы қолданысы, қарама-қайшылыққа ұшырап, дамытыла қолданылатын қазіргі және келешек қолданысы әрбір тәрбиеші мен тәлімгердің іс-әрекеттегі біліктік парасатынан айқын көрінуге тиіс.

3. Диалектикалық заңдылықтар бойынша даму «секірмелі», «төңкерісті» болады деген қағиданы теріс қолданып, кейбір «жалған жаңашылдар» ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұраны жоққа шығарып, «жаңаша», «өзім таптым» ұсыныстарын еңгізбекші болады. Мұндай «жалған жаңашылдар» мен «жойқын жойымпаздарға» қарсы, халықтың қастерлеп қалыптастырған дәстүрлерінің озық та, жаңаша жаңғыратын жариялы жақсылықтарын қорғап қалып, қолдана беру қажет. Мысалы, қазақ халқының қонақжайлығының бұрынғы, қазіргі, болашақ мәдени мәнділіктері – ұлттық тәрбиенің бір ерекшелігін көрсетеді. Оны жоққа шығарсақ, ұлттық тәрбие мақсаттарына нұқсан келтіреміз.

«Төңкеріс» болып, қоғам өзгергенмен, адамдар қасиетін сақтап қалады, адамдардың тәрбиесі мәңгі дами береді, ол дамуда сапалық сабақтастығы өзінің жалғасын үзбейді. Тәрбиенің осы диалектикалық негіздерін біз оқу-тәрбие ісінде зерлей ескеріп, зерттей жалғастырып отырамыз.

4. Тәрбие мақсаттарындағы негізгі қағида өткеннен өркениетті нысандарды қабылдау, жеткенге қанағаттанып, тоқтамай, болашаққа баратын жолды айқындау, өсудің биіктеу мен құлдырау шектерін сараптай біліп, келешекке көрегендікпен «көз» тастау екенін әрбір салауатты тәрбиеші салтанатты ой парасатымен бағамдай білуі тиіс.

«Жоқтан бар болмайтын, бардан жоқ болмайтын» өмір заңдылықтарына сүйенсек, жаңаға жаңғыртып (инновация) құратын тәрбие әрекеттерінің негізі – тәрбие тарихының алтын өзектерінде жатыр. Ол құндылық ұлттық әдебиет пен салт-дәстүрлерде (халық педагогикасында) екендігі белгілі.

Тәрбие – жеке тұлғаның рухани, бітімдік, білімдік, ой-саналық дамуының негізгі факторы. Бұл фактор жеке тұлғаға сыртқы әсер, ішкі әсер арқылы ықпал жасайды; ішкі, сыртқы қайшылықтар арқылы басты қозғаушы күшке айналады.

Жеке тұлғаның дамуындағы күрделі қайшылықтар оның тегіне (тұқым қуалаушылыққа), ол өсіп жатқан ортаға (айналасына), тәрбиеге байланысты болады.

Жеке адамның адамдық бейнесінің жан-жақты дамып, қалыптасуына оның тегі (тумысы), әулеттік (тұқым қуалаушылық) жағдайлары да көп әсерін тигізеді, оның үстіне әлеуметтік жағдайлар, қоғамдық қатынастар бұл тектік (тұқым қуалаушылық) қасиеттерге өз әсерін тигізіп, жаңаша өмірге қарай бейімдеп отырады.

Біз тәрбиеде жеке тұлғаның тектік асыл қасиеттерін айқындап; тәрбие мақсаттарына қайшы келетін оның іс-әрекетіндегі, мінез-құлқындағы тектік келеңсіз жағдайларға қарсы тәлім-тәрбиелік тәсілдерді қолданамыз. Ол үшін жас ұрпақ бойындағы дарын нышандарын, өмірге бейімділік деңгейін, қабілеттілігін айқындап, еңбекке, игі іс-әрекеттерге дағдыландырып, жаттықтыру арқылы тәрбие мақсаттарына жетеміз.

Жеке тұлғаның дарындылығы, қабілеттілігі оны «тегіне, нәсіліне байланысты» деген ұғымдар мен тұжырымдар психология және педагогика ғылымы толық қуаттайды. Оны «жаманнан жақсы туады, адам айтса, нанғыссыз, жақсыдан жаман туады, бір аяқ ас алғыссыз» деген халық даналығы да айқын дәлелдейді. Сөйтіп, педагогика және психология ғылымы тектің (тегіне тартып туудың) жеке адамның дамуына ықпалын мойындайды, бірақ ол жетекші және анықтаушы рөл атқарады деп тұжырым жасамайды.

Біз тәрбиеде жеке адамның дамуына табиғи орта, жағрафиялық орта, әлеуметтік орта және отбасы ерекше әсер ететінін ескереміз. Әрбір адамға оның айналасы (өсіп отырған ортасы) ықпалын тигізетіні – анық құбылыс. Жағрафиялық орта адамның тіршілік етуіне, еңбек әрекетіне, кәсіптік іс-қимылына, тіпті мінез-құлқына да әсерін тигізетіні белгілі. Жайнаған жасыл жайлауы әрбір адамның көңілін көтеріп, мөлдір бұлағы, таза ауасы тәні мен жанына ұнамды әсер етіп, оның адамдық (салауаттылық) қасиетін биіктете түсетіні тәрбиенің де нәтижелі болуына ықпалын тигізеді.

«Әсерленудің күші сыртқы әсердің күшіне байлаулы» деп, Мағжан Жұмабаев айтқандай, жағрафиялық орта (сыртқы әсер) тәрбие ісінде ескеріліп, қарама-қайшылықтарға қарсы түрлі тәлім-тәрбиелік тәсілдер қолданады.

Жеке адамды тәрбиелеуде, әсіресе, отбасының (үй ішінің) әсері зор болады. Сондықтан, ата-ана отбасындағы тәрбиеге жауапкершілікпен қарап, оны реттеп отырады. Отбасы мүшелерінің бір-біріне ықпалы олардың тәлім-тәрбиелік міндеттерін орындаумен ұштасады. Қалыптасқан ұлттық тәрбие дәстүрлері бойынша ата-ананың балаға қамқорлығы, ағаның ініге қамқорлығы, інінің ағасына, әрбір баланың ата-анасын сыйлай білуі, әпкенің інілері мен сіңлілеріне қамқорлығы, сіңлісінің әпкесінен үлгі алуы, жиендердің нағашылармен қарым-қатынасы: инабаттылық, имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, көпшілдік, меймандостық бәрі-бәрі, негізінен отбасындағы тәрбие жұмыстары арқылы қалыптасады.

Жеке адамның тәрбиеленуіне қоғамдық құрылыс пен әлеуметтік орта ерекше әсер етеді. Әлеуметтік ортадағы тексіздік, таптық теңсіздік, дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы айырмашылықтар мен қайшылықтар жеке адамды тәрбиелеуге көп кедергі жасайды. «Өмір - күрес», тәрбиешілер сол қайшылықтарға қарсы күрес тәсілдерін ұйымдастыра білуге тиіс.

Педагогика, психология ғылымы экспансиялық (басыну) ықпалын, изуверлік (нәсілдік) теорияны диалектикалық тұрғыда сараптап, олардың жеке адамның дамуына әсерлік мәнін айқындайтын ғылыми тұжырымдар жасайды да, оны шешуші құбылыс деп таппайды, яғни, жеке адамның дамуына жағрафиялық ортаның, отбасының, әлеуметтік ортаның, тәрбиеленушінің айналасының әсер ететіні айқын, бірақ ол жеке адамның кісілік, тұлғалық, адамдық бейнесін қалыптастыруда шешуші рөл атқармайды.

Жеке адамның дамуына ерекше ықпал ететін фактор (қозғаушы күш) тәрбие болып табылады. Тәрбие адамның дамуына ықпал ететін іс-әрекеттер мен құбылыстарды талғай

сараптап, оны түрлі әдіс-тәсілдер арқылы іске асыруды көздейді. Тәрбие жұмысында жеке тұлғаның даму заңдылықтары (тұқым қуалаушылық ықпалы, айналаның, жағрафиялық жағдайлардың әсері т.б.) ескеріледі. Сөйтіп, тәрбие жеке тұлғаның бойына туа біткен қасиеттердің дамуына ыждағатты ықпал жасайды. Академик И.П.Павлов жанжүйе (нерв) қызметінің әртүрлі типтерінің негізінде жатқан әсерленгіштіктің күші, тепе-теңдігі және жылжымалылығы тәрбиенің ықпалымен едәуір дәрежеде «өзгертуге» көнетіндігін дәлелдеді. Абай дана: «Егер закон қуаты қолымда болса, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - дейді. Яғни жеке тұлғаның адамдық болмысын қалыптастыруда тәрбие шешуші рөл атқарады. Тәрбиеленушінің бойындағы бейімділіктер мен дарын нышандарының бастау көріністерін көре білген тәрбиеші, оны дамытудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолданып, тектік және қоршаған ортадағы кедергілерге қарсы іс-қимыл жасай алады, сөйтіп жеке тұлғаның өзгеше дамуына жол ашады.

Жеке тұлғаның іс-әрекетке ынталануы, ықыластануы, мамандықты талғап, таңдай білуі, белгілі бір кәсіптің сырын-қырын терең білуге талпынуы үздіксіз, жүйелі тәрбиенің арқасында айқын дамып, оның таңғажайып талантының беті ашылуы мүмкін. Талантты адам дегеніміз – ерекше жұмыс қабілеті қалыптасқан, мамандығы марқайған, өз ісінің шебері болған адам.

Тәрбие жеке адамның дамуындағы шешуші қозғаушы күш ретінде, әлеуметтік ортамен өзара әрекеттестік арқылы, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың сипатына сәйкес, мемлекеттік және әлеуметтік рухани құралдарды кеңінен пайдалану арқылы, саяси-идеологиялық іс қолданыста өз нәтижелерін бере алады.

5.Тәрбие ісін «айнаға түсірілген бейне» (Ян Амос Коменский, XVII ғ.), «таза тақтаға жазылған жазу» (Джон Локк, XVIII ғ.) деп бейнелеген тарихтағы ұлы педагогтардың педагогикалық-психологиялық тұжырымдарын (ұқсату анықтамаларын) тарихта педагогтардың одан әрі дамыта түсуін қажет етеді. Тәжірибелі педагогтар жеке адамның дамуында тәрбиенің шешуші және жетекші рөлін жоғары бағалады. Сөйтіп, тәрбиенің ғылыми іс-әрекеттік теориялары мен әдістемесі (методикасы) жасалынды. Біртұтас тәрбие тағылымдарының диалетикалық негіздері жеке тұлғаның, әлеуметтік (қоғамдық) құрылыстың даму заңдылықтарымен тікелей байланысты.

6.Жеке адамның жан-жақты дамуының бір нәтижелі негізі – оның білімі. Ал, жан-жақты білім беру ісін жүзеге асыру үшін, қоғамда материалдық және техникалық база әлеуметтік сұранысқа байланысты, жеткілікті және өркениетті, демократиялық қолданыста болуға тиіс. Ақы төлеп оқу мен тегін оқу жүйесін мемлекеттік тұрғыда ұйымдастыру саясатында, тегін оқыту үшін жеке адамнан білімділік пен біліктілік жүйелі түрде қатаң талап етіледі де, білім алушының жауапкершілігі, тәртіптілігі, адамгершілік бейнесі оқу-тәрбие кезінде барынша баянды қалыптасады. Өркениетті елдің адамы еңбек мәдениетін жақсы игеріп, өндіріс технологиясын жақсы білуге тиіс. Ғылыми-техникалық прогресс (алға даму) заңдылықтары, рухани байлық, мәдениеттің қарқындап дамуы, білім алуға құштарлықтың, ынта-жігердің артуы тәрбие тағылымдарын талғай таңдап, арқауын үзбей алға алып баруды қажет етеді.

Резюме

В статье рассматриваются научная теория, научные предпосылки, научная основа педагогики казахского народа.

Summary

The article discusses the scientific theory, scientific background, the scientific basis of Pedagogy of the Kazakh people.

ҰЛТ ТАҒДЫРЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ

Совет-Хан Ғаббасов -
жазушы, фантаст, драматург, Медицина және
Педагогика ғылыдарының докторы,
КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі,
Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты,
Халықаралық М.Нострадамус атындағы
проскопиялық академиясының академигі,
профессор

Тәуелсіздік құдіретімен алғаш рет ашылған - **білім конгресі** - ұрпақ тәрбиесі мен білім беру түйінін шешуде, жалпылама сөз бен жаттанды ұғымдарды тыйып, жаңаша түсініктерге жол ашқаны жөн. Үш жүз жылғы бодандықпен – **«зомбыланған рухымызды»** - тіктеп, әлем халқын адастырып отырған - **«Европацентризм методологиясының»** - жалғандығын ашатын мезгіл жетті. Оның тікелей ықпалымен, бүкіл адамзат қауымы азып отыр. Олай болса, бірден **«Европацентризмнің»** ең негізгі кемшіліктеріне тоқталмақпын.

Біріншісі, адамда бар үш жүйенің – **Тән – Жан – Рух** – үндестіктерін әдейі үндестірмеу арқылы, бүкіл өркенниетімізді, тек **тән тәрбиесіне** байлап, **жан мен рухтың** тәрбиесі түгіл, тіпті оның өзінің не екенін ұғындырмауға тырысты. Бүгінгі шәкірт түгіл, ұстаздардың өздері - **Жан мен Рух** – дегеніміз не десе, нақты жауап бере алмайды. Ендеше айтыңыздар шы, **жаны мен рухы тәрбиесіз** адамнан не күтуге болады ?..

Екіншісі, Джон Локк, Песталец, Макаренкодан бастап, - **«баланың миы дүниеге келгенде ақ қаздай аппақ болып туады»** - деп жалған айтумен қоса, тіпті Джон Локк - **«идея врожденная»** - деген Рене Декартқа қарсы шықты. Сонда қалай? Ойланыңыздаршы? Бала ана құрсағында – **«бір клеткадан мынау адамдық формаға дейін жетіліп, жүрек, бауыр, зат алмасу қызыметтері қарқынды жүріп жатқанда, мидың еш қимылсыз болуы»** - **«ақ қағаздай аппақ күйі»** - тууы мүмкін емес қой. Ендеше, Рене Декарттың **«идея врожденная»** деуінің астарында телегей теңіз сыр жатқанына сенбеске болмайды. Джон Локктың **«жалған үкімін»** пайдаланған **«Европацентризм»** бүгінге дейін бізді алдап келді. Осыншама қасиетсіздіктің салдарынан адамзат қауымы - **«ана құрсағындағы тәрбиені»** - білмегендіктен, ұрпағымыз **Жан мен Рух тәрбиесінен** мүлдем қағаберіс қалып отыр. Себебі, **жан мен рух тәрбиесі де, және ол екеуінің үндесуі де**, тек **«ана құрсағында»** ғана жүретіні ғылыми дәлелденген құбылыс! Ендеше, ұрпақ тәрбиесіндегі, осыншама апаттың үлескері де, **«европацентризм методологиясы»** болып табылады.

Үшіншісі, бүгінгі біздер пайдаланып жүрген педагогикада, **«европацентризмнің»** қалыптастыруымен - дүниеге жаңа келген баланы **«тұлға»** деп түсіндіреді. Бұл да өрескел өтірік. Бұған сену мүмкін бе? Қараңыздаршы? Халқымыздың данышпаны ұлы Абайдың тұлғаға жету жолын, кемеңгер жазушымыз М.О. Әуезов төрт томдық эпопея етіп жазуы, тіпті де бекер болмаса керек. Кешегі Ахмет Байтұрсынов, Барлыбек Сырттанов, Мұстапа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Әлихан Бөкейхановтардың азаматтық жолдары мен тұлға болып қалыптасу кезеңдерін өздеріңіз де жақсы білесіздер?!.. Ендеше, туа салған баланы тұлға деу **«европацентризмге»** не үшін керек болды екен. Өйткені, **«европацентризм методологиясы»** әуелбастан-ақ **«империализмнің ілімі»** болып қалыптасқандықтан, олар үшін адамзат ұрпағының дұрыс жолмен тәрбиеленуі еш қажеттілікке баланбады. Мінеки, **«европацентризмнің»** басқа қателіктерін айтпай-ақ, ең өрескелінің өзі апат екені ешкімге құпия емес. Ендеше, мынау мәртебелі форум, **«жарамсыз методологиядан»** құтылып, табиғат **«бос кеңістікті»** сүймейтінін ескеріп, бұл мәселе тез арада шешілуі тиіс.

Сонымен, бүгінгі Педагогика мен Психологияның ғылыми – **Методологиясы – Жүйесі – Негіздері** – жоқ екеніне, сындарлы түрде қарайтын мезгіл жетті. Егер Аристотель мен Фарабидің ғылыми класификациясына құлақ ассақ: **«...Кезекелген Пәннің негіздері,**

оның ішінен шықпаса, ол ғылыми Пән болып дамый алмайды», - деп үзілді-кесілді үкім айтады. Ендеше, айтып жүрген Педагогиканың негіздері – **оқыту – білім беру – тәрбиелеу** – деген ұғымдардың сырттан келіп тұрғаны айдан анық. Өйткені, бала тәрбиесіндегі - **«түйсіктік ақыл мен түйсіктік тәрбиенің» - 80%-ы ана құрсағында»** қалыптасатындықтан, іште жатқан жан-иесіне – **«оқыту, білім беру»** - тіпті де мүмкін емес екендігі, ғалым түгіл қарапайым адамға да түсінікті. Осындай сорақылықты анықтағаннан кейін, не істеуіміз керек? Әрине, сөзсіз тіршілік заңына сүйене отырып, ұрпақ тәрбиесінің дұрыс жолын табу қажет...

Олай болса, тәуелсіздікпен бірге келседе, көшірмеліктің көлеңкесінде қалған, - **«Адам тәрбиесінің жаңа ілімін»** - осы конгресте талқылауға ұсынамын. Оның бұрын-соңды айтылмаған екі сатылы - **Методолгиясы – «биологиялық индивид (түр)» және «сананы жетілдіру»** - болса, осы екі сатыдан шығатын екі жүйе – **«Жүрек тәрбиесі» мен «Ақыл тәрбиесі»** - деп жүйеленсе, пәннің ішінен шығатын – **«Жеті түрлі Негіздерінің»** - тек әрқайсысының өзіне тән тәрбие тәсілдері ұсынылады. Мұндағы екі сатылы – **Методология – Жүйелер – Негіздер** – ойдан алынбаған, тіршіліктің тұрақты заңдылығынан шыққан табиғаттың өз үлгісі. Осы методологиямен адамзат ғасырлар бойы ажырап қалған - **Жан мен Рух тәрбиелерін** – іске қосып, келешек ұрпақ мүлдем басқа деңгейде, құпия ілімдерде айтылатын - **6-шы Рассаның** - кеңістігіне шығады. Адамзат қауымы - **бүгінгі өзегі өрт өзімшілдік пен құлдыққа тән құмарлық атаулыдан** - құтылып, нағыз адамдықтың арманы - **имандылық пен ізгіліктің** - жолына түседі.

Бұл **«адам тәрбиесінің жаңа ілімінде»** айтылатын жаңалық өте көп. Соның ішінде, тәрбиенің іргетасы болып саналатын, - **«түйсіктік ақыл мен түйсіктік тәрбиенің 80%»** - тек ана құрсағында ғана жетілегіні анықталды. Сонымен қоса, санаға бағынбайтын - **«Жанның 12- арнасы: - түйсік – ұят – сүю – зерде – табиғи қабылет – мінез – жігер және ішкі бес сезім (көкірек көзі, телепатия, дәм, ішкі сезіну, иіс) –** бұлар да тек ана құрсағында ашылады. Міне бүгінге дейін, адамзат қауымы - **«ана құрсағындағы тәрбиені»**- білмегендіктен, нағыз құдіретті қасиеттер ашылмай, азғындаудың ауыр азаптарын тартуда?! Адамдағы – **«Жан тәрбиесі мен Рух тәрбиесінің»** - үндеспеуінен, ұрпақ жетер - **«6-шы және 7-ші Рассаның»** - барлық сипаттары тоқырап тұр. Жоғарыдағы айтылған тәрбиенің технологиясы мен механизмдері, менің монографияларымда – **«Ізгілік әліппесі» (А, 1991); «Халық педагогикасының негіздері» (А, 1995); «Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері» (А, 2005); «Педагогика мен психология негіздері» (А, 2008) –** толық түрде, егжей-тегжей жазылған. Кезінде бұл ілімге сеніп, дүниеге ұрпақ әкелген ата-аналардың алғыстары көп. Мысалы, 1992 жылы өмірге келген алғашқы **«үш баланың»** туған сәтінен бастап, қадағалауға мүмкіншілік болды. Оған дәрігерлік мамандығымның тигізген көмегі мол. Әсіресе, таңданбауға болмайтын, мынау бір оқиғаны айтқан жөн сияқты. **Екінші күні емізуге әкелген бала, жан-жаққа жүгірген көздерін әзер ұстап, алғысқа толы сезіммен күлімсірей анасына қарағанда, бүкіл денем шымырлап кеткені әлі есімде.** Басқа балаларлар шу боп жылап келсе, бұлар да қыңқ деген дыбыс болмайды. Мұны, тіпті жанындағы басқа аналар да өздері байқап, жиі-жиі әңгімелеп жүрді. **Кейін үшеуіде он бір жылдықты, он төртінде «алтын белгіге» бітіріп, грантпен университеттерін үздік аяқтады.** Бұл жағдайды айтып тұрған себебім, - **«адам тәрбиесінің жаңа ілімі»** - тек теория жүзінде емес, оның іс-тәжірибеден өткендігі де шындық.

Педагогика мен психологияның - **жаңа методологиясындағы ішкі негіздері** – тіршіліктің **биологиялық заңдылығына ғана** бағынған, адамның **физиологиялық кезеңдерінен** шығады. Бұл кезеңдер табиғат шебердің өзі қалыптастырған тұрақтылық екенін түсіну шарт! Оны бұрмалауға болмайды. Ендеше, адамдағы өзгермейтін **физиологиялық жеті кезеңнен, тәрбиенің, немесе, педагогика мен психологияның жеті түрлі негіздері** қалыптасады.

I. Халық педагогикасының бірінші негізі, немесе, «Отбасын құруға дайындық және ұрық тазалығы».

II. Халық педагогикасының екінші негізі, немесе, «Ана құрсағындағы тәрбие».

III. Халық педагогикасының үшінші негізі, немесе, «Нәресте кезеңі».

IV. Халық педагогикасының төртінші негізі, немесе, «Балбөбек кезеңі».

V. Халық педагогикасының бесінші негізі, немесе, «Сәбилік кезеңі».

VI. Халық педагогикасының алтыншы негізі, немесе, «Балиғат кезеңі».

VII. Халық педагогикасының жетінші негізі, немесе, «Кәмілеттік кезеңі».

Мінеки, бүгінгі адамзат қауымының пайдаланып отырған Педагогикасы мен Психологиясында, осынау жоғарыда **аталған негіздер** жоқ. Бұл негіздердің ерекше ескеретін қасиеті сол, әр негіздің басталуы мен аяқталуы бар **уақыт кесіндісінен** тұрумен қоса, тек өздеріне ғана тән **тәрбие тәсілдері** бар. Мәселен, **уақыт кесіндісіне** мысал келтірсек, ана құрсағындағы кезең - **9-ай, тоғыз күннен тұрса** - оның өзіне тән **тәрбие тәсілін** Ана - **мінәжаты мен тілегін көз алдына келтіру** - арқылы жүргізеді. Осы тектес барлық кезеңдердің де, тәрбие тәсілдерінің өздеріне тән ерекшеліктерін ескеру ауадай қажет. **Адам тәрбиесінің жаңа іліміндегі**, ерекше бөліп айтпаса болмайтын тағыда бір жаңалығы, әр негіздер мен физиологиялық кезеңдердің **этнопедагогикалық сипаттары** беріледі.

Осыдан келіп, мынандай қағидалар ұсынылады;

- Халық педагогикасы дегеніміз – адамның Жан-дүниесін зерттейтін және тәрбиелейтін - ІЛІМ –десек, Этнопедагогика – материалдық және этнографиялық заттар арқылы (ұлттық киім, тамақ, үй мүліктері т.б.) Тән тәрбиесін жүргізуге бейімделеді.

- Олай болса, адам тәрбиесі үшін – Халық педагогикасы мен Этнографиялық педагогика – медальдің екі беті тәрізді сипаты бар.

- Қазіргі - Халық педагогикасы мен Этнопедагогиканы – екі бөлек ұғынып жүрген түсініктер қате екенін ашып айтқан жөн.

- Кейбіреулердің Этнопедагогика – ЭТНОС-тан шықты деуіде бекер.

- Этнопедагогиканы алғаш айналымға енгізген Г.Н.Волковтың өзі, бұл ұғымды «Этнографиялық заттар» сөзінен алғанын, - «Этнопедагогика» (М, 1972ж.) – атты монографиясында ашып жазады.

- «Адам тәрбиесінің жаңа ілімін» - Мемлекеттік деңгейде - Халық болып қолға алуды кешеуілдете бермей, сара жолына түсіру барлығымыздың да азаматтық міндетіміз.

Резюме

В статье автор поднимает вопрос о значении этнопедагогики и народной педагогики, их взаимосвязь и различие, а также рассматривается роль национального воспитания в судьбе нашей нации.

Summary

The article deals with folk pedagogy, new teaching parenting rights and the fate of our nation in the national education.

ЖАРЫЛҚАСЫН АМАНҰЛЫ

ақын, сазгер, күйші

Совет-Хан Ғаббасовқа

Қаз дауысты Совет-Хан!

Қаз дауысты Қазыбектей – үндісің?!

Байтұрсынов Ахметпен – ойың бір,

Ахметтей білімдісің, тілдісің.

Ұрпақ үшін...

Түн ұйқыңды – төрт бөліп,
Көкірегің - өрт болып,
Қайран Ерім – жүрмісің?..

- «Жаның таза, тәнің таза болмаса,
Жойылады Рухың» - деп,
- «Егер Рухың болмаса,
Жойылады тілің, дінің, ғұрпың» - деп,
Шыбын жаның шырқырап жүр Ерім-ай,
- «Бірте-бірте жойылып,
Кетер ме екен – Ұлтым» - деп!

- «Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте»- ...
Деген ақын кім екен?
Кезі кеп бір тілдесе.
- Өз тілімді білемін,
Ұмытпаймын өлгенше.
Жалау ету – жат тілін,
Дерем – саған міндет пе?
Сақта Алла тағы да,
- «Үш тұғырлы тіл» - деген,
Ұшырадық – індетке?!
Саналы да - санаулы,
Сөз астарын – түсінер.
Тілін білмей өзінің
- «Өзге тілді – білем» - деп,
Қандай адам – күпінер.
Біз секілді – Ұрпақ та,
Мәңгірттеніп кетпесе,
- «Сатқындар» - деп, бәрі де,
Бетімізге – түкірер...
Қайран – Сәкем,
Тіл мен Діннің, Діл мен Тіннің,
Тазалығы - қамы үшін,
Қайнап жатыр көкірегің де,
Болат, құрыш – намысың.
Ұртындағы қан мен майды,
Айырмайтын топастар,
Ұстап берген жауыздарға,
Алаштың -
Әлихан мен Ахметтей арысын.
- «Заман солай болды ғой», - деп,
Айтатында бар шығар.
Қиянатты көріп тұрып,
Оған қалай жан шыдар.
Қаз дауысты Совет-Ханым,
Ауыр жүк бар мойның да
Ердің Ері – нар шыдар.
Байтұрсынов Ахметтей бір тумам,
Сөйлеп кетсең – тіліңнен бал тамшылар.
Құтты болсын – *Жетпіс* жасқа келгенің,

Әлі талай ақыл кенің,
Бұлақ көзің - аршылар.

24.01.2009 ж.

ҚАЗАҚТЫ БІЛІМ БҰЛАҒЫНАН СУСЫНДЫРҒАН

(БІ. Алтынсаринның 170 жылдығына орай)

А. Айталы –
*философия ғылымдарының
докторы, Ақтөбе мемлекеттік педагогика
институтының профессоры*

Қазақтың ғалым, педогог ағартушыларының ірі өкілдерінің бірі Ыбырай Алтынсаринның қызметі туралы, көзқарастары жайлы М.Ауезов, С.Мұқановтан бастап мұқият зерттеген мақалалар, құнды монографиялар бар. Дегенмен, әр заманның өз Абайы, өз Шоқаны болғаны сияқты, әр заманның өз Ыбырай Алтынсарины бар. Патша үкіметінің чиновниктері, орыс миссионерлері, қазақты орыстандырушылар, христиан дініне шоқындылушылар үшін Ыбырай Алтынсаринның өзіндік бейнесі болды.

Кеңес заманының алғашқы жылдарында Ыбырай Алтынсаринға қазаққа жат, ұлттық, діни тәрбиеден аулақ, орыс, батыс мәдениетін таратушы деген пікір қалыптасса, кейінгі жылдары Ыбырай Алтынсарин таптық идеология тұрғысынан сараланып байларға қарсы күрескен қайраткер, тіпті атеист деген мінездеме берілді.

Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы дүние салғанда, оның орыс жолдастары: «Ыбырай Алтынсарин қазақ арасынан шыққан тұңғыш кемеңгер адам еді, ол қараңғы көшпелі өз халқының ішіне еуропалық цивилизацияның жарығын таратты және оларды Россияны сүйуге шақырды», - деді.

1926 жылы 29 қазанда Ташкентте тұңғыш Жоғары қазақ педагогика институтының салтанатты ашылуында сөйлеген сөзінде көрнекті ұлт қайраткері, әдебиетші, жазушы, көсемсөзші Смағұл Садуақасұлы Ыбырай Алтынсарин туралы былай деді: «Во-второй половине прошлого столетия жил казак, 1) ол кезде қазақты орысша «казак» деген некто Алтынсарин. Он первый из казаков приобщился к русской культуре и не на страх, а на совесть служил помощником православных миссионеров. Он первый был организатором, так называемых, русско-киргизских школ, поборником русского шрифта для казакской письменности. Он был другом и правой рукой ученого миссионера Ильменского.

И вот этот Алтынсарин перед смертью распорядился не пропускать к себе ни одного русского, даже своих друзей. Этот атеист в жизни оставил завещание, чтобы на его похороны были приглашены 99 мулл. Да, эта была трагедия просвещенного казака, может быть, теперь для нас совсем непонятная; трагедия, заключавшаяся в том, что в результате многолетней совместной работы с русскими, он все-таки, в конце концов, пришел к заключению, что миссионеры ничего хорошего не желают для казакского народа. Может быть, его угнетенное казакское сердце в последнюю минуту не выдержало собственного преступления, и он отказался от товарищей, с которыми много лет работал вместе». Садуақас Смағұлұлы осындай мнездемені Шоқан Уалихановқа да береді.

«Был у нас и другой казак, не менее способный и не менее известный в свое время – это Чокан Валиханов. Он был искренним проводником русской колониальной политики на Востоке». Ол да өмірінің соңғы кезінде достарынан бас тартып, әдемі сарбаз орыс әскерінің офицер киімін тастап, кең қазақ киімін, аяғына ауыр дала етігін киіп, қашықтағы қазақ ауылында дүниеден озды. Ыбырай мен Шоқан тағдырынан бүгінде онды қорытынды жасауымыз керек орыстандыру саясаты түбінде орны толмас зақымға, жаракатқа әкеледі, деп сактандырады Садуақас Смағұлов. Дегенмен орыстандыру дертіне кейін қазақ халқы терең шалдықты. Бүгін де бұл дерттен арылу оңай болмай отыр. Бұл, әрине, бөлек мәселе.

20-жылдары қазақ қауымы әлі де Ыбырай Алтынсарин шығармаларымен, оның тәлім – тәрбие жұмыстарымен жете таныс емес еді. Ал ол тұста орыс тіліндегі әдебиетте, әсіресе

революцияға дейінгі мақалаларда Ыбырай Алтынсарин тұлғасы бір жақты, Ресейдің отаршылық саясатын жүргізуші, қолдаушы ретінде баяндалғаны белгілі С.Садуақасовтың Ыбырай Алтынсарин мен Шоқан Уалиханов туралы ой-пікірі олар қазақтарды тек орыс рухына тәрбиелеуші деген біржақты ақпаратқа негізделген.

Биыл 170 жасқа толған Ыбырай Алтынсаринның қазақ ұлты үшін орны бөлек: қазақ педагогикасының негізін қалаушы, ұлы ағартушы, білім ісінің ұйымдастырушысы, фольклорист, ақын-жазушы, журналист.

Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық мұрасын, методологиясын саралау оны басқа этнопедагогикалық жүйелермен салыстыруды қажет етеді.

Әлеуметтік антропология ілімінің өкілі британдық ғалым Дж. Горер «пеленочный», қазақшаласақ «құндақтау» гипотезасын ұсынады. Оның айтуынша, орыстарға сәбилерді жөргекте қатты, қол аяғын тырп еткізбейтін етіп бөлеу тән. Бұл балалардың қайратты, ұстамды болып өсуіне әкеледі, ал еркіндікте олар тіпті жарақат алып қалуы мүмкін. Сондықтан орыстар балаларын шамалы уақыт қана еркін ұстап, суға түсіріп, олармен ойнайды. Осыдан келіп ДЖ. Горер орыс мінезін екі баламалы кезеңмен байланыстырады: ұзақ уақыт қимылсыздық, сылбырлық және оған қарама – қарсы сілкініс, белсенділік. Орыстың ұлттық мінезі орыс халқының тарихынан, бүгінгі Ресейдің ішкі және сыртқы саясатынан көрініс алып отыр, - дейді ол. Көптеген орыстардың жан дүниесі, оның ойынша, депресия, жабығу, жабырқаулар арасындағы қарқынды, екпінді қызу мен белсенділіктен тұрады. Бұл әсіресе Ресейдің саяси өміріне тән: ұзақ уақыт көніп, бойсұнып келеді де кенет күшті, қарқынды революциялық қозғалысқа ауысады.

Әлеуметтанушылар мен педагогтар бұл теорияны сынаумен де келеді. Бірақ «орыстың жаны – құндақталған жан» деген тұжырымдаманы қолдаушылар да бар. Баланы бөлеу әлемдік бала бұл тәрбиесінде кең тараған салт, бірақ орыс мәдениетінде бұл үлкен күш алған деген ой басым. Керенау, енжарлық пен екпінді, қызулы әрекеттер орыс тарихында алмасып жатады. Сонымен, «жөргек комплексіне» байланысты бүгінгі әлемдік педагогикада мынандай пікір айтылуда: егер ұлттардың психологиясы дараланып, өзгешеленіп тұрса, оларды тәрбиелеуде де өзгеше тәсілдер болмақ. Орыстар үшін оның жолдары әртүрлі: бүгін гуманистік тәрбиеден фашистік тәрбиеге дейін пікірлер айтылуда. Бұл енді Ресейдің бас ауруы.

Қазақ халқының психологиясында да қарама-қарсы баламалы құндылықтар алмасып жатыр. Ұлан-байтақ кең далада соғыстар мен жаугершілік рухы халықты бейбітшілік өмірге ертерек бейімдеді. Жаулап алушылық, жорықтар этномәдени шеңберінде қорғау және өзін-өзі нығайту идеяларына ұласты. Қазақ даласында **бытыраңқылық**, өзара араздық пен **бірігушілік** идеялары алмасып отырды. Елдің бірлігі тек халық басына ауыр күн туғанда, қиын қыстау жылдарда ғана бой көрсетіп, басқа кезеңдерде рулық, тайпалық қайшылықтар белең алып, бірлік уақытша сипатта болғаны белгілі. Бірлік бүгін де қазақ үшін күрделі мәселе.

Ыбырай Алтынсарин ел басын біріктіру, халықтың келешегі үшін екі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халық ағарту жұмысы, екіншісі – халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. Оған оның барлық іс-амалы мен бізге қалдырып кеткен мұралары куә.

Ыбырай Алтынсарин үшін де қазақ ұлты қарам-қарсылықтардың ажырамас бірлігі. Сондықтан оның шығармалары «жамандық пен жақсылық», «достық пен алауыздық», «сарандық пен жинақтылық», «тәкәпарлық пен қарапайымдылық», «өнер, білім мен надандық», «әділдік пен әділетсіздік» сияқты осылай қарама-қарсылық негізінде, жамандыққа жақсылықты, адамгершілікті қарсы қою арқылы қазақты бірлікке тәрбиелейді.

Ыбырай Алтынсаринның «Бай мен кедей баласында» ел көшіп кетіп, ойламаған жерден жұртта ұмытылып қалған екі баланың бастарынан кешірген бір тәуліктегі оқиғаны суреттеуге арналса да, тереңірек қараған адамға автордың ой түйінінде көптеген сыр жатқандығын аңғаруға болады. Меніңше, Ыбырай Алтынсарин «дені саудың - жаны сау»

деген қағиданы жоққа шығарады. Жастағы бір балалардың бірі ақылдырақ, екіншісі ақылсыздау болуы олардың екі таптан шығаруымен түсіндірудің ең оңай жолы. Асанның да, Үсеннің естері дұп-дұрыс, дендері сап-сау, биологиялық, психологиялық ауытқушылық жоқ, бірақ жандары әртүрлі. Өмірмен бетпе-бет келгенде, Асанның әлсіз, мүгедектігіне кінәлі де, Үсеннің өз құрдасынан асып түсіп, бетпе-бет келген өмір қиыншылығымен алыса кетуі негізінен тұрмыс, әлеуметтік жағдайға байланысты. Өз бетімен жерден еңкейіп шөп алмай өскен Асанды өскен ортасымен ақысыз-пұлсыз асыраған тұрмыс өз бетімен күн көруге келгенде әлсіздікке, бишаралыққа ұшыратса, әкесін де, өзін де өз күші, өз еңбегімен күн көруге дағдыландырған қиыншылық тұрмыс кедей баласы Үсенді күрескер етті.

«В здоровом теле - здоровый дух» деген сөзді көне римдік сатирик Ювенил тілек ретінде айтқан екен: «Дай бог, чтобы в здоровом теле был «здоровый дух» деп, құдай қалап, «дені саудың жаны сау» болсын деген ой.

Педагогика ғылымы осы сөзді кейін бұлтартпайтын қағидаға айналдырып, дені сау адамның жаны да міндетті сау болды, жан саулығы, ден саулығынан туатындай себеб-салдар байланысына негіздеді. Бұл қағиданы теріске шығарған неміс педагогтары болды, себебі неміс фашистері негізінен дені сау адамдар еді. Ал Ыбырай Алтынсарин бұл тұжырымға қазақы тұрмыс негізінде XIX ғ. екінші жартысында келді.

Мұхтар Ауезов Ыбырайды әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жатталып, таратылып жүруі бұл екеуінің үні бір, үміті бір, арман бағыты және болашақ тағдыры бір деген екен.

Орыс отаршылдығы билеп-төстеп тұрған заманда орыс мәдениетіне көзқарас Ыбырай, Абай үшін ең бір көкейтесті мәселе еді. Абай жиырма бесінші қара сөзінде, «Орыста оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орысша тұр». Бұл орыстан басқа халықтарда өнер, ғылым, білім жоқ дегенді білдірмейді. Қазақ орысқа тәуелді болғандықтан, орыстың зорлық-зомбылығынан, қысымынан аман қалу, орыспен тепе-тең, бәсекелесте болу үшін орыстың тілін, мәдениетін меңгеру қажет. Абай былай дейді: «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек». Айта кетейін, Абайды осы сөздерін орыс тіліне аударушылар «зарарынан қашық болу» дегенді орысқа емес, қазақтың «зарарынан қашық бол» деп аударады.

Ыбырай Алтынсарин Орынбор басшыларына бір запискасында қазақ халқының арасында өзінің көрші халықтарының тілін білуге, олардың жазуын үйренуге ұмтылушылық күшейіп келетіндігін, қазіргі экономикалық, және саяси жағдайының өзі аяқтарын аттап басқан сайын дерлік, орыс тілін, орыс жазуын білуді қажет етіп отырғанын баяндайды. Сондықтан қазақ мүддесі және үкімет мүддесі жағынан қарағанда да қазақ даласында орыс-қазақ мектептерін тез тарату қажет-ақ болар еді, - деп жазған. Дегенмен патша үкіметінің орыстандырушы саясатына Ыбырай қарсы болды. Оның «Қазақ хрестоматиясы» қазақ балаларына бейімделген, лайықталғанның көреміз. Оған еңгізілген әртүрлі әңгімелер Паульсон, Ушинский, Толстой тағы басқалардан алынған. Ол әңгімелер орыс тілінен аударма емес, оларды ерекше қазақшалап, қазақтың қазанында қайнатып, қазақ өміріне жақындатып, қазақ балаларына түсінікті баяндауды мақсат еткен. Сондықтан, ол шығарма «Алтынсарин әңгімелері» деп орынды аталған. Ол ұлттық тәрбиеге негіз болды.

Ы.Алтынсаринды орыстандырушы етіп көрсету миссионер Н. И. Ильминскийлердің ниеті болса керек. Миссионерлер бұрын да, бүгін де, әсіресе діни миссионерлер пиғылын жасырып, жергілікті халықтың қолымен от көсеу арқылы мақсаттарына жетуді көздейді. Сондықтан орыс алфавитін орыс-қазақ мектептерінде енгізуде Ы. Алтынсарин есімін бетке ұстап насихаттаған.

Ыбырайдың тәрбиесін алған ұлт жастары миссионерлер ойлағандай патша үкіметінің ықпалын қазаққа таратуға күш салады, олар алған білімдерін қазақтың мәдениетін өркендетуге, білімін өсіруге жұмсады.

С.Садуақасұлы дегенмен миссионерлердің әрекеттерінің сәтсіз аяқталғанын айтады. «...русско-киргизские школы, помимо и вопреки стараниям своих создателей, в своем

развитии стали развиваться совершенно в нежелательном направлении для правительства. Эти школы не только не оправдали его (правительства) надежд, а наоборот из своих недр стали выпускать таких людей, которые впоследствии сделались первыми казахскими революционерами-националистами». Бұл жерде националист патриот деген мағынада айтылып отыр.

Ыбырай Алтынсарин туралы Кеңес тұсындағы педагогикалық әдебиетте оның ислам дініне қарсы атеист деген пікірлер айтылып қалып жүрді. Ол атеистік идеологияның салдарынан да болар. Н.И. Ильминскийге жазған бір хатында «Күлсеңіз, күле беріңіз, мен кейбір оқытудан бос уақыттарда оларға ресми түрде молда болып та қоямын, сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын», - деп жазған Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин татар молдаларының дінді озбыр, фанатизм, догмаға айналдыруына, діни мектептер де зайырлы пәндерден оқытуға қарсылығын қатты сынаған. Бұл мұсылман дініне қарсылық, христиан дінін тіпті де қолдау емес еді. Ол дүниені жаратушы құдай деп білген. «Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым, Тең етті бәрімізге күн мен айын», - дейді бір өсиет өлеңінде. «Жаз» деген өлеңінде «құдайға шүкір етер жас пен кәрі, Бердің деп жанға рахат мұндай дәрі», - деген. «Мұсылмандықтың тұтқасында» бүкіл дүниені, жан-жануарларды атай келіп, «мұның бәрінің де жалғыз теңдесі, ұқсасы жоқ бір құдайдың барлығына, бірлігіне һәм кәміл жаратушы халық-қадір екендігіне дәлелі болса керек», - деп тұжырымдайды.

Алтынсариннің көзқарасын ғалымдар деизмге жақын дейді.

Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінде дін сабағы оқылатын кезде қазақ балаларына жеке діни тәрбие берілсін деп талап қойды. В.В. Катаринскийге хатында былай дейді: «Сізге өте бір қайғылы хабар білдіруіме тура келіп отыр. Біздің Бессонов Александр Григорьевич, сірә есінен айрылған болар деймін. Өйтпесе, оның өз оқушыларына істеген сорақылықтарын басқаша түсіне алатын емеспін. «...Бақсам, ол оқытушылар мектебінің 3-ші және 4-ші кластарында, оқытушылардың, қарсы болуына қарамастан, бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын уағыздай бастапты. Осының нәтижесінде, бір жағынан, ол оқушыларға өшігіп, қатал қарай бастайды да, екінші жағынан, оқушылар оқудан бас тарта бастапты. Тіпті, ол шәкірттерін залым деу сияқты сөздерге дейін және оларды кластан желкелеп шығаруға дейін барыпты. Бұл қылығын қазақтар естіп қоймасын, нағыз бәлеге сонда қаламыз», - деп жазады Ыбырай Алтынсарин. Енді бір хатында Красноуфимск қаласындағы ауыл шаруашылық мектебінде оқып жатқан қазақ шәкірттерінің наразылығын естіп ызыланған Ыбырай өзінің досы В.В. Катаринскийге 1889 ж. мамырдың 10-да жазған хатында: «тағы бір наразылық яғни қазақ оқушыларның наразылығы Красноуфимскіде ауыл шаруашылық мектебінде туып отыр. Мұның себебі: мұсылман дәстүрін мүлде елемей, яғни шошқа етін асып беру, оқушыларға шошқа бақтыру, орыс балалармен бірге ғибрат еткізу деседі. Мұның бәрі ұнамсыз нәрсе ғой... Сондықтан әзірше іс насырға шаппай тұрғанда сонда барып, оқушыларға түсіндіріп, наразылықты жойғым келеді. Ал егер қажет болған жағдайда директордың өзімен де сөйлескім келеді» деп хабарлайды.

Мектептерде дін сабағын мүмкіндігін пайдаланып, қазақ балалары үшін «Шариятул-ислам» атты оқулықты жазған. Бұл кітап балалардың мұсылман дінінің қағидаларын игеруіне айтарлықтай үлес қосты.

Ыбырай Алтынсарин патша әкімдерінің отарлау, қазақтарды орыстандыру, шоқындыру саясатына барынша қарсылық білдіріп, ұлттық және діни наным-сенім тәрбиесін іргесін қалады.

Резюме

Статья посвящается юбилею, 170-летию казахского ученого-педагога Ы.Алтынсарина.

Summary

The article is devoted to the anniversary, the 170th anniversary of the Kazakh scholar-teacher, Y. Altynsarin.

ЕҢБЕККЕ БАУЛУ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДЕ МҰҒАЛІМДЕР МЕН СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ РӨЛІ

Ж. Түрікпен-Ұлы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Психологиялық-педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры

Ә.И. Бөлішекбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты

Пән мұғалімі оқыту – тәрбие жұмысының мақсаты мен міндетін өз бағдарламасында негіздеп алу қажет. Ол сонымен бірге қоғамдағы жасөспірімдерді өмірге және еңбекке даярлаудың жалпы міндетін шешеді.

Біздің еліміздің халық шаруашылығы бай әрі мол, жыл сайын оның салалары артуда. Жаңа мамандықтармен бірге әртүрлі салаларға мамандар даярлайтын мекемелер көбейе түсуде. Барлық мамандықтар (7000-ға) туралы айтып өту мүмкін емес.

Оқушыларды кәсіпті дұрыс таңдай білуге үйретудегі мұғалімнің міндеті:

- оларды мамандық пен еңбектің әртүрімен таныстыру;
- мамандыққа қызығуын, ерекшелігін, икемділігін біле отырып, оларды қоғамдық мәні бар еңбекке қалыптастыру;
- білімін одан әрі жалғастыру және жұмысқа орналастыру жөнінде оларға көмек беру.

Бұл талаптар мұғалімнің өз пәніне сәйкес кәсіптік бағдар жүргізуі үшін теориялық және практикалық даярлығын қажет етеді. Теориялық даярлық бәрінен бұрын білімнің мақсатын, кәсіптік бағдардың міндетін, психологиялық-педагогикалық мәселе негізінде оның әдістерін белгілі пәнді оқыту шарттарына сәйкес жүзеге асыруды қажет етеді.

Мектепте мұғалім кәсіптік бағдар беру жөніндегі білімді берілген мәселеге арналған семинарларға қатысудан, өкімет қаулыларын оқып-үйренуден, соған сәйкес әдебиеттерге талдау жасаудан алуы мүмкін. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде кейбір сұрақтарды шешуде мұғалімге мектептегі әдістемелік жұмыс, кәсіптік бағдар беру бөлмесі мен бұрыштары нақты көмек беруі керек.

Практика мұғалімнің белгілі пәнді оқытудағы кәсіптік бағдар беру әдістемесін әртүрлі шараларды (*әңгіме, кездесу, экскурсия*) өткізе білуін қажет етеді. Бұл үшін кәсіптік бағдар беру бөлмесінде таңдап алынған әдістемелік нұсқаулар әртүрлі мерекелер өткізудің жоспары мен жобалары болған жөн.

Әр уақытта мамандар құрастырған дайын кәсіптік мағлұматтарды табу мүмкін емес. Сондықтан әрбір мұғалім кәсіптік бағдар жөніндегі материалды жинақтаудың әдістемесін үйренуі керек. Бұл төмендегідей тізбекке жинақталуы мүмкін;

- а) оқушыларға бағыт-бағдар беруде, мектеп оқушыларында кәсіп түрлерін анықтау мақсатында және оқу бағдарламасын оқып-үйрену мен талдауда жүзеге асырылады;
- ә) кәсіптік даярлық бағдарламасын, кәсіптік-біліктілік мінездемесін оқу және талдау;
- б) мекемелердің, ұйымдар мен озық жұмысшылардың озат тәжірибелерін оқып-үйренуде;

Профессиографиялық карточкалар оқу пәндері бойынша жіктеледі. Оларды тәжірибелі мұғалімдер құрастырады. Олар үнемі жаңа материалдармен толықтырылып, озат тәжірибелер негізінде өңделеді. Бұл әрбір мұғалімнің еңбек өтіліне тәуелсіз кәсіптік насихат жүргізуіне, оны оқу пәндерінің мазмұнымен жоспарлы түрде байланыстыруға мүмкіндік береді.

Сабақ – оқыту үрдісінің негізгі түрі, сондықтан пән иесінің сабақ барысында кәсіптік бағдар беру материалын нақты пайдалануы оқушыларды мамандықты дұрыс таңдап алуға даярлаудағы бүкіл мектеп жұмысының сапасына байланысты болады. Ғылым негіздерін оқып-үйрену үрдісінде оқушылар білімінің әр саласында қызығуы қалыптасады. Мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі – оқушыларға белгілі бір пәнді терең әрі ынталы оқуға үйрету.

Мектептегі сабақтар кәсіптік бағытта жүру үшін пән иесі түсіндіретін оқу материалының бағдарламамен байланыстылығын, сонымен бірге оқу материалының оқушыларға орнықты әрі мағыналы әсер етуін қадағалайды. Әлеуметтік және ғылыми-техникалық сабақтар оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі түрі болып саналады. Ғылыми және идеялық жоғары деңгейде өтілген әрбір сабақ оқушыларға белгілі білім негіздерін беріп, ойлау қабілеті мен шығармашылық іс-әрекеттерін арттырады.

Химия, физика, биология, математика пәндерінің мұғалімдері сыныптан тыс жұмыстарда да білімді қалыптастыру үрдісін ашып, көрсетуге көбірек көңіл бөлу керек. Бұл үшін оқушыларды атақты оқымыстылармен, инженерлердің өмірбаян деректерімен таныстыру тиімді. Олардың өмірі мен шығармашылық ізденулері, қарапайым жұмысшының еңбегі адамды құнды бақылаулармен, тәжірибелермен байытатынын, оның жоғары дәрежедегі шығармашылық және әлеуметтік мәні бар ар-ұждандық қасиеттерді қалыптастыратынын көрсетеді.

Бағдарлама тақырыптарын оқытудағы пән мұғалімінің кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі түрлері мыналар:

- оқып-үйренетін материалмен байланысты мамандықтар туралы әңгіме;
- әр текті практикалық мазмұндағы есептерді шығару;
- теориялық конференцияларға, кештерге, олимпиадаларға қатысу;
- жоғары сынып оқушыларын еңбек бірлестігіндегі жұмыстарға қатыстыру;
- оқушы прогресстің қазіргі деңгейіне сәйкес келуге, осы ғылымның перспективалық дамуын түсінуге ұмтылу керек.

Жұмыстың түрін таңдап алу сабақтың түріне, материалға, оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты. Өтілетін тақырыпқа сәйкес мамандықтар туралы жаңа материалды түсіндіру, бекіту кезінде, не қорытынды сабақ кезінде айтуға болады.

Оқушылар әдеби кітаптар, ғылыми көпшілік әдебиеттер, күнделікті газет-журналдардан еңбек түрлері мен мамандықтар туралы мол хабар алады. Жоғарыда айтылғандар кәсіптік бағдар беруге ықпал етуі үшін оқушы оқығанын түсініп, сынап, бағалай білуі керек. Жалпы білім беретін мектептегі әдебиет пәнінің мұғалімі оқушыларға керекті әдебиетті таңдап ала білуге, анықтамалықтар және каталогтарды қолдана білуге үйретуі қажет.

Мектеп, базалық мекемелер және кәсіптік мектептердің (КМ) біріккен мәдени – көпшілік мерекелер мен спорттық кештерге көңіл бөліп, мән беретін іс-әрекеттері кәсіптік бағдар беру жұмысының құрамды бөлігі болғаны жөн. Олардың мазмұнын тек ойын-сауыққа ғана емес, кәсіптік мақсатқа да пайдаланған дұрыс. Тарихи орындарға экскурсиялар, туристік жорықтар, спорттық жарыстар оқушыларды – болашақ жұмыскерлерді еңбек ету парызын түсінуге, өз мамандығын шын сүйеге әрі құрметтеуге тәрбиелейді.

Бір пәннің немесе бір-біріне байланыссыз, әр түрлі пәндердің көлемінде адамгершілік – моральдық көзқарасты қалыптастыру мүмкін емес. Бұл үшін барлық пәндерді бір жүйеге біріктіру керек, сонда ғана белгілі бір сұрақтың мағынасын толық ашу үшін әрбір пәннен аралас ғылымдар көлемінде мәліметтер алуға болады.

Кез келген кәсіптік міндет бір-біріне ұқсас емес әртүрлі ғылым көлемінде қызметкердің арнайы білімі мен іскерлігін талап етеді. Жоғарыда айтылған білім мен іскерлікті қалыптастыру мектеп көлемінде әртүрлі конструкторлық-техникалық міндеттерді және ұтымды еңбек операцияларына негізделген міндеттерді шешу үрдісінде өтеді. Еңбекке

үйрену оқушыларға еңбек ету барысында ғылыми заңдылықтарды қолдана білуге және теориялық білімдерді іс жүзінде асыруға бағыт береді.

Пәнаралық байланыстарды пайдаланып, еңбекке оқып-үйрену барысында оқушылар конструкторлық-техникалық элементтерді, материалдарды пайдалана білуді, механикалық технологияны, еңбек мәдениеті мен өндірістік эстетиканы аңғарады, сонымен бірге еңбек ету барысында олардың физика, химия, математика пәндерінен білімі тереңдейді.

Гуманитарлық пәндерден мәліметтер алу оқушыларды еңбекке даярлау барысында зор рөл атқарады. Адамның жан сұлулығын әдебиет шығармаларында ашып көрсету оқушылардың пайдалы еңбекке психологиялық даярлығын қалыптастырады. Қоғамтану, тарих, экономикалық география оқушыларды әртүрлі формациядағы қоғамдық өндірістің әлеуметтік-экономикалық негіздері туралы білімдермен қаруландырады.

Мектепте кәсіптік бағдар беру тәжірибесі шебер кадрлар бар жерде оқушылардың кәсіпті өздері дұрыс таңдап алатынын көрсетеді. Мұғалімнің қазіргі кезеңдегі экономика, әлеуметтану, медицина, адам анатомиясы мен физиологиясы көлемінде білімі болуы керек, еңбек ресурстарының бөліну жүйесін, халық шаруашылығының құрылысын, кәсіптік бағдар берудің психологиялық-педагогикалық негізін, кей жағдайда кәсіптік бағдар беретін материалдарды іріктеп алуды жақсы білуі және оны оқу-тәрбие үрдісінде дұрыс пайдалана білуі керек.

Мектептің кәсіптік бағдар беру бөлмесінде пән мұғалімдері үшін төмендегі материалдардың болғаны қажет:

- Оқушыларға кәсіптік бағдар берудің міндеттері мен бағыттарын белгілейтін қаулылар;
- Кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша нұсқаулықтар;
- Республикада, облыста, қалада өткізілетін ғылыми-практикалық конференциялардың, семинарлардың, кеңестердің материалдары;
- Мектеп жоспарындағы кәсіптік бағдар беру жұмыстары;
- Сынып жетекшілерінің, тәрбиешілерінің, әдістемелік бірлестіктер жетекшілерінің жұмыс жоспарларының үлгілері;
- Әр жастағы оқушылармен өткізілетін сынып сағаттарына бағдар беретін әңгімелер, лекциялар тақырыптары;
- Мектеп пен базалық бірлестіктің (мекеменің) кәсіптік бағдар беруі үшін біріктіріліп жасалған жұмыс жоспары;
- «Мамандықты қорғау», «Ең жақсы мамандық» атты байқаулар пікірсайыстар өткізу жоспарлары;
- Әр жастағы оқушылар үшін сауалнама үлгілері;
- Кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша әдістемелік әдебиеттер.

Оқушылар үшін мамандық таңдау өте күрделі мәселе. Мектеп ұжымы ата-аналармен, қоғамдық ұйымдармен бірге оқушыларға еңбек тәрбиесін жүйелі жүргізіп отыруы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жалпы психология. Орыс тілінен аударылған оқу құралы. В.В.Богословский, т.б. редакциясымен. Алматы: Мектеп, 1980. Аудармашылар: Қ.Жарықбаев, Ж.Түрікпенұлы, К.Қойбағаров т.б.
2. Жалпы психология. Жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Білім, 1996. Авторлары: Алдамуратов Ә., Түрікпен-Ұлы Ж. т.б.;
3. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас (психология очерктері). Алматы: Мектеп, 1986.
4. Мұқанов М. Педагогикалық психология очерктері. Алматы, 1962;
5. Түрікпен-Ұлы Ж. Оқушыларды кәсіпке бағдарлау. Алматы: ҚазБаспа-КТ, 2004;
6. Жалпы психологияға кіріспе. Оқу құралы. Жауапты редакторы проф. С.М.Жақыпов. Алматы: Қазақ университеті, 2007;
7. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас (психология очерктері). Алматы: Мектеп, 1986.

Резюме

В данной статье рассматривается роль учителя и классного руководителя в профориентационной работе со школьниками.

Summary

In given article the role of the teacher and the class teacher to professional orientation work with schoolboys is considered.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ПЕН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҮЙЛЕСУІ

Ақтолқын Құлсариева -
филос.ғ.д., профессор, мәдениеттанушы,
Абай атындағы ҚазҰПУ
оқу ісі жөніндегі проректоры

Гендерлік саясат дәстүрлі санамен қабыспайды. Қабысуы мүмкін де емес, өйткені дәстүрлі сана түгелдей дерлік патриархаттық сана. Бұл сұрақ құлдық қоғам мен демократия қабысады ма деген сұрақ секілді. Қайдағы демократия құлдық қоғамда?!

Бірақ дәл осы жерде ойыннан от шығып кетпесін деп мен мынаны айтайын деп тұрмын – қазақтың бүгінгі қоғамы қатып қалған дәстүрлі қоғам деп кім айтты сіздерге? Біз не әлі күнге көшпелі тіршілік кешіп жүрміз бе, біз жапандағы жалғыз аралда тұрамыз ба әлде ХХІ ғасыр біздің жерді айналып өтті ме?! Ғасырға жуық кеңестік дәурен болмады ма?! Әлде қазіргі модернизация, әлеуметтік-экономикалық жаңғыру деген біз үшін жай дақпырт сөз бе?! Қазақ киіз үйін тастап топырақтан салынған үйге көшкелі бері дәстүр сан мәрте өзгергені мәлім.

Рас, қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың еңбек тәрбиесін бөліп қараған. Дәстүрлі мәдениетке үйлесімді құндылықтарға сай, қазақтар ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына баулып отырған. Ол түсінікті де, өйткені **табиғаттың ыңғайындағы ауыр еңбекке негізделген дәстүрлі қоғамда еңбек бөлінісі солай қалыптасқан:** тұз адамы және үй адамы, даладағы ауыр да қауіпті еңбек адамы және ұрпақ амандығын күйттеген үй тіршілігінің адамы. Патриархаттық санада қоғамдық, отбасылық өмірде әйел мен еркек рөлдерінің ара жігін ашып, ажыратып тастау орын алады әрі ол сол заманның қажеттілігінен туындаған заңды құбылыс.

Бірақ ол заман қайда қалғаны... Қазір тарихи сахнада ғылым-білім, техника-технология, бұқаралық ақпараттық құралдар заманы, сауаттылық заманы. Біліктілік заманында, кәсіби мамандану заманында бастапқы еркек пен әйелдің табиғи жаратылыс ерекшеліктерін ескерген патриархаттық еңбек бөлінісі де күрт өзгерістерге ұшырап отыр. Қазірде атам заманнан ер ісі болып есептелетін салада әйелдердің саны артып келе жатқандығын кім де болса мойындайды. Енді өздеріңіз қараңыздар – көлікті де жүргізу, ұшақты да басқару, тіпті, ғарыш кеңістігіне де жол тарту әйелдер үшін қиял емес, шындық қой?!

Дәстүрдің де жақсысы бар, жаманы бар, кертартпасы бар демекші... Заманға сай жаңашыл қатынастарды уағыздайтын салт-дәстүрлер қалыптастыруға болмайды деп кім айтты?

Ал ұлт ұғымын біз азаматтық ұстаным тұрғысынан талдайтын болсақ, онда гендерлік саясат қазіргі заманауи ұлттық тәрбиемен қабысары сөзсіз. Өйткені біз қазір егеменді ұлт қалыптастыру үстіндеміз әрі тағы қайталап айтамын – бұл тұстағы ұлт азаматтық мазмұнмен байытылған, яғни ұлт дегенде тек қаны қазақ туралы сөз қозғалып тұрған жоқ, ұлт дегенде қаны қазақ болмаса да ортақ мекен – Қазақстанның күйін күйттеген

азаматтардың барлығы туралы айтуымыз керек. Мысалы, француз дегенде оның ақ-қарасын ажыратып жатпайсың ғой, сол сияқты, қазақ дегенде оның қазақ-орысын ажыратып жатпайтындай күнге де жетеміз деп ойлаймын. Осы кездің өзінде шетелге барғанда Қазақстанның орысын ешкім орыс демейді, оған қазақ дейді.

"Гендер" деген бір ауыз сөз айтылса болды еркектердің құқына қол сұғылып, оларды әйелдер тұғырынан тайдырардай орынсыз өре түрегелу біздің қоғамда әлі де болса кездеседі. Гендерлік ізденістер тұрпайы түрде әйелді еркекке теңестіру үшін күрес қозғалысы сияқты қабылданады, сөйтіп, оның мүмкін еместігі жайында, жаратылыстан берілген өзгешеліктер барлығы жайында әңгіме басталады. Ол артық әңгіме. Ол біздің жаратылысымыз, одан ешкім қашып құтылмайды. Бұл күндері ол туралы да іркіле сөйлеген жөн, өйткені жынысын ауыстырып жатқандар қаншама...

Бірақ мәселе сол биологиялық тектің біздің тағдырымызды о бастан бағдарлап қояр-қоймастығында. Табиғаттан «мандайға жазып қойған» әлеуметтік рөлдер жоқ. Дүниеге «шыр» етіп келген нәрестелердің жыныс мүшелерінен басқаларының барлығы бірдей. Біреуіне басымдық, екіншісіне бағыныштылық сынды қасиеттерді дарытатын тәрбиелеу процесі жүреді. Гендерлік ізденістер соның түп-тамырын зерттейді, түсіндіреді.

Әрине, таза еркек жұмысы, таза әйел жұмысының болатындығы миға қонымды. Мысалы, қауіп-қатері мол, қол қауқарын қажет ететін мамандықтар әлі күнге дейін, жүз жерден техника күрделеніп, адам жұмысы жеңілдеп жатса да кездеседі. Мысалы, құрыш құюшы, жол жөндеуші, жүк тасушы, күзетші, т.т. Ол жерден әйел баласын кезіктіру екіталай – мейлі ол қаншама феминистік тәуелсіз санасы мықты әйел болса да әлі келмегенмен әлек болмайды ғой.

Бұл тұста бәрі түсінікті, ондай бөліністі ешкім де гендерлік дискриминация (жынысына қарап кемсіту) деп қабылдамайды. Ал енді **жыныстың физиологиялық мүмкіншіліктерімен шектелмеген салаларда**, мысалы, саясат пен басқару саласында әйелдердің өз орнын табуына мүмкіншілігі жеткілікті, өйткені ол жерде қара күш емес, біліктілік пен қабілеттілік қажет. Міне, дәл сол жерде гендерлік теңсіздік, гендерлік дискриминация белең беріп қалады.

Түсінікті болу үшін айтып кетейік, бірінші жетекшілікте, үлкен саясатта әйелді көргісі келмейтін еркектер тым көп. Олардың түсінігінде әйел тым енжар, тым сезімтал, тым көңілшек, тым ашық... Ал бастық болу үшін белсенді, тәуелсіз, өзіне аса сенімді, адуынды, қайратты болу қажет деп біледі. Сондықтан шығар, саясат пен басқару әзірге жаулықтылардың емес, шекпен-шалбарлылардың еншісінде болып тұр. Соңғы бір мәліметтер бойынша, бізде шамамен ерлердің 80 пайызы, ал әйелдердің бар болғаны 20 пайызы ғана саясатта көрінеді. Теңсіздік пе? Теңсіздік. Ал Президент қол қойып, 2005 жылы қабылданған гендерлік саясат бойынша ол көрсеткіш 30 пайыз болуы тиіс еді.

Замануи талаптарға жауап берерлік қатынастарға ешкімнің өз бетімен бара қоярлық құлқы жоқ екенін білгендіктен, қоғамның әйелдердің, ең болмаса, әлеуметтік-құқықтық қорғалуын жақсарту талаптарын тіке қойғаны жөн деп ұғамын.

Жалпы біліктілікті қажет ететін саясат саласында қара күш те, шаруашылыққа ыңғайлылық та маңызды емес қой, өйткені жыныс адамның хас шеберлігі, білікті нағыз маман болуына еш кедергі етпейді ғой. Соны іс жүзінде дәлелдеп беріп отырған озық елдер де баршылық. Бәрімізге белгілі, ат төбеліндей ғана тұрмыс тіршілігі мықты, дамыған елдерде ғана, әсіресе, Скандинавия түбегінде саясаттың, басқару ісінің ірі тұлғалары арасынан әйелдерді көптеп кездестіруге болады. Ол – санадағы түбегейлі төңкерісті қажет етері сөзсіз. Ол үшін отбасынан тысқары жерде өзін көрсете білу, өз әлеуетін жүзеге асыру тек еркекке жарасты деп түсінегін патриархаттық санадан арылып, біліктілігі, қайрат-қуаты жетсе әйелге де орын бар деген кеңшілік қажет.

Жеке өз басым жыныстың биологиялық айырмашылықтарын қоғамда және отбасында әйелді еркекке басыбайлы етіп беру құралына айналдыруды қабылдамаймын. Талабы бар, біліктілігі жеткілікті әйел баласы әйел болып туылғандығы үшін ғана шеттетілуі тиіс пе?!

Соған сай орынды білімі де, қабілеті де жеткіліксіз, бірақ әйтеуір шалбар киіп жүр ғой деген ер адамға беру әділет пе?!

Сонымен, гендерлік тақырыптың негізгі мәселесі – ешкімді, оның ішінде, әйел баласын да, жынысына ғана қарап кемсітуге, қор санауға болмайтындығы. Ол екі жыныс өкілдері үшін де, яғни әйелге де, еркекке де бірдей маңызды, ол – қос жыныс өкілдерінің келіссөз стөліндегі тең диалогы деп түсінемін.

Әйел эмансипациясы - әйел болмысының өзгеруі

Бұл тақырып әйел болмысының қоғам мен мәдениет қойнауында болып жатқан күрделі жаңашылдықтар негізінде өзгеруінен туындаған тақырып. Тіршілік тынысы өзгерді, заман өзгерді, ал сана консервативтілік (керек десеңіз, кертартпалық) танытады.

Осы біз әлеуметтік теңсіздікті: қаржылық, мүлікті теңсіздікті азайту, тіпті, болдырмау үшін күресеміз дейміз. Сол **әлеуметтік теңсіздіктің бір түрі – гендерлік теңсіздік** екенін екінің бірі біле бермейді немесе оны еріккеннің ісі деп байқағысы келмейді. Қандай да бір мәселенің бар екені мойындалып, ол туралы дискурс жасалғанда, яғни ой қозғап, әңгіме етілгенде ғана сол мәселені шешу жолдары бірден табылмаса да, бедерленіп анықтала басталатыны белгілі. Әйелді жынысына қарай кемшін санау немесе оны тек еркек ләззатының объектісі деп затқа айналдыра қарау, соған сай қатынастар құру, соған сай дәстүрлердің болуы, соған сай БАҚ қызметі (жарнамалардағы, фильмдердегі жалаңаш әйел бейнелері) және т.б. Ал әйел зат емес – керек кезінде пайдаланып, керек емес кезінде зат сияқты жаңарағына ауыстыра салатын. Әйел де адам баласы.

Осы көтеріліп отырған гендерлік теңсіздік мәселесі дәл бүгін шешімін таба қояды деуден аулақпын, өйткені мыңдаған жылдар бойы адамзат мәдениетінде қордаланған, оның тілі мен салт-дәстүрлерінде шегеленген дүние қоғамдық сананың оған деген байыпты да терең көзқарастар арқылы жүйелі өзгеріске ұшырауын талап етпек.

Гендерлік саясатты бүкіл демократиялық үрдістерден көз жазбаған, озық дамыған, бәсекеге қабілетті елдердің барлығы да ұстанады. Гендерлік теңдік мәселесін өз саясатының күн тәртібінен түсірмей, тек қана сөз жүзінде айтып қана қоймай, іс жүзіне асырып отырған скандинавиялық елдер (Швеция, Финляндия, Норвегия және т.б.), Еуроодаққа кіретін елдер әлемдік аумақтағы көптеген көрсеткіштер бойынша ең озық дамыған елдер. Ендеше, әлемдегі озық 50 елдің қатарына кіреміз десек, интеллектуалды ұлт боламыз десек, бізге де байыпты гендерлік саясат қажет. Ұлт тек қана еркектерден тұрады немесе интеллект тек қана еркектің маңдайына жазылыпты деп, шүкір, ешкім бетбақтана қоймас деп ойлаймын.

Көбіміз, дәстүрге сай, әйелдің орны – от басы, ошақ қасы деп анықтаймыз. Солай болғанын ерлер қалайды да, бірақ үйдегі отырған адамның еңбегі көзге көрінбейтіндігі, әлеуметтік мәртебеге ие болмайтындығы, жалақы төленбейтіндігі – заңды нәрсе сияқты қабылданады, сондықтан "ақшатапқыш" еркектер өзінің экономикалық үстемдігін пайдаланып, әйелін басыбайлы құлындай көреді. Бәрі демейін, арасында көзі ашықтары, өресі биіктері де бар шығар, дегенмен, көбі... Бұның бәрі де әйел баласының өзін өзі сыйлауына, өзіне өзінің сеніміне нұқсан келтіреді. Әйелде жеке бас қадір-қасиеті жоқ сияқты, ол тек өзінің күйеуі мен балалары үшін өмірін құрбан етуі керек сияқты, ал әлгілер соны заңды, қалыпты жағдай деп қабылдауы керек сияқты.

Әйел жұмыс істеймін деп бала тәрбиесін ұмытты деп қаралайтындар мәселенің тереңіне үңілді ме екен? Рас, "үйде отыратын әйелдер" де, "жұмыс істейтін әйелдер" де біртекті емес. Қазақша айтқанда, "біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді" кері. Мұнда жанұяның ауқаттылығы, діни көзқарастары, көрген тәрбиесі, әлеуметтік қамқорлық деңгейі, балаларының саны мен жас мөлшері – бәрі-бәрі маңызды рөл атқарады. Біреудің жұмыс істемей-ақ бала-шаға қасында отырғысы бар шығар, бірақ жағдайы көтермейді, келесісі, керісінше, бәрі жеткілікті болған күннің өзінде кісендеп қойсаң да үйде тұрғысы жоқ. Ал жұмыс істейтін әйелдің күйі де жетісіп тұрған жоқ. Бірінші "сменаны" жұмыста атқарып келіп, екінші сменаны үйінде жасап тынады.

Қаражаттық басыбайлық, үй жұмысының әлеуметтік мәртебесінің төмендігі, кейбір "ұр да жықтардың" ұзын жұдырығы, меніңше, әйелді өшірмесе, өсірмейді. Ендеше, адами парасаттылыққа салып, соның қазіргі заман төрінде жөн еместігін түсініп, әйелге қырын бермей, оның бойынан аспазшы мен кір жуғыштан бөлек тұлғалық қасиеттерді құрметтейтін заман туды деп білемін.

Гендерлік теңдік, гендерлік баланс сарынындағы осындай ойлар терең түсінген адамға адам құқығымен астасып жатыр ғой, одан қоғам ұтылмайды, ұтпаса.

Ендеше, оған ер кісімен теңдей қарау керектігін алға қоятын мәселенің терең түбінде – барлығына бірдей өз бойындағы тұлғалық әлеуетті көрсете алатындай әлеуметтік мүмкіншілік беру мақсаты тұр. Керек десеңіздер, гендерлік саясат – елдің демократиялануының бір тетігі. Қызыңнан өз жеке басының шешімін қабылдай алатын тұлға тәрбиелеп шығасың ба әлде жасық та жалтақ үй қызметшісін даярлайсың ба – ерік жалғыз өзіңде ғана емес, сені қоршаған мәдени-әлеуметтік шындықта да болып тұр. Мәселенің тереңі міне осында жатыр.

Резюме

В статье рассматривается совместимость гендерной политики и национального воспитания.

Summary

This article discusses the compatibility of the national gender policy and education.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ ҰЛТ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ

**Сейсенбаева Ж.А. - ф.ғ.к.,
Жаңартпа технологиялар
және білім беру мазмұнын
ҒЗИ-ның бөлім басшысы**

Гендерлік саясаттың бүгінгі қоғамдағы ролі туралы екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарас қазақ халқы ешқашан әйелдерді қоғамнан аластатып, тұмшалап ұстамаған. Өткен тарихымызды дұрыстап қарасақ, қазақ әйелдерінің басты мақсаты – сүйікті қыз, адал жар, аяулы ана, асыл әже атану. Қазақ жұртының ұстанған салт-дәстүрінде әйелдерге деген ұстаным шариғаттан алшақ жатқан жоқ. Кемсітушілік, қорлау, мүсіркеу қазақ елінің діліне мүлдем жат қылық болып саналған. Қызды еркелетіп, әлпештеп өсірген, болашақ ана деп қастерлеген. Айғаным, Зере, Ұлпан секілді аналарының ақылын тыңдап, ой-тұжырымдарымен бөлісіп отырған. Билігіне бағынып, бітіміне көнген. Бірақ осы аналарымыз тайраңдап төске өрлемеген. Ер азаматтарды бағалап, қадіріне жете білген. Сол себепті де әйел табиғатының билікке ұмытылып, ер адамдармен теңдікке ұмтылуы қазақ елінің менталитетіне, тәрбиесіне дұрыс келмейтін қағида деп түсінетін ұғым қалыптастырған көзқарасты қолдайтындар қатары. Гендерлік саясат дегеніміз – әйел мен ер адамды теңестіріп, **затының қолына билік беріп, отбасы ошақ қасынан алыстату деген ұғымдағы түсінікте қарайтындар.**

Екінші көзқарас гендерлік саясат ұғымы тек әйел баласының мүддесін көздеу ғана емес деген тұжырымды қолдайтындар. Ол көзқарасты қолдайтындар гендерлік саясат негізінде ер мен әйелдің бір-бірін әріптесім, теңім деп қарауы, кез-келген істі бірлесіп атқаруы, қоғамдағы, отбасындағы теңдік пен түсінушілік деп ұғынатындар. Осы көзқарасты негізге алушылар бұндай түсінік жалпы қазақ халқының жаратылысынан келе жатқанын алға тартады. Бұл саясатты қазақ халқының жаратылысында болмаған батыстың үлгісі деп қарауымыздың өзінің қателік екендігін тарихи мысалдармен дәлеледейді. Ел басқарған бабаларымыз аналарымен, жұбайларымен ақылдасып ел мәселесінің шешіп отырған

жайттар тарих беттерінен белгілі. Қазақ әйел мәртебесін әрқашан жоғары қоя білген халық. Есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі – Домалақ анна мен Бәйдібек бабамыз ел шаруасын да, отбасы мәселелерін де келісіп шешіп отырған. Әйгілі Мөңке бидің “Әйеліңмен дос бол, үйіңнің берекесі кіреді” деген нақылын, Әз-Жәнібек ханның тұсындағы Жиреншенің Қарашаштың қара басын қара орманға балағанын, Қазыбек бидің “Аймалайтын анаң қымбат, мейірімді апаң қымбат” деген кесімді сөздері халқымызда әйел затын ер азаматтардың қадір тұтып, қастерлеп бағалағанына көз жеткіземіз. Абайдың әкесі Құнанбайдың да көп жайттарды анасы Зере мен жұбайы Ұлжанның пікірмен санасып, ортақ мәмілемен келісіп отырғаны белгілі. Қазақтың «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген мәтелі де осы сөзімізге орайлас айтылатын сынды. Енді, одан бері тарих беттерін парақтар болсақ, “Алашорда” қозғалысының қайраткерлері азаматтар жынысына қарамай өз құқығын заңды саяси талаптар арқылы қорғауы мәселесін көтеріп, әйелдердің саяси құқығы ерлермен тең болуға тиісті деген қаулы қабылданғаны белгілі. Ұлы Отан соғысы кезеңінде ерлермен қатар, отанын қорғауға ерлермен бірдей аттанып ерлік көрсеткен қазақ қыздары Мәншүк пен Әлия еңбегін қайда қоясыз. Ер азамат пен әйел адам бірінің ісін бірі реттеп ортақ мәмілемен қоғамда өзіндік болмысын қалыптастырса яғни, екеуінің күші біріккенде ғана жасампаздық пайда болады.

Міне, осындай фактілерді негізге ала отырып, қазақ қоғамында гендерлік мәселенің болғаны, ол бүгінгі таңда өз деңгейінде бүгінгі қоғам сұранысына сай жалғасып жатыр деген көзқарасты алға тартушылар қатары.

Қоғамдағы орын алған осындай екі көзқарастарды алға тарта отырып, гендерлік саясаттың бүгінгі ролін анықтап алуымыз қажет. Бұл дегеніміз ұлт тәрбиесінің қалыптасуына тікелей әсер ететін факторлардың бірі.

Елімізде соңғы жылдары гендерлік саясаттың дамып, қоғамдағы рөлі айқындалып, мемлекеттік деңгейде қарастырылуы қоғамға осы саясаттың қажеттілігінің айқын дәлелі іспеттес.

Гендерлік саясаттың қазақтарды қайда апаратынын талқыламас бұрын «гендер» мен «теңдік» дегеннің аражігін ажыратып алған дұрыс. Батыстан енген «гендер» ұғымы екі жынысты көрсетеді. Ал, жыныстың өзі биологиялық және әлеуметтік болып бөлінеді. Міне, гендер дегенде, біз биологиялық емес, әлеуметтік жынысты айтамыз. Мұнда әйел еркектің орнын басқысы келмейді, керісінше өз құқықтарын қорғап, білімі мен біліктілігіне, қабілетіне қарай қоғамның дамуына, экономиканың алға қарыштауына ер азаматтармен қатар өз үлесін қосқысы келеді.

Гендер дегеніміз - бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы. "Gender" сөзі ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек, әйел) дегенді білдіреді. Ал, гендерлік саясат - қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.

Еліміздегі өзекті проблемаға айналған гендерлік саясаттың өзектілігін айқындап, қоғамдағы маңызын қарастыруға және отбасылық-демографиялық саясатты жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия қызмет жасауда.

Осы тұрғыда гендерлік саясаттың рөлі әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу және ұлт тәрбиесіндегі ер адам мен әйел адамдардың ролін айқындау боп табылады. Елбасымыздың "гендерлік теңдікке қол жеткізудің 2006-2016 жылдарға арналған стратегиясы" Жарлығы бойынша ерлер мен әйелдерді қоғамның барлық саласында теңестіру қарастырылып отыр. Гендерлік теңдік стратегиясында мемлекеттік басқару органдар арасындағы әйелдер өкілеттілігін 30 пайызға дейін көтеру міндеті қойылған.

2000 жылғы қыркүйекте өткен Мыңжылдық саммитінде әлемнің көптеген елдерінің лидерлері Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық декларациясын қабылдады, оның сегіз мақсатының бірі **гендерлік теңдікті** қолдау болып айқындалған.

Бұл мәселеге БҰҰ Бас ассамблеясының "Әйелдер 2000 жылы: әйелдер мен ерлер арасындағы теңдік, ХХІ ғасырдағы даму және әлем" атты 23-ші арнайы сессиясы арналды. Осы сессияға қатысушы үкіметтерге әйелдердің өмірдің барлық салалары мен барлық деңгейлеріне тең қол жеткізуін және толық ауқымда қатысуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды.

Жоғарыда аталған іс-шаралар негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы №1190 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы» қабылданды. Тұжырымдама Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттарын, басымдықтары мен міндеттерін белгілейді.

Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу жатқызылады.

Қазақ әйелі бүгінде заман дәрежесіне сай қайраткерлік жасампаздық дәрежеде жетті десек қателеспейміз. 20 жылдық тәуелсіздік кезеңінде саяси аренада, мемлекеттік басқару саласында талай аруларымыз дара тұлға ретінде, қайраткерлік дәрежеде қызмет жасауда. Іскерлік әлемінің тамаша тәжірибесінен өзіндік қолтаңбаларымен еліміздің даму кезеңіне ықпал етуде. Экономикалық - саяси тұрғыдағы әйел мәртебесінің гендерлік саясат негізінде теңдестірілуі - еліміздің жан-жақты дамуына, заманауи қазақ әйелінің – басшы, бизнес-вумен, өндірістік, ғылым, шығармашылық және т.б. салалар қызметкері имиджін жандандыруына және позитивтендіруге, ынталандыруда жаңа биіктерге жеткізу жолы.

Статистикаға жүгінсек, бүгінгі таңда барлық педагогтардың 73 пайызы, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің 87 пайызы әйелдер болып табылады. Барлық бюджеттік сала қызметкерлерінің 60 пайызы әйелдердің үлесінде. Мемлекеттік басқарудың барлық жүйесі көп жағдайда олардың кәсібилігінің арқасында жұмыс істеп тұр. Тәуелсіздік жылдарында ондаған әйелдер министрлер және мемлекеттік органдардың басшылары болып тағайындалды. Жүздеген әйелдер Парламент пен мәслихат депутаттары болып сайланды.

Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілетіндіктен отбасылық тәрбиеге ерекше назар аудартуды қажет етеді. Жасыратыны жоқ, бала тәрбиесі көбіне аналарға жүктеліп, одан әкелер сырт қалып жатады. Тек ана тәрбиесін көрген бала ертен ел қорғар азамат бола алады ма? Осы тұрғыда әкелердің отбасындағы бала тәрбиесіндегі ролін айқындап, оны қоғамдық мәселе ретінде көтеруіміз қажет. «Әке - асқар тау» деген дана халқымыздың нақыл сөзін естен шығармағанымыз абзал. Демографиялық мәселені шешуде басы қарайтын жайт үй шаруасында бала тәрбиесімен айналысатын әйелдердің мәртебесін қоғамдық пайдалы еңбек деп қабылдау қажет. Бұл әйел қауымының тұтас ұлттың тәрбиешісі болу деген ізгі ой. Осының барлығының түп мақсаты – қазақстандық отбасының ұлттық моделін қалыптастыруды негіздеу. Отбасылық құндылықтарды насихаттау және серіктестік негізделген үлгілі отбасылық қарым-қатынас мәдениетін ілгерлету мәселелеріне мемлекеттік тұрғыда қолдау көрсетілсе. Бүгінде гендерлік саясаттың даму белестеріне арналған біраз жұмыстар атқарылуда. Бірақ, біз жоғарыда айтып өткен көзқарастың қалыптасуына да қоғамда осы тақырыпта жасалынып жатқан жұмыстардың өз деңгейінде еместігіне көз жеткіземіз. Ендеше, Гендерлік саясат туралы ЖОО-да элективті пән ретінде ендірілсе. Немесе, бүгінгі оқу бағдарламаларының құрамында гендерлік саясатты

айқындайтын оқу материалдары қамтылса. Бұл - қоғамдағы гендерлік саясат туралы біржақты көзқарастың қалыптасуына негіз болады.

Сонымен ғылыми мақаламды Қазақстанның әлемдік беделіне өзіндік үлес қосатын, ынтымақ пен бірлікті ту етіп ұстанатын ұрпақ тәрбиесі ер мен әйелдің домбыраның қос ішегіндей жарасымды үйлесімінен, яғни елімізде гендерлік теңдік саясаттың халықтық тұрғыда қолдау табуынан, отбасының бүгінгі береке-бірлігінен бастау алады деп аяқтамақпын.

Резюме

В статье рассматривается роль гендерной политики в обществе и ее актуальность в воспитании общества.

Summary

The article explained the role of gender politics in the society and its relevance in the education community.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ

Ноябрь Кенжеғараев -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
«Ұлттық тәрбие және өзін-өзі
тану» кафедрасының
доценті, ф.ғ.к.*

Қазақ өркениеті тарихында гендер мәселесі айрықша орын алатын тақырып. Исламға дейінгі түрік өркениетінде адам болмысының табиғатына жақын қағидаттар орындалғанын еске алсақ жеткілікті. Исламды қабылдағаннан кейінгі дәуірлерде түркілік дәстүр біраз деформацияға ұшырағанымен, негізгі қағидаттары кейінгі дәуірлерге трансформацияланды.

Дәстүрлі түркілік таным, яки исламмен көмкерілген көшпенділік заңдылықтары басыңқы болған қоғамда ортодоксалді діни қағидаттар отырықшы исламдық елдердегідей кең құлаш жаймады. Орта ғасырлардағы түрік ғұламалары Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауи, Ахмет Йүгінеки, Хорезми, т.б. еңбектерінде отбасы және отбасылық құндылықтар, неке, махаббат, т.б. құндылықтардың сөз етілуі ерекше назар аударатын мәселе. Ер мен әйел адамның арасындағы сүйіспеншілік, махаббат, ғашықтық мәселелері сөз етілген ортада гендер мәселесінің табиғилығы жүзеге асатындығы анық. Ал отбасы құндылығы мен неке, махаббат пен сүйіспеншілік іске асқанда гендерлік теңдік пен келісім, түсінік пен сыйластық ту етіледі. Мәселенің екінші қыры қазақ-түркі мәдениеті тарихындағы ғұламаларымыз көңілдегі көркем ойын жарыққа шығаруы мүмкін, демек осылай болуы керек, осылай болса шіркін деген идеядан, арман-мұраттан туындайтындығын да жадта ұстаған жөн. Көркем шығармашылықтың үлгі, насихат, ақыл-кеңес тұрғысында айтылатын тұстары да жоқ емес.

Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар шығармашылығында да отбасы, отбасы құндылықтары, неке, махаббат, сүйіспеншілік қасиеттері үнемі жырланып отырды. Бұл ел қорғаған ер адамдармен қатар, әйел затының да ұлықталып, құрметке ие болып, гендерлік теңдік орнап отырғандығының көрінісі. Қазақтың халық ауыз әдебиетінде бір ғана неке және отбасына байланысты тұрмыс-салт жырларының ондаған жанрларының ғасырлар бойына ұрпақтан ұрпаққа беріліп, өмір сүруі де осының айғағы. Отбасы мен неке құрметтелмесе, отбасын құру, үй болып, отау болу, жар сүю, перзентті болу дәріптелмесе, жыр мен салттың осыншама түрі туар ма еді, сан ғасырлар бойы қолданылып, сақталар ма еді. Арғы тегі түріктен, бергі қазақ хандығынан қазақ ұлты гендерлік саясатқа табиғи, объективті баға берген ұлт ретінде қалыптасты.

Ұлтымыздың гендерлік жүйесіне аздап деформация енген тұсы XIX ғасырдың іші. Орыс отарына айналған қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан саяси жүйесі өзгергеннен кейін, түрлі әкімшілік-аумақтық өзгерістер жүзеге асты. Қазақ халқының ежелгі көшпенділік ішкі миграциясы өзгеріске ұшырады. Халық жартылай отырықшы үрдіске ойысты. Болыстық жүйе өмірге ендірілгеннен кейін, отаршылардың қолдан жасап тудырған халықтың менталитеті мен психологиясында, мінез-құлқында деформациялар пайда болды. Күншілдік, араздық, өтірікші-өсекшілік, дүниеқоңыздық, мақтаншақтық, даңғазалық, нәпсіқұмарлық деген қасиеттердің кең құлаш жайып, қарқындап өсуіне жағдай жасалды. Ғалым М.Мағауин қазақ менталитетінің мұндай өзгеріске ұшырауын жоңғар шапқыншылығы, Ақтабан шұбырындымен, қазақ жеңілістерімен байланыстыратын тұсы бар [1]. Қалай десек те, жоңғар шапқыншылығы мен соның зардабынан орыс аюының аузына кірген өзіміздің әрекеттерімізден, кейінгі тұста ел этнодеформацияға ұшырағаны ақиқат. XIX ғасырдың орта тұстарында Ресей империясының қазақ халқын «соқыр дін» арқылы қараңғылықта ұстап, басқарып отыру саясатына байланысты ел ішіне енген татар-ноғай молдаларының да саяз дінді насихаттауы ел ішінде жағымсыз әрекеттердің тууына алып келді.

XX ғасырда Қазан төңкерісінен кейін басшылыққа келген коммунистік өкіметтің ұрандатқан негізгі қағидаттарының бірі әйел теңдігі, әйелдердің бас бостандығы мәселелері болды. Пролетариаттық сананы насихаттау барысында дәстүрге айналған асыра сілтеушіліктің екпінімен қазақ тарихында әйел құлдың, күннің күнін кешкендей таным қалыптастырылды. Әйел теңдігі тақырыбына, әйелдің сезім бостандығына ие болмауына, әйел құқығының бұзылуына байланысты жазылған көркем шығармалар аса көп насихатталды. Әдебиеттің таптығы арқасында әйел теңсіздігі тақырыбына терең көңіл бөлініп, осы тақырыпты қаузап жазуға басымдық берілді, кейінгі тұста төңкерістің арқасында теңдікке жеткен қазақ әйелі бейнесін сомдау жүктелді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы түрлі отаршылдық саясаттың салқынына ұшырап отырған қазақ қоғамының гендерлік мәселеде нақты диагнозын қоя білген адам – Абай Құнанбайұлы. Ақын өзінің дидактикалық, педагогикалық, әлеуметтік дискурстарда жазылған бірнеше өлеңдерінде, сондай-ақ қара сөздерінде гендерлік мәселені тілге тиек етеді.

Кеңестік дәуір тұсында Абай шығармаларындағы әйел мәселесі едәуір сөз етілді. Ақын поэзиясын талдаған еңбегінде академик М.Әуезов бұл мәселеге терең көңіл бөледі [2]. Академик С.Мұқанов «Абайдың әйел туралы көзқарасы» деген зерттеу, басқада зерттеушілер мақалалар жазады.

М.Әуезов «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңін талдай келе ер адамның әйел адамға деген қарым-қатынасының қандай болу керектігіне байланысты ақынның айтқан ойына баға береді: «Үлкен достықты, шын мағыналы тұрақтылықты жас жігітке ең әуелі өзінің жары мен үй іші тірлікте мақсат ету қажет екенін айтады. Әйелің, құрбың – барлығын да адамгершілікпен дос ете біл дейді. Қазақтың әйеліне арналатын кейінгі адамгершілік, әділет, моральдық ойларының басын осы өлеңде бастайды. Абай қазақ әйелінің орнын жаңаша, өзгеше бағалайды. Өмір мағынасы мен көркі достықта болса, соның ең бір жарастықты асыл ұясы үй ішінде басталу керек дегенді айтады» [2, 118].

Сондай-ақ осы өлеңде Абай қозғаған гендерлік теңдік мәселесі де орын алады. Махаббат, отбасы мәселесінде толық үйлесімділік, теңдік болу керектігін баса айтады. Махаббат - ер мен әйелдің арасында теңдік болған жағдайда ғана орнайды және махаббат теңдіктің символы іспеттес. Отбасы берік, тату болып, толыққанды ұрпақ тәрбиелеу үшін еркек мен әйелі арасында аяулы сезім, ғашықтық, махаббат болу керектігі айтылады, сонда ғана отбасында бақыт орнайды дейді:

Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржаң суық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса, рияз үстіндегі үй.

Жоқ болса қатыныңның жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі.
Майысқан, бейне гүлдей толықсыған,
Кем емес алтын тақтан жар төсегі [3, 65].

Патриархалдық-феодалдық қоғамда орын алып отырған кейбір жағымсыз жәйттерді Абай 1896 жылы жазылған «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңінде жазады. Әйел теңдігі мен оның құқығы әлеуметтік контексте терең ашылып суреттеледі. Өлеңнің басында кәрі ханға тиюден бас тартқан қыздың өлімімен аяқталатын аңызды суреттей отырып, ақын әрі қарай қазақ қоғамында орын алып отырған оқиғаларға байланысты бағасын береді:

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке көнер ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанменен қатын емес.

Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махаббат жоқ,
Тұсап қойып қашыра бұқа ма екен? [4, 9].

Осы өлеңге байланысты М.Әуезов мынадай пікірлер айтады: «Осы тәрізді бірнеше шумақтарда Абай анық қазақ әйелі көретін қорлық пен зорлықты айтады. Бірақ сыңар жақ айтады. Абай заманында қазақ әйелінің көретін теңсіздік қорлығының ең ауыр дертті түрі жас әйелдің кәрі күйеуге тиюі, оның үстіне көп әйелдің бірі боп, тоқал боп тиюі екені рас. Бірақ, ол күндегі әйел қорлығы осы ғана ма екен?

Әменгерлік, жастай құда болушылық, жалпы малға сатып алушылық, жастары тең болғанда да сүймегенге берушілік, осы сияқты толып жатқан әділетсіздік дерттері, сан сорақылықтары Абайдың осы өлеңінде түгел айтылмайды. Көбінше, өлеңдегі ой, өзінің сыншылдық зәрін жас айырмасына ғана арнағандай болады» [2, 163-164]. Ұлы Мұхтар, Абай өлеңінің сыны деп айдар таққан мәселелері, шынында да тек жағымсыз, кері жағдаяттар ма? Абай, Мұхтар айтқан жағдаяттарды неліктен назарынан тыс қалдырып отыр? Абай халықтың ғасырлардан келе жатқан дәстүрін мансұқтауға неге асықпады? Дана Абай қазақтың әменгерлік пен құда түсу салтын мансұқтамауында үлкен мақсат, ой жатқан сынды көрінеді. «Жесір ерден кетсе де, елден кетпес» деген әменгерлік дәстүрдің төркінінде туыстық жақындық, жетімін жетімсіретпейтін, сыртқа жаутаңдатпайтын қамқорлық жатты. Кеңестік саясаттың, асыра сілтеудің арқасында әменгерлік дәстүрін түп-тамырымен жойдық. Алайда соның арқасында жалғыз басты аналар, жетім өскен балалар, тастанды балалар, көкек аналар, бетімен кеткен девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік кедей отбасы деген мәселелердің нөпіріне кенелдік. Рулық-туыстық байланыстар өте мықты болған заманда өмір сүрген Абайдың танымында таразыға түскен бұл мәселелерге ойшылдың төзімділікпен, жақсылық пен әлеуметтік, тәрбиелік астарын ескере отырып, қазылықпен түйген ұстанымы деп бағаланса керек. Әрі қарай М.Әуезов Абай өлеңінің идеялық жаңашылдығын бағалап өтеді: «Әрине, Абайдың заманы үшін оның осы өлеңінің өзі де өзгеше тарихтық бағасы бар өлең екенін ұмытпау керек. Шеттен тисе де қазақ әйелінің ол замандағы мың батпан болған ауыртпалық халін гуманистік, сыншылдық тұрғыдан қарап, ең алғаш рет өз елінің әдебиетінде сөз қылушы Абай ғана.

Бұл орайда қазақтың фольклорында кездесетін ғашықтық трагедияларын әйел халі туралы айтылған үлкен сыншылдық шығармалар деп санауға болмайды. Оларда салттан туған ерекше жайларды, қайғылы күйлерді шер ету ғана бар. Бірақ сол салттың өзін сынау жоқ. Абай болса, қазақ әдебиетінде ең бірінші рет үй ішілік, тұрмыстық құрылыс негізіне шабуыл жасайды» [2, 164]. Ғалым С.Қирабаев Абайдың бұл өлеңін орыс әдебиетімен байланыстыра отырып зерттейді: «Өлең тақырыбы қазақ өмірінің шындығынан алынса да,

оған сол кезде Абай ден қойған орыстың демократтық реалистік әдебиетінің әсері болғаны байқалады. Өлеңнің идеясы мен шешімі А.Н.Островскийдің «Найзағай» пьесасы мен оны талдаған Н.А.Добролюбовтың «Қараңғылық патшалығындағы жарық сәуле» атты сын мақаласындағы ойларымен үндеседі. Абай да суға құлап өлу арқылы қыздың әділетсіз қорлықтан құтылуын құптайды» [5, 177].

Ақын Абай өз шығармашылығына тән аса сезімталдықпен, терең психологизммен осы өлеңде ерлі-зайыптылардың арасында, жасы алшақ ерлі-зайыптылардың арасындағы аса шетін интимдік детальдар арқылы физиологиялық ерекшеліктерлі ескерте отырып, мәселенің педагогикалық, этикалық тұсына көңіл аудартуды көздейді. Махаббат, отбасын құру, неке мәселесінде жеке адамның, тұлғаның құқығы сақталуы керектігін сөз етеді.

«Масғұт» поэмасында жігіттің қызыл алманы жеп, әйел жанды серіктікке таңдауына ақын былайша түсінік беріп өтеді:

Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?
Бойында тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма? [4, 137].

Демек, адам әйел адам арқылы ғана шынайы бақытты бола алады деген пікірді айтады. Сондықтан да оны өзіңмен тең көріп, сыйластық, түсіністік қарым-қатынаста болуға шақырады.

Ал отбасы қатынасында Абай еркек және әйелдің міндеті мен құқығы тең екендігін, екеуінің де жауапкершілігі бірдей екендігін айтады. Әсіресе, бала тәрбиесінде ата-ананың тәрбиесі ортақ. Әйел ертең ана атанады. Ал Абай әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен деп, олардың болмағы хауас салым, тән саулықтан, одан кейін жасы ата, жақсы анадан, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады дейді емес пе? [4, 189]. Ақын әйелге болашақ ұрпақты дүниеге әкелітін, махаббатқа бөлейтін, бала тәрбиелейтін тұлға ретінде қарауды ұсынады. Абай тек гендерлік теңдік, әйел құқығы мәселесімен шектелмей, гендерлік жауапкершілік, міндеттің дұрыс, әділетті бөлінуі мен іске асуын қалайды. Әр тұлға жыныс белгісіне қарамай, өз қызметін, міндетін толыққанды атқаруын талап етеді. Абайдың ар іліміне байланысты тұжырымдарында еркек не әйел деп бөлмей тұтас адам деп қарастыруы тегін емес. Ақыл, ғылым мен адамгершілік, ұждан, ар тек ер адамның не әйелдің міндеті, парызы емес, екеуіне де ортақ заңдылық, мақсат.

Еңбек пен кәсіпке байланысты әйел адамдардың физиологиялық тұрғыдан еңсере алмайтын тұстары бар, ол жаратылыстың заңдылығы, гендерлік теңдік деп жаратылыс заңдылықтарына, адам табиғатына қарсы шығуға болмайды. Абай адами қарым-қатынастардан тереңдеп, ер мен әйел қарым-қатынасында діни-философиялық дискурс тұрғысынан да толғатады.

«Жазғытұры» өлеңінде:
Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер,-

деп табиғаттың жаратылысын да адамзат жаратылысымен салғастырып, әлемнің тұтастықтан, үйлесімнен тұратындығын меңзейді. «Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты» деп ер мен әйелдің махаббатын жырлау арқылы, күн мен жер байланысын суреттейді. Абайдың осы ойларынан кейін гендерлік саясаттың, гендер мәселесінің басты міндеті, құралы әйел мен еркек теңдігі емес, махаббат, сүйіспеншілік, татулық тақырыбы екендігіне көз жеткізгендей боласыз.

Әдебиеттер

1. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Санат, 1995.
3. Құнанбайұлы Абай. Шығармаларының толық жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1995.
4. Құнанбайұлы Абай. Шығармаларының толық жинағы. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1995.
5. Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1995

Резюме

В данной статье рассматриваются гендерные проблемы казахского общества на материале произведений великого поэта-мыслителя А.Кунанбаева.

Summary

This article focuses on gender issues of Kazakh society in the material of great poet-philosopher A.Kunanbaev.

АТҚАРУШЫ БИЛІКТЕ ӘЙЕЛ АДАМДАРДЫҢ АРТУЫНАН ЕШ ҰТЫЛМАЙМЫЗ

Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызы

*Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық
университетінің ректоры*

- Ең әуелі гендерлік саясат туралы ойыңызды білсек?

Гендерлік саясат, гендерлік білім проблемалары – халықаралық деңгейдегі жұмыс жасайтын бағдарламалар болып табылады. Қазақстандағы, қала берді ТМД елдері арасында жалғыз қыздар университеті болғандықтан, бұл мәселе, әлбетте, бізге де қатысты. Сондықтан да, университетіміз Біріккен Ұлттар Ұйымының бағдарламасы аясында «Гендер және даму» бюросымен, гендерлік білім және гендерлік саясат мәселелері бойынша ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО ұйымдарымен, гендерлік білім саласының дамуы бойынша Халықаралық қорлар мен ұйымдармен (ЮНИФЕМ, ЮСАИД, ЮСИС, Ф.Эберт Қоры), Алматы әйелдер ақпарат орталығымен, Гендерлік зерттеулер орталығымен, Қазақстан іскер әйелдер Ассоциациясымен, Қазақстанның кризис орталықтарының Одағымен, «Родник» балалар мен әйелдерді әлеуметтік психологиялық бейімдеу және құқығын қорғау Орталығымен және мемлекетіміздегі қоғамдық маңызы зор гендерлік теңдік мәселелері бойынша басқа да үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жасайды.

- Еліміздегі гендерлік саясаттың іске асуына ҚазМҚПУ-дың үлесі қаншалық?

Бір ғана мысал, университетіміз Елбасымыздың ерекше ықыласы мен әкелік қамқорлығының арқасында жылдан жылға көркейіп, жас педагог мамандарды дайындауда бірегей жетістіктерге жетіп келеді. Еліміздегі бірден бір арулар ордасының жанында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен ашылған Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеулер институты жұмыс жасайды. Гендерлік институт мақсаты – еліміздегі білім жүйесіне гендерлік тәсілдерді ендіруге икемделген педагог мамандарды даярлауға ықпал көрсету, гендерлік индикаторларды қолдану арқылы әлеуметтік және білім бағдарламаларын даярлау, гендерлік зерттеулерді дамыту, үздіксіз гендерлік білім беруді республикамыздың білім беру жүйесіне ендіру, оқу бағдарламалары мен оқу үрдістеріне инновацияларды ендіруге ықпал ету болып табылады.

ҚазМҚПУ-дың Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеулер институтының қызметкерлері еліміздегі гендерлік саясаттың іске асуына өз қомақты үлесін қоса отырып,

күні бүгінге дейін алты іргелі және қолданбалы жобалар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді:

1. Гендерлік білім – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
2. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
3. Білім беру жүйесіндегі феминизация және мәселені шешу жолдары – ЮНЕСКО
4. Қазақстандағы гендерлік білім беру бағдарламасы – ЮНИСЕФ
5. Жоғары және орта білім беру мекемелеріндегі гендерлік білім негіздері – Сорос-Қазақстан қоры
6. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі гендерлік тәсіл - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қазіргі уақытта институт қызметкерлері «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі гендерлік тәсіл» тақырыбындағы ғылыми жобаны аяқтауда. Негізгі мақсаты гендерлік білімнің теориялық принциптері, әдістемелік және концептуальды парадигмаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасындағы гендерлік білім беру жағдайының бүгінгі мен болашағын зерттеу, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің озық үлгілерін білім беру кеңістігінде гендерлік тәсіл ретінде қолдану болып табылатын жобаның өзектілігі де Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген сөздері мен жолдауларында көрсетілген гендерлік теңдік пен басымдылықтың, яғни «Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік Стратегиясының» мақсат, міндеттерін жүзеге асырудың теориялық платформасын құру қажеттілігіне негізделген.

Университет ұжымы гендерлік саясат бойынша республикалық, қалалық, аймақтық деңгейдегі түрлі іс-шараларға үзбей қатысып келеді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының БҰҰ қорының техникалық қолдауымен дайындаған Қазақстан Республикасының 2010-2020 жж арналған отбасылық-демографиялық саясаты Тұжырымдамасының жобасын талқылауға, Алмалы ауданы әкімшілігі ұйымдастырған ОБСЕ-нің Қазақстандағы жылдарына орай, БҰҰ әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін жою Конвенциясының қабылданғанына 30 жыл іс-шарасы қарсаңында әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін жою және гендерлік саясатты насихаттау іс-шараларына, Қазақстандағы күйзеліс орталықтар Одағы мен Алматы қалалық әкімшілігі ұйымдастырған «Отбасында әйелдер мен балаларға көрсетілетін тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы» Заң жобасын талқылауға белсене қатысты.

Сонымен қатар, университетімізде гендерлік саясат бойынша бірнеше докторлық, кандидаттық, магистрлік диссертациялар қорғалып, «Гендер» оқу-әдістемелік кешені аясында бірнеше оқулықтар, оқу құралдары, ғылыми-әдістемелік нұсқаулар дайындалды.

- ***Гендерлік саясаттың тиімді жақтарын іске асырсақ жақсы, ал, әйел адамдардың ер азамат атқаратын жұмыстарға жаппай ұмтылуы қазақ жұрты үшін қаншалықты пайдалы?***

Алдымен, жоғарыда келтіріп отырған мысалдар – мемлекетіміздегі гендерлік саясаттың тиімді жақтарының іске асып отырғандығының дәлелі болса керек. Ал енді «әйел адамдардың ер азамат атқаратын жұмыстарға жаппай ұмтылуы қазақ жұрты үшін қаншалықты пайдалы?» деген сұрағыңызға, ер адамның өзіндік, әйел адамның өзіндік табиғи болмысы бар, егер заманауи технологияның жетістіктері негізінде бұрын тек ерлер атқаратын бірер жұмыстарды әйел балалары да меңгеріп жатса, одан үркетіндей ештеме жоқ дер едім. Ал биліктегі әйелдерге келетін болсақ, қазақ халқы үшін әйел-аналардың даналығымен ел құрметіне бөленіп, билікке араласуы ата тарихымыздан келе жатқан ұлағатты үрдіс. Қыз баланы туғаннан мәпелеп, төрге отырғызып, «ертеңгі – ел анасы» деп үкілеп өсірді. Бұрын қазақ қыздарының аты ерлікпен, батырлықпен қолына қару алып ел қорғау ісінде шықса, бүгін ол өмірдің түрлі салаларында қайраткерлікте, ғылымда, өнерде,

спортта, ел басқаруда, мемлекет құруда, бизнесте, әдебиетте, ұстаздық, дипломатиялық қызметте, медицина да, қасиетті аналық образда т.б салада есімі белгілі болып отыр. Мысалы, тарихтағы Тұмар ханым, Домалақ ана, Қызай ана, Бопай ханшалар жаугершілік заманда ел үшін күресіп аты шықты, Зере, Ұлжан әжелеріміз қазаққа Абайдай данышпанды берді. Д.Нұрпейсова күй өнерінің көкжиегін кеңітті, соғыс кезінде Әлия мен Мәншүк отан қорғаудың айрықша үлгісін көрсетті, қазақтың ән өнерінде ізі қалған Р.Бағланова, Ж.Әубәкірова, А.Мұсақоджаева Б.Төлегенова, Н.Үсенбаева, Р.Рымбаева, М.Мұхаметқызы, М.Жүнісова, мәселен, Р.Бағланованың соғыс өті лаулап тұрған шақта соғыс даласын аралап азаматтарға күш-жігер беріп ән салуы нағыз ерлік. Қазақ әдебиетінде де ерекше тұлғалар жетерлік Ф.Оңғарсынова, М.Айтқожина, А.Бақтыгереева, К.Ахметова, А.Смақова, Х.Есенқарақызы, М.Хакімжанова, Г.Салықбайларды атасақ болады. Тәуелсіз елдің іргесін бекіту ісінде де Елбасының төңірегінде, саясатта білімін, біліктілігін жұмсап жүрген менің әріптестерім бар, Г.Әбдіхалықова, С.Қайырбекова, З.Балиева, О.Асанғазы, А.Самақовалардың орыны бөлек. Қазақ елінің жаңа тарихында алғаш нәзік жандылардан шығып елшілік қызмет атқарған Б.Әйтимова БҰҰ-да қыз метте, Дүниежүзлік Сауда Ұйымына кіру үшін ел атынан Ж.Айтжанова атқа мініп жүр, ғылымда Ә.Бейсенова апамыз бар, әрине, бәрін санап шығу мүмкін емес шығар, дегенмен қазақ қыздары ежелден өзінің тарихтағы орынын айқындап қойған. Біздің халқымыз үшін әйел адамдардың көп қызмет салаларында ерлермен қатар жүруі, әлбетте, қазақ жұрты үшін де, көп ұлтты мемлекетіміз үшін де пайдалы деп ойлаймын.

- ***Гендерлік саясатты көбінде діни тұрғыдан қарастыратындар қарсы болып жатады, осы тұрасында не ойлайсыз?***

Бұл мәселеде, ең алдымен, діни сауатты болу керек дер едім. Егер ислам дініне келетін болсақ, «оқы, оқы және оқы», «сендер үшін он екі мың ғаламды жараттым, оқы, біл, таны», «алдымен, анаңды сыйла» демей ме қасиетті құранымызда? Гендерлік саясат пен дінді мүлдем қарсы қоюға болмайды.

- ***Кадрлық саясатта әсіресе жоғары атқарушы билікте әйел адамдардың үлес салмағының артуынан ұтарымыз не?***

Әйел баласы табиғатынан тіршіліктегі көп затқа тереңірек үңіліп жатады. Әлеуметтік өмір, тұрмыста кейде ер адам байқамағанды бағып, біліп жататын әйел баласы. Осы тұрғыдан алғанда, кадрлық саясатта немесе жоғары атқарушы билікте әйел адамдардың үлес салмағының артуынан біз еш ұтылмаймыз деп ойлаймын.

- ***Өзіңіз осы оқу орынына басшылық қызметке келгелі қандай іс-шаралар атқардыңыз?***

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті – Қазақстандағы 67 жылдық даму тарихы бар іргелі оқу орындарының бірі. Негізгі бағыты – мектеп ошақтарына кәсіби мамандар дайындайтын әрі тек қыз балалары оқитын оқу орны болғандықтан, отандық университеттер плеядасында өзіндік орны мен ерекшелігі бар оқу ордасы. Елу мыңнан аса түлегі Қазақстанның бар аймағы мен шет мемлекеттерде еңбек етіп жүрген университетте күні бүгін 43 мамандық бойынша 9248 студент, 21 мамандық бойынша 139 магистрант білім алып, оларға 718 профессор-оқытушылар дәріс оқуда.

Өткен жылдың тамыз айынан бергі аз уақытта ғана атқарылған іргелі істерді ауызға алар болсақ, әлбетте, жасалынып жатқан қыруар іс-шараны бір сұрақтың жауабы аясына сыйғызу мүмкін емес. Негізгі бағыттарға тоқталсақ, олар:

1. Университеттің құрылымдық жүйесі оптимизацияланды;
2. Бакалавриаттағы емтихан жүргізу формасына жаңа формат енгізілді;
3. Университеттің білім беру бағдарламаларына әлемнің ең озық университеттерінің бағдарламаларымен салыстыру арқылы сараптама жасалынуда.

Университеттің білім беру қызметін жаңа сапалы деңгейге көтеріп, халықаралық білім беру кеңістігіне еркін енуі мен университет дипломының халықаралық деңгейде танылуы үшін алдағы уақытта міндетті түрде іске асырылатын биік жоспарлар қойдық.

Қазақстан білім беру жүйесінің Болон декларациясына, Лиссабон конвенциясына кіруіне байланысты үш деңгейлі мамандар дайындау жүйесі толығынан енгізіліп, оларды дайындауда академиялық ұтқырлық мәселелерін шешу шұғыл қолға алынды. Жедел түрде биылғы оқу жылының бірінші семестрінде еліміздің беделді жоғары оқу орындарымен келісім-шарттар жасалынып, іске асырылды. Қазіргі кезеңде Жетісу мемлекеттік университетімен (Талдықорған қ.), Абай атындағы ҚазҰПУ-мен (Алматы қ.), Павлодар мемлекеттік университетімен (Павлодар қ.), Букетов атындағы ҚарМУ-мен (Қарағанды қ.), Атырау МУ-мен (Атырау қ.) студенттер алмасып, білім алуда. Сонымен қатар, Ресей, Түркия, Малайзия мемлекеттерінің белді университеттерімен екі дипломдық білім беру туралы келісімдер жүргізілуде.

Университеттің білім беру кеңістігі күн санап кеңеюде. Аз ғана уақыт ішінде Синьцзян педагогикалық университетімен (Қытай), Миссиссиппи мемлекеттік университетімен (АҚШ), Нигде университетімен (Түркия), Томск политехникалық ұлттық зерттеу университетімен (Ресей) келісім-шарттарға қол қойылды. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті мен Шыңжаң педагогикалық университеті арасындағы байланысты нығайту үшін қытай елінің мәдениеті мен салт-дәстүрін дәріптеу және қытай тілін үйрету мақсатында «Қытай тілі орталығы» жұмыс жасай бастады. 2011-2013 жылдар аралығында университетте халықаралық ынтымақтастықты нығайту барысында Шыңжаң педагогикалық университетінің оқытушысы жұмыс жасауға келді.

2011-2012 оқу жылында Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша бір жылдық ғылыми тәлімнамаға Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларына психология, физика, жалпы педагогика, музыкалық білім кафедраларынан 4 оқытушы, Австралия мемлекетінің Griffith университетіне шет тілдер факультетінен 2 оқытушы жіберілді.

Университетте ҚР БжҒМ-нің қаржыландыруымен бірнеше іргелі және қолданбалы жобалар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Олар: «Педагогикадағы әдістемелік ілім құрылымының ғылыми негіздерін ұлттың интеллектуальді потенциалын дамытудың факторы ретінде қарастыру», «Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесіне гендерлік тұрғыдан қарау», «Орыс тілін қазақ әдеби тілі туралы ғылымда арнайы терминология трансляторы ретінде қарастыру мәселелері» тақырыбындағы іргелі жобалар мен «12 жылдық оқуға өту кезеңіндегі мектепке дейінгі білім беруді дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін құру» тақырыбындағы қолданбалы жоба.

2011 жылдың тамыз-қыркүйек айларында университет ҚР БжҒМ-нің қаржыландыруымен өтетін іргелі және қолданбалы жобалар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсына 11 ғылыми жоба, Алматы қаласы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының «Инновациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсына» 3 ғылыми жоба, Жастар саясаты басқармасының I Инновациялық конвентін өткізуіне орай ұйымдастырған ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсына 2 ғылыми жоба жіберді. Университет қабырғасында «Әлеуметтік гендерлік ғылыми-зерттеу» институты, «Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасы жұмыс жасайды.

- Алға қойған мақсаттар туралы айтып өтсеңіз?

Алдағы уақытта университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетін саралай отырып, мамандандырылған оқу зертханаларын (Жаңарып тұратын энергия көздерін пайдалану зертханасы т.б.), ғылыми-зерттеу орталықтарын (Педагогикалық және психологиялық зерттеулер орталығы, Өзін-өзі тану ғылыми-зерттеу орталығы, «Химия» Қазақстан-Ресей инновациялық ғылыми білім беру орталығы) ашу қарастырылуда.

- «Ұлттық тәрбие» журналына қандай тілек айтасыз?

«Ұлттық тәрбие» журналы ұлттың жоғын түгендейтін басылым, сондықтан, алға қойған мақсаттарыңызға жете беріңіздер. Оқырмандарыңыз көбейе берсін!

Әңгімелескен: Құмар Жұмаханұлы

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ – ҚазМҚПУ

Жұмахан Құмар

Жаңартпа технологиялар

және білім беру мазмұнын

ҒЗИ-ның инспекторы

**Тәңір жазса, бұл институт қазіргі және болашақтағы
қазақ қыздарының шамшырағына айналады.
Осы шамшырақтың жарық сәулесі ешқашан сөнбесін дейік!**

М.Әуезов

(Институттың ашылар сәтінде сөйлеген сөзінен)

Біздің ел 20 жылдың ішінде халық билігінің неше сатысынан өтіп, іргелі халқаралық ұйымдарға басшылық етіп, өзгелерге демократиядан тәлім беретін жағдайға жетті. Әлемдік саясатта өзінің дербес көзқарасын білдіре бастады. Тәуелсіздіктің жаңа тарихына аяқ басқанда-ақ еліміздің айқын ұстанымның бірі – ер мен әйел құқығын тең қылып, гендерлік саясатты құқықтық жақтан қамтамасыз ету болатын, оның ел болып алғышарттарын жасады, президент өз жанынан әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрып қадағалатты, қыздарға білім беретін білім мекемесіне университет мәртебесін берді, жоғары мемлекеттік қызыметтерге заты әйел білікті басшылар тартылды.

Осылардың ішінде ҚазМемҚызПедУ-дың орыны бөлек, тек қыздар ғана білім алатын оқу ордасы Қазақстандағы ЖОО-лар ішінде шоқтығы биік. Қыздарды оқшаулап оқытатын университет әлемнің екі-ақ елінде бар, бірі Қазақстан, екіншісі, Оңтүстік Корея, онда бір емес, бірнеше оқу орыны бар, мұны да жетістік ретінде бағалауға болады. Алғаш институт болып 1944 жылы соғыс оты үдеп тұрған шақта ашылған. Ондағы мақсат, ер азаматтардың бәрін соғысқа әкетіп жатқанда, олардың орынын басатын зиялы әйелдер қауымын тәрбиелеу үшін, педагогикалық бағытта құрылған болатын. Содан бері тоқтаусыз жұмыс жасап, неше буын апкелерімізді түлетті. Гендерлік саясаттың тірегі ретінде өз міндетін атқарып келеді. Оған аталған білім ордасының тарихы мен жеткен жетістіктері куә.

Алғаш білім алуға келген қыздарға М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ғ.Құрманғалиев, Т.Тәжібаев, А.Жұбанов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Б.Байқадамов, З.Ахметов сынды қазақтың көптеген көрнекті ғалымдар дәріс оқыды.

Осындай ұлы тұлғалардан тәлім алған институт түлектерінің арасында елімізге танымал тұлғалар жетерлік. Аты аңызға айналған Социалистік Еңбек Ерлері Рафиқа Нұртазина, Рыскүл Мақатова, ҰҒА академигі осы оқу орнын 16 жыл басқарған Күләш Құнантаева, “Даңқ белгісі” орденімен, “Қажырлы еңбегі үшін” медалінің иегері, институттың үшінші ректоры болған Ажар Ыбраева, Жоғарғы Кеңестің депутаты Ж.Күленова, қоғам қайраткерлері — Халықты әлеуметтік қорғау министрі болған, Парламент Мәжілісінің үш шақырылымының депутаты З.Қадырова, “Мемлекеттік тілге құрмет” бірлестігінің төрайымы, филология ғылымдарының кандидаты А.Осман, белгілі қоғам қайраткерлері Ж.Әмірханова, О.Асангазиева, ғалымдар Ү.Сұбханбердина, С.Ұзақбаева, З.Жәкішева, көрнекті ақындар Ә.Беркенова, А.Бақтыгереева, белгілі әдебиет сыншысы Ә.Бөпежанова, әншілер М.Ералиева, Ұ.Айнақұлова, Д.Хамзина, Т.Асар, Г.Өмірбаева, Ұ.Белғозиевалар – университет мақтанышы, халықтың алдында шоқтығы биік аяулы қыздары.

Қыздар ғана білім алатын ЖОО-на Елбасының қамқорлығы өлшеусіз. Өткен жылы барлық оқу корпусы, жатақханалар, асхана, спортзал күрделі жөндеуден өтті. Дағдарысқа қарамай, «Студенттер үйі» салынды. Осының бәрінде Елбасының тікелей

қолдауы болғанын айту керек. Университет мәртебесі берілуі де Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасынан соң 2008 жылы 11 қыркүйекте Үкімет қаулысымен рәсімделді.

Бүгінде магистратурадан 22 мамандық ашылып, 19 мамандық бойынша ғылыми-педагогикалық кадр дайындалуда. Сонымен қатар, 12 мамандық бойынша мемлекеттік білім беру стандартын және басқа жоғары оқу орындарымен 6 мамандық бойынша оқу стандартын жасауы ғалымдардың ғылыми әлеуетінің үнемі артуының дәлелі. Соңғы бес жылда 17 ғылыми-теориялық халықаралық және республикалық конференциялар өтті.

Университеттің профессор, оқытушылар құрамы жоғары педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған “Педагогика тарихы” оқулығын, «Педагогика» терминологиялық сөздігін, “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы аясында 10 томдық “Адамзат ақыл-ойының қазынасы” және “Қазақтың тәлімдік ойлар Антологиясын” құрастырды. Осы факторлар білім сапасының жақсаруына тікелей әсер етуде. Университет алғашқылардың бірі болып кредиттік оқу жүйесіне көшіп, бакалавриат-магистратура нәтижелі жұмыс жасауда. Жуырда 4 мамандық бойынша докторантура (PhD) ашылды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық Акредиттеу Орталығының басшылығымен 2006 жылдан бері жоспарлы түрде жүргізіліп келе жатқан рейтингте университет педагогикалық оқу орындары ішінде абыройлы екінші орынға ие болып келеді.

Білім, ғылыммен қатар рухани-мәдени тәрбиеге аса мән беретін арулардың ақ ордасында “Қазақ аруы” атты жаңа инновациялық оқу бағдарламасы енгізілген. Халықаралық “Бөбек” балалар қорының президенті, қыздардың жанашыр анасы, “Өзін-өзі тану” адамгершілік-рухани білім инновациялық жобасының авторы Сара Назарбаеваның эксперименттік бағдарламасы да осы университет қабырғасында бастау алған.

Рухани маңызы зор іс-шаралардың ұйытқысы саналатын, қазақ қыздарына тәрбие берудің өзіндік ерекше тұжырымдамасын жүзеге асырып отырған Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті республика деңгейінде тәрбие мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік орталық болып есептеледі.

Университет қыздары өнерден кенде емес, мұнда үлкен ұлт аспаптар оркестрі, хор, «Айгүл», «Ұлар», «Томирис» ансамбльдері, «Өнер-жастан» опера студиясы бар. Университет студенттері көптеген халықаралық, республикалық байқаулардан жүлделі орындарды иеленді. Спорттағы жетістіктері де көңіл қуантарлық. Соңғы универсиададан 89 жоғарғы оқу орындары ішінде 7-ші орынға шықты.

Университеттегі кәсіптік бағдар және карьера бөлімі Республикадағы және жергілікті жерлердегі еңбек нарығының жай-күйіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға талдау мен болжам жасау негізінде түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету бойынша университеттің жетілдіру жоспарын жасап отырады, 2009 жылдың шілдесінен бастап «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанатының іске асыруымен «Дипломмен ауылға!» жобасы арқылы жастардың жұмыс өтілін ауылдан бастауға тарту, әлеуетті жұмыс берушілермен түлектерді жетік таныстыру мақсатында бірлесіп кездесу өткізу, олардың презентация, семинар, конференция, тренингтер өткізуіне жағдай жасау және бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру шараларында қолға алып келеді.

“Қазақ мектебінің даму мәселелері” зертханасы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті жанындағы құрылым болып табылады. Зертхана Елбасымыздың білім беру жүйесіндегі жаңашыл бастамаларына үн қоса отырып, Болон үдерісі бойынша Еліміздің-еуропалық білім кеңістігінің толыққанды мүшесі ретінде Отандық білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкестендіруге атсалысып келеді.

Қазір университеттегі жоғары кадрлық біліктілік, жеткілікті материалдық база, қоры мол кітапхана сияқты білім алуға деген мол мүмкіншіліктері көптеген ЖОО-лардан көрсеткішін жоғары етіп тұр. Оның сыртында егемендіктен кейін, білім беру саласы кемелденіп, ұлттық бағыттағы тәрбие жұмыстары қолға алына бастады.

Білім - жалпы қоғамның жемісті дамуының кепілін көрсетсе, ғылым - сол білімнің қайнар бұлағы. Осыны үнемі назарда ұстайтын Елбасы, білім беру, денсаулық сақтау және тілдерді дамыту бағдарламаларын бекітіп, олардың жаңа стратегияларының жүйелі, жоспарлы түрде жүзеге асуын барлық деңгейдегі мемекеттік мекемелерге міндеттеді. ҚазМҚПУ-да бұл тапсырмадан тыс қалып жатқан жоқ.

Университетің жоғары білікті ғылыми педагогикалық кадрларды дайындау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру - Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасының құзырында, оны Әлеуметтік гендерлік ғылыми-зерттеу институты, Қазақ мектебінің даму мәселелері зертханасы, Іргелі ғылыми-зерттеу орталығы, Ғылыми кітапхана, университет Баспаханасы, Ақтұмар мұражайы, Жас ғалымдар кеңесі, Кіші ғылым академиясы, «Хабаршы» журналы мен университеттегі 32 кафедра арқылы жүргізіп келеді.

Жоғарыда қадырлық біліктілік туралы сөз еттік. Нақты дәлел үшін айта кететін болсақ, университетте ғылыми-педагогикалық қызметпен 688-ден аса оқытушы: оның ішінде ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының 1 академигі; 58 ғылым докторы, профессорлар; 19 университет профессоры, 249 ғылым кандидаты, доценттер, 8 университет доценті, 191 магистрлер, 231 аға оқытушы, 195 оқытушы, 2 Халық әртісі, 2 Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері білім беруге жұмыс жасап, білім ордасының абыройын арттырып келеді.

Кітапхана – оқу үрдісіне қажетті оқулықтармен қамтитын, ақпарат таратушы құралдардың барлық түрлерін оқырмандарға ұсынатын білім мен ғылымның мәдени-ақпарат орталығы болып табылады. Бүгінгі күні университет кітапхананың қорында **1042536** кітаптар мен кітапшалар, оның ішінде **580418** данасы қазақ тілінде, **6047** дана электрондық оқулықтармен әдістемелік құралдармен толыққан. Жыл сайын 10 000-нан астам оқырмандарға қызмет көрсетеді. Кітапхана құрылымында «Әдебиеттерді өңдеу және жабдықтау бөлімі», «Ақпараттық-библиографиялық бөлімі», «Кітап сақтау бөлімі», «Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімдері» білімгерлер мен ұстаздар қауымына қызымет көрсетеді.

Қазақстандағы білім беру және іргелі ғылым салаларындағы елеулі өзгерістер мен жаңалықтар мемлекеттің ғылыми әлеуетін көтеріп қана қоймай, жоғары оқу орындарының ғылыми көрсеткіштерін жоғарылатып келеді. Білім беру мен ғылымға көңіл бөлініп, білім беру құрылымын модернизациялау, сапасын арттыру - әлемдік білім беру кеңістігіне ену тетігі болып табылады.

Қазіргі күні университет әлемдегі көптеген білім ордаларымен байланыс орнатқан, атап айтар болсақ, халықаралық деңгейдегі 11 университетпен, ТМД деңгейіндегі 14 университетпен, республика көлемінде 14 университетпен ынтымақтастық орнатып, білім беру саласында тәжірибе алмасып келеді.

ҚазМҚПУ-ға көрсеткен мемлекеттің көмегі де жыл сайын артуда. Мемлекеттік грант саны да жыл сайын артып отыр, оның сыртында білімгерлер санын арттырып, қызығушылығын тудыру үшін "Алтынсарин олимпиадасы", "Ашық есік күндері", "Мектептегі оқушылармен кездесу өткізу" сынды іс-шараларды университет әкімшілігі қолға алуда.

Гендерлік теңдік мәселесі университеттің негізгі басымдылық берген саласының бірі. Осындағы Гендерлік ғылыми зерттеулер орталығы 2000 жылдың 16 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеулер институты болып қайта құрылған болатын. Ондағы мақсат - гендерлік білікті, еліміздегі білім жүйесіне гендерлік тәсілдерді ендіруге икемделген педагогикалық мамандарды даярлауға ықпал ету болатын. Оның ішінде негізгі бағыт Гендерлік индикаторларды қолдану арқылы әлеуметтік және білім бағдарламаларын даярлау, гендерлік зерттеулерді дамыту, үздіксіз гендерлік білім беруді республикамыздың білім беру жүйесіне ендіру, оқу бағдарламалары мен оқу үрдістеріне инновацияларды ендіруге ықпал ету сынды жұмыстарды қолға алуда.

Жоғарыда айтылған қыруар жұмыстың атқарылуы, университет басшылығымен тікелей байланысты. Қазіргі ректор Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызы жоғары мемлекеттік құрылымда қызмет атқарған білікті басшы, елдің алқауына бөленген абыройлы азаматтардың бірі. Еңбек жолын балабақша тәрбиешісі, мұғалім сияқты қарапайым қызметтерден бастаған басшыға білім беру, ұстаздық саласы жат емес, оның үстіне, 2004 жылдан бері елдің заң шығарушы органында жұмыс істеп ғылым-білім саласындағы заңнамалық құжаттардың қабылдануына ат салысқан, енді ЖОО-ның басшысы ретінде, өзі қолынан өткен заңды қадағалап, іске асыруға мүмкіндік туып отыр. Тәуелсіз мемлекеттің іргесін бекіту сынды асыл мұраттың төңірегіне топталып, ат үстінде жүрген азаматтардың бірі. Ал осы білім ордасына келгелі де талай істің басы қайырылды. Университеттің құрылымдық жүйесі оптимизацияланды, Бакалавриаттағы емтихан жүргізу формасына жаңа формат енгізілді, Университеттің білім беру бағдарламаларына әлемнің ең озық университеттерінің бағдарламаларымен салыстыру арқылы сараптама жасалынауда.

Университет ғылыми іс-шараларын жүргізудің 2020 жылға дейінгі жұмыс жоспары құрылды. Онда, Жоғары білікті ғылыми педагогикалық кадрларды дайындау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын бақылау, басқару, ұйымдастыруды жүзеге асырудың мақсаты мен міндеттері толығымен анықталған. Оның ішінде, еліміздегі инновациялық жедел даму жағдайындағы Ғылым саласын мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері контекстіне сай жаңа стратегиялық міндеттерді орындау, ілім берудің үш сатылы жүйесіне орай, университетте жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын арттыру, шетелдік оқу орындарымен бірлескен оқу бағдарламаларын дайындау және шетелдік дәріс оқушы мамандарды шақыру, ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілетін барынша арттыру, аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен келісімшарттар негізінде екі дипломды білім беру, университет ғалымдарының бастамаларын қолдау сынды өткір мәселелерге басымдылық берілген.

Әрине, 68 жылдық тарихы бар әйгілі оқу ордасының бүткіл ғұмырын бір мақалада қамту мүмкін емес. Дегенмен, дәл қазіргі күнгі қалпын бір шолып шықтық. Әуелгі мақсат, ел болып қам-қарекет жасап, құқықтық жақтан қамтамасыз етуді қолға алып жатқан білім сапасын жоғарылату, оның ішінде, гендерлік білім беру болатын. Қыздардың жоғары білімді, бәсекелестікке сай болуы – гендерлік теңдікке қосқан айрықша үлес. Күн тәртібінен түспей тұрған осы айтулы шаруаның, жол ортада ауытқымай, ілгері жылжуына оқу орынындағы атқарылып жатқан шаруалар кепіл бола алатынына көз жеткіздік.

Жалпы қоғамда гендерлік саясат десе оны тек әйелдерге қатысты деп түсінетін ұғым қалыптасқан, шын мәнінде ол тек әйелдердің емес, ер адамдардың да мүмкіндіктерін қарастырады. Қарабайыр осындай түсінікті арылтудың біл жолы әйел адамдардың өз мүмкіндіктеріне сай, мемлекеттегі атқара алатын салада жұмыс істеуі керек және оған жоғары кәсіби біліктілікпен бірге, ана, ұрпақ тәрбиешісі ретіндегі білімі ұштасқан болуы керек. Осындай өміршең білімді қазақ мемлекетінің тағдырына жауапы келер ұрпаққа беріп отырған ҚазМҚПУ-дың орыны қашанда бөлек.

Резюме

В статье рассматривается роль и место КазГосЖенПУ в Казахстане.

Summary

The article examines the role and place of KazGosZhenPU in Kazakhstan.

РОЛЬ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ ПО ПОДГОТОВКЕ ГЕНДЕРНО-ЧУВСТВИТЕЛЬНОГО ПЕДАГОГА

Гендерная проблематика признается международными организациями в качестве глобальной, стоящей на повестке дня III тысячелетия.

В Казахстане гендерной образовательной политике придается большое значение. На государственном уровне утверждены важнейшие программные документы: «Концепция гендерной политики» (2003), «Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 г.г» (2005) и Национальный план достижения гендерного равенства на 2006-2008 гг. Огромное внимание гендерному вопросу уделяет Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев. Он подчеркивает, что успешная реализация задач, поставленных в этих документах по продвижению гендерного равенства во всех сферах социальной жизни, есть одно из важнейших условий утверждения нашей страны в мировом цивилизационном сообществе, как достойного партнера наиболее развитых стран Востока и Запада. Для осуществления этой цели необходимы научные разработки гендерной проблематики, в особенности, теории гендерного образования как приоритетного направления гендерной политики Республики Казахстан.

Когда мы говорим о гендерном подходе в образовании в широком смысле, то имеем в виду переход от полоролевой концепции в воспитании и образовании к гендерной, синхронизации явного и скрытого уровней учебного плана образования на основе эгалитарных ценностей. Гендерный подход в образовании в узком смысле подразумевает целенаправленную работу по гендерному анализу и реконструкции конкретного раздела программы, воспитательного мероприятия, учебно-воспитательного комплекса целого блока или образовательного уровня (предшкола, начальная, средняя школа, вуз).

Согласно проработанной сотрудниками НИИ СГИ учебной программе, в вузе с 2000-2001 учебного года на II курсах по всем специальностям читается курс «Гендер». Другие студентки имеют возможность узнать о гендерной проблематике из лекции по философии, социологии, культурологии, политологии, куда были введены блоки гендерной информации. Результаты не замедлили сказаться. Гендерный аспект социального портрета студенток выявил, что в их сознании есть стереотипы, но в то же время стереотипы начинают медленно меняться.

Об этом свидетельствуют ответы на то, что непосредственно нацелены на выяснение особенностей гендерного самосознания. Так, студенткам был задан вопрос, под чьим руководством они хотели бы работать – шефа-женщины или шефа-мужчины.

Можно было ожидать, что процентное соотношение в предпочтениях по признаку пола будет складываться с большим преимуществом в пользу мужчин, поскольку, согласно существующим гендерным стереотипам руководитель-мужчина более компетентен, обладает более высоким уровнем профессионализма и деловыми качествами, несравнимыми с деловыми качествами женщин, кроме того, он создает благоприятную психологическую атмосферу: он сдержан, тактичен, объективен. Будучи мужчиной, он обладает еще одним преимуществом: женщине хочется сделать работу лучше именно потому, что она попадает в бивалентное гендерное пространство.

Соотношение, установленное социологическим исследованием, может показаться неожиданным. За шефа-мужчину высказалось большинство – 68%, но и за шефа-женщину - тоже 29% опрошенных девушек, т.е. под руководством мужчин хотели бы работать на 39 % девушек больше, чем под руководством женщины.

В пользу шефа-женщины имеются свои веские аргументы. Она тоже может быть компетентной, деловой, профессионально подготовленной, не уступая, а, может быть, и превосходя мужчину. Эта аргументация и побуждает 29 % опрошенных девушек (что составляет едва ли не половину) отдать предпочтение шефу-женщине.

Весьма показательным оказался вопрос "Каких женщин-политиков Вы знаете?". В ответах на этот вопрос высказано казалось бы, откровенное равнодушие и социальная инфантильность: политики, и в особенности, женщины-политики не входят в круг "знакомых" девушек-студенток, их имена остаются неизвестными, но с одной существенной поправкой: ответ "знаю, но не помню" – 75% весьма красноречив: на бессознательном уровне имена женщин-политиков присутствуют, а на уровне сознания они стираются. Значит, преждевременно делать однозначный вывод о "социальной инфантильности". Политическое бессознательное явно такому выводу противоречит. Можно предположить, что традиционное отстранение женщин от политики терпит крах хотя бы на уровне бессознательного. Только 13% связали свое незнание имен и деяний политиков не уровне сознательного и бессознательного, а еще 13% заявили о своем знании известных казахстанских женщин-политиков, выдвинувшихся во время выборов.

Мнение о присутствии интереса к политике на уровне бессознательного подтверждают ответы на следующий вопрос об отношении к участию женщин в политике, где "тайное" (бессознательное политическое) становится "явным": 82% откровенно признают, что относятся положительно к участию женщин в политике и только 13% высказывают свое неодобрение.

В ответах на эти два вопроса улавливается некая тенденция к изменению традиционного гендерного сознания и гендерных моделей поведения, связывающих политику исключительно с образом мужчины.

Студенткам был задан вопрос "Согласны ли Вы со следующим мнением, что женщины могут работать в следующих сферах общественной деятельности?". Исследование показало, что при ответах на вопрос, может ли женщина сегодня в государстве стать президентом, министром, премьер-министром, сенатором, мажилисменом, срабатывает гендерный стереотип, выражающий недоверие женщин к женщинам. "Президент" прочно связывается в сознании человеком, обладающим твердой волей, железным характером, объективностью, непреклонностью, а женщина (и кто как ни сами женщины это лучше знают) расположена к сомнениям, подвержена слабостям, субъективным решениям, потому 43% опрошенных уверенно отказывают ей в праве стать президентом. С понижением политического статуса растет в процентном отношении "доверие" женщины к женщине: уже 20% отказывают женщине в праве стать премьер-министром, 17% – в праве стать министром, 12 % – стать сенатором и, наконец, только 8% отрицают возможность женщины стать мажилисменом.

Если бы представления о власти не были бы подвержены гендерным стереотипам: жесткость, мужественность, маскулинность, то и ответы, вероятно, были бы совершенно иными. Ведь политика тоже может стать "мягче" под влиянием женского опыта и женской этики.

Способна ли женщина сделать карьеру сама? Ответы на этот вопрос показывают, насколько высок женский потенциал и вера в свои силы. Даже в условиях безработицы (а у нее "женское лицо") 86% девушек уверены, что способны сделать карьеру сами, 27% считают, что мужчины не дают женщинам сделать карьеру, а 74% связывают успешность карьеры не с гендерной дифференциацией, а с социально-экономическим статусом.

Более реалистичными кажутся именно эти последние мнения, тогда как ставка на самостоятельность и независимость в делах карьеры кажется утопичной и объяснимой идеализацией, присущей молодым в любых социальных условиях, даже не располагающих к идеализации.

Показательно, что женщины в глубине души оценивают себя довольно высоко, не соглашаясь с устоявшимся гендерным неравенством и дискриминацией по признаку пола. 31% считают, что в случае более активного участия женщин в управлении общественными делами психологический климат в обществе стал бы доброжелательнее, и только 7 % считают в этих ответах демонстрируют доверие женщинам! Причем 45% признают, что

жизнь вносит момент непредвиденного, опасного, но интересного. Эти ответы выясняют направленность женского сознания на утверждение гендерного неравенства.

Можно сказать, что девушкам присущи гендерные стереотипы, особенно когда они высказываются о предпочтениях к руководителю-мужчине или руководителю-женщине, а также выбирают определенные сферы общественной деятельности. Но улавливается и некая тенденция к изменению гендерного сознания и гендерных моделей поведения, связывающих политику исключительно с образом мужчины.

Реалистичны мнения девушек о возможности сделать карьеру самой, связывая ее не с гендерной дифференциацией, а с социально-экономическим статусом. Показательно, что девушки в глубине души оценивают себя довольно высоко, не соглашаясь с устоявшимся гендерным неравенством. При анкетировании студентки КазГосЖенПУ показали активность и заинтересованность, что выразилось в наличии большого количества приписок. Так, на вопрос, существует ли гендерная проблема, или вы считаете ее надуманной, показательными являются такие ответы-приписки: «Сейчас она актуальна, потому что со сменой общественного строя перед мужчиной и женщиной открылись новые возможности», «Эта проблема всегда будет существовать, но все воспринимают ее по-разному», «Это - важная проблема, хотя я не ощущаю на себе дискриминацию по признаку пола», «Гендерную проблему в принципе надо изучать. Женщина и мужчина равны, но у них есть различия в физиологическом плане. Ведь женщина рождает и воспитывает детей». По этим ответам видно, что студентки КазГосЖенПУ осознали важность гендерной проблематики и ориентированы на изучение гендерных дисциплин: "Если вы выйдете замуж, как это повлияет на ваше отношение к учебе?" 51 студентка из 91 ответила буду делить с мужем и все заботы поровну, 8 считают, что вступление в брак даже поможет преодолевать трудности и учиться еще лучше и только 1 студентка призналась, что ей придется в таком случае бросить учебу, так как будет некому сидеть с ребенком. Характерны приписки: «Везде можно успеть, даже, если у тебя есть семья», «Буду хорошей женой и буду хорошо учиться», «Я еще не замужем, но перед тем как выйти замуж, я все обдумую». Студентки обнаруживают установку на создание такой семьи, где супружеские обязанности делились поровну. И эта установка может стать стимулом для превращения их идеала в реальность. В этом же ключе выдержаны ответы на вопрос «Кто должен быть лидером в современной семье?». 76 респондентов решительно заявили, что «все решения надо принимать совместно», 12 высказали мнение, что в современной семье по-прежнему должен лидировать мужчина, 3 высказали за лидерство женщин. И здесь появились интересные приписки: «Женщина должна хотя бы на 5-10% решать больше, чем мужчина».

Показательны ответы на вопрос о политическом участии женщин. 46 человек настаивали на том, что женщин в политике слишком мало и надо принимать меры для их успешного политического продвижения. И только 2 (!) заявили, что женщинам не место в политике.

Итак, анкетирование студенток КазГосЖенПУ убеждает в том, что введение гендерных курсов в учебные планы способствует формированию нового гендерного самосознания, нацеленного на преодоление гендерных стереотипов и формирование нового концепта социального пола.

В КазГосЖенПУ не только создаются учебные курсы и программы по гендерным дисциплинам, но и формируется гендерно окрашенная учебная среда. Это связано, прежде всего, с введением такого новаторского учебного комплекса, как «Қазақ арыу», нацеленного на приобщение к духовно-нравственным принципам казахской народной мудрости, освоение казахского искусства, народного ремесла и в то же время - на изучение тех дисциплин и наук, которые в наибольшей степени востребованы современным обществом – прикладная информатика и разговорный иностранный. Выпускница КазГосЖенПУ, будучи квалифицированным специалистом, прекрасным профессионалом, должна в то же время сохранять привилегии женского типа мировидения, оставаться

привлекательной, обаятельной, знать основы ведения домашнего хозяйства, искусства кулинарии, особенности домашней экономики. «Қазақ аруы» не позволяет доминировать феминистским идеалам, превращающим женщину в "супермужчину", делая акцент на женском различии и на том, что женщина способна смягчить этики добра, любви и соучастия.

В октябре 2010 года на 4-х факультетах Казахского Государственного женского педагогического университета был проведен опрос студентов. Целью опроса было выяснение того, насколько студентками усваивается новая дисциплина «Гендер». Опрос носил пилотный характер, а потому являлся выборочным (всего опрошено 94 студентки). Почти для половины студенток интересно изучение новой дисциплины (48%), в то же время для 44% малоинтересно и совсем неинтересно для 9%, т.е. у более чем половины опрошенных отсутствует интерес к изучаемому предмету (53%). Большая часть студенток постоянно посещают занятия (88%), в то же время 12% опрошенных посещают изредка, вполне возможно это те кому «тендер» совсем неинтересен.

Студенткам был задан вопрос о том «Какой информацией Вы пользуетесь изучая этот предмет». Ответы распределились следующим образом:

Аудиторные занятия	37,2%
Читаю учебники и специальную литературу	27,6%
Обсуждаю с друзьями	26,5%

Из бесед с преподавателями, ведущими этот предмет, и студентов, а так же из посещения библиотеки сотрудниками НИИ выяснилось, что в институтской библиотеке мало литературы по этому предмету, поэтому подготовка студенток к занятиям проблематична, что и отразилось в ответах. Большинство студенток до изучения этой дисциплины не знали о проблемах гендера (67%), что понятно. Было интересно, как понимают студентки понятие «гендер». Вопрос был открытый. Ответы распределились следующим образом:

1.	Гендер – изучение мужского и женского различия, различия между женщинами и мужчинами	46%
2.	Роль женщины в обществе	13%
3.	Не поняла предмет, не знаю, затрудняюсь ответить	16%
4.	Гендер – понятие о женщине, об их правах, свободе; понятие о равноправии женщин	8,4%
5.	Нужный предмет	4,2%
6.	Гендер – понятие о проблемах половой интенсивности, означает секс	2%

Применимы ли полученные знания на практике? Предлагалось выбрать несколько ответов, что соответствовало бы полноте ответа, но в основном студентки выбрали только один:

- помогут мне как педагогу – 30%;
- помогут мне как гражданке – 8,5%;
- помогут мне как женщине – 33%;
- помогут мне как матери – 18%;
- другое – 20%.

Как считает большинство опрошенных (88,2%) с гендерными проблемами они не сталкивались. Студенткам предлагался вопрос о возможных действиях в случае возникновения гендерных проблем 52,1% ответили другое, скорее всего не знают о своих действиях; 16% ответили, что ничего не предпринимали бы; 15% обсуждали бы с друзьями и только 5% добивались бы разрешения. Конечно, это возможные действия, а не реальное поведение, но и оно характеризует жизненную позицию девушек, их социальное

самочувствие, социальную активность и, как видно из опроса, пока эти действия не проявляются как протестное поведение.

Таким образом, анализ этого вопроса показал, что студентки затрудняются ответить на этот вопрос, для них гендер понятие расплывчатое. Конечно, предмет этот новый, так же как и постановка проблемы в обществе. И этим можно оправдать незнание студенток, а также отсутствием литературы по гендеру. Важность этого предмета не вызывает сомнения и необходимо пересмотреть учебные программы, изменить формы проведения практических занятий (активные методы обучения), а также обязательно информационное и методическое обеспечение курса.

Использованная литература:

1. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан-2030. Қазақстан халқына ел Президентінің Жолдауы. Алматы: Білім, 1997. – 179 бет.
2. Программа спецкурса «Гендер» КазГосЖенПУ. Алматы, 2000.
3. «Қазақ аруы». Программа Казгосженпу. Алматы, 2010 г.
4. Закон РК «Об образовании». 11 июня 1999.
5. «Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 гг», утвержденная указом Президента РК от 29 ноября 2005 года № 1677.
6. «Концепция гендерной политики в Республике Казахстан», 27 ноября 2003 года.

Резюме

Мақалада гендерлік саясат мәселесінің өзектілігі қарастырылады.

Summary

In this article will be considered an actuality of a problem of a gender policy.

ҚЫЗДАРДЫҢ КИЕЛІ ОРДАСЫ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

(очерк)

Жұмахан Құмар

Жаңартпа технологиялар

және білім беру мазмұнын

ҒЗИ-ның инспекторы

Қарасаң көзің тоймайтын әсем ғимараттың алдында тұрмын, бұл жерге келіп тебіреніп тұрған бөрікті мен ғана емес шығармын, көз алдымдағы көп қабаттың тақ төбесінде Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті деген жазу тұр. Бұл арада талай арудың сынғырлы күлкісі қалып, талай жігіттің өзегі өртенген. Халық жазушысы Ә.Нұршайықоваға «Махаббат қызық мол жылдарды» жаздырған Халима апамыз, Ғ.Қайырбековке «Алматыда көшесі бар Гогольдың» өлеңін тудырған Бәдеш апамыз, әйгілі З.Қабдоловтың жары Сәуле апамыз сияқты қасиетті аналарымыз үлкен өмірге жолдама алған. Алғашқы түлектері бүгінде ақ самайлы әже, ардақты ана атынып, тіпті шөбересі осында студент болып қайта оралып жатқаны анық. Кешегі Домалақ ана, Қызай, Дина, Зере сынды асыл әжелеріміздің сіңілілері, талай ел бастаған ерлердің жарлары осы босағадан құтты орынына аттанған.

Бұл ортадан заты әйел болса да, ер азаматқа бергісіз артына із қалдырған саңлақтар шыққан. Қазақ әдебиетінің тарихын түгендеп, сөз өнеріне соны соқпақ салған: Ү.Сүбханбердина, А.Смақова, А.Бақтыгереева, Ә.Бөпежанова, ән өнерінің көгінде қалықтаған: М.Ералиева, Тамара Асар, Ұ.Айнақұловалар білім алып қазақ мәдениетінің көкжиегін кеңіткен.

Сейфуллин мен Гоголь көшесінің қиылысындағы осы киелі ғимаратқа ат басын тірегендегі мақсат – жігіттер үшін жұмбақ әлемнің құпиясына үңіліп көру еді. Жаны нәзік саналатын өзімнен жаратылысы бөлек әйел затының оқшауланған ортасында қайнап

жатқан тіршілікті тамашалу. Кешегі оң босағада өсіріп, «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай» әлпештеп өсірген қазақ қызының сіңілілерін, бүгінгідей өзгеріске толы ғасырда, ата-анасынан бөлек ортада қалай ержетіп келе жатқанын байыптау. Қолда қалам, ойда сұрақ, көңілде аздап қобалжу бар, ақыры білім ордасының босағасынан аттадым.

Қолымда ректорға жазған өтініш хаттың көшірмесі бар, осы жолы мен бұл университеттің ішін еркін аралап жүрмін, әрине, «Ұлттық тәрбие» журналының тілшісі болғансоң әдепсіз қылық көрсетпейтініме сенімдімін. Бұл оқу орынының ашылған уақыты 1944 жыл деген санды көргенде, сүйген жар, туған баласын соғысқа аттандырып, қара жолға телмірген аналарымыздың бейнесі көз алдыма келді, бір сәт толқып алға жылжыдым.

Алғашқы болып бірден байқалатыны, дәліздің іші кілең қыз, бұрылуға мұршасы болмай асығыс жүргені болмаса, айналаңа қарасаң қыздардың жанарымен ұшыраса кетесің. Жайлап жоғарғы қабатқа көтеріліп келемін, университет ішінде өзгешелеу бір тыныштық орнаған, көзге бірден көрінетіні ондағы тазалық, бәрі де ретті, бөгде тырс еткен дыбыс жоқ, әркім өз істерімен әуре болып жүр. Қайта төменгі қабатқа түсіп солға бұрылып тіке тарттым, алдымда университеттің кітапханасы, қысқы демалыс кезінен болар, кең залда студенттердің қарасы аз. Кітіпханашы тәтемізге университеттің «Ақтоты» гезетін беруге өтініш жасап, алып қарадым. Мұнда, ары-бері ақтарылған парактың сыбдырынан басқа ештеме білінбейді.

Алғашқы болып пікірлескен ұстаз «Жалпы педагогика» кафедрасының аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі Өтеева Құндыз Жұмашқызы болды. Ол кісіден қыздарды оқшаулап оқытудың ерекшелігін сұрағанымда салмақты ұстаз:

«Президентіміз Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай «Ішкі саяси тұтастық пен қоғамның топтасуы саяси, идеологиялық, діни, этностық немесе таптық мүдделерді біріктіруге бағытталған ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық мәдениетті насихаттауға байланысты», - деді. Демек, шалғай жатқан елді мекендерден келіп оқитын ару қыздардың терең білім мен ұлттық тәрбие алулары үшін университеттегі білікті мамандарымыздың еңбектері ерекше десек болады.

Басқа ЖОО – қарағанда бұл оқу орыны ұлттық тәрбиені көбірек бойларына сіңдіруге мүмкіндік береді. Қылықты қыздарымыздың болашаққа нық қадам басуына, олардың биіктерден көрінулеріне ықпалы өте жоғары деп санаймын.

Жалпы педагогика кафедрасында оқытылатын пәндердің ерекшелігі қыздардың қандай мамандық саласын таңдағанына қарамастан, алға қойған мақсаттың бірі ұлттық тәрбиені үйрету деп санаймыз. Қыздарға ұлттық тәрбие бере отырып, оларды адамгершілікке, инабаттылыққа, өз ұлтын құрметтеуге, өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып білуге ықпал жасаймыз.

Кафедрада оқытылатын «Қазақ аруы», «Этнопедагогика», «Отбасы тәрбиесі» пәндері арқылы студенттерге ұлттық тәрбиенің, салт-дәстүрдің, отбасылық өмірге дайындаудың қыр-сырларын және т.б. көптеген ерекшеліктерін үйретеміз. Үлкені - құрмет, кішіге - ізет, салауатты өмір салтын сақтауларына да, біздің университеттің оқытушы-профессорларының ерен еңбектері бар.

Келісі кездескенім, Педагогика және психология факультетінің деканы Қоңырбаева Сараш Сахихқызы болды. Көпті көрген жүзі жылы ұстазға қойған алғашқы сауалым ұлттық бағыттағы тәрбие жұмысы турасында болды.

Ұлттық тәрбие мәселесі жаһандану заманында ұлтты қалай аман алып қалу деген өзекті мәселеден туындаған. Мемлекетіміздің басты саяси мақсаттың бірі дамыған 50 елдің қатарына ену болса, ұлттық мәдениетті саясатпен қатар алып жүруіміз керек. Негізінде, педагогика ғылымы мемлекеттік саясаттың идеологиялық құралы спеттес. Қазақстанды көп ұлтты дегеннен көрі унитарлы мемлекет деген дұрыс, біздің өзге елдер сияқты автономиямыз жоқ, сондықтан, бұндағы барлық басымдылықтар қазақ халқына негізделуі керек.

Сондықтан, біз халқымыздың өмір тәжірибесінен шыққан қағидаларды және тұрған жеріне, тұрмыс-тіршілігіне, кәсібіне, өмір салтын басшылыққа ала отырып, студенттерге кәсіби білім берумен бірге, тәрбие жұмысын қатар жүргіземіз. Қазір, ЖОО-да «Боллон үдерісіне» сай, «кредиттік жүйемен» сабақ жүргізіледі, ал, онда тәрбие жұмысы қарастырылмаған, тек қана білім беру жағы ескерілген, ал бізде, бабамыздан мирас болып келе жатқан тәрбие жұмысы қатар қолға алынған. Мұғалімдер білімгерлерге мәдениетті сөйлеу, жүріс-тұрыс сияқты қарапайым қағидалардан бастап, отбасында берілетін тәрбиені осында жалғастыра үйретіп отырады. Соның нәтижесі ретінде, «Қазақ аруы», «Этнопедагогика», «Отбасы тәрбиесі» деген сияқты арнаулы пәндерді айтсақ болады» деді. Мені елең еткізгені қазақ деген қастерлі сөзді қоса атаған пән турасында болды.

«Қазақ аруы» арнайы курсы гендерлік мақсатты негізге ала отырып, өркениеттік үлгідегі ойын ұлттық мүддемен байланыстыра білетін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы ұлттық ділмен ұштасқан, кәсіптік-педагогикалық имиджі қалыптасқан зиялы әйел тәрбиелеуге бағытталған.

Ару – сырты нұрлы, іші сырлы әйел затының сұлулығы мен әдемілігіне, адалдығы мен пәктігіне, ақылы мен парасатына, адамгершілігі мен ізгілігіне теңестіріле айтылатын өлшем. Сондықтан, бай мағынаға ие «ару» сөзін мақтаулы қазақ қызына тұмар еткенді жөн санадық.

Бізде оқитын студенттерінің дені – қазақ қыздары. Бүгінгі қазақ қызы – ертеңгі ана, бір отбасының ұйытқысы. Мемлекетіміздің іргесін қазақ отбасылары құрайтынын ескерсек, ұлттық қалпымыз бен салтымызды, ұлттық санамыз бен рухымызды, діліміз бен дінімізді сақтайтын, ең бастысы, ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіретін қазақ қызының болашағына немқұрайлы қарай алмаймыз.

Қоғамда орын алып жатқан келеңсіздіктер қыздарды айналып өтіп жатқан жоқ. Керісінше, астарына теріс пиғыл жасырған жаман әдеттер сүйкімді жандар арқылы таралуда. Қазақ қыздарының сипатына сын түсіріп жүрген: жасандылыққа бой алдырып, өзіне лайық келбетін жоғалтып алуы, ибаға жүгінбей, аруға тән әдептен озыңқырап кетуі, отбасылық тірліктерге бейімделуді қажет деп санамауы, салауаттылыққа нұқсан келтіретін ішімдік пен шылымға бой үйретуі, сол арқылы түрлі ұяттан аттайтын, қылмысқа бастайтын жағымсыз жағдайларда қыздардың аты аталуы тегін емес.

Халқымыздың атына кір келтіретін сұрқай көріністерге қыздардың араласуы – отбасындағы тәрбиеден кеткен кемшілік қана емес, қоғамдағы ойсыраған олқылық. Осындай олқылықтардың орнын толықтыру үшін барлық білім ошақтары өз міндетін деп тәрбие тізгінін қолға алуы – заман тудырған қажеттілік. Тәрбиенің таптаурын болған әдіс-тәсілдерін ығыстыра отырып, заманның талабына жастар көзқарасымен келісе жауап іздеген жөн. Осыған орай, студент-қыздарымызбен жүргізілген сауалнамалар жаңа бастамаларға негіз болды.

Университет студенттерінен алынған сауалнама жауаптарына сүйене отырып, қыздардың өздері қалаған мамандықты терең меңгеруден бастап, өмірлік сұрақтардың бәріне жауап алуға құштарлығын, абыройлы ару болуға талпынысын, ерін күтетін аяулы жар, бала тәрбиесіне жауапты ұстаз-ана ретінде өзін көрсеткісі келетінін, бақытты жанұя жасау үшін отбасында өзінің және басқалардың этноәлеуметтік рөлдеріне деген саналы құлшынысын анықтадық. Сондықтан, арнайы курстан өткен студенттердің игеретін білім-білік дағдыларын жүйелеп, жіктегенде этноәлеуметтік рөлдер принциптеріне сүйендік. Олар, қазақ аруы ретінде, педагог-маман ретінде, болашақ жар ретінде, келін ретінде, сыйлы жеңге ретінде, Абзал ана ретінде, кемеңгер әже ретінде.

Енді алдағы студенттерімізге, тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық образын қалыптастыру, Отбасы тәрбиесінде өмірге негіз болатын этноәлеуметтік рөлдерді атқаруға даярлау, Кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту, Халықаралық іскерлік әдеп нормалары мен ресми ишара ережелерін игеруге бағыт беру, Сұлулық пен денсаулық сақтаудың басты қағидаларын ұстануды және оны жан сұлулығына үйлестірудің құпияларын меңгертуге баулу, Үй

шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру, Ұлттық саз аспабы – домбырада ойнау арқылы өмірге қажетті тұрмыс-салт жырларын үйрету сынды басты міндеттерді алдымызға қойым отырмыз» деді ақжарқын әпкеміз.

Сөйлескен адамдардың осында жастар ұйымдары жұмыс жасайтынын біліп, «Кіші ғылым акедемиясы» деп салмақтылау ат қойылған ұйымның төрайымы Оспанова Фатима қарындасыммен жөн сұрастым. Қазақтың өжет қыздарының бірі екен, іркілмеді.

«Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінде студенттер айналысатын көптеген ұйымдар бар, атап айтсақ, «Жас ғалымдар», «Жастар комитеті», «Парасат», «Кіші Ғылым Акедемиясы». Мұның ішінде «Кіші ғылым акедемиясына» келетін болсақ, 2004 жылдың 18 мамырында құрылған, мұндағы негізгі мақсат, мемлекетіміздің білім жөніндегі саясатын іске асыруға қолдау көрсету. Студент жастарды бәсекелестікке қаблетті, сапалы білім алуына күш салу. Білікті маман болып шығудың жолын саралай келе міндеттер мен қызыметтерді айқындадық. Олар, Біріншіден, талантты жастарға көмек көрсету, ғылыми зерттеу жобаларын іске асыруға және тәжірибелер жүргізуге мүмкіндік беру. Екіншіден, республикадағы ғылыми зерттеу орталықтармен тығыз жұмыс істейді. Үшіншіден, басқа да ЖОО-лармен байланыста болып, ондағы білім жүйесін білу мақсатында әр түрлі олимпиадалар, конференциялар, дебаттарға таланты жастарды тартады. Төртіншіден, университет ішінде жыл сайын, ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылып, дайындалған жұмыстар жарияланады. Бесіншіден, түрлі конкурстар өткізіледі. Сондай, бұл ұйымға мүше студенттердің ұсынысы бойынша түрлі мәдени орындарға бару. Басқа студент жастар ұйымдары да білікті маман, өнегелі ана тәрбиелеу деген идеяның төңірегіне топтасқан», - деді.

ҚазМҚПУ-ға жасаған сапарымыздың бір парасы осылай аяқталды. Бір байқағанымыз мұнда ұлттық бағыттағы көптеген шаруалар қолға алыныпты. Пікірлескен жандар өткен жылы ғана осында ректор қызметіне келген Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызын мақтанышпен айтты, бұрыннан қолға алған шаруаларды аяқсыз қалдырмауға, жоғарыда айтылған ұлттық бағыттағы тәрбиеге байланысты жүйелі түрде, кешенді жұмыстар жүргізуді қолға алып жатқанын жеткізді. Университет ұстаздары мен білімгерлердің айрықша алқауына бөленіп, ел алдында жүрген әпкемізбен де пікірлесудің реті келді, қоғамда күн тәртібінен түспей келе жатқан келелі мәселелер турасында ой бөлісіп, салмақты пайым жасады, білікті басшы ретіндегі өнегесін көрсетіп, жыл басында жұмыс ретке келіп, іс жүргенше бұрылуға мұршасы болмайтын білім ордасындағы қарбаластыққа қарамастан, журналға сұхбат беріп үлгерді. Тәуелсіз мемлекеттің болашағы үшін өз қатарластарынан суырылып шығып, атқа қонған қазақ қызының бойынан айрықша мейірімге толы нәзіктік, ер азаматқа тән ерекше мінез бен мол парасатты байқадым. Әрбір мемлекет қашанда өз азаматтарының бойындағы білімі мен ақыл-парасатына зәру, ер болсын, әйел болсын бәрібір, ел тағдыры сөз болған сын сағатта кәдеге жараса болды. Бұл тұрғыдан Динар әпкеміздің айрықша болымысын көрген студенттер ертең-ақ ұстаз жолын қуып, қазақ елі үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жүгірері даусыз.

Білім беру деген ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілікті қажет ететін киелі саланың басы-қасында болған соң, бір сәтке де немқұрайдылық деген болмау керек. Бұл тұрғыдан ҚазМемҚызПедУ-дың өз міндеін толық атқарып жатқанына осы жолы анық көз жеткіздік. Сөз басында айтқандай, кешегі оң босағада әлпештеп өсірген қазақ қыздарының жалғасы бүгінде, егемен елдің қамқорлығымен, замана көшіне сай біліктілікпен қатар, кешегі күн ескерусіз қалған ұлттық тәрбиенің қайнар көзінен қайта нәр алуға мүмкіндік туыпты. Жаһандануға жұтылмаудың алғышарттарын жасап, қаладағы қайнаған тіршіліктің бір бұрышында өзі қолдарынан келгенше қарекетін жасап, ұлттық баянды болашағына өлшеусіз үлес қосып жатыр екен.

Резюме

В очерке показана история создания и развития Казахского Государственного Женского педагогического университета, его место, занимаемое в современном обществе.

Summary

In an essay shows the history of the creation and development of the Kazakh State Women Pedagogical University, his place occupied in modern society.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Әуезбекова Ж.А. -

«Экономика, есеп және туризм»

кафедрасының оқытушысы,

ҚазМҚПУ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақ жұртына «Алдымен экономика, сосын саясат» деп мемлекеттік саясаттың басты ұстанымын әуел баста айқындап берген болатын. ХХІ ғасырда өмірдің бүкіл саласы айналып келіп экономикаға тәуелді болып тұр десек артық айтқандық емес. Осыны ескерген азаматтардың барлығы дерлік экономикалық арнаулы білімнің болуына мүдделі болып отыр. Мұндай қажеттілік туындағанын ескерген ЖОО-ның экономикалық білім беретін жүйесі күн санап өсіп жүйеленіп келеді.

Бәсекелестікке қабілеттілік талабы бойынша мемлекеттің әрбір азаматы барынша жан-жақты, өзге жұртпен қарым-қатынаста өзінің біліктілігін көрсету керек. Бұл тұрғыдан алып қарастыратын болсақ педагогикалық оқу орындарында білімгерлерге, бүгінгі күні көш басына тұған экономикалық білім берудің орыны айрықша. Экономиканың мамандарға сұранысын қамтамасыз ету маңызды әлеуметтік-экономикалық міндет. Осы маңызды міндет бойынша Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Әлеуметтік-гуманитарлық факультеті, оның ішінде «Экономика, есеп және туризм» кафедрасы жұмыс жасап келеді. 2001 тәуелсіздіктің 2 онжылдығына аяқ басқан жауапты кезеңде өз жұмысын бастады, бүгінде құрамында 31 ұстаз қызмет атқарады, елімізге белгілі ғалым Заманбек Шуақбай Заманбекұлы жетекшілік ететін кафедра содан бергі уақытта неше мыңдаған студентке экономика, есеп және туризм саласы бойынша арнаулы білім беріп келеді. Факультеттің негізгі миссиясына үздіксіз және іргелі білім беруді қамтамасыз ету, халықаралық сапа стандарттарын қолдану, жаңа білім технологияларын енгізу, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу, ойластырылған әлеуметтік саясатты жүзеге асыру негізінде ғылымның, білім берудің және инновацияның тығыз байланысқан түрдегі жаһандану ұстанымы негізінде жоғары біліктілікті кадрларды дайындауды жүргізетін заманауи ғылыми-білім беру ортаны қалыптастыру болып табылады және осы мәселелерді ұлттық білім беру тұрғысынан саралайды.

Ұлттық білім беру мәселесі тәуелсіздік сыйлаған ерекше құндылықтардың бірі, бүгінде оның бастамасы басталып, іргесі қаланды, енді алдағы уақытта оны дамыту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру деген мәселелер туындап отыр, ол үшін білім алушыны барынша толық біліммен қамту маңызды. Бүгінгі күні ғылым мен білімді оқшаулап, жеке-дара дамыту нәтижесіз әрі тиімсіз қадам, себебі, әлемдегі көптеген мемлекеттер бір-бірімен тығыз байланыс орнатып, адамзатқа келер қауіпке бірге қарсы тұрып отыр, бұл тұрғыдан тәжірибе алмасу, пікір бөлісу өте маңызды шаруалардың қатарында. Осыны ескере отырып Қыздар университеті тәлімгерлердің отандық және шетелдік ЖОО-ларда білім алуын жолға қойып отыр.

Жоғары біліктілікті, алдыңғы қатарлы білімдерді жинақтай білетін, креативті ойлау қабілеті бар кадрларды дайындау үшін факультет базасы негізінде бірегей ғылыми-білім беру және инновациялық кешен ретіндегі инновациялық университетке айналу, еліміздің

инновациялық экономикасы үшін үнемі өзін-өзі жетілдіру және интеллектуальды капиталды жинақтап көбейту сол арқылы еңбек нарығын қанағаттандыру мәселесін басты назарда ұстап отыр. Нарықтық экономика жағдайында экономикалық қызығушылық адамдардың экономикалық белсенділігін, ынта-ықыласын арттыратын негізгі қозғаушы күш болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанның білім беру жүйесінде экономикалық ойлауды қалыптастырудың маңызды факторы ретінде, мемлекеттік саяси экономикалық білім мен тәрбие ісі ерекше маңызға ие болып отыр. Экономикалық тәрбие адам бойында тәртіптілік, ұжымшылдық, ықыластылық, ұқыптылық, іскерлік, еңбектегі шығармашылық, т.б. қасиеттерді дарытуға өз әсерін тигізеді. Сонымен қатар, адам өмірден өз орнын табуға, шешім қабылдауға, әл-ауқатын жақсартуға жағдай жасауға бағыттап отырады.

Тек қыздар білім алатын оқу орынында экономикалық білім берудің орыны тептен бөлек. Себебі, бүгінгі күні Қазақстан қоғамында гендерлік білім беру мен гендерлік теңдік мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып тұр. Мәселенің осы қырынан қарайтын болсақ, ұстаздық, медициналық, қаржы саласында басым орынды ұстап отырған әйел адамдарға экономикалық білім беруді кешіктіруге ешқашан болмайды.

Бүгінгі күні Қазақстан Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың белді мүшесі, әлемдегі айтарлықтай тұрақты және үдемелі дамыған елдердің бірі болып табылады. Осы халқаралық ұйым мен дамыған елдің қозғаушы күші экономика, оған біздің елдің әрбір азаматы экономикалық сауатты қатысушысы ретінде атсалысуы керек.

Экономикалық білім, экономикалық тәрбие, экономикалық мәдениет деген ұғымдарды әрбір азамат университет табалдырығында алып саралай білуі, әсіресе, осы саланы өмірлік жолым деп есептейтін маманның кешенді білімді игеріп қоюмен бірге, тәжірибеніде игеруі маңызды. Себебі, экономикалық білім, басқа білім түрлері сияқты, белгілі бір білім жүйесін игеру, экономикалық есептеуде іскерлік пен дағдыны қалыптастыруда, өндірістегі іс-әрекет экономикасын талдау үшін қажет.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: Экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім мазмұнының құрылымын жаңарту, экономика салалары үшін кадрлар даярлаудың инфрақұрылымын дамыту қатарлы міндеттер қойылған болатын. Ел дамуының стратегиялық жоспарын айқындайтын осындай маңызды құжаттың әрбір тармағының маңызы зор, әрі оны елдегі барлық білім мекемелері ескеруі, нақты тетіктерін байыптап, жүзеге асыратын индикаторын жасап шығуы қажет.

Университет - қоғамның қозғаушы күші, мемлекеттегі азаматтық ұстанымды айқындап, болашаққа бағыт беретін ең негізгі орта. Елбасы Н.Ә.Назарбаев биылғы Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстандағы адами капиталдың сапалы өсуі» деген мәселені көтерді, бұл дегеніміз мемлекетте өмір сүретін әрбір азаматтың бойындағы мүмкіндікті пайдалану, материалдық, рухани білімін іске асыру деген сөз. Осы талапты орындау үшін әрбір білім алушының талап-тілегі ескеріліп, қоғамға қажетті мамандықты игеру керек, бұл тұрғыдан қарастыратын болсақ экономика адам өміріне ең керекті мамандықтар қатарында.

Кез-келген адам баласы туыла салған сәттен бастап өміріне араласа бастайды, дәрігер ме, заңгер ме, оқытушы ма, инженер ме бәрібір керек, басқаша айтқанда, яғни, бүгінгі күн тұрғысынан алып қарасақ экономика байлыққа, бақытқа, таныштыққа барар жол. Әрине, шартты түрде бұл тұжырымға қарсы келетіндер табылар. Бірақ шындығында бұл пікір ақиқатқа жақын.

Жалпы алғанда экономикалық білім ХХІ ғасырдың, болашақтың талабы. Осыны түсініп, іске асыру ертеңіне енжар қарамайтын халықтың атқарар ісі, осындай тарихи міндеті дамудың даңғыл жолына түскен біздің ел және елді басқарып отырған азаматтыр атқара алатындығына сенім кәміл. Алдағы уақытта ел үшін тер төгем деген қазақ баласы

базарда арба сүйрейтін қара жұмысқа емес, алақанындағы аз қаржысын ұршықша иретін икемді болса, төңірегіндегілерді ұйымдастырып жұмыссыздық деген бәлекетті жоюға атсалысып, «әлеуметтің жағдайдың оңалуы» деген ортақ іске қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да үлес болатын еді, ол үшін жоғарыдағы сөз еткен ғасыр тынысын ашатын экономика деген елеулі саланы игеріп, «жағдайды дұрыстасақ» деген мәселенің түйінін тарқатса, тұрмысымызда тапшылық болмас еді. Қысқасы, ұстараның жүзіндей аумалы төкпелі заманда, күн тәртібінен түспеген осындай өткір сұраққа біздің ҚазМҚПУ жауап бере алады.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы экономического воспитания в КазГосЖенПУ.

Summary

In article are considered problems of economic education in the Kazakh State Female Pedagogical University.

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

Барлық педагогикалық мамандықтар үшін
«Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру»
элективті курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Авторлары: Бөлеев Қ., Ибраимова Л.Н.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» жалпы білім беретін мектептерде зияткер, дене бітімі және рухани дамыған азаматты қалыптастыру қажеттігі, ол үшін «Білім беру ұйымдары мен отбасыларда адамгершілік-рухани мәдениеттің жоғары деңгейіне қол жеткізілетін болады» деленген.

Әр халықтың отбасында бала тәрбиелеу бойынша сан ғасырлық жинақталған халықтық тәлім-тәрбие жүйесі бар, ол – халық педагогикасы. Қазақ халқы жас ұрпағын өзінің халықтық педагогикасының құралдары арқылы тәрбиелеп, «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат етіп өсіруді армандаған.

Қазақ халқында отбасылық ұлттық тәрбие беру ана құрсағынан басталып, адамды өмір бойы және оны о дүниеге шығарып салумен аяқталатын әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде үздіксіз жүргізіліп, іс-әрекеттер мен қарым-қатынастар арқылы тұрақты жүзеге асырылған. Осыдан келіп қазақта отбасылық тәрбие бір-бірімен тығыз байланысты алты кезеңде жүргізілген:

- 1) Құрсақ тәрбиесі;
- 2) Бесік тәрбиесі;
- 3) Қыз бала тәрбиесі;
- 4) Келін тәрбиесі;
- 5) Ұл бала тәрбиесі;
- 6) Ер жігіт тәрбиесі.

Бүгінгі таңда қазақ мектептері алдындағы ең басты міндет – қазақ этнопедагогикасы материалдарын үздіксіз білім беру жүйесіне ендіру, әсіресе сынып жетекшілері мен ата-аналарды отбасылық тәрбие беруге даярлауда оны пайдалану ерекше көкейкесті мәселе болып отыр. Сол мақсатта оларды аталған мәселені шешуге және оны жүзеге асыруға дайындау қажет. Ол үшін қазақ отбасылық тәрбиесі бойынша бағдарлама құру мәселесін шешу керек болды.

Көп жылғы облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында, педагогтік институтта, университетте мұғалімдер мен болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау іс-тәжірибемізге сүйеніп, қазақ мектептерінің мұғалімдері мен

ата-аналарын ұлттық тәрбие беруге дайындау қажеттігі бізге «Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру» атты элективті курсының бағдарламасын жасауға және оны іске асыруға себеп болды.

Курстың мақсаты – болашақ мұғалімдерді қазақ отбасылық тәрбиесін беруге даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Болашақ мұғалімдерді халқымыздың сан ғасырлық жинақталған отбасылық тәрбие дәстүрімен қаруландыру;

2. Ата-аналар мен мұғалімдер бірлігімен отбасылық тәрбиенің әсерін күшейту арқылы балалардың отбасылық ұлттық тәрбиелілігін арттырып, оның тиімділігін дәлелдеу.

Кіріспе. Курстың мақсаты, міндеттері мен құрылымы.

1-тақырып. Қазақ отбасының тәлімгерлері. Ана, әке, ата, әже, ағалар, әпкелер, туған-туыстар, ауыл адамдары.

2-тақырып. Орта ғасыр ойшылдары Қорқыт атаның, әл-Фарабидің, Ж.Баласағунидің, А.Жүйнекидің, А.Ясауидің, Кайқаустың т.б. отбасылық тәрбие туралы ой-пікірлері.

3-тақырып. Қазақ ағартушылары Ш.Уәлихановтың, А.Құнанбаевтың, ағартушы-педагогтары Ы.Алтынсариннің, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедовтың шығармашылықтарындағы отбасылық тәрбие беру туралы ой-пікірлері.

4-тақырып. Құрсақ тәрбиесі. Екі қабат болысымен әйелге ерекше қамқорлық жасау: оның сүйген жерік асын тауып беру, «Құрсақ тойын» жасау, пәле-жаладан, тіл-көзден сақтау шараларын істеу, екі қабат әйелге ауыр жұмыс істетпеу, оның көңіл-күйін әрдайым жоғары, жақсы ұстау.

5-тақырып. Бесік тәрбиесі. «Бесік салар» ырымы, бесікке салу, «Бесік тойын» жасау, бесік жабдықтары, олардың мәні, бесікке салушыларға сый-құрмет жасау, бесіктің тазалығы, бесікке бөлеу әдістері, бесіктің құрылысы, оның жасалуы, бесікті қару әдеті, бесікке бөленген бала шошымау үшін жасалатын ырымдар, бесіктегі баланы тамақтандыру, ойнату, оның тілін шығаруға жасалатын әрекеттер.

6-тақырып. Қыз бала тәрбиесі. «Қыз» деген сөздің мәні, қазақ ауыз әдебиетіндегі қыз балаға берілген сипаттамалар, қыз баланы еңбекке баулу, қыз балаға адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, экологиялық, отбасылық тәрбие беру, оны отбасылық өмірге даярлау, бойжеткен қыздың сипаты, қызға құда түсу, қалыңдық беру, қыз ұзату. «Қыз сынын» өткізу.

7-тақырып. Келін тәрбиесі. «Келін» деген сөздің мәні, келін түсіру, келін тойы, келінді жаңа отбасында тәрбиелеу. «Келін сынын» өткізуге даярлық.

8- тақырып. Ұл бала тәрбиесі. «Ұл» деген сөздің мәні, ұл балаға еңбек, дене, кәсіби, ақыл-ой, эстетикалық, экологиялық, ұлтжандылық тәрбиелер беру, оны отбасылық өмірге даярлау.

9- тақырып. Ер жігіт тәрбиесі. «Жігіт» деген сөздің мәні, жігіттің кескін-келбеті, қабілет-икеімі, қадір-қасиеті, асыл-қасиеті, асыл-мінезі, ажырамас-серігі, төрт құбыласы тең ер жігіт. «Жігіт сынын» өткізу.

10- тақырып. Отбасылық өмірге дайындау. Үйлену және үй болуға байланысты салт-дәстүрлер, құда түсу, жаушы жіберу, құдаларды қарсы алу, есік-төр көрсету, ұрын келу, ілу тойы, қалыңмал мен кәделер, жасау, келін түсіру тойы, той ойындары, қонақ келсе – құт.

11- тақырып. Қазақтың туысқандық қарым-қатынастары. Адамның өз жұрты, төркін жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты, туысқандық қатынастар туралы даналық сөздердің мәні.

Кесте 1. «Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру» элективті курсының тақырыптық үлгі жоспары

№	Тақырыптардың аттары	Сағат саны	
		лекция	семинар, практ.
1.	Кіріспе. Курстың мақсаты, міндеттері мен құрылымы	2	2
2.	Қазақ отбасының тәлімгерлері	1	2
3.	Орта ғасыр ойшылдарының отбасылық тәрбие туралы ой-пікірлері	2	1
4.	Қазақ ағартушылары мен ағартушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы отбасылық тәрбие беру туралы ой-пікірлері	2	2
5.	Құрсақ тәрбиесі	1	1
6.	Бесік тәрбиесі	1	1
7.	Қыз бала тәрбиесі	1	1
8.	Келін тәрбиесі	1	1
9.	Ұл бала тәрбиесі	1	1
10.	Ер жігіт тәрбиесі	1	1
11.	Отбасылық өмірге дайындау	1	1
12.	Қазақтың туысқандық қарым-қатынастары	1	1
	Барлығы: _30_ сағат	15	15

«Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру» бағдарламасына қажетті әдебиеттер тізімі, рефераттардың, баяндамалардың, әңгімелердің, тәрбиелік іс-шаралардың, курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптары, тестілік сұрақтар жасалынды, мұғалімдер мен ата-аналар үшін «Қазақ халқының отбасылық тәрбиесі» атты оқу-әдістемелік құрал баспадан шығарылды.

Семинар сабақтардың тақырыптары

1. Қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері.
2. Сүйінші және шілдеханә тойы.
3. Бесікке салу және бесік тойы.
4. Тұсау кесу және атқа мінгізу тойы.
5. Сүндетке отырғызу және сүндет тойы. Тілашар тойы.
6. Қазақ халқының үйлену және үй болуға байланысты салт-дәстүрлері.
7. Некелесу әдет-ғұрпы.
8. Қалың мал беру.
9. Жасау беру.
10. Қыз ұзату тойы.
11. Үйлену тойы.
12. Беташар тойы.
13. Қазақ халқының туыстық қарым-қатынастарының тәрбиелік мәні.
14. Туыстық ұғымына сипаттама. Туыстық қарым-қатынастардың өзара сабақтастығы.

15. Адамның өз жұрты. Адамның нағашы жұрты. Ер адамның қайын жұрты. Әйел адамның қайын жұрты.

Студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстарының тақырыптары

1. Сенің отбасың және оның дәстүрлері. Достық және сыйластық туралы. Көңіл ашар сиқырлы сөздердің тәрбиелік мәні.
2. Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні. Табиғатты қорғаудың халықтық дәстүрлері. Зиянды әдеттерден аулақ болу.
3. Өзіңді өзің сыйласаң, сені басқалар да сыйлар. Қандай адамгершілік қасиеттерді ұнатасың? Ата-ана алдында борыштарың қандай болу керек?
4. Халықтың бірін-бірі сыйластық ережесі. Өзара көмектесудің халықтық дәстүрлері.
5. Тұрмыстық салт-дәстүрлердің мәні. Ауылдағы сыйлы, құрметті кісілер.
6. Салт-дәстүрлер – тәрбие негізі. Еңбек етудің халықтық дәстүрлері.
7. Ауыз әдебиеті – даналық көзі.
8. Қазақ халқының сұлулық дәстүрлері.
9. Қазақ халқының отбасын құру дәстүрлері.
10. Ата-ананы, туған-туыстарды, үлкен кісілерді құрметтеу дәстүрлері.
11. Халықтың кәсіби тәрбие беру дәстүрлері.
12. Ақылды және білімді адам туралы халық ойлары.
13. Тәрбиелі қыз, ұл, келін ұғымдары туралы.
14. «Сегіз қырлы, бір сырлы азамат» деп кімді айтамыз?
15. Қазақтың туыстық қарым-қатынастарының тәрбиелік мәні.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптары

1. «Шілдехана тойының» сценарий үлгісін жасау.
2. «Бесік тойының» сценарий үлгісін жасау.
3. «Сүндет тойының» сценарий үлгісін жасау.
4. «Тілашар тойының» сценарий үлгісін жасау.
5. «Туған күн тойының» сценарий үлгісін жасау.
6. «Қыз сынын» өткізудің сценарий үлгісін жасау.
7. «Жігіт сынын» өткізудің сценарий үлгісін жасау.
8. «Келін сынын» өткізудің сценарий үлгісін жасау.

«Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру» элективті курс бойынша рефераттар тақырыптары

1. Қазақтың дәстүрлі отбасы.
2. Қазақ отбасылық қарым-қатынастары.
3. Қазақ халқының некелесу дәстүрі.
4. Қазақтың қалыңмал және жасау беру дәстүрі.
5. Қазіргі отбасының ерекшеліктері.
6. Қазіргі некелік қатынастар.
7. Құрсақ тәрбиесі.
8. Бесік тәрбиесі.
9. Қыз бала тәрбиесі.
10. Келін тәрбиесі
11. Ұл бала тәрбиесі.
12. Ер азамат тәрбиесі.
13. «Толық адам» тәрбиесі.

14. Қазақтың туыстық қарым-қатынастарының тәрбиелік мәні.
15. Қазақтың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері.
16. Қазақ халқының тұрмыстық салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәні.
17. Қазақ халқының мәдени салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәні.
18. Қазақ халқының табиғат қорғау салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәні.
19. Қазақ халқының шешендік өнерінің тәрбиелік мәні.
20. Азаматтық және діни мерекелердің тәрбиелік мәні.
21. Жаңа заман салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәні.
22. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің тәрбиелік мәні.
23. Қазақ халқының ән өнерінің тәрбиелік мәні.
24. Қазақ халқының би өнерінің тәрбиелік мәні.
25. «Наурыз» мерекесінің тәрбиелік мәні.
26. Қазақ бата-тілектерінің тәрбиелік мәні.
27. Қазақ тиым-ырым сөздерінің тәрбиелік мәні.
28. Қазақ жұмбақтарының тәрбиелік мәні.
29. Қазақтың батырлық жырларының тәрбиелік мәні.
30. Қазақ ертегілерінің тәрбиелік мәні.
31. Қазақ тойларының тәрбиелік мәні.
32. Ортағасыр ойшылдарының отбасылық тәрбие туралы ой-пікірлері.
33. Қазақ ағартушы-педагогтарының отбасылық тәрбие туралы ой-пікірлері.

Әдебиеттер

1. Абайдың тәлімгерлік тағылымдары / Құраст. Ә.Дайырова, Г.Құрманбаева. – Алматы: Рауан, 1996. – 136 б.
2. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Орынбор, 1924.
3. Айсариева Б. Босағаң берік болсын. – Алматы: «Білім» қоғамы, 1990. -16 б.
4. Ақ бата / Құраст. А. Тұрлыбаева. – Алматы: Өнер, 1992. – 64 б.
5. Ақпанбеков Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 56 б.
6. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 120 б.
7. Аралбаев Ж. Жаңа дәстүр, жаңа салт. – Алматы: Білім, 1972. – 48 б.
8. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: Қайнар, 1996. – 288 б.
9. Асанов Ж. Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығының теориясы мен практикасы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 227 б.
10. Ата салтың – халықтық қалпың / Құраст. А.Қ. Зәкірианов, М.М. Молдабаева. – Алматы: Рауан, 1995. – 168 б.
11. Ахметов С. Қуыр-қуыр, қуырмаш: (Балалар ойындары). – Алматы: Өнер, 1993. – 128 б.
12. Ахметова З. «Кәусар бұлақ» бағдарламасы. – Алматы: Кәусар бұлақ, 1994. – 32 б.
13. Әбілғазы Б. Түрік шежіресі. –Алматы; Ана тілі, 1992. - 280 б.
14. Әбілова З., Қалиева Қ. Этнопедагогика оқулығы. – Алматы: КЭТУ, 1998. – 261 б.
15. Әленұлы Ш. Халықтық тәрбиенің тағылымдары. – Алматы: РБК, 1998. – 112 б.
16. Әлсатов Т.М. Қазақ хандығы тұсындағы тәлімдік ойлардың дамуы (XV-XVIII ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1999. – 198 б.
17. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Наука, 1972. – 430 б.
18. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. – Алматы: Рауан, 1994. – 144 б.
19. Әлімқұлова Б., Әбдіраманов Е. Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл. – Алматы: Рауан, 1994. – 49 б.
20. Әуезов М. Әдебиет теориясы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
21. Байжанова Ж. Қызым, саған айтам... – Алматы: Қазақстан, 1976. – 56 б.

22. Байжанова Ж. Семья бақыты. – Алматы: Қайнар, 1990. – 561 б.
23. Байтас Т.С. Мұхаммед пайғамбардың әйел және отбасы туралы өсиеттері. – Шымкент: Жібек жолы, 2000. – 32 б.
24. Байтұрсынов А. Ақ жол. Шығармалары, өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
25. Байтұрсынов А. Тәні саудың – жаны сау. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 128 б.

ЖАМАН БАЛА ЖОҚ, ЖАМАН АТА-АНА БАР

Қымбат Әбділдәқызы -

*Қазақстан журналистер одағы сыйлығының лаурияты,
Қазақстан республикасының мәдениет қайраткері,
«Құрмет» белгісінің иегері, Дүниежүзі әйелдерінің
«Жыл әйелі» кітабына енген,
«Айгөлек» балалар журналының авторы, әрі редакторы*

Ең әуелі ұлттық тәрбие турасындағы пікіріңізді білсек?

- Ұлттық тәрбие дегеннің өзі бір жағынан күрделі, бір жағынан қиындығы жоқ қарапайым мәселе. Мысалы, біз бала күнімізде төрт бала бір көрпеде жататын едік, құшағымыз айқасып, аяқтарымыз бірінің үстінде бірі жататын, қазір соларымыз бір-бірімізге жанымызды беруге даярмыз, ал, кейінгілер есеппен, екі баласы бір төсек емес, бір бөлмеде жатпайды. Міне, бұл ұлттық тәрбиеге, ағайындыққа, бауырмалдыққа қарсы әдет, осылай қазақы туыстық қарым-қатынас салқын тартып бара жатыр. Ал, үлкен жақтан айтатын болсақ, Қазақстанда пәленбай ұлт бар деп айтады, мен оған аса қуана қоймаймын, жалпақшешейлік мінезбен айтқан сөз. Сол ұлттардың барлығын қазақтың меймандостығынан, қонақжайлылығынан, өзі жемегенін солардың аузына тосқанынан бүгінгідей жақсы өмірге жетіп отыр, осыны баса айту керек, Міне, бұл ұлттық мінездің керемет қасиеті арқылы жеткеніміз.

Балаларға заманға сай ұлттық тәрбие беру турасында айтып өтсеңіз?

- Мен ол үшін ұлттық тәрбие турасында мектепте, балабақшада көптеген іс жүрсе деп ойлаймын. Ал, өз салам бойынша айтатын болсам, мен «Айгөлек» журналының концепциясын өзім жасап, осы жұмысқа саналы түрде келдім. Қазақ радиосында 16 жыл балаларға арналған хабарлар жүргіздім, сол арқылы бала жанын таныдым. Оларда тазалық бар, үлкендер сияқты қуланып, саясаттанып, жақсылығын асырып, жамандығын жасырмайды. Қазақта «балалы үйдің ұрлығы жатпайды» деген ұлағатты сөз бар, осыдан шыққан. Солай, балаларға не керек екенін білдім, ойлана келе, микрофонға қарағанда газет-журнал тасқа қашалған жазумен бірдей екенін түсіндім, хатқа түссе ерте ме, кеш пе бір оқылады. Осыны саралай келе, «Айгөлекті» 2000 жылы аштым, ол кезде «Балдырғаннан» басқа балаларға арналған журнал жоқ болатын. Мысалы, бізде журналда «Ойландарған 15 сұрақ» деген айдарда: «отбасында ұлттық ерекшелік бар ма?» деген сұрақ бар, соған әртүрлі жауаптар келеді, әр аймақ әртүрлі, дәстүрді біреулер ұстайды, біреулер ұстамайды, кей балалар: «біз соғым сойғанда көршілерді шақырып қонақасы береміз, басқа ұлттық дәстүрді орындамаймыз» деп шынын айтады, кейбіреулері: «ұлттық дәстүрдің несі бар, бәрін ұстанамыз деп, мысалымен келтіріп айтып береді». Отбасында ұлттық дәстүрге мән бермейтіндер, баласының жазғанын көріп ойланады, осылай, газет-журнал арқылы да балаларға ұлттық тәрбие беруге болады.

Бүгінгі ата-ана бала тәрбиелеуде қандай қателіктерге жол беріп жүр?

- Қазіргі ата-аналардың кемшілігі, балаларға ақшамен тәрбие орнаттық деп есептейді, қосымша сабақтар алғыздық, курстарға қатыстырдық, компьютер үйретіп жатырмыз дегенді айтады, ал, кемшілік бала мен өзінің арасында байланыс жоқ, баланың жан дүниесіне үңілу жоқ, жаман бала жоқ, жаман ата-ана бар, ата-ана баласына не керек екенін

білуі керек, менің қарыным ашатыны, ақшасы бар ата-аналар газет-журналға жазылмайды, кітап дүкеніне бармайды. Егер ата-ана, мақал-мәтел, жаңылтпаштар, ертегі кейіпкерлері арқылы сөздік қорын байытатын болса, көп сөздің орынына бір мақалды қолданып елді сүйсіндіріп тасташы дейтін болса, жаман болмайды, өздері үлгі болмаса, бала көшеге қарайды, ал, көше бізге қазақ бол деп тұрған жоқ, көше қазақтың тәуелсіздігіне, қазақтың мықтылығына тілектес емес, көше болашаққа жұмыс жасап жатқан жоқ, міне ата-аналардың қателігі, балам аман отырса болды, тәрбиешіге беріп қойдым, үй күтушісіне қаратып қойдым, онан қалса, мектепке беріп мұғалім жаман екен дейді, мектеп әр баланың болашағына жауап бермейді, сабағына жауап береді. Сондықтан баланың соңында жүріп, жақсы кітап оқытып, шығармашылық байқауларға қатыстырып, қатарына қарап өсіуге зекіп, ұрысып емес, дос бола, сырласа, ойнап отырып тәрбиелеу керек. Әрине, ата-ананың бәрі жаман дегеннен аулақпын.

Балалардың бойынан қандай кемшіліктер байқайсыз?

- Балалардың бойында менмендік бар, кішкентай кезінен бастап қалыптасқан. Жағдайы бар ата-аналар балаларының барлық тілегін орындап, өздерінің жасап жүрген жұмыстарына кедергі келтірмеу үшін, барам деген жеріне апарып, алам дегенін алып беріп, тек амандығына жауап беретін адамға беріп қояды. Ал, бала жүрген жерде тыйым болмаса қиын болады. Баяғыда Маккаренкоға 5 жастағы баланы әкесі ертіп келіп: мына баланы алдасамда, ұрссамда көнбейді, не істеймін?, - дейді, сонда Маккаренко: бала неше де дейді, әкесі: 5 те дейді, онда сіз 5 жыл бала тәрбиесінен кешіккенсіз деген екен, бұл қанатты сөз қағидаға айналып кетті.

Көптеген ата-аналар бәрін ақшамен шешкісі келеді, жұмысына кеткенде ақшаны коп береді, ал, ол бала ертен балабақшаға барғанда, мектепке барғанда басқалардың киген киіміне, ұстаған затына оқырая қарап, «мен, мен» болады да тұрады. Мұғалімнің тәрбиесіне де менменсіп қарап, құлағына ілмейді.

Ол әдеггі қойғызу үшін не істеу керек?

- Жаманды жаман дей бергеннен ештеме шықпайды, оның жүрегіне жол табу керек, біз көбінде биікке көтеріліп алып, баланы бала деп қараймыз. Олай болмайды, пенделік биіктен түсу керек.

Қазақ баланы жастан деп тегін айтпаған, балаға жастан тыйым беру керек. Жастан ақылдасуға, сырласуға, шынын айтуға, пікірлесуге, достыққа шақыру керек.

Балабақша, мектеп өз міндетін толық атқарып жатқан жоқ, олардың бағдарламасына, мамандарына жаңару керек, біз бір сарында жүрміз. Балабақшада кіп-кішкентай болып жарыларман болып тырсиып тұрған қалталының баласын, немесе, неше көлік ауыстырып шаршап келген қарапайым баланы көресің. Қазір бір келкі, бір сыныптың баласы болып, бір көңілде аңқылдап тұрған баланы кездестіру қиын болы.

С.Торайғыровтың өлеңі бар:

Анау жақ сәнін түзеп, сауық құрған,
Құрдасым емес пе еді бір күн туған.
Мен туғанда табылмай қара сабын,
Ол туғанда иіс сабын тәнін жуған.

Бір ғасыр бұрын Сұлтанмахмұт осылай айтты, қазір де бар. Кедейдің баласы бай баласына қарап басылады да, байдың баласы өзімен өзі, қымбат киім, асыл заттарымен болады. Ал, осындай теңсіздік біздің ұлттық құндылықтарға салқынын тигізіп отыр. Ол үшін, ең әуелі баламен жұмыс жасайтын маман түзелуі керек, ол, ата-ана ма, қарапайым тәрбиеші ме, мұғалім бе бірібір, бастысы баланы сүйе білу керек.

Бүгінгі жастар үшін неден алаңдайсыз?

- Бүгінгі баладан ертең қандай қария, бүгінгі қыздардан қандай әже, кейуана шығады екен деп алаңдаймын, қорқам. Мысалы, мен өз басым, қара кемпір болуға дайындалып жүрген, және оны бақ санайтын адаммын. Отыздағы келіншектің қазыналы кемпір болғанын елестете алмаймын.

Сізше біз болашақ үшін не істеу керекпіз деп ойлайсыз?

Қазақ «үмітсіз шайтан» дейді, сондықтан біз жақсылар көбеюіміз керек, ұлттық тәрбиені сүйіп, құрмет тұтатындар белсене жұмыс істеу керек. Шаршауға, бәрі құрыды деп қолды сілтеуге болмайды. Кешегі Алаштықтар қалай жұмыс жасады, ал, біз солардың өмірімен таныс, ізбасары ретінде әрекет етсек, жоқтың орынын толтырамыз деп ойлаймын.

Өзіңіз қазір атқарып жатқан жұмыстарыңыз туралы не айтасыз?

- Мені балалар туралы авторлық бағдарламамен келіңіз деп көптеген орындар жұмысқа шақырады, ал мен оған келіспедім, қазақты сүйетін балаларымды тиеп алған жалғыз кеменің ескегін ессем деймін, сол, үшін шашымды таруға уақыт болмай жүгіріп жүрмін. Балалардан: «сіз менің екінші мамамсыз» деген сөзді естуден артық бақыт бар ма? Бір болған оқиғаны айтып берейін, Шымкентте бір әулетте 3 ұрпақ бойы ешбір қыз бала туылмапты, бәрі ұл, ол отбасы, 8 жылдан бері «Айгөлекке» жазылады екен, ақыры қыз баласы дүниеге келгенде, маған барып-келуге ұшаққа билет алып, ырымдап шақырып, атымды қойды. Балалар әлемі менің ғұмырым, өстіп жүріп құлап қалсам өкінбеймін.

Сұхбаттасқан: Құмар Жұмаханұлы

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Жазылбекова А.Б. -

*Д.А.Қонаев атындағы №1 орта
мектебінің педагог-психологы,
Қапшағай қаласы*

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет ретіндегі дамуы үшін болашақ ұрпақты ұлттық жеке ерекшеліктерін ескере отырып, рухани ізгілік мәдениет құндылықтарын сіңіре отырып тәрбиелеуді қажет. Ал осы ізгі қасиеттерді қалыптастыратын орта отбасы. Ұлдың өжет,батыр, қыздың әдепті, инабатты болып қалыптасуы ата анадан, отбасы ошақ қасынан.

Батыстық мәдениеттің “жүгенсіз насихаты” ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиенің рухани-өнегелік негізіне, ғасырлар бойы қалыптасып келген эстетикалық, потенциалдық, некелік-отбасылық қатынастарға балта шабууда.

Психологтармен сарапталған және жылдар бойы жиналған дені сау отбасын құруының жалпы беталыстары бұл қиын мәселені түсінуде көмек көрсетеді.

Психологиялық ахуалы оң отбасы – бұл жақындықтың, махаббаттың, сонымен қатар таластардың және өшпенділіктің ашық көрініс мекені. Дені сау отбасының мүшелері осы отбасына қатысты барлық үдерістерге еркін қатыса алады. Өзара ынтымақтас ата – аналар балаларға қауіпсіздік сезімін қамтамасыз ететін отбасының омыртқа бағанасы.

Отбасындағы оңды психологиялық ахуал, татулық пен тыныштық, жайдары қабақ, бейіл береке оның барлық мүшелерінің ырысы, ойға алған істерінің өрге басып, мақсаттарының жүзеге асуының кепілі.

Қай заманда, қай елде болса да отбасының адамзат ұрпағына тигізетін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Қазақ халқының өзіндік мәдени, рухани, ұлттық салт-дәстүрлері айқын қалыптаса бастаған сонау қазақ хандығы тұсындағы және одан бергі дәуірлердегі тарих беттерінде рухани-эстетикалық тәлім-тәрбиенің алтын қазынасы жатыр. Осы тұста қазақтың халық педагогикасының алғашқы іргетасын қалауға негіз болған Асан Қайғы, Қадырғали Жалайыри, Қазтуған, Шалкиіз, Үмбетей, Сыпыра, Досмамбет, Бұқаржырау, Жиёмбет, Марғасқа және т.б. сандаған ақын-жыраулардың інжу-маржан мұралары ұлттық тәлім-тәрбиенің ошағы. Қорқыт атаның мұрасындағы тәлімдік өсиет бүгінгі ұрпақ үшін де аса маңызды. “Анадан өнегекөрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман...

Менмен, тәкаппар адамды тәңір сүймейді... Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ...», - дейді ұлы Қорқыт баба.

Қазақ топырағында бала жанының ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан алғаш сараптаған көсем сөз зергері Жүсіппек Аймауытов пен дүлділ ақын Мағжан Жұмабаев еді. Олар бала психологиясының қалыптасуына әке шешенің ролі ерекше екеніне мән берді. «Нашар жаннан осал мінез туады» демекші, баланың жақсы өнегелі тәлім тәрбиені біртіндеп, тамызықтап жинайтыны, яғни баланың жаман қылықтары оның ата-анасынан жұғатыны айтылады. Отбасындағы кейбір әкелердің балаға «ақыл» айтып құлағын жауыр ететіндігін Ж.Аймауытов шенеп мінейді. М.Жұмабаевтың пікірінше бала ұлттық негізде тәрбиеленуі тиіс. Өйткені, болашағы бар ұлт бүгінгі және ертеңгі ұрпағының сана сезімін осынау ұлттық қазына, байлық негізінде салып, тәрбиелесе ғана әлеуметтік прогресс баспалдағынан өз орнын ала алады. Ұлттық даму рухани сабақтардың негізінде жүреді. Әрбір келесі ұрпақ алдыңғы бұдан жалғастырған ата баба өсиетін түсініп, сезініп барып өркендейді. «Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуінде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі өнеге көрсетуінде», - дейді.

Ұлы ғұлама – ойшылдардың бізге жеткен мұраларында әдет, мінез, бақыт, дағды, ақыл-парасат, имандылық, мейірімділік, әділеттілік тұрғысындағы ұлағатты өсиетнамалар тұнып тұр.

Бала үшін ата-анасының үйі – ең алғашқы, басты және ештеңеге айырбастауға болмайтын өмір мектебі. Дәл осы отбасы тұлғаның дамуына шешуші ықпал етеді, адамдық сапаларының іргетасын қалайды. Ал осы іртегас мықты болу үшін, отбасы жайлы болуы керек. Отбасының жайлылығы көбіне оның толық немесе толық еместігіне тәуелді болады.

Ұлы кеңестік педагог А.С.Макаренко «Ата-аналарға арналған кітабында» былай деп жазады: «Сіздің өз мінез-құлқыңыз – ең шешуші зат. Баламен сөйлескенде немесе бірнәрсеге үйреткенде немесе бұйрық бергенде балаға тәрбие бердім деп ойламаңыз. Сіз оны өміріңіздің әрбір сәтінде, тәіпті үйде болмағанда да тәрбиелейсіз. Сіздің киім киісіңіз, достарыңызға және жауларыңызға қатынасыңыз, қалай күлетініңіз, газет оқитыныңыз, осының бәрі бала үшін аса маңызды. Даусыңыздың аздаған ғана өзгерісін бала көреді немесе сезеді, ойыңыздың барлық бұрылыстары көзге көрінбейтін жіптермен оған жетеді, ал сіз оны сезбейсіз. Ал егер сіз үйде дөрекі немесе мақтаншақ, немесе ішімдік ішер болсаңыз, сіз оны нашар тәрбиелеудесіз және сіздің лайықсыз мінез-құлқыңыз ең қайғылы салдарға алып келеді!».

Отбасылық өмірге қажетті сапаларды тәрбиелеу (түсіну, елгезектік, эмоциялық жанашырлық, рухани-ізгілік тәрізді) үрдісі көзге көрінбей жүзеге асады, бірақ қарым-қатынас психологиясының аса ықпалды облысы ретінде, оның ақаулары салдарынан мінез-құлық ауытқулары туындайды.

Бала үшін ата-ана кім? Біріншіден – эмоциялық жылулық пен қолдау көзі. Екіншіден – билік, жақсылықтарды үлестіретін жоғарғы инстанция. Үшіншіден – еліктеудің үлгісі мен мысалы. Ал төртіншіден - дос және кеңесші. Баланың кез келген жасындағы ата-анасымен өзара қарым-қатынасында осы төрт қызмет болуы керек дей тұрғанмен, олардың әр жас кезеңіндегі «үлес салмағы» әр қилы. Сәбилік және балалық шағының басында бірінші қызмет, ерте және кеш балалық шағында – екінші, кіші мектеп жасында – үшінші, ал пубертаттық кезеңде – төртінші қызмет «көшбасшылықты» алады. Осыдан келіп ата-ананың бозбалалар мен бойжеткендермен өзара қарым-қатынас сипатын ынтымақтастық жағына қарай, жастық шақтың досы және кеңесшісі болуға ұмтылысты жүзеге асырып қайта құру қажеттігі туындайды.

Өзара қарым-қатынастардың мағыналық бағыттылық үш типтен тұруы мүмкін. Біріншісі - іс-әрекетке (басым көпшілігінде еңбекке), екіншісі – басқа адамдармен өзара қарым-қатынастарға, үшіншісі - өзіне және өзін қанағаттандыруға бағытталған.

Заманауи психологияда отбасылық өзара қарым-қатынастың үш негізгі стилдері бар: бетімен жіберушілік (либералдық), авторитарлық және демократиялық. Олардың біріншісі әдетте қарым-қатынас атаулының мүлдем болмауынан көрінеді: отбасылық бірлестік мүшелерінің бір-бірінен алшақтығы және бөтендігі, олардың басқаның істері мен сезімдеріне мүлдем мән бермеуі, болашақ отағасын тәрбиелеуде бозбалалар мен бойжеткендердің осындай «принциптерді» қабылдауы мен келешекте жүзеге асыруынан, немесе қандай да бір ата-аналық тәжірибені игеруден бас тартуынан, ата-аналарын жатсынуларынан көрінеді.

Авторитарлық және демократиялық стильдер де өзіндік шкала құрады, оның бір полюсінде қатал авторитаризм: отбасы мүшелерінің кешірімсіз және оспадар, дөрекі қатынасы, олардың бір-біріне деген қатігездігі, агрессия, диктат, рақымсыздық пен суықтығы, ал екінші жағында ынтымақтастықты, өзара көмекті, сезімдер мен эмоциялардың дамуын, сондай-ақ отбасылық бірлестіктің барлық мүшелерінің шынайы және толықтай тең құқылығын білдіретін коллегиялық демократия. Бұл отбасылық қарым-қатынастар стильдерінің тәрбиелік мүмкіндіктері жайында айтпаса да түсінікті.

Отбасындағы өзара қарым-қатынастар стильдерінің салдары тұрғысынан қарағанда (әсіресе балғын жаста), анағұрлым тиімдісі демократиялық стиль екені дәлелденді, ол балалармен қалыпты қарым-қатынасты қолдап қана қоймай, сондай-ақ үйлесімді тұлғаның маңызды сапалары болып табылатын инициатива таныту, жауапкершілік, дербестік және белсенділіктің қалыптасуына барынша ықпал етеді. Өзара қарым-қатынастардың бұл стилімен біте қайнасқан тәрбие үрдісі табанды бірізділікпен, бірақ жұмсақ әрі өнімді, өз талаптарының түрткілерін міндетті түрде түсіндіру және оларды талдауға ынталандыру арқылы жүзеге асады; билік аса қажет болғанда ғана қолданылады, ережелері қатып қалмаған, ал ересектердің пікірі – соңғы шешім шығарушы шындық болып табылмайды.

Өзара қарым-қатынастар стилін олардың эмоциялық ырғағы айғақтайды. Егер оны белгілі бірі шкала ретінде елестетсек, оның бір полюсінде өте жақын, жылы және мейірімді қарым-қатынастар - ата-ана махаббаты, ал екінші жағында – алыс, суық және жауыз қарым-қатынастар. Ата-ана махаббаты есеюші баланың өзін өзі құрметтеуі, оның басқа адамдармен жақсы өзара қарым-қатынас орнатуы, өзі туралы жағымды түсінігі қалыптасуы үшін қажет екенін көптеген зерттеулер көрсеткен. Оның болмауы жүйке және психикалық бұзылуларға, басқа адамдарға жауығу мен агрессияға әкеледі. Өзара қарым-қатынас тәрбиелеу құралдары арқылы да жүзеге асады: бірінші жағдайда - көңіл бөлу мен ынталандыру, екіншісінде - қаталдық пен жазалау арқылы. Құралдардың бірінші типін қолдану әдетте тұлғаның үйлесімді қалыптасуына, екінші типті қолдану кемістікті тұлғаның қалыптасуына әкеледі. Себебі эмоциялық кейіп пен тәрбиелеудің басым құралдары отбасылық бақылау мен тәртіпті орнату типінде де байқалады, онда тағы поллюстің бір жағында ата-аналардың белсенділікке, дербестікке және инициативаға, екіншісінде – тәуелділікке, енжарлыққа және көзсіз бағынуға бағытталуы тұрады, бұлар біздің балаларымыздан ұқсастық немесе контраст арқылы айқын байқалады. Өзара қарым-қатынастар стилін белгілі бір континуум түрінде көрсетуге болады, оның бір жағында даусыз авторитарлық, ал екіншісінде – демократия, ал ортасында өзара қарым-қатынастардың нейтралды стилі орналасады.

Отбасындағы психологиялық оңды ахуал, татулық пен тыныштық, жайдары қабақ, бейіл береке оның барлық мүшелерінің ырысы, ойға алған істерін өрге басып, мақсаттарының жүзеге асуының кепілі. Балаларының ұрысқак, жанжалқой, дөрекілігі әкешінің жатса, тұрса, жадынан шықпайтын қауіп, азабы болады. Ондай ата-аналар үнемі алаңдаумен күн кешіп, қабақтарынан кірбің кетпейді. Олардың жанына өте бататыны әлпештеп өсірген ұл-қызының ата-анасын адам деп елеп, олардың ауру-сырқауын, қапелеріне алмайтыны, бұған қарама-қарсы еңбекқор, кішіпейіл, жарқын мінезді болып өскен ұл-қыз ата-ананың қас-қабағына қарап, хал-жағдайын айқызбай аңғарып, сәл нәрсенің өзінен олардың көңілін тауып, мерейін өсіреді. Отбасы шын мәнінде тату болса, одан адамгершілік пен татулықтың көрінісі таңғы шықтай мөлдіреп тұрады.

Желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпақты ұлттық тәрбиеде тәрбиелеудің маңызы зор. Оның бірі әжелер ертегісі. Бір уақытта қазақ баласының ойынша ертеке білмейтін әже жоқ деп өскен ұрпақтың бүгінгі баласы санасын улап жатқан шетелдің қым-қуыт мультфильмінен аса алмай отыр. Аңыз әңгіме, ертегіден алғырлықты, батылдықты, қамқорлықты, үлкенді сыйлауды бойына сіңіріп, ертеңнен кешке дейін компьютер алдында телміріп отырмай, одан естігенін істемесе еді?

Республикамызды мекендейтін түрліұлт жастары арасында қылмыстың өсе түсуі қатты алаңдатады. Бұқаралық ақпарат құралдарында батыстық өмір салттарын - жыныстық қатынас, кісі өлтіру, бейбастық, қарақшылық, “еркін махаббат”, т.б. насихаттайтын материалдардың, әйел-қыздардың жалаңаш денелерін көрсететін суреттердің жиі басылуы қазақтың ұлттық болмысына елеулі қасіретін тигізуде. Қоғамдық өмірді, қоғамдыққатынастарды демократияландыру ұранымен болып жатқан мұндай бейбастық іс-әрекеттер ұлттық тәлім-тәрбиеге түбірімен қарсы бағытталғанын естен шығармау керек. Осындай келеңсіз, кесірлі құбылыстарға қазақ жастарының едәуір бөлігінің елігіп, еліктеуі қанат жайып барады. Осылайша, батыстық мәдениеттің “жүгенсіз насихаты” ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиенің рухани-өнегелік негізіне, ғасырлар бойы қалыптасып келген эстетикалық, потенциалдық, некелік-отбасылық қатынастарға балта шабуға.

Эмоциялық ауытқулар, мінез-құлықтың бұзылуы және басқа да психологиялық мәселелердің пайда болуы балалық шақтағы жайсыз оқиғалармен байланысты екендігі бұрыннан белгілі. Отбасылық конфликттер, махаббаттың жетіспеушілігі, ата-аналардың қатігездігі немесе жазалау жүйесінің ретсіздігі кейіннен психожарақаттаушы факторларға айналуы мүмкін. Сондықтан да отбасында бала ата-аналар тарапынан эмоциялық қолдау, қамқорлық, жылулық алулары аса маңызды. Баланың ата-анасымен өзара әрекет ету ерекшеліктері, олардың қайырымдылығы, эмоциялық байланыстар мен жақсы көруін көрсететін қарым-қатынастардың болуы балалық шақтың барлық кезеңіне ғана емес, сондай-ақ оның әрі қараңғы өміріне де, басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуында өзіндік үлгі-эталон болып табылады. Сондықтан да әрбір баланың әкесі де, шешесі де болғаны абзал.

Қазіргі таңда отбасы қиын кезеңді өткізуде. Ажырасу мен толық емес отбасылар, отбасындағы кризис, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, отбасы тәрбиесінің құлдырап кетуі, қоғамдағы жат қылықтардың көбеюі, қазіргі кездегі отбасының жауапкершілігінің төмендеуі, заңсыз отбасын құру, некесіз баланың туылуы, тастанды бала, интеллектуалдық қабілеті төмен оқушы, психикасында ауытқуы бар бала, ұлттық намысы, рухы төмен, бәсекеге қабілетсіз ұрпақтың қалыптасуына әкеліп соқтыруда. Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы психологиялық үйлесімділіктің, ынтымақтастық пен түсінушіліктің дұрыс болмауының салдарынан көше кезіп жүретін қаңғыбас балалардың саны көбейе түсуде, жастардың арасында мейірімділіктің, имандылықтың, адамгершіліктің, рухани-ізгі қасиеттердің төмендеуінен қылмыстың, террористік әрекеттердің өршуіне, діни экстремистік ағымдарға бой ұсынғандардың санының өршуіне әкеліп соқтыруды.

Болашақ ұрпақ ұлтжанды, иманды, тілі мен дінін құрметтейтін азамат пен азаматша болып өссін десек ата-баба салт -дәстүрін көненің көзі демей таптырмас тәрбиенің құралына айналдыруымыз керек. Қазақтың аса көрнекті, ойшыл ғалымдарының бірі А.Байтұрсынов «балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» дегендей, бүгіннен бастап қоғам болып ұлттық тәрбиені ұлықтап, салт-дәстүрімізді насихаттап жеткіншектеріміздің санасына жұрт болып жеткізе білмесе, ертеңгі күні ұлтым деп өсер ұрпақтың азайып кетпесіне кім кепіл.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жас ұрпақты отбасылық өмірге дайындау. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2007. (Б.К.Момынбаевпен авторлық бірлестікте).

2. Жанұя барлық тәрбие бастауларының тірегі. Әдістемелік құрал. Алматы, 2007.
3. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесінің педагогикалық шарттары. Қ.Оразбекұлы.
4. Отбасы мәселесінің қазіргі психология ғылымында және тәжірибеде қарастырылуы. Н.Бегалиева, Н.Оразалина. Жантану мәселелері. 2009.
5. Ажырасудың бала психологиясына тигізетін әсері. Д.Сабекова.
6. Отбасылық қақтығыс: ерекшеліктері, себептері, құрылымы. М.Ауренова, А.Есдаулетова.
7. Сезім. Отбасы. Энергетика. К.Елшібаева. Алматы, 2010.

Резюме

В статье выясняются психологические аспекты в семейном воспитании и роль семейного воспитания в национальном воспитании.

Summary

The paper clarified the psychological aspects of the role of family education and family education in national education.



САПАЛЫ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ КЕПШІ – ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ (e-learning)

Нұрқадыров С.Н. –
Д.А.Қонаев атындағы №1
қазақ орта мектебінің
директоры,
Қапшағай қаласы

Тәуелсіздік алған алғашқы күннен-ақ Қазақстан білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды. Жакында ғана Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты – азаматтардың материалдық және рухани әл-ауқатын жақсарту, экономиканы тұрақты дамыту үшін баршаға арналған сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту. Осы арқылы еліміз бен жеріміздің болашағы болатын білімді азаматтар тобын молынан қалыптастыру осы бағдарламаның басты көздегені болып, сол

арқылы көп көкейіндегі түйткілдерге оң бағыт сілтеп отыр. Осы жобаларды іске асыруда Мемлекеттік бағдарламада білім беру жүйесін заңнамалық, инвестициялық, экономикалық және кадрлық жетілдіру жөнінде шаралар қарастырылған. Атап айтқанда, Мемлекеттік бағдарламада көзделген төмендегі 10 бағыттың іске асуы, аталған мәселелер туралы тың серпін әкелетіндігінде дау жоқ.

Нақтылап айтқанда:

Білім жүйесін қаржыландыру, білім берудегі менеджмент, педагог мәртебесі, «E-learning» электронды оқыту, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта білім, техникалық және кәсіптік білім, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, өмір бойы оқу, тәрбие жұмысы және жастар саясаты – бұл бағдарламаның нақты көрінісі болып отыр. Бұл бағдарламадағы басым бағыттардың бірі (e-learning) электронды оқыту жүйесін құру.

Электрондық оқыту жүйесін білім мен тәрбие саласына енгізудегі басты мақсат - білім беру мен тәрбие беру үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. Ал, бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқу үрдісін автоматтандыруды енгізуге жағдай жасау қажет. Мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады.

Білім беру жүйесін басқаруды қолдаудағы басты құрал болуы себепті электрондық оқыту жүйесі білім беру ортасы жайлы барлық қажетті мәліметтерді сақтауы тиіс. Сондай-ақ, ол – білімді дамытудың ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету құралы, екіншіден, электрондық оқыту жүйесінің кез келген түйінінен мәліметтерді орталықтандырып жинақтау арқылы білім беру жүйесінің мониторингін жасау құралы, үшіншіден, білім беру жүйесі туралы қажетті статистикалық мәліметтерді және түрлі аспектілер бойынша есеп беруді қалыптастыруды қамтамасыз ететін шешім қабылдау құралы ретінде әрекет етуі тиіс.

Электрондық оқыту жүйесі барлық білім мен тәрбие беру мекемелері, мұғалім, оқушы және олардың білім беру ортасында ауысып отыруы туралы мәліметтерді сақтайды.

Қорыта айтқанда, электронды оқыту жүйесі төмендегідей ішкі жүйелерден тұрады:

- Ұлттық білімдік мәліметтер қоры;
- Ұлттық тәрбие беру мәліметтер қоры;
- Мектептерді басқарудың ішкі жүйесі (мектеп іс қағаздарын жүргізу т.с.с);
- «Электрондық оқулықтар» ішкі жүйесі-e-Book;
- Оқыту үрдісін басқару ішкі жүйесі - LMS;
- Оқу мазмұнын басқару ішкі жүйесі - LCMS;
- Тестіні басқарудың ішкі жүйесі - TMS;
- Дамытуды басқару ішкі жүйесі - DM;
- Мониторинг және талдау ішкі жүйесі;
- Сыртқы ақпараттық жүйелермен біріктіру модулі.

Жаңа мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі – электрондық оқыту жүйесін іске асыру қандай мүмкіндіктер береді? Таратып айтсақ, электрондық оқыту жүйесінде әкімшілік, директордың орынбасары, мұғалім, оқушы, медициналық қызметкер, кітапханашы үшін функционалдар әзірленетін болады.

Оқушы автоматтандырылған жүйеде өзінің жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Оқушы қазіргі қоғамға сай жан-жақты дамиды. Ал мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms-хабарламалар, есептелік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Ата-аналар қауымы тәрбие мәселелері бойынша кеңестер алу, сондай-ақ қашықтықтан баласының сапалы орта білім алуы мен жетістіктері туралы ақпараттық хабарлама алу мүмкіндігіне ие болады. Оқытушылық жүктемені, сабақ кестесін, үлгерім мониторингі мен оқушылардың сабаққа келуін, педагогтің қызметін, есептілікті директордың орынбасары жүзеге асырады. Жүйе әкімшісі жергілікті және

ғаламдық есептеу желісін, телефон жүйесін немесе дауыс поштасы жүйесін қоса алғанда, көп қолданыстағы компьютерлік жүйенің жұмыс істеп тұруына жауапты болады.

Міне, жоғарыда атап көрсетілгендей, біздің алдымызда осындай келелі міндеттер тұр. Мемлекет өз кезегінде ақпараттық технологиялардың дамуына, білім беру мекемелерінің компьютерлік, интерактивті техникамен, мультимедиялық кабинеттермен жабдықталуына жағдай жасап отыр. Қала мектептерінде қажетті құрал-жабдық базасы бар, Елбасының «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін жолға қоюға тиістіміз» дегендей, елді, білім беруді жаңғыртуға атсалысуға біз де ниеттіміз. Жаңа көзқарас ұлтты ойлануға, ойлауға үйрету арқылы қалыптан тыс көкжиекке көз жіберуге тәрбиелеу, білімді өз бетінше зерделеу, технологиялар мен инновациялардағы жаңалықтарды жүзеге асыра білу бейімділігімен бағаланады. Жастарымызды осындай мақсатта тәрбиелеуге біздің зор мүмкіндігіміз бар екендігіне дау жоқ. Міне, бүгінгі Қапшағай қаласындағы мектептерге қойылатын талаптар осыларға негізделген. Қаламыздағы 15 мектеп 100% интернетке қосылған. Қала және ауыл мектептерінде интерактивті тақталарда мұғалімдер сабақтарын жүргізуде. Өзім басқарып отырған Д.А.Қонаев атындағы №1 қазақ орта мектебінің 15 мұғалімі қашықтықтан оқыту бойынша Он-лайн режимінде курстан өткізілді. Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институтында, кадрлардың біліктілігін арттыратын республикалық институттан мектебіміздің ұстаздар қауымы өз білімдерін жетілдіруде. Қалалық білім дене шынықтыру және спорт бөлімі тарапынан апталық, айлық семинарларға мұғалімдеріміз қатысуда. Өйткені, білім – тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күретаымыры, ел дамуының алтын арқауы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Табыстың көзі, жақсы өмір сүрудің түп қазығы білімде жатқанын ұлы Абай да жақсы айтқан: “Балаң білімді, парасатты болсын десең, малыңды аяма”, – дейді ол.

Яғни, біз бейбіт елде, ұлттық білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпыға ортақ білім беруіміздің мақсаты – терең білімнің ордасында, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі тәрбиелеп, дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жан-жақты жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, электронды ақпараттық технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру. Сондай-ақ, оқыту процесінде білім мен тәрбие берудің пәрменділігін, білімнің тәрбиелік, тәрбиенің білімділік мәнін жоғары дәрежеге жеткізу арқылы біз өз дегенімізге жетеміз.

Резюме

В статье рассматриваются возможности системы электронного обучения для качественного воспитания и образования в школе.

Summary

This article discusses the possibility of e-learning systems for high-quality care and education in the school.

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ХАЛЫҚТЫҚ СИПАТЫ

Кдыралиева Ж.Б. -

«БМ020500 - филология» мамандығының

1-курс студенті,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақ жұрты жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Елдің тарихы басынан өткен ұлылы – кішілі уақиғалар ақылды – аталы сөздер мен өнеге өсиеттер – осылардың барлығы қағазда емес, ел ауызында өмір сүрген. Оның қиыннан қиыстыра, төтеннен төге

сөлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, баталы, нақыл қанатты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз.

Шешендік сөздер ежелгі ауыз әдебиетінің жалғасы және көркем әдебиеттің басы болып табылады. Көркем әдебиеттің туып қалыптасуында, дамып кемелденуінде ақын-жыраулардың атқарған қызметі қандай болса, белгілі шешен билердің қосқан үлесі де сондай. Дәлірек айтқанда қазіргі ұғымдағы қазақтың қара сөзді прозасы мен драмалық шығармалары аңыз әңгімелер шешендік сөздердің негізінде үлгісінде туып, қалыптасқан. Әдебиетімізді қалыптастыруда өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғалар ұлы Абайдан бастап, бүгінгі ақын-жазушыларға дейін ауыз әдебиеті атты айдынды мұхиттан нәр алып, әлемдік асыл арналарға жалғасты. Осындай бай тілдің шешендері айтқан философиялық ойлары әдебиеттану ғылымында өз көркемдік стилімен орнын табуы тиіс.

Шешендік сөздердің қайсысы қай уақытта шығып, қалай қалыптасқандығын кесіп-пішіп айту қиын. Шешендік сөздердің бастауын жалпы ауыз әдебиетінің әжесіндей ертегі-аңыздардан іздеуге болады. Ертедегі аңыздарда жиі кездесетін: Ай мен күндей, Әлем мен аспан тебінгедей еді..., темір етіктен бейнелі сөз – тіркестері шешендік сөздердің алғашқы нышаны секілді. Шешендік өнер қай қоғамда болса да халыққа, қалың көпшілікке әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, жігерін тасытатын қуатты құрал болып келген, ол өнер күні бүгінге дейін сол күшін, қасиетін жойған жоқ. Шешендік сөздерді қонақта немесе бір мәселені талқылау үстінде отырып көп жасаған кәрі құлақты, тәжірибелі адамдардың аузынан шыққан жүйрік ойлы, жүйелі сөздерді құйма құлақ талапты жастар өнер қуған қыз-бозбала жаттап алып, жүрген – тұрған жерлерде ас-тойларда, ойын-сауықтарда айта жүрген. «Шешендік сөздер ертегі аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеп, сорыпталып, бөліне отырып, халықтың біріңғай әдеби тіліміздің қалыптасуына себепкер болған. Шешендік сөздер мен көркем әдебиеттің қалыптасуына дамуына үлкен үлес қосқан Бұқардан бастап, Шортанбай Мұрат, Дулат секілді белгілі жыраулардың шығармаларындағы арнау, толғау сөздерге толы», -деп Серік Негимов өз еңбегінде көрсете кеткен [1:4].

Көркемдік шеберлігі әбден кемелденіп жетілген шешен ғана елге билік жүргізген. Ал көркемдік сапасы нашар шешендердің сөздері бізге жетпеген. Қазақ шешендерінің сөз майталманы ретінде қалыптасуы, өнерін өсіріп, шеберліктерін шыңдауы арнаулы оқу орнында, шешендік өнер мектебінде, ұстаз алдында емес, сахаралық тұрмыс-салт жағдайында өткен. Арнаулы мектеп, үйретуден жалқыпаған арнаулы ұстаз жоқ сайын даланың төсінен шыққан алуан шешендердің, билердің сөздері бүгінде қазақтың өзін де, өзімен өзектес басқа жұртты да таңдандырмай қоймайды. Өйткені қазақ шешендік өнері тапқыр сөз, шешен сөйлеу ғана емес. Қазақ шешендік өнерінің әлеуметтік қызметі де, мазмұн-мағынасы да, сыртқы ажар-көркі де өте күрделі, көп салалы, көп қырлы. Әлеуметтік қызметі жағынан шешендік өнер қазақ даласында бірнеше қоғамдық ойдың міндетін қатар атқарған.

Әр адамның сөйлеу, жазу мәнері-стилі әр түрлі. Ал қазақ шешендік сөздердің бір саласына, ондай айырмашылығы, ерекше байқау қиын. Бұл да шешендік сөздердің халықтық сипатын көрсетеді.

Демек, шешендік сөздерді алғаш айтушы жеке адамдар болған, оны кейін өңдеп-жөндеуші, сақтаушы – халық. Сондықтан оның шын иесі – авторы да халық десек те болады, осы жөнінде Максим Горький: «Халық барлық заттық байлықты жасаушы күш ғана емес, ол – рухани байлықтың да бірден – бір сарқылмайтын қайнар көзі; ол-барлық ұлы дастандар, жер жүзіндегі барлық трагедияларды және олардың ішіндегі ең ұлысы – бүкіл дүние жүзілік мәдениет тарихын жасаушы, шығарманың шығу уақыты, көркемдігі және даналығы жағынан алғанда да ол бірінші философ, бірінші ақын», - деп атап өткен [2:6]. Дәл осы секілді В.Радловта өз зерттеулерінде қазақ халқы жайлы, қазақтардың мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейтіндігі жайлы, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғаттылығын дұрыстығы, қазақ тілінің тазалығы мен шешендігінің ерекше екендігін мойындап кеткен.

Қазақтың шешендік өнерін өзге жұрттың өкілдері, атақты ғалымдары зерттеп, жоғары бағалаған. Дегенмен де, шешендік сөздерді зерттеген қазақ зерттеушілері де аз емес. Қазақтың шешендік – тапқырлық, нақыл сөздерін алғаш жинап жариялаушы ғалымдардың бірі Ы.Алтынсарин. Ол өзінің «Хрестоматиясына», «Ізбасты», «Байұлы», «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен» дейтін тапқырлық-шешендік сөздерді енгізіп, оларды оқуға ұсынған. Халық даналығының балаларды тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбиелік мәнін дұрыс түсінген ағартушы оны кезінде қажетке жарата білген [2:7].

Осы сияқты қазақтың шешендік – тапқырлық сөздерді ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде зерттеуді М.Әуезовтың жиырмасыншы жылдардағы еңбектерінен кездестіреміз. Қазақ әдебиетінің тарихын жасауға арналған бір зерттеуіне М.Әуезов «Билер айтысы» деген арнаулы тақырып енгізіп, шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіріп кеткен. Шешендік сөздерді зерттеу, оның ауыз әдебиетінде алатын орнын, халқытың сипатын анықтауда бұл алғашқы еңбектің мәні зор. «Қазақ әдебиетінің тарихы» дейтін шолуында айтылатын: «Ауызша әдебиеттің ішінде елдің белгілі ұғымын білдіретін, жалпы дүниеге көзқарасын сездіріп, өткенді қалай түсінуін көрсететін сөздің барлығы да бір-ақ адамға тиісті емес, ол көптің өнері, жалпақ елдің сыбағасына тиетін өнер туысы», - дейтін тұжырымның шешендік сөздерге де қатысы бар [3:85]. Одан бері отызыншы жылдары шешендік сөздерді жинау, зерттеу ісіне үлес қосқан адамдардың бірі Сәкен Сейфулин. «Қазақ әдебиеті» дейтін кітабында «Билердің сөздері» деген тарау енгізіп, шешендік сөздіктерді дербес жанр деп қарайды. «Билердің сөздерінен» көптеген мысалдар келтіріп, алғаш рет шешендік сөздер мен мақал-мәтелдердің ара қатынасына назар аударады. Қазақтың көне әдеби құралдарын, соның ішінде шешендік, тапқырлық, нақыл, мақал сөздерден мол қамтылған. Бұл еңбектің болашақ зерттеушілер үшін маңызды материал болған. Ауыз әдебиетін құнттап жинап, зертеген Сәкен шешендік сөз нұсқаларының бір кісіге жатпайтындығын бір сөзді әлденеше кісі иемденіп айтатындығын дұрыс аңғарған. «Пәлен бидің сөзі екен деген сөздің көбін сол бидің өз жанынан шығарған сөзі деп бекіте айту қиын. Өйткені бір бидің сөзін екінші би жатқа алып өзінікі қылып айта берген. Осы күні бір рудан «пәлен айтқан екен»» деген сөздерді тексеріп келсең, ол биден талай жыл бұрын басқа бір би айтқан сөз болып шығады», - дейді Сәкен [3:86].

Сонымен бірге шешендік тапқырлық сөздер белгілі дәрежеде қарапайым халықтың қанаушыларға, езушілерге қарсы жұмсайтын қаруы, құралы болған. Әдетте шешендік өнер айтыс тартыста дамиды. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Халық мақалдарында: «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді», «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», - деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы сөз. Сөз туралы Бөлтiрiк шешен: «Сөзден тәттi нәрсе жоқ. Сөзден ащы сөз жоқ Сөзiндi тiлiңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзiндi ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кiмге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтiнiңдi бiл» - деп толғайды. Бұлар – «Ердiң құнын екi ауыз сөзбен бiтiретiн, жауласқан елдiң арасына бiтiм айтатын, күлгендi жылатып жұбата алатын даналық сөздер иесi». Би шешендер даулы мәселенi түйiндi төрт аяқ ауыз сөзбен тындырып отырған [1.5].

Сондықтан да халық өзінің отауызды, орақ тілді қара қылды қақ жара әділ билік айтатын шешен билерін ханнан бетер қадірлеп, сыйлап олардың айтқан кесімді, бітімді сөздерін жадында сақтап келген. Шешендік өнер – көрген – білгенді көкейге тоқып, оқып үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс – тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау:

«...Көш бастау қиын емес-
Қонатын жерде су бар.
Қол бастау қиын емес-
Шабатын жерге жау бар
Шаршы топта сөз бастау қиын-

Шешімін таппас дау бар», - деп дұрыс аңғартқаны өте дұрыс. Нағыз шешен үшін сөзге шебер болуы жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын сабырлы болуы қажет. Қазақ шешендік өнерінің піспегі-шешен билерде, күбісі – халық.

Шешендік сөздердің тақырыбы да, қамтыған мәселесі де көп. Көбінесе шешендік сөздер – жер дауы, жесір дауы немесе ердің құнымен байланысты айтылатын билік төрелік сөздер. Бұлай болуы заңды да өйткені шешендік өнер көп жағдайда әншілік, күйшілік, тіпті ақындық сияқты өнер деп танылмай кейбір таңдаулы адамдардың «жақсылар» мен «жайсандардың» жеке бастарының қасиеті ретінде бағаланған. «Ақындар сияқты шешендер арнайы өнер жарысына түспеген, түсуге арланған. Олардың шешендігі белгілі бір дауларды шешу үстінде көрінген. Шешендік-тапқырлық сөздері белгілі мақсатпен байланысты туған. Нағыз кедей мен жарлы-жалшыдан не бір күміс көмейі, жез таңдай халық шешендері шығып әдеби тілімізді тілдік қорымызды байытуға, қалыптаса қатысқан»[4:4]. Мәселен, бата-тілектен бастап, кейінгі ұрпаққа арналған өнегелі өсиет сөздерді, өмірде кездескен ердің құны нардың пұлы секілді дау-жанжалды шешетін, қайғы-қазаммен байланысты туған естірту, көңіл айту сияқты шешендік сөздің әр түрлі нұсқасы сақталған.

Ата-бабаның мұра болып қалған бұл шешендік сөздерде халық даналығы мен кеменгерлігі жарқырап тұрады. Мысалға: Есен бидің нақыл сөздеріне назар аударсақ:

Өсиетке терең бол
Өсек сөзге керең бол
Кедеймін деп налынба
Арыңды сатып жалынба
Бұл атаңнан қалған арық
Егін ек те бол қарық
Атаңның ботасын алма, батасын ал
Бота өліп қалады, батадан бағын жанады
Ит жақсыны да, жаманды да қабады
Жалақор өз жазасын өзі табады
Ағайынмен жауласпа
Басың азаяды
Көршіңменен дауласпа
Басың азаяды
Етегің түріп елге жет

Терің төгіп еңбек ет [5:193] – деп тәрбиеге баулыған. Әрбір жолы тәрбиеге, адамгершілікке, сүйіспеншілікке, ақыл-парасатқа шақырады.

Осыған ұқсас жастарға айтылған, ғибрат, нақыл сөздерде Бекболат бидің өсиетті өлең жолдарында да кездеседі.

Тәрбиелі бала жасынан
Талаптыға ой табылар
Талпынбаса басынан
Ер ақылды болғанда
Ерден қайрат табылар
Ерлігің асса майданда
Егіліп жауың қамығар
Орынсыз болса өз ойың
Ойлыға билік берерсің
Жақында досың жоқ болса
Ойламай-ақ, көнерсің
Білімсіз болса сенгенің
Бітір ісің бүлінер
Бірліксіз болса жолдасың

Болымсыз іске сүрінер[5:128] деп осындай өнегелі, тәрбиеге баулитын, адамгершілікке бағыттайтын асыл мұрамыздың жас ұрпаққа берері мол. Аталы дәстүріміз – шешендік өнерді ұрпақ тәрбиелеуге пайдалану ұлағатты ұстаздың борышы.

Бүгінгі тәуелсіз елімізде жас ұрпақты ұлтжанды, адамгершілікке мол, жігерлі, патриот, парасатты етіп тәрбиелеуде шешендік өнер баға жетпес құндылығымыз десек артық етпейді.

Қорыта келгенде, шешендік сөздер – халық оқулығы, оның ғұмыры өлшенбейді, жастар тәрбиесінде де алатын орны орасан мол. Бұл сөздер алдымен адам баласын білімділікке, сөз қадірін білуге, ерлікке, қайырымдылыққа, адамдыққа баулыса, жағымсыз жат қылықтан сақтап, аулақ болуға шақырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Негимов «Шешендік өнер». Алматы, 1997 ж.
2. «Қазақтың шешендік сөздері». Алматы, 2006 ж.
3. Б.Адамбаев «Халық даналығы». Алматы, 1996 ж.
4. «Ел аузынан». Алматы, 1989 ж.
5. Н.Төреқұл «Даланың дара ділмарлары». Алматы, 2006 ж.

Резюме

В статье рассматривается роль риторики в национальном воспитании

Summary

In article is considered the role of rhetoric in national education.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БАҒДАРЫ

Нұрқадырова Жамила

«6M020500 - филология» мамандығының

1-курс студенті,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Әрбір халықтың ерекшелігі – оның рухани мәдениеттің сапа – дәрежесімен таразыланып, танылады. Рухани мәдениеттің ең елеулі саласы - әдебиет екені ақиқат. Өйткені, онда халықтың сан ғасырлар бойғы рухани ұлы мұраттарын мазмұндайтын көркемдік құндылықтар жинақталған.

Әдебиет – қоғамдық ой-сана, пікірлердің аса жүйелі, жинақталған көрінісі. Әдебиет туралы сөз, қалай болғанда, уақыт туралы сөз болмақ. Әдебиет қоғамдық ой-сананы танытушы ғана емес, белгілі бір дәрежеде қалыптастырушы да. Осы тұрғыдан келгенде, уақыт талабына жауап беретін шығармалардан алдымен іздейтініміз – тақырыптың көркемдік шешімін табуы, ой мен сезімнің тереңдігі мен мөлдірлігі, өмір нақыштарының молығы, жан-жақтылығы, ең бастысы адамгершілік ізденістері мен ұрпаққа берер тәрбиелік қыры болмақ.

Көркемділік – шеберліктен туады десек, суреткер шеберлігі ең алдымен өмір шындығын жіті көріп, түсіну, сан-алуан адамдардың мінез-бітімі мен қимыл-әрекеті, психологиялық ерекшеліктерін танып-білу қабілетінен туады. Осы орайда, Б.Мұқай қаламгер үшін нағыз шеберлік мектебі болып табылатын әңгіме әлеміне сапар шекті. Біз ғылыми мақаламызда жазушы әңгімелерінің идеялық-көркемдік ерекшеліктері мен замана шындығы мен кейіпкер келбетін даралау сипатына және автордың әңгімелерінің тәрбиелік қырына ғылыми сараптама жасамақпыз.

Қазақ прозасында өзіндік орны бар Б.Мұқай әңгіме жанрының шеберлігін жетік білген сөз зергерінің бірі. Шағын әңгімелері арқылы жазушы өзінің үлкен концепциялы суреткер екенін таныта білді. Қаламгер әңгіме саласында да нақты өмір шындығын суреттеп, сол

арқылы терең азаматтық ойлар, философиялық толғамдар айта білді. Көркем дүниелерінде қайсыбір тақырыпқа қалам тербемесін, қандай да бір идеяны өзек етпесін, оны ең алдымен зерттеп, өз ой елегінен өткізіп қана қоймай, сол құбылысқа баға беріп, қоғам мен замана мәселелері тұрғысынан түйіндейді. Жазу машақатының бар қыр-сырын жете түсінетін қаламгер әрбір туындысында әлеуметтік өмірдің шындығын характерлер бойына жинақтап сомдап, нанымды жеткізуге тырысады. Оқырман жүрегінен терең орын алып, тамырын тап басатын толғамды тұжырымдарды мазмұндайды. «Дәуірдің әлеуметтік қайшылықтарын көре білу, ірі характерлер ашу, поэтикалық жаңа формалар туғызу жөніндегі ізденістер де жас таланттардың қолынан келеді. Олар еңбектегі құрбыларымен бірге бүгінгі тіршіліктің романтикасын жақсы сезінеді, болашаққа оның қиялын өсіріп қызықтыратын ертеңгі күнге көрегендікпен қарай алады» [1, 28 б.] – деп, академик С.Қирабаев тұжырымдаған болатын. Осы тұрғыда қарастырар болсақ, өткен ғасырдың жетпісінші жылдардан бастап жазылған Баққожа Мұқайдың көркем дүниелерінен адам характерін, өмір шындығын, сол уақыттың әлеуметтік проблемаларымен байланыста, астастыра тұлғалау, бейнелеп көркемдеу шеберлігі аңғарылады. Шын жазушыға заңды қасиеттер болып саналатын қаһармандарының жан дүниесіндегі толғаныс-толқуларды тура танып, әсерлі бейнелеу мен кейіпкер келбетіне көбіне – көп ой ағыны тән болып келетіндігі аңғарылады. Қаламгер әңгімелері мән-мазмұнының тереңдігімен, қоғам тынысын терең сезініп, оқырманға ой-сана дәйектеуімен құнды. Кейіпкер мінезі тарамдалып, адамгершілік іс-әрекеттерінің нанымдылығымен ерекшеленіп, жинақталған бейнелер ұлттық болмысқа сай сомдалады. Қаламгер шығармасына негіз болатын тақырып пен идеяны халықтың ортасынан алып, психологиялық мәнді шығарманы қоғамдық жағдайларға сәйкестендіре суреттейді. Әңгіме тақырыбы жазушы көкірегіне тың ойдың ұялауынан туындайды. Қаламгер өзі өмір сүрген уақыт тынысымен ілесіп, ең өзекті мәселелерді саралап, шығарма тақырыбының өзегіне айналдыра білді. Замана тынысын, замандас бейнесін айта келе, өзекті мәселенің тартыс желісін жүйелеп әкеліп жазушы әңгіме соңында шағын мазмұнмен терең ойларды зерделеді.

Өр заманның айтылуға тиісті шындығын, дәуір тынысын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін – қаламы ұшқыр қаламгер, ал әдебиеттің көсегесін көгертетін – көркем проза. Әдебиет – адам тану ғылымы. Ал, әдебиеттің негізгі нысаны адам – кейіпкер. Жазушы оқырманға кейіпкерді танытуы қажет. Танытудың түрі көп. Солардың бірі – кейіпкерді толыққанды танытатын тек оның аузымен айтылатын сөздері. Сонымен қатар шығармадағы замана шындығының көркем шындыққа айналу сенімдігінің бірден бір кепілі кейіпкер сөзі десек, жазушы шығармаларында әр кейіпкер өз сөйлеу мәнерімен дараланады. Бұл дегеніміз - персонаждардың рухани-ұждандық эволюциясы тұрмысы мен іс-әрекеттері нәтижесі арқылы көрініс табуының айғағы. Б.Мұқай әңгімелерінде адам мінезінің сан қыры қоршаған ортамен байланысқа түскен сайын жан-жақты ашыла түседі, адамгершілік тұлғасы кеңейеді. Кейіпкердің жан дүниесі шығарма барысында толығымен ашылады. Жазушының шығармаларының өн бойынан баяндау мәнеріндегі табиғилық, образ мінездеуіндегі өзгеше сүйіспеншілік, мәнерлі ерекшелік, адам сезімдерін дөп басып суреттеудегі өзіндік ерекшелігі анық аңғарылып тұрады. Өйткені, жазушы әрбір шығармасына жауапкершілікпен қарайды. Қайсыбір туындысында да өз халқына, ұлтына деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығы қатар өріліп жатады. Айналадағы болып жатқан уақиғалар тізбегін кейіпкер болмысымен байланыстырып, өрнектей келе азғындық пен адамгершілікті, жақсылық пен жамандықты, жауыздық пен мейірімділікті, надандық пен көрегендікті шендестіре қозғайтын, философиялық мәні терең шығармалар жазған. Жазушының көркемдік жағынан да, мағыналық тереңдігі жағынан да адамның ішкі жан-дүниесін, күйініші мен сүйінішіндегі өзгерістерді бейнелеп көрсетіп қана қоймай, адамгершілік қасиеттерді мазмұндайтын туындылары өмірдің сырлы сипаттарын алға тартады. Әңгімелерін талдау барысында жанаша сипаттағы көркемдік ізденістерге, осы жолдағы өзіндік жетістіктерге қол жеткізгенін байқаймыз. Өйткені, қашанда қаламгер шеберлігі адам образын, кейіпкер сезімдерін нанымды жеткізе білуіне қарай танылатыны

белгілі. Жазушы көркемдік құрал мен әдіс тәсілді табиғи жолмен тұтастырып, шығармадағы адам характері, бүгінгі замандас бейнесін жан-жақты ашуға тырысады.

Бүгінде жоғары буын қаламгерлердің біріне саналатын Баққожа Мұқайдың қайсыбір көркем дүниесі болмасын әлеуметтік мәні терең ойларды мадақтап, оқырман көкірегіне мәнерлі мазмұндарды ұялата алады. Сонымен қатар, жазушының әрбір шығармасы көркемдік тұрғыдан қарағанда ерекше сипатқа ие, әрбірінен әртүрлі ізденіс ізімен жаңашылдық лебі аңғарылатын суреткер талантының жемісі. Осы тұрғыдан келгенде, жазушы шығармашылығы шын мәніндегі терең түсінуді, салмақты саралауды қажет ететін қатпарлы әлем. Әңгіме атты шеберлік мектебінен шыңдалып өскен қаламгер әңгімелері өз бағасын алған, мазмұны жағынан дәл бүгінгі қоғам тұрмысына жақын көркем дүниелер. Сондай-ақ, қаламгер шығармашылығында замана тынысы жоғары көркемдікпен түйінделіп, авторлық идея мейлінше анық мазмұндалады. Б. Мұқайдың табиғи талантын ұштап, үнемі ізденіс үстінде болуы қаламгердің әрдайым жаңа қырларынан көрінуіне мүмкіндік береді. Әңгіме жанрынан бастап, повесть, романға қалам сілтеген жазушының кез-келген туындысының сарқып құяр ұясы ұлттық таным мен халықтық болмысқа тіреліп жатады. Қаламгер қолтаңбасына адам характерін терең философиялық ойларымен тербеп, саяси оқиғаларымен байланыстыра отырып кескіндеу тән. Қаламгер өзі өмір сүрген дәуірдің өзекті проблемаларын көтере отырып, тың замандас бейнесін бейнелейді. “Жеке бастың мүддесінен мемлекеттің, егемен елдің мүддесі жоғары тұруы керек” [2, 7 б.] – деп түсінетін жазушы халықтың әлеуметтік-қоғамдық мәселелерін, замана ақиқатын шығармаларының басты арқауына айналдырды. Оқушы қауымға нанымды оқиғалар тізбегін тың өрнектермен батыл суреттеп, көптеген амал-тәсілдерді ыждаһаттылықпен пайдаланады. Күнделікті өмірдегі сан қилы жағдайлар мен тағдырларды қиюластыра байланыстырып, поэтикалық ізденістер нәтижесінде философиялық тәрбиелік мәні терең сипаттағы қаламгер әңгімелері кейінгі көлемді шығармаларының іргетасы іспеттес.

Б.Мұқай әңгімелерінде де жалпы адамға тән құндылықтардың замана шындығымен таразылануын – ұлттық рухани болмыстың, қадір-қасиеттің терең тамырын танытуға деген ұмтылысы көрініс табады.

Көркем шығарманың басты сипаты – адамгершілік қасиеттерге барып тіреледі. Көркем шығарманы оқыған адам қандай адамгершілік сынды ізгі қасиеттерді бойына сіңіріп, жақсылыққа жақындап, жамандықтан диренуі тиіс екендігін шығарманы оқығанда ұғынатындай дәрежеде болуы шарт. Адам мінезін, жан-дүниесін рухани ұлылыққа дейін шыңдау – көркем әдебиеттің негізгі қызметі. Көркем әдебиет ең алдымен адамның ішкі ойының дөп басып, нақ қалпында нанымды суреттеліп, оқушы жүрегіне жол табуын ескереді. Шығарма бойында адам жанын тебіренерлік шынайы адамгершілік пен ар-ождан философиялық толғамдармен көмкеріліп жатса, ол қаламгер ізденісінің жемісі. Б.Мұқайдың қаламгерлік ізденістерінің негізгі өзегі мен бастау-бұлағы неде? Моральдық, рухани ізденістер суреткердің тырнақалды туындыларында қалай көрінеді. Автордың халықтық руханилықты алға тартқан туындыларының берер тәрбиелік мәні мен идеялық маңызы әңгіме аясына көркемдік әдіспен сыйдыра білген.

Б.Мұқайдың қаламынан туған дүниелер аз емес. Көркем шығармалары заман мәселелерін әр қырынан зерделеп, терең мазмұнмен дәйектеледі. Осы орайда жазушының көркемдік сапасы мен идеялық мазмұны қоғамдық әлеуметтік мәні бар күрделі де қомақты шындықтарды көтеріп, соған байыпты тың ойлар түйіндеген «Қара талқан» атты әңгімесінің мазмұндық-құрылымдық сипаты терең. Жасан – бүгінде қылтамақ ауруымен төсек тартып жатқан қария. Жалғыз ұлы жоғары жақта бастық. Бірақ осы «құдайдан тілеуін тілеп отырған» [3, 8 б.] жалғзынан жаны азапқа түсіп жатқанда көріп жатқан жақсылығы шамалы қария өткен күніне авторлық баяндаумен шегінеді. Баяндаудың қаламгер суреттеу тұрғысы туралы ғалым В. В. Виноградовтың “Рассказчик – речевое порождение писателя и образ рассказчика, который выдает себя за “автора”, - форма литературного артистизма писателя. Образ автора усматривается в нем как образ автора в

твормом им сценического образа... В силу этого образ рассказчика колеблется, иногда расширяясь до предела “образа писателя”, “автора”. Соотношения между образом рассказчика и образом “автора” динамично... Динамика форм этого соотношения меняет непрестанно функции основных словесных сфер...”[4, 122-123 с.] дейтін пікіріне сүйенсек, жазушы кейіпкерінің “шіркін-ай, бір уыс қара талқан болсашы. Бір-ақ уыс...” деп ойлады. Тамсанып еді, сілекейі шұбырды. Мұрныны қара талқанның иісі қытықтап, ұзақ тамсанды. “Бір уыс қара талқанға зар болдым-ау ақыры” [55, 8 б.], - дейтін сөздерінде терең салмақ жатқанын аңғарамыз.

Жасан шалдың қара талқанға аңсары ауғалы біраз күн. Талқанды қорек етсе ауруынан ада-күде арылып кетердей болады да тұрады. Мұнысын ұлына айтуға қаймығады. Жәнібектің мінезі морт. Және оның талқан табатын жері де жоқ” [3, 9 б.]. Осы қиналыстың құшағында жатқан кейіпкер өткен күн елесімен ой жүгіртуі арқылы оқырманға ашыла түседі. Әңгіменің әлеуметтік салмағын бағдарлау кейіпкер характерімен, психологиясынан көрінеді. Бір уыс қара талқанға зар болып жатқан Жасан қарттың қиналысы баласы Жәнібекке шыбын шаққан құрлы әсер ете қоймайды. Ал, келіні Рауза қарияға тіпті қарамайды. Шығармада безбүйрек ұл мен ұятсыз келін образы жан-жақты бейнеленеді, қарияның немересі Дастан образы қосалқы тұрғыда қарастырылады. Алайда осы образдың әңгімедегі жазушы жақтап отырған ізгілік пен мейірімнің көрінісі ретінде бағасы зор. Әңгіме басында атасының бөлмесіне кіріп жағдайын сұраған немересінің сөзіне оқырманның іші жылып, үміті оянады. “Сыртқы есік ашылғандай болды. Кірген адамның кім екенін біледі. “Да-а-с-тан” деп қинала дауыстады. Бөлмеге он жасар қара тәмпіш кірді.

- Су ішесің бе ата! – Шал үнсіз бас изеді. Дастан әкелген орта кесе суды сарқып ішті, құсқан жоқ, маңдайынан бұрқ етіп суық тер шықты. “Е, тәубә!” деп күбірледі ол. Бойы сергіп, бір қиырда жылтырап көрінген жалғыз шырақ жақындай түскендей шабысынан жаңыла беретін жүрегі лүп ете түсті. Өзіне бөтен көзбен шошына қарап тұрған немересіне мойын бұрап, ептеп езу тартты да бара ғой дегендей кеудесінен итерді. Дастан соңына жаутаңдай қарап, бөлмеден шығып кетті” [3, 8 б.]. Автор алып отырған идеяда ата-анасына жаны ашымайтын сүйкімсіз, мансапқа берілген ұл мен келін бейнесі арқылы оқырман жүрегіне қаяу түсіп, көңілі қобалжыса, немеренің қылығы мен ата мен немере арасындағы бір сәттік жылылыққа куә болу арқылы көңілі марқаяды. Қария өмірінің жалғасы бар екендігіне, қайырым-мейірімнің жоғалмайтындығына көңіл тоқтатады. Осы қайырымдылықтың негізіне немересін қоюының өзінде көп мән жатыр. Автор өзінің қаламгерлік ерекшелігі мен терең талантының нәтижесінде айтар ойын түсінікті, әрі оқырманға нанымды жеткізе алады. Келіні мен баласына күні қарап қалған ауру қарттың жан-күйзелісі арқылы қоғамда белең алып бара жатқан ата-ана, отбасының күрделі проблемаларын көтеріп, соған байланысты философиялық ойлар таразылайды. Автор осы мәселелерді кейіпкерінің жан-дүниесіндегі өзгеріс, сезімдер арқылы жеткізеді. Халқымыздың дәстүрлі салтына жат, күнделікті күйбең тіршілікте ата-анасынан безген безбүйрек бала проблемасы жазушының нысанасына алынып, қоғамның нақты шындығын кейіпкерінің өмірге көзқарасы, дүниетанымы арқылы береді. Осы әңгімедегі кейіпкерлердің психологиялық, рухани, адамгершілік мәселелері арқылы заман тынысы терең танылады. Соңғы дәмі таусылуға жақын қалған Жасан қарттың бір аңсары – қара талқан болады. Дегенмен, ауру қарт осыны өз баласына айтуға қаймығады. Себебі, «ата-анамның қабағына қарайын деген ұл жоқ» [3, 8 б.]. Автор қарт күйзелісін тереңдете отырып, безбүйрек Жәнібек образын аша түседі. Жазушы Жәнібек характерін сомдау жолында пайдаланған әрбір көркемдік деталь, амал-тәсілдерді жазушы өз орнымен, мүмкіндігінше, негізгі идеяны жан-жақты мазмұндауға қолданады. Кейіпкер келбетін өрнектеудегі қаламгер ізденістері өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдырған жазушы шеберлігінің нәтижесі екені анық. Қаламгер Жәнібек образын арнайы бір әрекеттермен немесе портретін сомдап оқушы көз алдына келтіруге тырыспай-ақ, қарт жан-дүниесінде болып жатқан арпалыс ой-толғаулармен жеткізе білуі еді. Осы Жәнібек

әкесінің жанына келіп біраз отырып кетеді, бірақ әкеге деген жылу жоқ. Автор ол жөнінде аз ғана жылдың ішінде тасы өрге домалап, абыройы өсіп, бір трестке бастық болғандығын баяндайды. «Орталықтан үй алды, төрт бөлмені шет елдік мебельдерге толтырып қойды. Бәрі бар, бәрі жетеді. Бірақ шалдың көңілі әмсе олқы. Қашан да осы үйде бірнәрсе жетпейтіндей болып тұрады. Жиырма жыл бойы араның ұясындай екі бөлмеде тұрғанда да бұлай жабырқаған емес-ті... Иә, ол кезде табысы аз еді, бірақ негізгісі бар болатын, қазір артық нәрсе көп, негізгісі жоқ. Жылылық жоқ» [55, 8 б.]. Осы бір үзінді арқылы өмірдің тірегі дүние мен мансап емес, кез-келген шаңырақтың шуақ шашыратар шырағы ата-ананың перзентіне, перзентінің ата-анасына деген мейірімі, жылуы екендігіне назар аудартады. О баста перзентінің ештеңеден мұқтаждық көрмей, емен-жарқын өмір кешуін ғана ойлап, бала тәрбиесіндегі кеткен кейбір бармақ тістететін жайттарға мән бермеген. Шығарманың басты кейіпкері төрінен көрі жақын қалған Жасан қарт үшін бәрі де кеш. Туындыдағы басты авторлық ұстанымның бұлақ-бастауы да, арнасы да осыған саяды. Жазушы кейіпкер ой-толғанысы арқылы оқиғаны өрістетіп, көркем тәсілдерді орынды қолдану барысында шығармаға эстетикалық, әлеуметтік – философиялық жүк артып қояды. Қарияның жалғыз ұлының әкесіне деген мейірімінің жоқтығы, жылуының болмауы кейіпкердің жан-күйзелісі ішкі монолог арқылы шынайы жеткізілген. Қарттың жан-дүниесі, ішкі ой толғамы авторлық баяндаулармен, ішкі монологтың орынды қабысуымен шешімін тапқан. Б.Мұқай аталмыш әңгімеде әрбір кейіпкерін кескіндеп, өрнектеумен қатар, оның аузына ой-санасының таразысы болар сөздерді салып береді. Сондықтан да, оқырман олардың әрбір сөздерінен таным-талғамын, мақсат-мұратын, ең бастысы адамдық тұлғасын толық тани алады. Әрбір жазушының адамның қартайған шағын суреттеуі арқылы өткен мен бүгінгінің арасын, ұрпақтар арасындағы байланыс сипаттарын дәйектеуі әрқилы десек те тәрбиелік мәні мен айтар ой астары үндесіп жатады. Бүгінгі заман келбетіне қалам тербеген қаламгерлеріміз жаппай тың көркемдік – эстетикалық ізденіс бағытында жұмыс жасауда.

Біз ғылыми мақаламызда замана шындығын, бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік мәселенің түйінін өз көркем туындылар арқылы көркемдей білген қаламгер. Қоғамдағы тәрбие мәселесінің шығу төркінін, белең алуын, немен аяқталарын өзіндік көзқараспен дөп басып жеткізе білген. Осы тұрғыда көркем туындыларының маңызы өте зор.

Резюме

В статье рассматривается роль казахской литературы в национальном воспитании.

Summary

In article is considered the role of the Kazakh literature in national education.

ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ – ШӘКІРТКЕ МІНДЕТ

(Ұстазым Сыдықов Тұрсын ағайдың 70-жылдық мерейтойына)

Құрманғали А.К.

Педагогика ғылымдарының магистрі,

«Ұлттық тәрбие» журналының

жауапты хатшысы

Есимбекова Д.Б.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу

мемлекеттік университетінің оқытушысы



Әр адам есі кіре бастағаннан дүниені танып-білуге, үйренуге талпынады. Бір қызығы, бұл дүниеден хабарсыз жаңа туған сәбиден есейе келе, әлемді аузына қаратқан дана да, ойшыл да шығады. Осынау ақыл толыстырып, білімін шыңдау сапарында ол бір адамға ерекше қарыздар екенін сезінеді. Ол - ұстазға.

Ұстаз - шәкіртін өмірге баулушы, оған өмірлік азық боларлық пайдалы білім мен жанына ізгіліктің нәрін егуші, жақсы мен жаманды, обал мен сауапты үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіруші, өзінің тәжірибесімен бөлісетін жанашыры әрі ақылшысы. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі қоғамды ертең алға сүйрейтін озық ойлы адам тәрбиелеуші, өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялаушы жан. Бұл француз ойшылының даналыққа толы сөзі нағыз Тұрсын ағайдың ұстаздық бейнесінің үлгісіндей.

Егеменді еліміздің болашағы – жас ұрпақтың тәрбиесі мен білімінде. Қазіргі таңда мемлекетімізге өз ісінің жетік шебері, зерттеуші ғалым, ғылым тілімен айтқанда әдіснамалық мәдениеті қалыптасқан, өз мамандығының шебер маманы қажет. Себебі, мемлекетіміз өз бетімен ізденіп жұмыс істейтін, қазіргі қоғамның даму барысында, саясаттың да экономикамен қатар, өз халқының тарихын да, тілі мен әдебиетін сүйсіне оқитын болашақ ұрпағына мақтана жеткізетін ұрпақты талап етіп отыр. Білім беру ісінің түпкі мақсаты – қоғамға жақсы адам тәрбиелеп беру.

Бүгінгі таңда І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті еліміздегі жоғары оқу орындары мен ғылымның өрістеп дамуымен қатар, біртуар азаматтарды тәрбиелеудегі алатын ерекше орны бар білім ошақтарының қатарында. Мемлекетіміздегі бұл аталған тұғыры биік оқу орны еліміздегі жоғары білім беру саласының алтын діңгектерінің бірі десек те артық айтқандық емес. Міне, осындай алтын шаңырақтан ұшқан мыңдаған түлектерді білім нәрімен сусындатып, сол шаңырақтың ғылыми баспалдағынан өзіндік бағыт-бағдармен ғылымның шыңына жетелеген филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Сыдықов Тұрсын Сыдықұлының – қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар тұлға екені баршамызға аян. Өмірде жаны жайсаң, адам баласына деген қамқорлығы мол, қызғаныш пен арам ойлылығы жоқ, кішіге әрқашанда құрметпен қарайтын жақсы адамдар кездеседі екен. Сондай пейілі кең, көңілі ақ, ғалым ағаларымыздың бірі Тұрсын ағай дер едім. Ағайымның ғылымға деген сүйіспеншілігі, оған адалдығы, жалықпайтын ізденімпаздығы, өмірге деген шынайы құштарлығы сынды қасиеттері маған ғана емес, барлық шәкірттеріне үлгі. Ағайымның мінезінің жайсаңын-ай, мені таң қалдырды. Осы бойындағы мінездің қалыптасуына ұзақ жылдық ұстаздық еңбегі мен ғалымдық ізденісі бір арнаға тоғыстырып келе жатуында болса керек. Әдебиеттің киелі дүниесін шәкірт жүрегіне құйып, мыңдаған шәкірттерін қолынан ұшырып, тәрбиелеп шығарды.

Тұрсын ағайдың пейілі мен ақыл-кеңесіне, ғылым жолына бағыт-бағдар беруіне ол кісіден білім алған әрбір ізденуші мен студенттер тәнті. Ғалым ағайдың ұстаздық шеберлігінің кәсіби деңгейлігіне, өз ісінің майталманы екеніне дәрісін тындап, тәрбиесін

алған студенттер мен ізденушілер көкірегіне таныс. Ағайдың оқыған дәрістері, жүргізген семинар сабақтарының мазмұны неғұрлым терең, теориялық-идеялық, ғылыми әдістемелік тұрғыдан аса жоғары. Сондықтан болар, Тұрсын ағайдан білім нәрін сусындаған әрбір студенттер қауымы мен ізденушілер қауымының әдебиеттің киелі дүниесінің жетік меңгергендігі. Әрбір, ол кісімен өткен санаулы сағаттарымызды біздер үнемдейтінбіз, ол кісімен көбірек сұхбаттасқан өте ұнайтын, себебі, ол кісінің дәрістері өте тартымды болғандықтан, біздерді, яғни білім алушыларды баурап алатын. Ғалым ағаймыздың осындай қасиеттеріне тәнті болған біз, сол кісі сияқты болуды армандап, ол кісі тапсырған әр тапсырмаларын тұрақты оқып, талдап, саралап, семинар сабақтарында өз ойымыздағын көркем тілмен жеткізуге тырысатынбыз және ол кісіден алған өнеге өз пікіріңмен сөйлеуді үлгі тұттық. Тұрсын ағай бүкіл саналы ғұмырын халыққа білім беру жүйесінде еңбек еткен абзал ұстаздардың бірі. Еңбек жолын Қапал ауданында оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында кабинет меңгерушісі қыметтерімен бастаған. Одан кейінгі ғұмырын барлық күш жігерін, білім мен тәжірибесін, шығармашылық мүмкіндіктерін жоғары білікті әдебиетші мамандар дайындауға арнады. Ғалым ағай 1975 жылы ҚазПИ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының аспирантурасына қабылданады. 1978 жылы кандидаттық диссертациясын қорғайды. Ал 1997 жылы докторлық диссертациясын қорғаған. 1978 жылдан 2002 жылға дейінгі саналы ғұмырын Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде ассистенттен профессор дәрежесіне дейін көтеріліп, жауапты қызметтерді атқарған. Ал 2002 жылы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетіне ауысып келіп кафедра меңгерді, қазіргі уақытта сол мекемеде «Ілиястану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі. Филология, журналистика мамандықтарға әдебиеттің қайнар көздерінен лекциялар оқиды, және де шешендік өнерден заң факультетіне дәріс оқиды. Ағай дәріс оқығанда қоңыр даусымен, түсінікті мақышпен еш нәрсені назардан тыс қалдырмай, талдау, саралау жасап, тереңнен қармап, асыл ойды зердемізге берік, нық етіп құюға тырысатын. Ағайдың осындай мағыналы, мәнді дәрісін өз басым ерекше тағатсыздана күтетінмін, ыстық ықыласпен тыңдайтынмын. Ағайдың қаламынан «Қазақ тарихи романы», «Қазақ тарихи романының көркемдік тілі», «Өңінде тұлпар мінгендер», «Талант тағылымы», «Ізгілік сабағы» атты кітаптары жарық көрген. Профессор С. Мақыровпен бірігіп колледжге арналған екі бөлімнен тұратын «Қазақ әдебиеті» оқулықтарын жазды, «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясын шығарды. 700-ден астам ғылыми-зерттеу мақалалардың авторы. Жуықта ғана ЖМУ-дың тікелей демеушілігімен «Қазақ тарихи романының поэтикасы» деген көлемді еңбегі жарық көрді.

Ғалымның саналы ұстаздық өмірі кімге болсын үлгі боларлықтай. Ол кісінің сөйлеу мәнерінен, мінезінен, киім киісінен, жүріс-тұрысынан, қадір-қасиеттерінен ол кісінің жоғары интелегентті жан екендігі байқалады. Ағайдан бір байқағаным әрбір іске сабырлықпен қарайды және қарамағындағы үлкенді-кішілі оқытушылар мен студенттер, ізденушілерге дауыс көтеріп сөйлегенін көрген емеспін. Ол кісіні осындай қасиеттері, ұстамдылығы, байсалдылығы, кішіпейілділігі, өз еңбегіне адалдығы ерекшелеп тұрғандай, оны академиялық кең білімі де дәлелдейді.

Сыдықов Тұрсынның есімі ескеріліп, ғылымға, әдебиетке қосқан елеулі үлесі елінің мұратына бөленуде. Ол кісінің ұлағатты ұстаздық қызметі әр шәкіртінің жүрегінде үлгі боларлықтай. Әр ұстаздың ең басты жетістігі – шәкірттерінен алғыс алу деп ойлаймын. Ұлы Абай: «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» демекші, осы ұлы ұстазыма алғысымды білдіремін. Тұрсын ағай ғылымның шыңына жеткен, әдебиетші-ғалым. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - дегендей, Тұрсын ағай қашан барсаңда ешқашан ақыл-кеңес, бағыт-бағдар беруден еш жалыққан емес. Ұлтының мұратына бөленген, әдеби мұра мен оның зерттеу тұрғысына сергек қараған тұлға. Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы. Еңбекке ерте араласып, ұлағатты өмір мектебінен өттіңіз. Шәкірт тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық жұмыспен ұштастыра білдіңіз.

Тұрсын ағай құтты болсын жетпісіңіз,

Өнеге боп біздерге қалды ісіңіз.

Көп болса елулерге келді-ау деп ем,

Жетпіс жасқа ұксамай тұр келбетіңіз – деген жүрекжарды жыр жолдарын өзіңізге арнаймыз. Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Өзіңізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілейміз!


Резюме

Статья посвящена академику ЖГУ им. И.Жансугурова Сыдыкову Турсын Сыдыковичу. В статье говорится о его ценных качествах, как человека и преподавателя, о его вкладе в науку в сфере образования.

Summary

The article is devoted to Academician Sydykov Tursyn Sydykovichu'm burning them. I.Zhansugurov. The article says of his valuable qualities as a person and teacher, and his contribution to science in the field of teaching.

Хан дейбісі



1-сурет. Қазақтың алтын дәуірі. Айбынды Ақ орданың алшыны

Мағынасы:

Таңның атуы-тәуелсіз азаттыққа жеткеніміздің белгісі. Ашық жарқын көк аспан – нығайып келе жатқан тәуелсіздік заманымыздағы азат күндерімізбен озат таңдарымыздың белгісі. Ақ орданың тұрысы - мемлекетіміздің төбелі төріндегі Ақ орданың төрінен, тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы бүгінгі озат жетістігіміз таралғандығының белгісі. Мемлекетіміздің ұлы берекесі Нұрсұлтан Әбішұлының тұрысы – ақиқаттың ақтаңдақ жолындағы адамзат демократиясының жұмбағын шешен шешіп шебер білеген, берік сенімге толы ұлы мұратты мемлекетіміздің ұлы берекесі – Елбасымыздың ерік тұлғалы оң қадамы, ханның қара қасқа жолынан жеңіспен оза өтіп, адамзат демократиясының әз атасы қазақ демократиясымен, адамзат көшін дара даңғыл жолға бастап келе жатқандығы және айбынды Ақорданың алшынды саясатын бейнелейді. Алтын үй – алып қуаты шалқыған дәулетіміздің белгісі. Ақ оюлы үй – бейбітшілікпен тұрақтылықтың белгісі.

Әппақ құлап жатқан үй – қазақтың азат таңдарына, озат күндеріне ермейтін, болашағына сенбейтін тентектердің белгісі.

Мемлекетіміздің ұлы берекесі Нұрсұлтан Әбішұлына көрсету үшін дайындалған Хан дейбисының алғашқы үлгісі қазір Талдықорған қаласында сақтаулы тұр (2,3-суреттер).



2-сурет. Хан дейбисының алғашқы үлгісі



3-сурет. Хан дейбисының хандарға арналған үлгісі


Хан дейбисы туралы жалпы түсінік

Қырандары қағысқан,

Серкелері сүзіскен.

Оюлары иіскен

Бас аяғы түйіскен... мынау алдарыңыздағы кесте, адамзат баласына әлі сыры мен қыры бейтаныс қыздай қып-қызыл, жер әлемде жоқ таңғажайып жаңалық «хан дейбисының» кестесі (4-сурет).



4-сурет

Құны өлшеусіз бағасы баянды ата-бабаларымыздың асқақ ақыл парасатынан қалған қасиетті көздің қарашығындай табылмас, таптырмас ақыл парасаттың мұрасы, руханиятымыздың ұлы ордасы.

Абай да: «Қазаққа бір ауыз сөз қоса алмадым», - деген еді. Хан дейбісын тапқырлап жаратуыма қазақтың руханияты және сөз құрылымы негіз болды.

Хан дейбісының ең таңғажайыбы оның кестесінде. Кестеде «астрономиялық» жұлдыздық танымдардан бастап философия, экономика, ғылым, мәдениет, саясат мемлекет құру жүйесі, демократия, капитализм сияқты тағы басқа сан алуан өнердің саласын бір тұғырға тоғыстырып жатады. Керек десеңіз он сегіз мың ғаламның тілін қазақтың сөзінде шешіп беруге негіз салады. Хан дейбісы баяғы бағзы заманнан бері хандардың, билердің, байлардың ел басқару мемлекет құру ақылдарын сын тезіне түсіріп сынайтын ақыл парасаттың майданы болып келген бұл күнде жалғасын таппақ. Хан дейбісы жалпы он жылдан астам уақытта қазақтың руханиятын қадала бағып байқаумен сан сараптау салыстыру барысында жоқтан барлыққа келді. Кестедегі қазақтың оюлары мен өрнек сызықтары ашық көк түсті болады да, ақ түстің үстіне төселеді. Кестеге тігілетін ерсілі-қарсылы үйлері болады. Ол үйлер қазақтың түрлі түсті оюларымен өрнектелген болып, биіктері мен жүйріктерін, үлкендері мен кішілерін түсті оюлар және шаңырақтың түсі арқылы айырып жүріс шарттарына жүгіне отырып өз ақылын сынамақ байқамақ болған ер азамат сайысып додоға түседі. Жеңгені ерулік алып, хан болып ел сұрайды, жеңілгені айып төлеп ел болады.

Жүрістің шарттарындағы бізді таң қалдырып қызықтыратыны жапонның түймелері, индияның шахматы, қытайдың патшалық сайыс дейбіыларындай «империялық» қағанаттық жүйемен құртып жоюға жол берілмейді, қайта жеңгенін жеңілгені мойындап, ел болып қосылуға жол береді. Міне бұл хандық жүйемен арысуға «Демократиялық қағидаға» шақырады. Демократияның өз атасы қазақтың руханиятында жатқандығын аңғартады.

Хан дейбісы балалар мен жас өспірімдердің ақыл өрісінің жетілуін тездетіп ойларын сан сакқа жүгіртіп амал әдіс тәсілдерін жаттықтырып шындайды. Бала бастан балаларға, жастарға рухани саясатпен, экономикалық саясат және әскери саясаттың мемлекет құрудағы өз қасиетіне сай орындары бар екендігін аңғартып, жан жақты сай салалы іші бүтін сырты түгел болуға жетелеп үйретеді. Сонымен қатар есті текті салқамды сабырлы, берекелі опалы мінез қалыптастырып есеюін тездетіп ақыл қондырады.

Айтып тауыса алмас басқа қасиеттері жетерлік. Қысқасы елдегі үш надандықтың бірі болған саяси надандықтың орнын толтыруда, қосатын үлесінің орны бөлек. Қазірше мемлекетіміздің өнер еңшісін қорғау мәселесі шектеулі де әлсіз болғандықтан, сырлары айтылмай қысқаша таныстырылып тұр. Алла бұйыртса мемлекеттің тарихи-мәдени мұра бағдарламасына ұлттық спорт түріне енгізіліп жетілу баптары мемлекет тұрғысынан

қаржылай қолдау тапса, көп ұзамай көпшілік өз үйлеріңізде жата жамбастап танысып білісе жатарсыздар.

Ақыл мәңгі билемек
өнер озып сүйремек
айтысып туған замандар
Ерден езің күйремек...

Қасиеті туралы


Енді осы хан дейбісінің негізгі қасиетіне тоқталып өтейік. Олар:

- > Аталардың асқақ мұраты.
- > Бабалардың баянды мұрасы.
- > Адамзатқа ортақ мәдениет.
- > түркілердің ортақ мәдени мұрасы
- > жалпы адамзат рухани қазынасының атасы.
- > Адамзат астрономиялық танымының атасы.
- > Адамзат философиясының атасы қазақ философиясының баяны.
- > Адамзат демократиясының өз атасы қазақ демократиясының баяны.
- > Қазақ демократиясының белгісі.
- > Адамзат билік жүйесінің құпия шежіресінің баяны.
- > Қазақ хандығының құпия шежіресінің баяны.
- > Адамзат дейбі ойындарының атасы демократиялық ойын түрі.
- > Қазақ философиясын тіктеп білім тәуелсіздігін түбегейлі қолға келтіреді.
- > Үшінші дүниежүзілік мәдениет төңкерісінің өрісіне бастайды.
- > Болашақтағы тапқырланатын биокомпьютердің техникалық негізін қалайды
- > Қазақша компьютерлік бағдарламасының ең кемелді үлгісін қалыптастырады
- > Біздің бүгінгі қиялымыз жетпейтің болашақтағы жаңа білім мен жаңа ғылым техникасының құдыретті өрісін ашады.
- > Алты миллиард адамзатта жоқ тұңғыш жаңалық Қазақстан Республикасында тапқырланып жаңғырған.

Қысқаша түсінік

Ұлтымыздың асыл мұрасы, дәстүрлі рухани спортымыздың бірегейі болған «Хан дейбісі» ұлттық ойынын таныстырмақшымыз.

Міне, көріп отырғандарыңыз Хан дейбісі ұлттық ойынымыз. Сіздердің алдарыңызда тұрған бұл кесте – Хан дейбісінің кестесі. Ал мынау Хан дейбісінің үйлері:




5-сурет

Хан дейбісі 2008 жылы президентіміздің тікелей қолдауымен мемлекетіміздің дәстүрлі рухани спортының қатарына кіріп, спорт министрлігінің 2008 жылы қаңтар айында шығарған бұйрығына сәйкес, ұлттық ойынды кеңінен насихаттау, дамыту мақсатында: Астана, Алматы, Петропавл, Алматы облысында, Талдықорған қаласында жаттықтыру шаралары жүріп жатыр. Міне бүгін сіздердің алдарыңызға келіп. Әр жылы

республикалық жүлделі жарыс өткізіліп отырады. Жүлдесі бір миллион теңге. Әр облыстан «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» дегендей, озып шыққан азаматтар Республикалық жарысқа қатыса алады. Егер сіздерде сыннан сүрінбей өтсеңіздер осы республикалық жарысқа қатысып, өз білімдеріңізді көрсете аласыздар .



Хан кестесімен таныстыру

Алдарыңызда көріп отырғандарыңыз, Хан кестесі (6-сурет). Хан кестесінің екі жағындағы 9 түрлі таңбалы өрнек, ол – ертедегі қазақтың 9 таңбалы саны.



6-сурет

Ал, хан кестесі, жалпы, 7 қазына, 7 ырыстан қиысып құралған. Кесте бетіндегі көлденеңінен 1-ден 7-ге дейінгі 7 сызық, бұл – 7 ырыстың белгісі (7-сурет). Ал тігінен 1-ден 7-ге дейінгі 7 сызық, бұл – 7 қазынаның белгісі (8-сурет).




7-сурет 8-сурет


Оң жағындағы 6 ұяшық, бұл – 6 ай жаздың белгісі (9-сурет), ал сол жағындағы 6 ұяшық, бұл – 6 ай қыстың белгісі болып (10-сурет), жиыны 12 ай 1 жылдың (11-сурет), жалпы кесте бетіндегі 24 ұяшық – 24 сағат 1 тәуліктің белгісі (12-суреттер).

9-сурет


10-сурет




9-сурет



10-сурет




11-сурет



12-сурет


Кесте бетінде ыстық белдеу, ыстықтау белдеу, қоңыржай белдеу және суық белдеу болып, жалпы жер шарының географиялық құрылымының белгісі. Мына төрт бұрышты көк түсті ою – хан тағының белгісі (13-сурет). «Қанатсыз хан болмайды, құйрықсыз құс болмайды» дегендей, ханның екі серігі болады. Оң жағында серкесі, сол жағында қыран бүркіті болады. Ханның оң жағында ел жұрты, сол жағында тентегі отырады. Ел жұрты билерден, бектерден, алаштардан құралған. Билері кілең көк түсті, бектері қызыл түсті, алаштары кара түсті, ал тентегі түссіз болады. Кестеде екі хандық құрылып, олар: ақ едік, көк едік болып алысады. Қай жеңгені жалпақ дүниеге билік айтады. Жалпы екі хандық үйлерден құралған. Шаңырағы ақтары – ақ едіктің үйлері, шаңырағы көктері – көк едіктің үйлері. Біз шаңырағына қарап үйлерін айырып аламыз.

13-сурет



Хан дейбісінің үйлерімен таныстыру


Енді мен қазір үйлерді құрып көрсетемін. Жалпы екі хандық үйлерден құралған. Шаңырағы ақтары ақ едіктің үйлері, шаңырағы көктері көк едіктің үйлері (14-сурет). Біз шаңырағына қарап үйлерін айырып аламыз. Әр қайсысында бірден тентегі болады, олар түссіз болады. Әр қайсысында үштен алты ханы болады. Ханның 4 ою-өрнекті белгісі болады. Шаңырағы ақ, іші көктері ақ едіктің үйлері. Шаңырағы көк, іші ақтары көк едіктің үйлері.



14-сурет


Қазыр мен ақ едіктің үйлерін құрып көрсетемін. Алдымен Хандарын, билерін, бектерін, алаштарын және тентегін айырып көрсетемін. Ал онда үлкенінен кішісіне қарай құрайын.

Ханның үлкені көк үй, бұл хан тағында отырады. Одан кейін алтын үй, одан кейін күміс үй қонады.




15-сурет

Билері көк түсті болады. 3 ою-өрнегі бары төрде тұрады, одан кейін 2 ою-өрнегі бар, одан кейін 1 ою-өрнегі бары тұрады:




16-сурет

Бектері қызыл түсті болады. 3 ою-өрнегі бары төрде тұрады, одан кейін 2 ою-өрнегі бар, одан кейін 1 ою-өрнегі бары тұрады:




17-сурет

Алаштар қара түсті болады. 3 ою-өрнегі бары төрде тұрады, одан кейін 2 ою-өрнегі бары тұрады:



18-сурет

Ал тентегі сол жағында қара жұртта тұрады:



19-сурет
Үйлердің есігі сызық бойымен алдыға қарайды:



20-сурет

Алтын үй – алып қуаты шалқыған дәулетіміздің белгісі. Ақ оюлы үй – бейбітшілікпен тұрақтылықтың белгісі. Әппақ түссіз құлап жатқан үй – қазақтың азат тандарына, озат күндеріне ермейтін, болашағына сенбейтін тентектердің жолда қалатынының белгісі...

Резюме

В статье даются общие сведения о национальной игре «хан дойбысы».

Summary

The article deals with the general reduction of the national game "khan doybysy".

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖЕНИЕ

Құттықтау.....	
«Ұлттық тәрбие» журналы оқырмандары назарына.....	
Піралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбие (Оқу бағдарламасы).....	
Табылдиев Ә. Ұлттық тәрбиенің құралы - халық педагогикасы.....	
Совет-Хан Ғаббасов Ұлт тағдыры - ұрпақ тәрбиесінде.....	
Айталы А. Қазақты білім бұлағынан сусындырған.....	
Түрікпен-Ұлы , Бөлшекбаева Ә.И. Еңбекке баулу және кәсіптік бағдар беруде мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің рөлі.....	
Құлсариева А. Гендерлік саясат пен ұлттық тәрбиенің үйлесуі.....	
Сейсенбаева Ж.А. Гендерлік саясаттың ұлт тәрбиесіндегі рөлі.....	
Кенжегараев Н. Абай шығармаларындағы гендер мәселесі.....	
Нөкетаева Д.Ж. Атқарушы билікте әйел адамдардың артуынан еш ұтылмаймыз.....	
Жұмахан Қ. Инновациялық бағыттағы – ҚазМҚПУ.....	
Юнусова М.С. Роль образовательных программ по подготовке гендерно – чувствительного.....	
Жұмахан Қ. Қыздардың киелі ордасы туралы бір үзік сыр.....	
Әуезбекова Ж.А. Экономикалық білімнің өзектілігі.....	
Бөлеев Қ., Ибраимова Л.Н. Отбасы тәрбиесі (бағдарлама).....	
Қымбат Әбділдәқызы Жаман бала жоқ, жаман ата-ана бар.....	
Жазылбекова А.Б. Отбасы тәрбиесінің психологиялық қырлары.....	
Нұрқадыров С.Н. Сапалы тәрбие мен білім беру кепілі- электронды оқыту жүйесі (e-learning).....	
Кдыралиева Ж.Б. Шешендік өнердің халықтық сипаты.....	
Нұрқадырова Ж. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық тәрбиенің бағдары.....	
Құрманғали А.К., Есимбекова Д.Б. Ұстазға құрмет-шәкіртке міндет.....	
Хан дойбысы	